ISSN 2226-6070
eISSN 3136-3121

BAITURSYNULY UNIVERSITY

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

Костанайский региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы

№ 3-2 2026 «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация»

intellect, idea, innovation
3i
интеллект, идея, инновация

КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 3 2026

II часть

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

КӨПСАЛАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Қыркүйек (сентябрь) 2026
№ 3 часть 2

“3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация”
2026 ж. қыркүйек № 3, 2 бөлім

Жылына төрт рет шығады

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің көпсалалы ғылыми журналы

Меншік иесі: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бас редакторы
Куанышбаев С.Б., география ғылымдарының докторы

Бас редактордың ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары жөніндегі орынбасары
Жарлыгасов Ж.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Бас редактордың педагогика ғылымдары жөніндегі орынбасары
Утегенова Б.М., педагогика ғылымдарының кандидаты

Бас редактордың тарих ғылымдары жөніндегі орынбасары
Еркін Әбіл, тарих ғылымдарының докторы

Бас редактордың филология ғылымдары жөніндегі орынбасары
Әбсадық А.А., филология ғылымдарының докторы

Бас редактордың экономика ғылымдары жөніндегі орынбасары
Исмуратова Г.С., экономика ғылымдарының докторы

Редакциялық кеңес
Брагина Т.М. – биология ғылымдарының докторы, ҚР
Бережнова Е.В. – педагогика ғылымдарының докторы, РФ
Буканова Р.Г. – тарих ғылымдарының докторы, РФ
Важев В.В. – химия ғылымдарының докторы, ҚР
Ким Н.П. – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР
Классен В.И. – техника ғылымдарының докторы, РФ
Логвин А.В. – тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР
Лозовицка Б. – PhD докторы, Польша
Маслова В.А. – филология ғылымдарының докторы, РБ
Михайлов Ю.Е. – биология ғылымдарының докторы, РФ
Ордабас М. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Түркия
Пангереев А. – филология ғылымдарының докторы, ҚР
Пантелеенко Ф.И. – техника ғылымдарының докторы, БР
Рыщанова Р.М. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР
Шайкамал Г.И. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР
Санду И.С. – экономика ғылымдарының докторы, РФ
Сипосова М. – PhD докторы, Словакия
Татмышевский К.В. – техника ғылымдарының докторы, РФ
Триведи К. – PhD докторы, Үндістан

Редакторлар: *Абенова Ж.М.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты; *Тастекова Г.Б., Нурпеисова Э.Т.*, тарих магистрлері

Журнал 2000 ж. бастап шығады. 08.11.2023 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркелген. № KZ48VPY00081421 куәлігі.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-дің 18.03.2022 ж. № 104 «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті алқасының шешімімен 06.00.00-Ауыл шаруашылығы ғылымдары және 16.00.00-Ветеринариялық ғылымдар, № 175 18.04.2023 – 13.00.00-Педагогика ғылымдар салалары бойынша диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізіміне кірді.

ISSN (Print): 2226-6070
ISSN (Online): 3136-3121

Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Қолжазбаларға рецензия берілмейді және қайтарылмайды. Ұсынылған материалдардың дұрыстығына автор жауапты. Қайта басылған материалдарды журналға сүйеніп шығару міндетті.

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

“3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация”
№ 3, часть 2, сентябрь 2026 г.

Выходит 4 раза в год

Многопрофильный научный журнал Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы

Собственник: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

Главный редактор
Куанышбаев С.Б., доктор географических наук

Заместитель главного редактора по сельскохозяйственным и ветеринарным наукам
Жарлыгасов Ж.Б., кандидат сельскохозяйственных наук

Заместитель главного редактора по педагогическим наукам
Утегенова Б.М., кандидат педагогических наук

Заместитель главного редактора по историческим наукам
Еркін Әбіл, доктор исторических наук

Заместитель главного редактора по филологическим наукам
Әбсадық А.А., доктор филологических наук

Заместитель главного редактора по экономическим наукам
Исмуратова Г.С., доктор экономических наук

Редакционный совет
Брагина Т.М. – доктор биологических наук, РК
Бережнова Е.В. – доктор педагогических наук, РФ
Буканова Р.Г. – доктор исторических наук, РФ
Важев В.В. – доктор химических наук, РК
Ким Н.П. – доктор педагогических наук, РК
Классен В.И. – доктор технических наук, РФ
Логвин А.В. – кандидат исторических наук, РК
Лозовицка Б. – PhD, Польша
Маслова В.А. – доктор филологических наук, РБ
Михайлов Ю.Е. – доктор биологических наук, РФ
Ордабас М. – доктор сельскохозяйственных наук, Турция
Пангереев А. – доктор филологических наук, РК
Пантелеенко Ф.И. – доктор технических наук, РБ
Рыщанова Р.М. – кандидат ветеринарных наук, РК
Шайкамал Г.И. – кандидат сельскохозяйственных наук, РК
Санду И.С. – доктор экономических наук, РФ
Сипосова М. – доктор PhD, Словакия
Татмышевский К.В. – доктор технических наук, РФ
Триведи К. – доктор PhD, Индия

Редакторы: *Абенова Ж.М.*, кандидат сельскохозяйственных наук; *Тастекова Г.Б., Нурпеисова Э.Т.*, магистры истории

Журнал выходит с 2000 г. Перерегистрирован в Министерстве информации и общественного развития Республики Казахстан 08.11.2023 г. Свидетельство № KZ48VPY00081421.

Решением Коллегии Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Республики Казахстан № 104 от 18.03.2022 г. журнал КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация» включен в Перечень научных изданий, рекомендуемых для публикации основных результатов диссертаций по отраслям: 06.00.00-Сельскохозяйственные науки и 16.00.00-Ветеринарные науки, № 175 от 18.04.2023 г. – 13.00.00-Педагогические науки.

ISSN (Print): 2226-6070
ISSN (Online): 3136-3121

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна.

© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

“3i: intellect, idea, innovation”
No. 3, Part 2, September 2026

The journal is published four times per year

Multidisciplinary Scientific Journal of
the Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University

Owner: Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University

Editor-in-Chief
Kuanyshbayev S.B., Doctor of Geographical Sciences

Deputy Editor-in-Chief for Agricultural and Veterinary Sciences
Zharlygassov Zh.B., Candidate of Agricultural Sciences

Deputy Editor-in-Chief for Pedagogical Sciences
Utegenova B.M., Candidate of Pedagogical Sciences

Deputy Editor-in-Chief for Historical Sciences
Yerkin Abil, Doctor of Historical Sciences

Deputy Editor-in-Chief for Philological Sciences
Absadyk A.A., Doctor of Philological Sciences

Deputy Editor-in-Chief for Economics
Ismuratova G.S., Doctor of Economics

Editorial Board
Bragina T.M. – Doctor of Biological Sciences, Republic of Kazakhstan
Berezhnova Y.V. – Doctor of Pedagogical Sciences, Russian Federation
Bukanova R.G. – Doctor of Historical Sciences, Russian Federation
Vazhev V.V. – Doctor of Chemical Sciences, Republic of Kazakhstan
Kim N.P. – Doctor of Pedagogical Sciences, Republic of Kazakhstan
Klassen V.I. – Doctor of Technical Sciences, Russian Federation
Logvin A.V. – Candidate of Historical Sciences, Republic of Kazakhstan
Lozowicka B. – PhD, Poland
Maslova V.A. – Doctor of Philological Sciences, Republic of Belarus
Mikhailov Yu.Y. – Doctor of Biological Sciences, Russian Federation
Ordabas M. – Doctor of Agricultural Sciences, Turkey
Pangereyev A.Sh. – Doctor of Philological Sciences
Panteleyenko F.I. – Doctor of Technical Sciences, Republic of Belarus
Ryshchanova R.M. – Candidate of Veterinary Sciences, Republic of Kazakhstan
Shaikamal G.I. – Candidate of Agricultural Sciences, Republic of Kazakhstan
Sandu I.S. – Doctor of Economics, Russian Federation
Siposova M. – PhD, Slovakia
Tatmyshevskiy K.V. – Doctor of Technical Sciences, Russian Federation
Trivedi K. – PhD, India

Editors: *Abenova Zh.M.*, Candidate of Agricultural Sciences; *Tastekova G.B., Nurpeissova E.T.*, Masters of History

The journal has been published since 2000. Date of re-registeration with the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan: November 8, 2023. Certificate no. KZ48VPY00081421.

Pursuant to Decision No. 104 of the Board of the Science and Education Quality Assurance Committee of the Republic of Kazakhstan dated March 18, 2022, the journal "3i: Intellect, Idea, Innovation: of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University was included in the list of scientific publications recommended for publishing the main results of thesis research in the following fields:" 06.00.00-Agricultural Sciences and 16.00.00-Veterinary Sciences, No. 175 dated April 18, 2023 – 13.00.00-Pedagogical Sciences.

ISSN (Print): 2226-6070
ISSN (Online): 3136-3121

The views expressed by the authors do not necessarily reflect those of the editorial board. The author(s) shall responsible for the accuracy of the submitted materials. Reprinting of materials is permitted only with appropriate reference to the journal.

© Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University

ХҒТАР 14.35.07
ӘОЖ 373. 378.14
https://doi.org/10.52269/SEPT2632005

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ МЕДИАҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдиркенова А.К. – PhD, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Мақалада жоғары білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың медиақұзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ақпараттық қоғамның қарқынды дамуымен және медианың білім алушылардың әлеуметтенуіне, тұлғалық және кәсіби дамуына, ақпаратты қабылдау, талдау, бағалау және тиімді пайдалану үдерістеріне ықпалының артуымен байланысты. Қазіргі педагог-психолог ақпараттық ортада кәсіби міндеттерді тиімді орындау үшін медианы саналы түрде қолдану, ақпараттың мазмұны мен сапасын сыни бағалау, қажетті ақпаратты іздеу және оны кәсіби қызметке бейімдеу дағдыларына ие болуы тиіс. Зерттеудің мақсаты болашақ педагог-психологтардың медиабілімі негізінде медиақұзіреттілігін қалыптастырудың тиімді моделін әзірлеу, оны оқу үдерісіне енгізу және тәжірибелік тұрғыдан тексеру. Зерттеу барысында «медиа», «медиабілім», «медиасауаттылық», «медиамәдениет», «сыни ойлау» және «медиақұзіреттілік» ұғымдарының мазмұны теориялық тұрғыдан сараланып, медиақұзіреттіліктің мотивациялық, теориялық және практикалық компоненттері айқындалды. Зерттеу әдістері ретінде ғылыми әдебиеттерді талдау, сауалнама, әңгімелесу, оқу бағдарламаларын сараптау, студенттердің жұмыстарын бағалау, анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент, математикалық-статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Эксперимент нәтижесінде ұсынылған модель мен арнайы оқу курсының тиімділігі дәлелденді. Эксперименттік топта медиақұзіреттілікті қалыптастыруға деген мотивация 87%-дан 100%-ға дейін артты, теориялық дайындықтың жоғары деңгейі 17,5%-ға, практикалық дайындықтың жоғары деңгейі 9,8%-ға өсті. Зерттеу нәтижелері медиабілімді жүйелі ұйымдастыру болашақ педагог-психологтардың медиамен жұмыс істеу, ақпаратты сыни бағалау және кәсіби қызметте тиімді пайдалану құзыреттерін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Түйінді сөздер: *медиақұзіреттілік, медиабілім, медиасауаттылық, медиамәдениет, ақпараттық қоғам, сыни ойлау, жоғары білім.*

ФОРМИРОВАНИЕ МЕДИАКОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В УСЛОВИЯХ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

Абдиркенова А.К. – PhD, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

В статье рассматриваются научно-педагогические основы формирования медиакомпетентности будущих педагогов-психологов в условиях высшего образования. Актуальность исследования обусловлена стремительным развитием информационного общества и возрастающим влиянием медиа на социализацию, личностное и профессиональное развитие обучающихся, а также процессы восприятия, анализа, оценки и эффективного использования информации. Современный педагог-психолог должен обладать навыками осознанного использования медиаресурсов, критической оценки содержания и качества информации, поиска необходимой информации и ее адаптации к профессиональной деятельности. Цель исследования заключается в разработке эффективной модели формирования медиакомпетентности будущих педагогов-психологов на основе медиаобразования, ее внедрении в образовательный процесс и экспериментальной проверке. В ходе исследования теоретически проанализировано содержание понятий «медиа», «медиаобразование», «медиаграмотность», «медиакультура», «критическое мышление» и «медиакомпетентность», определены мотивационный, теоретический и практический компоненты медиакомпетентности. Использовались методы анализа научной литературы, анкетирования, беседы, экспертного анализа образовательных программ, оценки работ студентов, констатирующего и формирующего эксперимента, а также математико-статистической обработки данных. Результаты эксперимента подтвердили эффективность предложенной модели и специального учебного курса. В экспериментальной группе мотивация к формированию медиакомпетентности повысилась с 87% до 100%, уровень теоретической подготовки увеличился на 17,5%, а практической подготовки – на 9,8%. Полученные результаты показали, что системная организация медиаобразования способствует развитию у будущих педагогов-психологов компетенций работы с медиа, критической оценки информации и ее эффективного использования в профессиональной деятельности.

Ключевые слова: *медиакомпетентность, медиаобразование, медиаграмотность, медиакультура, информационное общество, критическое мышление, высшее образование.*

FORMATION OF MEDIA COMPETENCE OF FUTURE TEACHER-PSYCHOLOGISTS IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Abdirkenova A.K. – PhD, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

The article examines the scientific and pedagogical foundations of developing media competence among future teacher-psychologists in higher education. The relevance of the study is determined by the rapid development of the information society and the increasing influence of media on students' socialization, personal and professional development, as well as the processes of perceiving, analyzing, evaluating, and effectively using information. A modern teacher-psychologist should possess the skills to use media resources consciously, critically evaluate the content and quality of information, search for relevant information, and adapt it to professional practice. The aim of the study is to develop an effective model for developing the media competence of future teacher-psychologists through media education, implement it in the educational process, and experimentally evaluate its effectiveness. The study theoretically analyzes the content of the concepts of "media," "media education," "media literacy," "media culture," "critical thinking," and "media competence" and identifies the motivational, theoretical, and practical components of media competence. The motivational, theoretical, and practical components of media competence were identified. The research employed scientific literature analysis, questionnaires, interviews, expert analysis of educational programs, assessment of students' work, diagnostic and formative experiments, and mathematical-statistical data processing. The experimental results confirmed the effectiveness of the proposed model and specialized training course. In the experimental group, motivation to develop media competence increased from 87% to 100%, while the level of theoretical preparedness increased by 17.5% and practical preparedness by 9.8%. The findings demonstrate that systematic media education contributes to developing future teacher-psychologists' competencies in working with media, critically evaluating information, and effectively applying it in professional practice.

Keywords: *media competence, media education, media literacy, media culture, information society, critical thinking, higher education.*

Кіріспе. Бүгінгі қалыптасқан ақпараттық қоғам медиабілімді жан-жақты меңгерген, ақпаратты өзінің қажетіне қарай ұтымды қолдана білетін маманды дайындап шығуды мақсат етеді. Болашақ маман рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, жан-жақты дамыған, ізденімпаздылық, шығармашылық қабілеттері қалыптасқан, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық, коммуникативтілік, ақпараттық және біліктіліктің басқа да түрлерін меңгеруге міндетті. Болашақ маманның өмірде білімнің өзіндік құндылығын терең түсінуі, мәдениетті адам болуы, алған білімнің нәтижесінде қай мәселе де құзыретті болуы маңызды.

Білім берудің ақпараттануы объективті түрде: оқу-әдістемелік жұмысты қайта ұйымдастыруды; оқытушыға талаптың күшеюі және оның рөлінің өзгеруін; студенттердің тұлғасының ролі мен оның жеке ерекшеліктерінің; оқу мекемесінің ролі мен оның орналасқан жерінің студенттер құрамына әсерін; қол жетімді ақпараттық ресурстардың көлемінің күрт ұлғаюын тудырады. Ақпараттық қоғамда ақпарат көлемі ғана артқан жоқ, сондай-ақ ақпаратты жеткізудің формасы мен тәсілдері, мазмұны да өзгерді. Заманауи ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация құралы маңызды рөлді атқарады.

Бүгінде медиа жас ұрпақтың әлеуметтенуі мен тәрбиесінде басты факторға айналды. Медиа адам өмірінде, мәдениетаралық қарым-қатынаста, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мен білімінде және т.б әлеуметтік сфераларда аса маңызды ықпалға ие. Қоғамдағы ақпарат жылдам өзгеруде және бұл жағдай жеке тұлғалардан біліктіліктерін үздіксіз жетілдіруін, білімдерін қайтадан жаңартып отыруын, жаңалықтардан қалмай іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруін талап етіп отыр[1, .55-56.б.].

Жаңа формациядағы студенттерден білімді де, білікті, өз білімін күнделікті ісінде шебер қолдана білетін, зерттеуші маманды қалыптастыру мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен салмақ түсіреді. БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) пен ББҚ (бұқаралық байланыс құралдары) студенттердің білім сапасын арттыру мен тәрбие міндетін шешуде білім беру саласының қызметкерлеріне тікелей көмек көрсетуге міндетті. Оның тікелей қатысуынсыз, теориялық және практикалық көмегінсіз әртүрлі білім ордаларында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру, қайта құру, студенттердің өзін-өзі жетілдіруге деген қызығушылығын ояту, олардың шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру, психологиясын жаңа бағытқа бұру оңай емес [2, 57 б.].

Медиабілім беру міндеттері адамды медиамәтінді сауатты «оқи білуге», ақпаратты қабылдай білу дағдысын дамыту, шығармашылық іс-әрекеттің эстетикалық талғамы мен мүмкіндіктерін дарыту болып табылады. Медиабілім бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, медиабілімнің басты мақсаты – жаңа ұрпақты қазіргі ақпараттық заманның жағдайында өмір

сүруге, әртүрлі ақпараттарды қабылдай білуге, оларды түсінуге және оның психикаға әртүрлі әсері бар екендігін сезіне білуге дайындау деп топшылауға болады [3]. Демек, медиабілім бұл болашақ мамандарға бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануды үйретуді мақсат ететін педагогиканың ерекше бағыты болып табылады.

Мақсат, жоғары оқу орны жағдайында болашақ педагог-психологтардың медиақұзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық ғылыми негіздемесін анықтау.

Міндеттері Зерттеу жұмысына қатысты теориялық және тәжірибелік зерттеулерге талдау жасау арқылы болашақ мамандардың медиақұзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығын анықтау;

«Медиа», «медиабілім», «медиақұзіреттілік» ұғымдарының педагогикалық мәні мен мазмұнын нақтылау;

Жоғары білім беру жүйесіндегі дамудың қарқыны әлеуметтендірілген жеке тұлғаға биік талаптар қояды. Бүгінгі күндегі ақпараттық қоғам жағдайында шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, сыни ойлай білетін, ақпаратты өз қажетіне орынды қолдана алатын, ақпараттық мәдениеті мен ақпаратпен жұмыс істеу құзіреттілігі қалыптасқан болашақ мамандарды қалыптастыру мақсатында бірқатар жұмыстар жасалуда.

Материалдар мен әдістер. Медиабілім түсінігі «медиасауаттылық», «медиамәдениет», «сыни ойлау» және «медиақұзіреттілік» ұғымдарымен тікелей сабақтасады. «Медиасауаттылық» (media literacy) студенттерге медиамен сыни көзқарас тұрғысынан қарым-қатынас жасауға, медианың адам өміріндегі маңызын ұғынуына көмектеседі. Медиасауатты студент медиамәтінді сыни және саналы бағалауға қабілетті болуы шарт.

Медиамәдениет – адамзат тарапынан мәдени-тарихи даму барысында қалыптасатын ақпараттық-коммуникативтік құралдардың, материалдық және интелектуалдық құндылықтардың жиынтығы. Ол медиамәтінді қабылдай білетін, талдай алатын, бағалайтын, медиамен мәдениет тұрғысынан қарым-қатынас жасайтын, медиа шығармашылықпен айналысатын, медиа саласы бойынша білімін жаңа ақпараттармен үнемі толықтырып отыратын тұлға дамуының көрсеткіші болып табылады [4, 203 б.].

Т.В. Новикова, Н.Ф. Талызина – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін кәсібиліктің бір баспалдағы, А.А. Вербицкий, А.К. Маркова – мұғалімнің педагогикалық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік, дағды және қабілеттіліктің, психологиялық сапалардың жүйесі, Е.М. Павлютенков – білім және мұғалімнің тұлғалық қасиеттерінің негізінде педагогикалық қызметті орындау формасы ретінде қарастырған [5, 12б.].

Ғылыми еңбектерде «медиабілім» мен «медиақұзіреттілік» ұғымының мәні мен мазмұнын түсіндіруге бағытталған бірнеше анықтамалар бар:

- бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жеткіншектерге әсерін қарастыратын, БАҚ-пен жұмыс істей білетін болашақ мамандарды дайындаудың теориясын жасайтын педагогикалық ғылым [6, 56 б.].
- бұқаралық ақпарат құралдарын қолдануға және әлемді қабылдау мен мәдениеттегі медианың рөлін түсінуге бағытталған оқытушы мен студенттің практикалық бірлескен іс-әрекеті;
- бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі жайындағы білім мен медиалық ақпаратпен нәтижелі жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыратын білім беру саласы болып табылады [7, 535-537б.].

Болашақ маманның медиақұзіреттілігі күрделі құрылымнан тұрады. Медиабілім арқылы студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыру мақсатында бірқатар ғылыми зерттеу жұмыстарына талдау жасалды [8, 456-459б.]. Нәтижесінде, болашақ педагог-психологтардың медиақұзіреттілігін қалыптастыруға қажетті бірнеше құрылымдық элементтерді анықтадық. Олардың қатарына келесі маңызды сапаларды атап өтуге болады:

- Медиақұзіреттілікті қалыптастыруға деген жағымды мотивация;
- Медианы қолдануға құндылықты-мәндік көзқарас (қатынас);
- Медиа-білім;
- Медиа-іскерлік;
- Медиа-дағды;
- Тұлға сапалары: танымдық белсенділік, сыни ойлау, шығармашылық ойлау, коммуникативтілік және рефлекция;
- Медианы әртүрлі салада қолдану тәжірибесі [9, 2237-243 б.].

Зерттеу жұмысымыздың болжамы мен міндеттеріне сәйкес, біз жоғары оқу орны жағдайында.

Біздің тарапымыздан құрылған үлгі негізінде студенттердің медиабілім арқылы медиақұзіреттілігін қалыптастыру деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін зерттеу әдістері анықталды. Зерттеу нысанына алынған мәселе бойынша ғылыми-теориялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге талдау; студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізу, әңгімелесу; оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сараптама жасау, студенттердің оқу іс-әрекетінің, жұмыстарының нәтижесін сараптау, эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау, алынған нәтижелерді математикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Бұл зерттеу жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыру іс-әрекеті аудиторияда, аудиториядан тыс уақытта да үздіксіз жүргізілді. Оқу үрдісінде студенттерге медиабілім беру, медиақұзіреттіліктерін қалыптастыру арнайы курс аясында жүзеге асырылса, сабақтан тыс уақытта оны тиімді ұйымдастыру үшін оқытушыдан шығармашылық ізденістер талап етеді.

Барлық мамандықтағы студенттердің мектеп білімінен алған бұқаралық ақпарат құралдары жайындағы, олардың қоғам дамуындағы рөлі мен орны, атқаратын қызметтері туралы қалыптасқан арнайы түсініктері бар деп есептедік. Сондықтан да, экспериментке алынған студенттерден анықтау эксперименті барысында арнайы сауалнама алынды. Сауалнаманы жүргізудегі басты мақсат: студенттердің бұқаралық ақпарат құралдары туралы түсініктерін, ақпаратты дұрыс таңдау, қажетіне пайдалану мүмкіндіктерін, бұқаралық ақпарат құралдарына бөлетін арнайы уақыт мөлшерін, ондағы ақпаратты оқу-тәрбие ісінде пайдалана алу іскерліктерін анықтау болды [10, 167-176 б.].

Жүргізілген сауалнама нәтижелерін қорытындылау барысында студенттердің бұқаралық ақпарат құралдары жайында, олардың қажеттілігі мен ақпаратпен дұрыс жұмыс істей алу іскерлігінің маңыздығын білетіндігі туралы жалпы түсініктерінің бар екендігінен мағлұмат алдық [11, 399-423б.].

Зерттеудің негізгі кезеңінде келесі жұмыстар жүргізілді:

Белгіленген зерттеу міндеттеріне сәйкес, экспериментке қатысушыларды анықтау, оларды эксперименттік және бақылау топтарына жіктеу. Эксперименттік топ респонденттері ретінде «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының күндізгі бөлімінде қазақ тілді топтарда оқитын 1-3 курс студенттерінің барлығы (11) жұмылдырылды. Ал бақылау тобында жағдай аздап өзгешелеу: оқу орнында білім алатын студенттер мен олардан жасақталған топтардың сандық ерекшелігіне байланысты зерттеуге қатысушы бақылау тобы «География» (21 студент) және «Музыкалық білім» (20 студент) білім беру бағдарламаларының студенттерінен жасақталды. Респонденттер құрамының мұндай әртүрлілігі, өз кезегінде, алынатын зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен негізділігіне дәлел болды.

Одан кейінгі кезекте жасақталған эксперименттік және бақылау топтарының медиасауаттылық деңгейі көрсеткіштерін анықтау үшін А.В.Федоров еңбегіндегі әдістеме негізінде әзірленген сауалнама бойынша жауап алынды. Сауалнама нәтижелері төмендегі кестеде көрініс тапқан:

1-кесте – Эксперименттік жұмыстың бірінші кезеңінің қорытынды нәтижелері

Бақылау тобы				
№	k_1	k_2	k_3	k_4
1 (МузО-23-111-10) – 8 студ.	2,03	1,9	2,1	2,3
2 (МузО-22-111-10) – 5 студ.	2,8	2,2	2,7	2,4
3 (МузО-21-111-10) – 7 студ.	2,5	2,6	2,1	2,09
4 (Гео-23-111-10) – 3 студ.	2,4	1,89	1,9	2,9
5 (Гео-22-111-10) – 12 студ.	2,4	1,9	2,2	2,5
6 (Гео-21-111-10) – 6 студ.	2,7	2,8	2,3	2,7
Орташа	**2,47**	**2,21**	**2,21**	**2,48**
	2,34			
Эксперименттік топ				
№	k_1	k_2	k_3	k_4
1 (ПиП-23-111-10) – 4 студ.	2	2,5	2,2	2,4
2 (ПиП-22-111-10) – 2 студ.	2,6	2,1	2,4	2,3
3 (ПиП-21-111-10) – 5 студ.	2,4	2,4	2,8	2,3
Орташа	**2,33**	**2,33**	**2,46**	**2,33**
	2,36			



1-сурет – Эксперименттік жұмыстың бірінші кезеңіндегі медиасауаттылықтың қалыптасу деңгейлері

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңі келесідей жүзеге асырылды:

1. Іске асыру кезеңі: Онлайн өзара әрекеттесу

Не істелді? Экспериментте пайыздық үлесі бойынша ең көп қолданылған сервис Google экожүйесі, оның ішінде Google Drive және Google Forms болды. Жүйеге экспериментке қажетті теориялық материалдар және тапсырмалар екешені жүктеліп, білім алушыларға сілтеме бойынша қолжетімді

болды. Ал түсініксіз және талқылауды қажет ететін тақырыптар бойынша Zoom және Google Meet платформалары арқылы онлайн дәрістер мен вебинарлар сериясын ұйымдастырды. Бұл сессияларға білікті мамандар – саладағы тәжірибелі оқытушылар, медиа және психология мамандары тарапынан дайындап, біз тарапымыздан бейімделген тақырыптық презентациялар кірді. Презентациялар медиасауаттылық негіздерінен бастап ағымдағы медиатрендтерді және олардың қоғамға әсерін талдауға дейінгі тақырыптардың кең ауқымын қамтыды. Сондай-ақ, материалды түсінуді тереңдету үшін студенттерге өзекті медиаоқиғаларға шолулар мен талдау ұсынылды, бұл оларға теориялық білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік берді.

Оң әсерлер. Онлайн платформаларды пайдалану студенттердің қатысуын айтарлықтай арттырды, өйткені оларға әлемнің кез келген нүктесінен білім беру үдерісіне қатысу ыңғайлылығы берілді. Бұл олардың жалпы мотивациясы мен жалпы курсқа деген қызығушылығын арттырды. Нақты уақыттағы сауалнамалар мен пікірталастар сияқты интерактивті элементтер материалды жақсы меңгеруге ықпал етіп қана қоймай, студенттердің белсенді қатысуын ынталандырды, бұл оларға сұрақтар қоюға және талқыланатын тақырыптар бойынша өз пікірлерін айтуға мүмкіндік берді.

Жетілдіруді қажет ететін тұстар

Онлайн оқытудың барлық аспектілері мінсіз болған жоқ. Кейбір студенттер тұрақсыз интернет байланысы немесе кей онлайн платформалармен тәжірибесінің болмауы сияқты техникалық мәселелерге тап болды, бұл олардың курсты меңгеруінде қолайсыздықтар тудырды. Сонымен қатар, қатарластарымен берілген міндеттерді шешуде физикалық қарым-қатынастың болмауы кейбір студенттер үшін оқудың маңызды элементі болып табылады кейде ұйымшылдық пен жеке байланыстың төмендеуіне әкелді.

2. Іске асыру кезеңі: Практикалық тапсырмалар мен жобалар

Не істелді?

Эксперимент аясында студенттер медиамәтіндерді терең талдауды, өздерінің медиажобаларын әзірлеуді, презентацияларды дайындауды, сондай-ақ ақпараттық хабарламаларды сыни талдау бойынша тапсырмаларды орындауды қамтитын әртүрлі практикалық тапсырмаларды орындауға белсенді қатысты. Тапсырмалар әртүрлі болды және әртүрлі дағдыларды дамытуға бағытталған: жаңалықтар мақалалары мен жарнамалық материалдарды талдаудан бастап, студенттер заманауи технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып әзірлеген бейнелер мен аудио презентацияларды жасауға дейін.

*Оң әсерлер.*Практикалық тапсырмаларды орындау айтарлықтай оң нәтиже берді. Студенттер сыни тұрғыдан ойлау және талдау дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, коммуникативті және жобалық дағдыларының деңгейін едәуір арттырды. *Жетілдіруді қажет ететін тұстар.* Алайда, практикалық тапсырмалардың осындай үлкен көлемін жүзеге асыру кейбір жағымсыз салдарға әкелді. Кейбір студенттер оқу жүктемесінің айтарлықтай өсуін сезінді, бұл өз кезегінде стресс пен шаршауды тудырды. Уақыт пен басымдықтарды басқарудағы қиындық бұл проблемаларды күшейтіп, оқу үдерісін белгілі бір студенттер тобы үшін тиімсіз етуі мүмкін.

3. Іске асыру кезеңі: интербелсенді сессиялар және топтық талқылаулар

Не істелді? Зерттеу аясында өзекті медиатақырыптар бойынша топтық онлайн пікірталастар мен пікірталастар ұйымдастырылды. Бұл сессиялар Zoom және Google Meet сияқты бейнеконференция платформалары арқылы өтті, бұл қатысушыларға нақты уақыт режимінде белсенді өзара әрекеттесуге мүмкіндік берді. Пікірталас барысында студенттер әртүрлі медиакейстерді талдап, өз пікірлерін білдірді, дәлелдер келтірді және қатарластарының көзқарастарына қарсы шықты. Пікірталастар әр қатысушының өз үлесін қосуы үшін құрылымдалды, бұл талқыланатын тақырыптарды тереңірек түсінуге ықпал етті.

Оң әсерле. Интербелсенді сессиялар студенттердің өз ойларын ауызша білдіру дағдыларын едәуір жақсартты. Студенттер сөйлеуді жақсырақ құрылымдауды, дәлелдерді логикалық түрде айтуды және өз көзқарастарын қорғауды үйренді. Бұл дағдылардың дамуы студенттердің аналитикалық қабілеттерін жақсартуға ықпал етті, өйткені олар ақпаратты талдап қана қоймай, оны негізделген қорытындылар жасау үшін синтездеуді үйренді. Сондай-ақ, топтарда жұмыс істеудің арқасында командалық өзара іс-қимыл және бірлесіп жұмыс істеу қабілеті нығайды, бұл оқу және кәсіби қызметте де құнды дағды болып табылады.

*Жетілдіруді қажет ететін тұстар.*Көптеген жағымды жақтарына қарамастан, онлайн пікірталастар өткізу де кейбір қиындықтарды анықтады. Мәселелердің бірі пікір айырмашылықтары негізінде немесе талқыланатын тақырыпқа жеткіліксіз дайындықтан туындауы мүмкін студенттер арасындағы түсініспеушіліктер мен қақтығыстар болды. Сонымен қатар, кейде студенттер үлкен аудитория алдында сөйлеу қажеттілігіне байланысты күйзеліске ұшырайды, әсіресе егер олар өз дәлелдеріне немесе көпшілік алдында сөйлеуге сенімді болмаса.

Бұл кезең алған білімдерін тәжірибеде қолдануға ғана емес, сонымен қатар оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін одан әрі жетілдіру үшін маңызды болып табылатын медиа сауаттылықты онлайн оқытудың оң және теріс аспектілерін анықтауға мүмкіндік берді.

3-кесте – Эксперименттік жұмыстың қорытынды кезеңінің жалпыланған нәтижелері

Бақылау тобы				
№	k_1	k_2	k_3	k_4
1 (МузО-23-111-10) – 8 студ.	2,2	2,1	2,15	2,4
2 (МузО-22-111-10) – 5 студ.	3	2,5	2,71	2,4
3 (МузО-21-111-10) – 7 студ.	2,3	2,65	2,12	2,1
4 (Гео-23-111-10) – 3 студ.	2,4	2	2,3	3
5 (Гео-22-111-10) – 12 студ.	2,4	2	2,5	2,7
6 (Гео-21-111-10) – 6 студ.	2,7	2,8	2,45	2,8
Орташа	**2,5**	**2,34**	**2,37**	**2,56**
	2,44			
Эксперименттік топ				
№	k_1	k_2	k_3	k_4
1 (ПиП-23-111-10) – 4 студ.	2,1	2,7	2,25	2,7
2 (ПиП-22-111-10) – 2 студ.	2,65	2,35	2,41	2,5
3 (ПиП-21-111-10) – 5 студ.	2,49	2,57	2,82	2,53
Орташа	**2,4**	**2,5**	**2,5**	**2,48**
	2,47			



2-сурет – Эксперименттік жұмыстың қорытынды кезеңіндегі медиақұзіреттілік критерийлерінің қалыптасу деңгейлері

4-кесте – Көрсеткіштердің салыстырмалы деректері

Коэффицент	k_1		k_2		k_3		k_4		k	
Кезеңдер	айқын-дашы	қоры-тынды	айқын-дашы	қоры-тынды	айқын-дашы	қоры-тынды	айқын-дашы	қоры-тынды	айқын-дашы	қоры-тынды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Бақылау тобы										
	2,03	2,2	1,9	2,1	2,1	2,15	2,3	2,4	2,08	2,21
	2,8	3	2,2	2,5	2,7	2,71	2,4	2,4	2,52	2,65
	2,5	2,3	2,6	2,65	2,1	2,12	2,09	2,1	2,32	2,29
	2,4	2,4	1,89	2	1,9	2,3	2,9	3	2,27	2,42
	2,4	2,4	1,9	2	2,2	2,5	2,5	2,7	2,25	2,4
	2,7	2,7	2,8	2,8	2,3	2,45	2,7	2,8	2,62	2,68
Орташа	**2,47**	**2,5**	**2,21**	**2,34**	**2,21**	**2,37**	**2,48**	**2,56**	**2,34**	**2,44**
Эксперименттік топ										
	2	2,1	2,5	2,7	2,2	2,25	2,4	2,7	2,27	2,43
	2,6	2,65	2,1	2,35	2,4	2,41	2,3	2,5	2,35	2,47
	2,4	2,49	2,4	2,57	2,8	2,82	2,3	2,53	2,47	2,60
Орташа	**2,33**	**2,4**	**2,33**	**2,5**	**2,46**	**2,5**	**2,33**	**2,48**	**2,36**	**2,47**

3-сурет – Эксперименттік жұмыстың констатациялық және қорытынды кезеңінде студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыру деңгейінің серпіні

Енді зерттеу мақсатымызға сәйкес, әр білім бағдарламасы бойынша студенттердің медиасауаттылығының қалыптасу ерекшелігіне жеке талдау жасайық.



4-сурет – Эксперименттік жұмыстың констатациялық және қорытынды кезеңінде 1-3 бақылау топтары студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптасуының ерекшелігі

Суретке мән берер болсақ, «Музыкалық білім» ББ білім алатын студенттерден жасақталған 1-3 бақылау топтарында айтарлықтай өсім бірінші (мотивациялық) және әсіресе, екінші (танымдық) компонентте екені байқалады. Бұл жоғары оқу орнында осы болашақ осы сала мамандарының медиақұзіреттілігін қалыптастыру үдерісінде байқалған өзіндік ерекшелік ретінде қарастырылады.



5-сурет – Эксперименттік жұмыстың констатациялық және қорытынды кезеңінде 4-6 бақылау топтары студенттердің медиақұзіреттілігінің қалыптасуының ерекшелігі

Суретке мән берер болсақ, «География» ББ білім алатын студенттерден жасақталған 4-6 бақылау топтарында өсім үшінші (іс-әрекеттік) және төртінші (құндылықты-мәнді) компонентте екені байқалады. Бұл жоғары оқу орнында осы болашақ осы сала мамандарының медиақұзіреттілігін қалыптастыру үдерісінде байқалған өзіндік ерекшелік ретінде қарастырылады.



6-сурет – Эксперименттік жұмыстың констатациялық және қорытынды кезеңінде 1-3 эксперименттік топтары студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптасуының ерекшелігі

Суретке мән берер болсақ, «Педагогика және психология» ББ білім алатын студенттерден жасақталған 1-3 эксперименттік топтарында айтарлықтай өсім екінші екінші (танымдық) және төртінші (құндылықты-мәнді) компонентте екені байқалады. Бұл жоғары оқу орнында осы болашақ осы сала

мамандарының медиақұзіреттілігін қалыптастыру үдерісінде байқалған өзіндік ерекшелік ретінде қарастырылады.

Эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, әр түрлі мамандықтағы студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастыру ерекшелігі туралы бірнеше маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға болады. Алынған деректер студенттердің әртүрлі білім беру фондары мен кәсіби бағдарлары олардың медиасауаттылықтың қандай аспектілерін белсенді түрде жетілдіретініне әсер ететінін көрсетеді.

«Музыкалық білім» ББ студенттері

Музыкалық білім студенттері арасындағы мотивациялық және танымдық компоненттердегі серпін олардың жоғары ішкі қызығушылығын және медиасауаттылықты игеру үдерісіне белсенді қатысуын көрсете алады. Бұл медиа көбінесе музыкалық мазмұнды таратудың құралы болып табылатындығына байланысты деп топшылауға болады, сонымен қатар бұл медиасауаттылықты олардың болашақ кәсіби қызметі үшін ерекше маңызды және маңызды ететінінен дерек береді.

Түйін: болашақ музыканттарға арналған медиасауаттылықты қалыптастыру үдерсі мотивацияны арттыруға және талдау және сыни ойлау сияқты танымдық дағдыларды дамыту керек.

«География» ББ студенттері. Мінез-құлық және құндылықты-мәнді компоненттердегі елеулі серпін география студенттерінің медиасауаттылықты кәсіби дамуына қалай қабылдайтынын және біріктіретінін көрсетеді. Мінез-құлық өзгерістері географиялық деректерді зерттеу үшін медиаресурстарды белсенді пайдалануды қамтиды, ал құндылықты-мәндікомпоненттегі өзгерістер кәсіби сәйкестіктің қалыптасуын көрсетеді, мұнда медиасауаттылық қазіргі географиялық білімнің ажырамас бөлігі ретінде қабылданады.

Түйін: география саласындағы медиасауаттылықты оқыту медиаресурстарды этикалық және жауапкершілікпен пайдаланудың маңыздылығын, сондай-ақ студенттерге географиялық және экологиялық мәселелерге қатысты ақпараттық ағындардың кең ауқымында шарлауға көмектесетін дағдыларды дамытуға мән беруі керек.

«Педагогика және психология» ББ студенттерінің медиақұзіреттілігінің қалыптасу серпінін талдау.

«Педагогика және психология» мамандығының студенттері медиасауаттылықтың танымдық және құндылықты-мәнді компоненттерінде айтарлықтай оң өзгеріс көрсетті. Бұл компоненттер болашақ педагог-психологтар үшін өте маңызды, өйткені олар дамыған, ақпараттық тұрақты ұрпақты қалыптастыру мен тәрбиелеудегі кәсіби міндеттерімен тығыз байланысты.

Танымдық компонент медиамазмұнды сыни тұрғыдан талдау және бағалау дағдыларын, сондай-ақ медиамен өзара әрекеттесуден кейін рефлексия мен интроспекция қабілетін қамтиды. Педагогика және психология мамандығы студенттерінде бұл дағдыларды дамыту ерекше маңызды, өйткені олар бұл дағдыларды оқушылармен жұмыс істеу кезінде қолданады, оларға ақпарат пен медианың күрделі әлемін шарлауға көмектеседі.

Құндылықты-мәнді компонент медианы қолданумен байланысты этика, мораль және әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін қамтиды. Болашақ педагог-психологтар үшін медианың оқушылардың құндылықтары мен сенімдерін қалыптастыруға қалай әсер ететінін түсіну, сондай-ақ студенттер мен клиенттердің медиаға деген сыни көзқарасын және ақпаратпен этикалық қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру өте маңызды[12, 265.].

Бұл тұжырымдар мен ұсыныстар студенттердің өз жұмысында медианы тиімді пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар оларды қазіргі заманның медиамен қанықкан ортасын сыни қабылдауға дайындай отырып, келесі ұрпақтарға үйрете алатын жағдайлар жасауға бағытталған.

Алынған деректер студенттердің мамандығына байланысты медиақұзіреттілікті оқытудың сараланған тәсілінің қажеттілігін көрсетеді. Медиақұзіреттілік әртүрлі аспектілері әртүрлі бағыттағы студенттердің кәсіби дамуына қалай әсер ететінін түсіну неғұрлым мақсатты және тиімді оқу бағдарламаларын жасауға көмектеседі.

Демек, зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, жаһандану заманында медиақұзіреттілігі қалыптасқан болашақ маманды дайындау мақсатында құрылған үлгі өзінің тиімділігін көрсетті.

Қорытынды. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың медиақұзіреттілігін қалыптастыруды көздеген біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты: мамандардың медиақұзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздемесін анықтау болды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысына қатысты теориялық және тәжірибелік зерттеулерге талдау жасау арқылы болашақ мамандардың медиақұзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығын анықтау; «медиа», «медиабілім», «медиақұзіреттілік» ұғымдарының педагогикалық мәні мен мазмұнын нақтылау; жоғары оқу орны жағдайында болашақ студенттердің медиақұзіреттілігін қалыптастырудың моделіне сүйену; болашақ педагог-психолог мамандарының медиақұзіреттілігін қалыптастыру моделін сынақтан өткізу және оның нәтижелілігін талдау; ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің медиақұзіреттілігін тиімді қалыптастыру бағытында әдістемелік ұсыныстар әзірлеу жұмыстың негізгі міндеттерінің қатарына жатты.

Зерттеу жұмысы екі бөліктен тұрды, яғни теориялық және практикалық мәселелерді қарастыруға арналды. Теориялық бөлімінде медиақұзіреттілік ұғымының мәні мен мазмұны жан-жақты талданып, болашақ педагог-психолог мамандарына медиақұзіреттілік сапасының қажеттілігі дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Баженова, Л.М. Медиаобразование школьника (1-4 классы).** [Текст] / Л.М. Баженова. – М.: Изд-во ин-та худ. обр-я Российской Академии обр-я, 2004. – 55 с.

2. **Баранов, О.А. Медиаобразование в школе и вузе.** [Текст] / О.А. Баранов. – Тверь: Изд-во Твер. гос. ун-та, 2002. – 87 с.

3. **Сейітқазы, П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері** [Мәтін]: пед. ғыл. докторы... дис. автореферат / П.Б. Сейітқазы. – Астана, 2009. – 44 б.

4. **Сейітқазы, П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау** [Мәтін]: монография / П.Б. Сейітқазы. – Астана, 2009. – 312 б.

5. **Сейітқазы, П.Б. Баспасөз және тәрбие мәселесі** [Мәтін]: оқу құралы / П.Б. Сейітқазы. – Астана, 2007. – 112 б.

6. **Оразова, Ә.О. Республикалық педагогикалық мерзімді баспасөз беттеріндегі оқушыларға ұлттық тәрбие беру мәселелері (1985-2000 жж. «Қазақстан мұғалімі», «Учитель Казахстана» газеттері материалдары негізінде)** [Мәтін]: пед. ғыл. канд. ... дис.автореферат / Ә.О. Оразова. – Түркістан, 2007. – 26 б.

7. **Абибулаева, А.Б., Аймагамбетова, Р.Х. Воспитательно-образовательная роль медиа в профессиональной подготовке будущих специалистов** [Текст] / А.Б. Абибулаева, Р.Х. Аймагамбетова // Материалы научно-практической конференции. – Алматы, КазГосЖенПУ, 2012.– С. 535–537.

8. **Сулейменова, Ж.Т. Заманауи қоғамдағы медиабілім мен медиасауаттылықтың мәні мен маңызы** [Мәтін] / Ж.Т. Сулейменова // Социально-педагогическая и психологическая поддержка одаренных детей в системе непрерывного образования: материалы международной научно-практической конференции. – Аркалық, 2013. – 456-459 б.

9. **Сулейменова, Ж.Т. Кредиттік-модульдік оқыту жағдайында медиабілім арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру** [Мәтін] / Ж.Т. Сулейменова // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – Астана, 2013. – № 3. – Б.237-243.

10. **Trust, T., Maloy, R., Butler, A., Goodman, L. Critical Media Literacy in Teacher Education: Discerning Truth Amidst a Crisis of Misinformation and Disinformation** [Text] / T. Trust [et al.] // Journal of Technology and Teacher Education. – 2022. – Vol. 30, №2. – P. 167-176.

11. **López-González, H., Sosa, L., Sánchez, L., Faure-Carvallo, A. Media and Information Literacy and Critical Thinking: A Systematic Review** [Text] / H. López-González [et al.] // Revista Latina de Comunicación Social. – 2023. – № 81. – P. 399-423. DOI: 10.4185/RLCS-2023-1939.

12. **Trixa, J., Kaspar, K. Information Literacy in the Digital Age: Information Sources, Evaluation Strategies, and Perceived Teaching Competences of Pre-Service Teachers** [Text] / J. Trixa, K. Kaspar // Frontiers in Psychology. – 2024. – Vol. 15, Art. 1336436. DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1336436.

REFERENCES:

1. **Bazhenova L.M. Mediaobrazovanie shkol'nika (1-4 klassy')** [Media education of schoolchildren (grades 1-4)]. Izd-vo in-ta hud. obr-ya Rossijskoj akademii obr-ya, Moscow, 2004, 55 p. (In Russian)

2. **Baranov O.A. Mediaobrazovanie v shkole i vuze** [Media education at school and university]. Izd-vo Tver. gos. un-ta, Tver', 2002, 87 p. (in Russian)

3. **Seiitkazy P.B. Bolashak mugalimderdi BAK arkyly tarbie urdisine dayyndaudyng gylymi-teoriyalyk negizderi** [Scientific and theoretical foundations of preparing future teachers for the educational process through mass media]. Abstract of PhD thesis, Astana, 2009, 44 p. (In Kazakh)

4. **Seijtkazy P.B. Bolashak mugalimderdi BAK arkyly tarbie urdisine dayyndau** [Preparing future teachers for the educational process through mass media]. Astana, 2009, 312 p. (In Kazakh)

5. **Seijtkazy P.B. Baspasoz zhane tarbie maselesi** [Press and issues of education]. Oku kuraly. Astana, 2007, 112 p. (In Kazakh)

6. **Orazova A.O. Respublikalyk pedagogikalyk merzimdi baspasoz betterindegi okushylarga ulttyk tarbie beru maseleleri (1985-2000 zhzh. "Kazakstan mugalimi", "Uchitel Kazakhstana" gazetteri materialdary negizinde)** [Issues of national education of students in the pages of republican pedagogical periodicals (1985-2000, based on the newspapers "Kazakhstan Mugalimi" and "Uchitel Kazakhstana")]. Abstract of PhD thesis, Turkestan, 2007, 26 p. (In Kazakh)

7. **Abibulaeva A.B., Aimagambetova R.Kh. Vospitatel'no-obrazovatel'naya rol' media v professsional'noj podgotovke budushhih specialistov** [The educational role of media in the professional training of future specialists]. *Materialy' nauchno-prakticheskoj konferencii, Almaty, KazGosZhenPU,* 2012, pp. 535-537. (In Russian)

8. **Sulejmenova Zh.T. Zamanaui kogamdagy mediabilim men mediasauattylyktyng mani men mangyzy** [The Essence and Significance of Media Education and Media Literacy in Modern Society]. *Social'no-pedagogicheskaya i psikhologicheskaya podderzhka odarennykh detey v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya: materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferencii*, Arkalyk, 2013, pp. 456-459. (In Kazakh)

9. **Suleimenova Zh.T. Kredittik-moduldik okytu zhagdayynda mediabilim arkyly studentterding shygarmashylyk is-areketterin uyymdastyru** [Organization of students' creative activities through media education in the context of credit-modular learning]. *L.N. Gumilev atyndagy EUU Khabarshysy*, Astana, 2013, vol. 3, pp. 237-243. (In Kazakh)

10. **Trust T., Maloy R., Butler A., Goodman L. Critical media literacy in teacher education: discerning truth amidst a crisis of misinformation and disinformation**. *Journal of Technology and Teacher Education*, 2022, vol. 30(2), pp.167-176.

11. **López-González H., Sosa L., Sánchez L., Faure-Carvallo A. Media and Information Literacy and Critical Thinking: A Systematic Review**, *Revista Latina de Comunicación Social*, 2023, vol. 81, pp.399-423. DOI: 10.4185/RLCS-2023-1939.

12. **Trixa J., Kaspar K. Information literacy in the digital age: information sources, evaluation strategies, and perceived teaching competences of pre-service teachers**, *Frontiers in Psychology*, 2024, vol. 15, art. 1336436. DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1336436.

Жіберілген күні: 25 маусым 2026 ж. **Қабылданған күні:** 10 тамыз 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәлімет:

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., А. Байтұрсынов көш, 47, тел.: 87052269479, e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.*

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет им. Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. А. Байтурсынова, 47, тел.: 87052269479, e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.*

Abdirkenova Akbidash Kapanovna – PhD, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 47 A. Baitursynov Str., tel.: 87052269479, e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.*

МРНТИ 14.35.01
УДК 37.022
https://doi.org/10.52269/SEPT2632014

КОРОТКИЕ ВИДЕО КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Абетанов Д.Н. – PhD докторант, Торайгыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.*
Жуматаева Е. – д.п.н, профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.

В условиях интернационализации и цифровизации современного образования особое значение приобретает развитие межкультурной компетентности у студентов, обеспечивающей их готовность к эффективному взаимодействию в многонациональной и поликультурной среде. Быстрая трансформация коммуникационных технологий и активное внедрение цифровых медиа в образовательный процесс создают новые возможности для формирования этой компетентности средствами мультимедийного контента. Особый интерес представляет использование коротких видео, отличающихся высокой динамичностью, визуальной привлекательностью и способностью транслировать культурные смыслы в сжатой форме. В статье рассматривается педагогический потенциал коротких видео как инновационного инструмента развития межкультурной компетентности студентов в условиях цифровизации. На основе теоретико-аналитического подхода проанализированы когнитивные, аффективные и коммуникативные функции коротких видео, представленных на платформах TikTok, YouTube Shorts и Instagram Reels. Авторами отмечено, что данный формат способствует не только передаче культурных знаний, но и развитию эмпатии, толерантности, рефлексивности и критического мышления. Также, особое внимание уделяется педагогическим возможностям интеграции коротких видео в образовательный процесс высшей школы. Научная новизна исследования заключается в теоретическом обосновании механизмов влияния коротких видео на развитие межкультурной компетентности, а также в определении дидактических условий, обеспечивающих их эффективное использование в высшем образовании. Практическая значимость работы состоит в разработке рекомендаций по педагогически осмысленному внедрению коротких видео в образовательный процесс с целью формирования у

студентов культурной чувствительности, способности к межкультурной эмпатии и готовности к взаимодействию в глобальном пространстве.

Ключевые слова: *межкультурная компетентность, короткие видео, цифровая культура, медиаобразование, TikTok, межкультурное образование, медиаграмотность.*

and phraseological meanings and support more systematic engagement with the material. In this regard, methodological scholars B. Ysqaq and E. Khudaibergenov illustrate that the fixed expression «äy der äje, qoy der qojajoq» has been in use since ancient times, and although its meaning is generally understood by native speakers, the explanatory dictionary defines «äje" as "a respected and honored person in the village». Thus, the word in this idiom does not correspond to its literal dictionary meaning, which demonstrates the importance of dictionary-based explanations in clarifying phraseological semantics [15,102].

For this purpose, it is advisable to combine and actively use reference works such as The Etymological Dictionary of the Kazakh Language, A. Nurmaghambetov's Five Hundred and Five Words, R. Syzdyqova's Words Speak, The Explanatory Dictionary of the Kazakh Language, I. Kenesbaev's Dictionary of Kazakh Phraseologisms, R. Avakova's Phraseosemantics, and G. Smaghulova's Dictionary of Synonymous Phraseologisms. One possible instructional approach is to assign students a dedicated «dictionary notebook» in which they record phraseological units and participate in activities or competitions based on the quantity and quality of the collected material. When competition, challenges, or similar game elements are added to this otherwise non-game learning activity, the task can be regarded as incorporating elements of gamifycation.

Furthermore, modern digital technologies, including mobile applications, can provide additional opportunities for working with the ethnolinguistic dimension of phraseological units. In the present study, such digital resources are treated as technology-mediated interactive tools rather than as gamification in themselves. When they incorporate elements such as points, challenges, competition, or immediate feedback, they may also support gamified learning activities. This interpretation is consistent with the findings of A. Oraz and K.T. Malikov, who note that the appropriate use of mobile applications in the learning process can contribute to the reinforcement of linguistic material [16, p. 211].

The open-ended responses also provided additional insight into students' preferences. Among the recurring suggestions were the inclusion of phraseological units in regular classroom activities through games, the organization of creative competitions, and the more frequent use of phraseological expressions in tasks aimed at vocabulary development. One respondent noted that engaging and game-based activities could encourage participation even among students who are usually less active during lessons. These comments further illustrate the generally positive attitudes toward interactive forms of phraseology instruction identified in the survey.

Overall, the respondents' preferences suggest that phraseology instruction may benefit from combining dictionary-based work with contextual, visual, multimedia, and game-based activities rather than relying on a single instructional format.

When teaching phraseological units, instructors should not only present them as expressive and figurative linguistic tools but also guide students toward using them accurately and contextually. Special emphasis should be placed on pair and group activities, discussions, and debates, where correct and stylistically appropriate use of idioms is crucial. In this regard, visual aids, illustrations, and video materials can be integrated into lesson structures to diversify the ways in which students engage with phraseological units and their contextual meanings.

For instance, exercises may include identifying phraseological units in texts, explaining their meanings, composing sentences or dialogues using selected phraseological units, and producing context-based statements in which these expressions are used appropriately. In practice, students were provided with selected phraseological units, their meanings were explained, and learners were asked to compose their own sentences using them. This combination of explanation and active application was used to support students' understanding of phraseological meanings and their contextual use.

The following phraseological units were selected for classroom practice:

Table 4. – Constructing sentences by explaining the meanings of phraseological units

Phraseological unit	Meaning (literal + figurative)	Usage (example)
Айы оңынан туды (His moon rose on the right side)	Good fortune, luck favored (to be fortunate)	Айы оңынан туып, тез жетістікке жетті. (He was fortunate and quickly achieved success.)
Қырық жамау жүрек (A heart patched forty times)	A wounded soul, emotionally scarred	Қырық жамау жүрегімен ешкімге реніш айтпады. (Despite his wounded heart, he voiced no resentment to anyone.)
Тілге сөз түспеу (Words do not fall on the tongue)	To be at a loss for words (unable to respond)	Тосыннан сұрақ қойғанда, тілге сөз түспеді. (When asked an unexpected question, he was at a loss for words.)
Жүрегінің түгі бар (There is hair on his heart)	Brave, courageous (fearlessperson)	Жүрегінің түгі бар жігіт ештеңеден қаймықпады. (The courageous young man feared nothing.)
Қол ұшын берді (Gave a helping hand)	Helped, assisted	Ауыр жағдайда қалған досына қол ұшын берді. (He gave a helping hand to his friend in a difficult situation.)

M. Ryskulov, a researcher of teaching phraseological units from a cognitive perspective, emphasizes that in order not only to understand the meaning of phraseological expressions but also to master their appropriate use, learners should be engaged in various games and improvisational exercises. For instance, students are presented with distorted or incorrectly used phraseological units and are required to identify their correct versions: tel qoshakanday (correct form: tel qozyday), baka zhüris (correct form: tasbaka zhüris), attan tüskennedei (correct form: tüyeden tüskendei), bienin tügimen, tüienin bügimen (correct form: tüieni tügimen, bieni bügimen), tüiedei tüimedei etti (correct form: tüimedeyi tüiedei etti), qaskyr bulang'a saldy (correct form: tülki bulang'a saldy), ürikken zhylqydai qamaldy (correct form: ürikken qoidaı qamaldy), üiden shyqqan suwirdai (correct form: innen shyqqan suwirdai), aitqanyn eki etti (correct form: aitqanyn eki etpedi), alpys tamyry iidi (correct form: alpys eki tamyry iidi), altyn malta as bolmady (correct form: alty malta as bolmady), bir qyrly, segiz syrly (correct form: bir syrly, segiz qyrly), etc. [17]. Such game-based exercises can be used to draw learners' attention to the correct form and meaning of phraseological units while making the learning process more engaging.

The findings of the study suggest that students generally respond positively to the use of game-based activities in phraseology instruction. The survey responses and classroom observations indicate that such activities may support student engagement and encourage attention to both the linguistic meaning and the ethnocultural content of phraseological units. These results should be interpreted as evidence of students' perceptions and classroom engagement rather than as a direct measurement of gains in linguistic or ethnolinguistic competence.

Conclusion. The findings of the study suggest that game-based and digital activities can be meaningfully incorporated into the teaching of Kazakh phraseological units, particularly when attention is given to their ethnolinguistic and cultural content. The theoretical analysis and survey results indicate that phraseological units should be considered not only as linguistic expressions but also as carriers of ethnocultural information. Students' responses showed generally positive attitudes toward interactive and game-based forms of phraseology instruction and toward activities that draw attention to the cultural meanings of phraseological units.

Based on the theoretical analysis, classroom activities, and students' responses, the following methodological recommendations can be considered when teaching phraseological units with an ethnolinguistic focus:

- explain the meanings of phraseological units not only from a linguistic but also from a cultural and cognitive perspective;
- incorporate interactive game formats (quizzes, matching tasks, role-playing games) to increase learner engagement;
- apply modern digital resources and mobile applications as innovative tools for teaching phraseological units;
- utilize visual materials (infographics, animations, video lessons) to support the presentation and contextualization of phraseological content;
- integrate project-based and group activities with game elements that highlight ethnolinguistic dimensions.

Taken together, these recommendations reflect the respondents' generally positive attitudes toward the use of game-based, digital, and interactive activities in phraseology instruction. The survey responses suggest that students value learning formats that combine phraseological meaning with contextual and cultural interpretation. However, the present study did not directly measure changes in communicative, linguistic, or ethnolinguistic competence; therefore, the findings should be interpreted primarily in terms of students' perceptions, preferences, and classroom engagement.

Overall, the study indicates that game-based and digital activities have methodological potential for teaching phraseological units within an ethnolinguistic framework, particularly as tools for supporting student engagement and drawing attention to the cultural meanings of phraseological expressions. Since the present study focused primarily on students' perceptions and classroom observations, further research is needed to examine learning outcomes through objective measures, including pre- and post-assessment and comparative research designs. Future studies may also explore the use of digital game platforms, interactive maps, and online quizzes as part of a more comprehensive methodology for phraseology teaching.

Conflict of interest: The authors declare no conflict of interest.

REFERENCES:

1. **Kenesbaev I. Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi** [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty, Gylym, 1977, 712 p. (In Kazakh)

2. **Smagulova G.N. Kazak frazeologiyasy lingvistikalyk paradigmalarda** [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]. Eltanym, Almaty, 2020, 256 p. (In Kazakh)

3. **Mankeeva Zh.A. Kazak tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyk negizderi** [Cognitive foundations of ethnocultural nominations in the Kazakh language]. Almaty, Zhibek Zholy, 2008, 354 p. (In Kazakh)

4. **Kosymova G.K., Rakhmetova S.R. Kazak tilin okytu adistemesi** [Methods of teaching the Kazakh language]. Almaty, Bilim, 2011, 240 p. (In Kazakh)

5. **Saidova Z. K. Phraseologization as cognitive process.** *International Journal of Culture and Modernity,* 2021,vol.1, pp. 22–26.

6. **Bim I.L. Teoriya i praktika obucheniya nemeckomu yazyku v srednej shkole: Problemy' i perspektivy'** [Theory and practice of teaching German in secondary school: Problems and prospects]. Prosveshhenie, Moscow, 1988, 256 p. (In Russian)

7. **Passov E.I. Kommunikativny'j metod obucheniya inoyazy'chnomu govoreniyu** [Communicative method of teaching foreign-language speaking]. Moscow, Prosveshhenie, 2nd ed., 1991, 223 p. (In Russian)

8. **Deterding S., Dixon D., Khaled R., Nacke L. From game design elements to gamefulness: Defining «gamification».** *Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference: Envisioning Future Media Environments*, 2011, pp.9–15. Available at: https://doi.org/10.1145/2181037.2181040 (accessed 15 February 2026).

9. **Dichev C., Dicheva D. Gamifying education: What is known, what is believed and what remains uncertain: a critical review** *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 2017, vol. 14, art. 9, pp. 1–36. DOI:10.1186/s41239-017-0042-5.

10. **Seaborn K., Fels D.I. Gamification in theory and action.** *A survey, International Journal of Human-Computer Studies*, 2015, vol. 74, pp. 14–31. DOI: 10.1016/j.ijhcs.2014.09.006.

11. **Plass J.L., Homer B.D., Kinzer C.K. Foundations of game-based learning,** *Educational Psychologist*, 2015, vol. 50(4), pp. 258–283. DOI:10.1080/00461520.2015.1122533.

12. **Smailova A.Sh., Rakhymbayeva B.O. The game as an effective method of teaching the Kazakh language,** *Bulletin of Karaganda University. Philology Series*, 2022, vol.108, no.4, pp. 122–127. DOI: 10.31489/2022Ph4/122-127.

13. **Baitelieva Zh.D. Kazak etnolingvistikasy** [Kazakh ethnolinguistics]. Almaty, Suleyman Demirel University, 2011, 109 p. (In Kazakh)

14. **Abisheva Zh.M., Razakhova B.Sh. Bilim berudegi geimifikatsiya** [Gamification in education]. *Proceedings of the X International Conference "TURKLANG 2022: Computer Processing of Turkic Languages"*, Astana, 2022, pp. 342–351. Available at: https://repository.enu.kz/. (accessed 15 February 2026) (In Kazakh)

15. **Ysqaq B., Khudaibergenov E. Leksikany okytudyn innovatsiyalyk adistemesi** [Innovative methods of teaching vocabulary]. Shymkent, Nurbook, 2022, 130 p. (In Kazakh)

16. **Oraz A.N., Malikov K.T. Kazak tilin uiretude mobil'di kosymshalardy paidalanudyn tiimdiligi** [The effectiveness of using mobile applications in teaching the Kazakh language]. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 2023, vol. 144, no.3, pp. 203–215. DOI:10.32523/2616-678X-2023-144-3-203-215. (In Kazakh)

17. **Ryskulov M.A. Frazeologizmderdi kognitivti turgydan okytu – okushylardyn sheshen soileu kabiletin damytudyn negizi** [Teaching phraseology from a cognitive perspective as a basis for developing students' eloquent speech]. *Bilim–Obrazovanie*, 2025, vol. 112, no. 1, pp. 128–138. DOI:10.59941/2960-0642-2025-1-128-138. (In Kazakh)

Received: 03 June 2026. **Accepted:** 05 July 2026. **Published:** 30 September 2026.

Information about the authors:

Arynbayeva Dildakul Zhanaidarovna – PhD student, "8D01701 training of a teacher of the Kazakh language and literature" educational program, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str. 13, tel.: 87023154000, e-mail: dildagul.aryn@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0003-9468-1176.*

Yücel Gelişli – Doctor of Pedagogical Studies, Professor, Gazi University, Republic of Turkey, 06500 Ankara, 6/1 Bandyrma Str., tel.: +90 312 202 17 62, e-mail: gelisli@gazi.edu.tr, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2816-3621.

Khalikova Nurila Satybaldiyevna – Candidate of Philological Sciences, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: 87755966530, e-mail:khalikova_nurila1976@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-1360-0131.

Арынбаева Ділдәгүл Жанайдарқызы – PhD докторант, "8D01701 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау" білім беру бағдарламасы, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., А. Байтұрсынов көш. 13, ORCID ID : https://orcid.org/0009-0003-9468-1176, Тел.: 87023154000, e-mail:dildagul.aryn@mail.ru.*

Гелишли Юджел – профессор, Білім және ғылым кафедрасының докторы, Гази университеті, Түркия Республикасы, 06500 Анкара қ, Бандырма көш. 6/1,ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2816-3621, тел.: +90 312 202 17 62, e-mail:gelisli@gazi.edu.tr.

Халикова Нурила Сатыбалдықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., А. Байтұрсынов көш. 13, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-1360-0131, Тел.: 87755966530, e-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru.

Арынбаева Дильдакуль Жанайдаровна – PhD докторант, образовательная программа «8D01701 – Подготовка учителей казахского языка и литературы», Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, Республика Казахстан, 160000 г. Шымкент, ул. А. Байтурсынова, 13, тел.: 87023154000, e-mail: dildagul.aryn@mail.ru, ORCIDID: https://orcid.org/0009-0003-9468-1176.*

Гелишли Юджел – профессор, доктор педагогических наук, Университет Гази, Турецкая Республика, 06500 г. Анкара, ул. Бандырма 6/1, тел.: +90 312 202 17 62, e-mail:gelisli@gazi.edu.tr, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2816-3621.

Халикова Нурила Сатыбалдиевна – кандидат филологических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, Республика Казахстан, 160000 г. Шымкент, ул. А. Байтурсынова, 13, тел.: 87755966530, e-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru, ORCIDID: https://orcid.org/0000-0002-1360-0131.

ХҒТАР 14.29.41
ӘОЖ 376.42
https://doi.org/10.52269/SEPT2632039

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ

Бегежанова Р.К. – PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

Жиенбаева Н.Б. – психология ғылымдарының докторы, профессор зерттеуші, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Білім беруді цифрландыру зияты зақымдалған балалардың әлеуметттік-тұрмыстық дағдыларын қалыптастырудың нәтижелілігін арттыратын педагогикалық шешімдерге деген сұранысты күшейтуде. Мақаланың мақсаты – осы санаттағы білім алушылармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысында иммерсивті технологияларды (виртуалды, толықтырылған және аралас шындықты) қолдануға арналған отандық және шетелдік зерттеулерге аналитикалық шолу жасау. Зерттеу материалы ретінде рецензияланатын журналдарда жарияланған еңбектер мен ғылыми дерекқорлардағы жарияланымдар пайдаланылды. Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстыру және дереккөздерді жүйелеу әдістері қолданылды. Күнделікті өмірлік іс-әрекет дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері (мәдени-тарихи, нейропсихологиялық және дизонтогенетикалық тәсілдер) қарастырылады, сондай-ақ иммерсивті орталардың білім барысында мазасыздық деңгейін төмендетуге ықпалын көрсететін S. Parsons пен S. Cobb, J. Radianti және әріптестері, G. Makransky мен G.B. Petersen және басқа да авторлардың зерттеулері қорытындыланды. Иммерсивті оқытудың педагогикалық әсерлері (уәждемелік, когнитивтік, мінез-құлықтық және әлеуметтік) айқындалып, енгізу шектеулері белгіленді: бейімделген әдістемелердің жеткіліксіздігі, педагогтерді арнайы даярлау қажеттілігі және сенсорлық артық жүктеме қаупі. Мақаланың практикалық маңыздылығы әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды дамытуда иммерсивті технологияларды қолданудың дәлелді бағыттарын жүйелеуінде және арнайы білім беру жүйесінде түзете дамыту бағдарламаларын жобалауға арналған бағдарларды айқындауында көрініс табады.

Түйінді сөздер: *арнайы білім беру, иммерсивті технологиялар, зияты зақымдалған балалар, әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар, виртуалды шындық.*

ПРИМЕНЕНИЕ ИММЕРСИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ СОЦИАЛЬНО-БЫТОВЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ИНТЕЛЛЕКТА: ОБЗОР СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Бегежанова Р.К. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.*

Жиенбаева Н.Б. – доктор психологических наук, профессор-исследователь, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Цифровизация образования усиливает запрос на педагогические решения, повышающие результативность формирования социально-бытовых навыков у детей с нарушениями интеллекта. Цель статьи – выполнить аналитический обзор отечественных и зарубежных исследований, посвященных применению иммерсивных технологий (виртуальной, дополненной и смешанной реальности) в коррекционно-развивающей работе с данной категорией обучающихся. Материалом исследования послужили публикации из рецензируемых журналов и научных баз данных. Использованы методы теоретического анализа, сопоставления и систематизации источников. Рассматриваются теоретические основания формирования навыков повседневной жизнедеятельности (культурно-исторический, нейропсихологический и дизонтогенетический подходы), а также

обобщаются результаты исследований S. Parsons и S. Cobb, J. Radianti и соавторов, G. Makransky и G.B. Petersen и др., отражающие влияние иммерсивных сред на вовлеченность, понимание последовательность действий и снижение тревожности при освоении жизненных умений. Выделены педагогические эффекты иммерсивного обучения (мотивационные, когнитивные, поведенческие и социальные) и обозначены ограничения внедрения: дефицит адаптированных методик, необходимость подготовки педагогов и риски сенсорной перегрузки. Практическая значимость статьи состоит в систематизации доказательных направлений применения иммерсивных технологий для развития социально-бытовых навыков и формулировании ориентиров для проектирования коррекционно-развивающих программ в системе специального образования.

Ключевые слова: *специальное образование, иммерсивные технологии, дети с нарушениями интеллекта, социально-бытовые навыки, виртуальная реальность.*

THE USE OF IMMERSIVE TECHNOLOGIES FOR THE DEVELOPMENT OF SOCIAL AND DAILY LIVING SKILLS IN CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES: A REVIEW OF CONTEMPORARY RESEARCH

Begezhanova R.K. – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

Zhiyenbayeva N.B. – Doctor of Psychological Sciences, Research Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

The digitalization of education has intensified the demand for pedagogical solutions that enhance the effectiveness of developing social and daily lining skills in children with intellectual disabilities. The purpose of this article is to provide an analitycal review of domestic and international studies focused on the application of immersive technologies (virtual, augmented and mixed reality) in educational and developmental work with this group of learners. The research material consists of publications from peer-reviewed journals and scientific databases. Methods of theoretical analysis, comparison and systematization of sources were employed. The paper examines the theoretical foundations of developing daily living skills (cultural-historical, neuropsychological, and dysontogenetic approaches) and synthesizes the findings of studies by S. Parsons and S. Cobb, J. Radianti et al., G. Makransky and G.B. Petersen, among others, which demonstrate the impact of immersive environments on learner engagement, understanding of action sequences, and reduction of anxiety in the acquisition of life skills. The pedagogical effects of immersive learning (motivational, cognitive, behavioral, and social) are identified, and key limitations of implementation are outlined, including a lack of adapted methodologies, the need for teacher training, and risks of sensory overload. The practical significance of the article lies in systematizing evidence-based directions for the use of immersive technologies in developing social and daily skills and in formulating guidelines for the design of corrective and developmental programs within special education system.

Keywords: *special education, immersive technologies, children with intellectual disabilities, social and daily-living skills, virtual reality.*

Кіріспе. Зияты зақымдалған балаларда әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру әлеуметтік бейімделу мен автономдылықтың базалық ресурсы ретінде қарастырылады. Арнайы педагогика мен даму психологиясының теориялық негіздері зият зақымдануы жағдайында әрекеттерді бағдарламалау мақсатты сақтау өзін-өзі бақылау және дағдыны жаңа жағдайларға көшіру үдерістерінің қиындайтынын көрсетеді бұл өмірлік дағдыларды оқытуды ұзақ мерзімді және жүйелі қолдауды талап ететін процесс [1, б. 52-57; 2, б. 75-80; 3, б. 112-118].

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи тәсілі баланың дамуындағы әлеуметтік өзара әрекет пен іс-әрекеттің жанамалану рөлін айқындайды, бұл түзете-дамыту оқытуын құру үшін қағидатты мәнге ие [1, б. 52-57]. А.Р. Лурияның нейропсихологиялық көзқарасты реттеу тапшылығының, әрекеттерді бірізді орындаудың және мінез-құлықты бақылаудың механизмдерін түсіндіруге мүмкіндік береді [2, б. 75-80]. В.В. Лебединскийдің дизонтогенез тұжырымдамасы даму бұзылыстарының жүйелілігін және мақсатты педагогикалық ықпалдың қажеттілігін атап көрсетеді [3, б. 112-118].

Қолданбалы түрде өмірлік құзыреттілік пен өмір әрекетінің дағдыларын қалыптастыру мәселелері Е.А. Стребелева, Л.М. Шипицына, Д.А. Виткаускайте, А.К. Рсалдинова және басқа авторлардың еңбектерінде қарастырылып, олар оқытудың кезеңділігі, көрнекілігі, вариативті қайталау және дағдыны әртүрлі контекстерде бекіту қажеттігін атап өтеді [4; 5; 6; 7]. Сонымен қатар меңгерілген әрекеттерді оқу жағдаятының шегінен тыс көшіру мәселесі әлі де сақталуда.

Білім беру технологияларының дамуы аясында өмірлік жағдаяттарды модельдеуге және оқытуды бақыланатын жағдайларда ұйымдастыруға мүмкіндік беретін иммерсивті орталарға қызығушылық артып келеді. Иммерсивті тәсіл білім берудегі көрнекілік қағидаты жүзеге асатын бірқатар негізгі тұжырымдарға сүйенеді. Иммерсивтілік қағидаты көрнекілікті жоққа шығармайды, керісінше, оны заманауи үрдістер мен техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып кеңейтеді және толықтырады. Білім берудегі иммерсивті технологиялар виртуалды ортаға терең ену есебінен білімді меңгеру үдерісінде визуализацияның маңызын

арттырады; олардың рөлі ерекше маңызды – білім алушыларды абстрактілі ұғымдарды кешенді түрде меңгеру үшін қажетті көпқырлы сезімдік-танымдық тәжірибемен байыту. Танымның алғашқы сатысы ретіндегі адамның сенсорлық модальдылықтары сезім мүшелеріне кешенді ықпал ету мен тереңірек ену арқылы күшейтілуі тиіс, бұл келесі сатыда қалыптасатын ұғымдар, ережелер мен заңдар түріндегі білім игеруге ықпал етеді. Объективті түрде өмір сүретін шынайылық пен білімді қаматамасыз ету оқыту үдерісін сезімдік түйсінулерге сүйене отырып, үздіксіз сүйемелдеуі қажет. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін иммерсивтілік қағидаты, ең алдымен, ену құралдарын пайдануды және визуалды модальдыққа сүйенуді талап етеді. Иммерсивті технологиялар – виртуалды ортаға барынша жақын шынайы жағдайды модельдей отырып, қатысу немесе ену әсерін жасауға мүмкіндік беретін құралдар. Оларға виртуады шындық (virtual reality – қысқаша VR), толықтырылған шындық (augmented reality – қысқаша AR) және аралас шындық (mixed reality – қысқаша MR) сияқты технологиялар жатады. Бұл технологиялар білім алушылар үшін интерактивті білім беру орталарын құру мақсатында қолданылады, мұнда олар объектілермен өзара әрекеттесе алады, әртүрлі жағдаяттарды модельдейді және алыған білімді практикалық қызметте белсенді түрде қолданады. Иммерсивті технологиялар нақты коммуникативтік жағдаяттарды модельдеу қабілетінің арқасында білім беру саласында ерекше танымалдыққа ие болды, бұл оқыту үдерісін неғұрлым практикалық бағытталған және көрнекі етеді.

Компьютерлік техниканың жетілдірілу деңгейіне байланысты иммерсивтілік дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін: ұялы телефон экранындағы шағын үшөлшемді бейнеден бастап, виртуалды әлемде толық қатысу әсеріне дейін. Компьютерлік технологиялар арқылы шынайылықты әртүрлі деңгейде өзгерту нәтижесінде жаңа шынайылық түрлері – виртуалды шындық (VR) қалыптасады немесе толықтырылған шындық (AR). Виртуалды шындық пен толықтылырылған шындықтың маңызды айырмашылығы мынада: виртуалды шындық толықтай компьютер арқылы жасалады, ал толықтырылған шындық физикалық әлемді аздап түзетіп, оған жасанды элементтер енгізумен шектеледі. Мектептегі оқытуда толықтырылған шындықты қолданудың мысалдарына оқу материалын баршаға қолжетімді түрде пайдалануға мүмкіндік беретін QR – кодтар, интерактивті презентациялар, интерактивті тақталар жатады.

Виртуалды шындық (virtual reality, VR) – адамның сезім мүшелеріне (көру, есту, иіс сезу және т.б.) әсер ету арқылы берілетін, компьютерде жасанды түрде генерацияланған әлем; ол шығармашылық және бейнелі ойлауды дамыту арқылы қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. VR технологияларының негізгі функциясы – нақты себептерге байланысты шынайы әлемде алу мүмкін емес тәжірибені меңгеру үшін жасанды ортаны құру. Толықтырылған шындықтан айырмашылығы, виртуалды шындықта адам белгілі бір әрекеттерді тікелей орындай алады. Жасанды ортада нақты операцияларды орындау барысында қабылдаудың бірнеше арнасымен қатар іске қосылады, бұл ақпаратты жақсырақ есте сақтауға ықпал етеді: көру, иіс сезу, бұлшықет және басқа да арналар. VR режимін қолдану арнайы бағдармалық қамтамасыз етілген арнайы гарнитураның болуын талап етеді. VR технологияларының негізгі сипаттамаларына қатысу әсері, терең ену және объектілерді басқару мүмкіндігі жатады. Қатысу әсері оқиғалардың дамуын тікелей сезінуге мүмкіндік береді. Терең ену жүйенің сезім мүшелеріне әсер етуі арқылы жүзеге асады. Ал объектілерді басқару мүмкіндігі VR-дің интерактивлігін қаматамыз етеді: адам заттарды қозғалта отырып немесе басын бұру арқылы ортаның өзгерісін бақылай алады. VR жүйелері мәтіндік немесе аудиоформатта түсінуге қиын тақырыптарды меңгеруде тиімді қолданылуы мүмкін. Бұл технологияны сабақта қолданудың басты шарты – білім беру үдерісіне қатысушыларды барлығының қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету (яғни виртуалды шындықтағы қатысушы қабылдайтын ақпаратты ортақ экранға шығару), сондай-ақ оны тек қабылдауы күрделі тақырыптарды меңгеру қажет болған жағдайда пайдалану.

Толықтырылған шындық (augmented reality, AR) – арнайы бағдарламалық қамтамасыз етілген цифрлық құрылғылардың көмегімен қосымша ақпаратты қабылдау үшін физикалық әлемді виртуалды объектілермен толықтыруға мүмкіндік беретін технология. AR режимін қолдану екі негізгі компонеттен тұрады: виртуалды объектіні бақылауға мүмкіндік беретін бейнекамерасы бар құрылғы және құрылғының толықтырылған шындық жағдайында дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз ету. AR технологиясының ерекшелігі – оның басқа шындық түрлерімен салыстырғанда қолжетімділігі. Ол нақты әлемнен ажырамай-ақ ақпаратты қабылдауға мүмкіндік беретіндіктен, білім беру үдерісіндегі оқыту жүйелерін дамытудың келесі кезеңі болуы мүмкін. Мұндағы басты шарт – толықтырылған шындықтың сабақ барысында білім алушыларды қызықтыру құралы емес, оқу тақырыбын тереңірек түсінуге қажетті ақпарат көзі болуы.

Иммерсивті технологиялар аясында шынайылықтың тағы бір түрі ретінде гибридті (аралас) шындықты бөліп көрсетуге болады. Гибридті шындық (аралас шындық, mixed reality, MR) – нақты объектілерге жасанды элементтерді қабаттастыру арқылы шынайылықты құру технологиясы. MR пайдаланушыға нақты әлемде бола отырып, бір мезгілде қашықтан оқыту үдерісіне қатысуға мүмкіндік береді. Мысал ретінде, нақты объект болып табылатын қарапайым мектеп тақтасын келтіруге болады, алайда ондағы жазбалар нақты объектіден белгілі бір қашықтықта орналасқан адам арқылы орындалуы мүмкін. MR технологиясы AR-ға қарағанда жасанды әлемге тереңірек ену мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бірақ VR-дан айырмашылығы – толықтай жасанды әлем құруды талап етпейді. MR технологиясының басты артықшылығы – нақты немесе виртуалды объектіні зерттеу барысында нақты қоршаған орта туралы барлық қажетті ақпараттың қолжетімді болып қалуы. Мұндай ену кейіннен алынған тәжірибені

нақты объектіге оңай көшіруге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде MR технологиясы қолдану тұрғысынан шектеулі қолжетімді, алайда оның даму перспективалары бар. Болашақта MR оқытылатын объектілер мен құбылыстырды визуализациялаудың жаңа деңгейіне айналуы мүмкін. S. Parsons пен S.Cobb еңбектерінде педагогикалық сүйемелдеу мен нәтижерлерді барабар бағалау жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқытуда виртуалды орталардың әлеуеті талқыланады [8, б. 355-366]. J. Radianti және әріптестерінің шолуында білім беруде иммерсивті технологияларды қолданылуы жүйеленіп, тиімділік параметрлері айқындалады: тапсырмалар дизайны, нәтиже метрикалары, қауіпсіздік және когнитивтік жүктемені басқару [9, б. 2-29]. G. Makransky, G.B. Petersen жүргізген метаталдау білім берудегі виртуалды шындық (VR) әсерінің сценарий сапасымен және когнитивтік жүктеменің теңгерімімен байланысты екенін көрсетеді [10, б. 719-735; 11, б. 104].

Жарияланымдардың жинақталуына қарамастан, иммерсивті технологиялрды зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамытуымен тікелей байланыстыратын зерттеулер әлі де шашыраңқы сипатта қалып отыр. Бұл жағдай осы шолудың өзектілін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамытуда иммерсивті технологияларды қолдану бойынша отандық және шетелдік зерттеулерге аналитикалық шолу жасау.

Міндеттері:

1. зияты зақымдалған балаларда әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастырудың теориялық негіздерін нақтылау;
2. VR/AR/MR технологияларының білім беру мүмкіндіктерін және педагогикалық дизайнға қойылатын талаптарды сипаттау;
3. ұқсас проблематика бойынша отандық және шетелдік авторлардың зерттеу нәтижелерін жүйелеу;
4. әрі қарайғы зерттеулер мен енгізулердің шектеулері, тәуекелдері мен перспективаларын айқындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу шолу-аналитикалық дизайнға негізделген. Эмпирикалық база ретінде рецензияланатын журналдарда және Scopus, Web of Science, Google Scholar халықаралық ғылыми дереқорларында, сондай-ақ арнайы педагогика мен білім беру технологиялары бойынша салалық басылымдарда жарияланған отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері пайдаланылды.

Жарияланымдарды бастапқы іріктеу үшін халықаралық ғылыми журналдарда жарық көрген рецензияланатын мақалаларға қолмен іздеу жүргізілді. Негізгі түйінді сөздер ретінде «Immersive Technologies», «Virtual Reality», «Special Education», «Intellectual Disabilities» терминдері қоолданылды, ал іріктеу аясында тек «Education» және «Computer Science» бағыттары енгізілді.

Жарияланымдарды енгізу критерийлері екі құрамдас бөліктен тұрды:

1. виртуалды шындықпен байланысты кілт сөздердің болуы;
2. білім беру саласына (арнайы, жалпы, бастауыш, орта білім) қатысты күлт сөздердің болуы.

Зерттеу материалы үш тақырыптық блокты қамтитын отандық және шетелдік авторлардың жарияланымдарынан құралды:

1. зияты зақымдалған балаларда күнделікті өмір әрекетінің дағдыларын және әлеуметтік бейімделуді дамыту;
2. арнайы және инклюзивті білім беруде VR/AR/MR технологияларын қолдану;
3. иммерсивті оқытудың әсерлеріне арналған шолу және мета-аналитикалық зерттеулер.

Зерттеудің теориялық шеңбері Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, В.В. Лебединский еңбектеріне [1-3], сондай-ақ өмірлік құзыреттілік пен әлеуметтік бейімделуді қалыптастырудың заманауи тәсілдеріне (Е.А. Стребелева, Л.М. Шипицына, В.А. Виткаускайте, А.К. Рсалдинова) [4-7] сүйенеді. Технологиялық блокта S. Parsons, S.Cobb, J. Radianti және әріптестері, G. Makransky және әріптестері, сондай – ақ VR/AR технологияларын арнайы білім беру мен дағдыларды оқыту контексінде қарастыратын басқа да зерттеулер талданды [8-12].

Әдістері: теориялық талдау және синтез, салыстырмалы талдау, педагогикалық әсерлердің түрлері бойынша (уәждемелік, когнитивтік, мінез-құлықтық, әлеуметтік) нәтижелерді тақырыптық жүйелеу. Дерексөздер тақырыптық релеванттылық, рецензиялауы және әдіснамалық сипатталу критерийлері бойынша іріктелді. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі 2021-2025 жылдардағы дереккөздердің үлесі ≥30% деңгейінде қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелері: Әдебиеттерді жүйелеу зерттеулердің екі басым бағыттарын айқындады:

1. зияты зақымдалған балаларда әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар мен өмірлік құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық модельдері;
2. практикалық әрекеттер мен әлеуметтік мінез-құлықты оқытуда иммерсивті орталарды пайдаланудың технологиялық және әдістемелік негіздері.

1) Отандық зерттеулер: авторлар және негізгі идеялар

Отандық ғылыми дәстүрде әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар өмірлік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және өзін-өзі қызмет еті, тұрмыстық бағдарлану, әлеуметтік ережелерді түсіну мен әрекеттер тізбегін орындауды қамтиды. Е.А. Стребелеваның еңбектерінде әрекеттерді

қалыптастырудың кезеңділігі, демонстрацияға, үлгілерге және бақыланатын практикалық жаттығуларға сүйену, сондай-ақ дербестікті жоспарлы түрде кеңейту қажеттілігі атап көрсетіледі [4].

Л.М. Шипицына әлеуметтік бейімделуді білім беру және әлеуметтік ықпалдардың кешенді нәтижесі ретінде қарастырып, оны коммуникацияның, әлеуметтік өзара әрекеттің және мінез-құлықтың тұрақты формаларының дамуымен байланыстырады [5].

Д.А. Виткаускайтенің еңбектерінде әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар зияты зақымдалған білім алушыларда мақсатты педагогикалық қалыптастыру нысаны ретінде қарастырылады; автор өзін-өзі қызмет ету мен тұрмыстық бағдарлану әрекеттерін кезең-кезеңімен оқытудың тиімділігін негіздейді, бұл ретте көрнекілікке, алгоритмдерге және жүйелі қайталауға міндетті түрле сүйенуді атап көрсетеді, сондай-ақ дағдыларды меңгеру сапасының білім беру үдерісінің құрылымдық дәрежесіне тәуелді екенін көрсетеді [6].

А.К. Рсалдинованың еңбектерінде әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлануды қалыптастыру зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік бейімделуінің маңызды шарты екені дәлелденеді; автор педагогтер мен отбасының келісілген өзара әрекетінің, сондай-ақдағдылардың көшіруі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оларды табиғи өмірлік жағдаяттарда бекіту қажеттілігіне назар аударады [7].

А.Р. Лурия мен В.В. Лебединскийдің теориялық негіздерін ескере отырып, отандық зерттеулерде зияты зақымдалу жағдайында әрекетті реттеу мен дағдыны көшіруде тұрақты қиындықтардың байқалатыны атап өтіледі, сондықтан оқыту барысында құрылымдалған, қайталанбалы және дағдыны әртүрлі контекстерде бекітуге бағытталған болуы тиіс [2, б.75-80; 3, б. 112-118].

2) VR/AR/MR бойынша шетелдік зерттеулер: авторлар мен нәтижелер

Шетелдік жарияланымдар VR/AR технологияларын әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларға жақын дағдыларға оқыту құралы ретінде қарастырады: қауіпсіз мінез-құлық, бағдарлану, әлеуметтік өзара әрекет және тұрмыстық әрекеттерді орындау. S. Parsons пен S.Cobb виртуалды орталардың тиімділігі айқын педагогикалық мақсаттардың болуы, сценарийлердің қайталанбалылығы және нәтижелерді барабар бағалау жағдайында қамтамасыз етілетінін атап көрсетеді [8, б. 355-366]. J. Radianti және әріптестерінің шолуы иммерсивті VR-дың тұрақты білім беру әсерлері өзара әрекет дизайнының мұқият ойластырылуы және когнитивтік жүктемені басқару жағдайында көрінетінін көрсетеді [9, б. 2-29].

G. Makransky, G.B. Petersen жүргізген метаталдау VR әсерінің «қатысу сезімі» мен когнитивтік жүктеме арасындағы теңгерімге тәуелді екенін дәлелдейді: стимулдардың қанықтылығы оқуға тартылуды күшейтуі де, сценарий оңтайландырылмаған жағдайда артық жүктеме арқылы меңгеруді төмендетуі де мүмкін [10, б. 719-735; 11, б. 104].

Қосымша түрде мета-аналитикалық және шолу сипатындағы жұмыстар (мысалы, Z. Merchant және әріптестері; L. Jensen, F. Konradsen) педагогикалық дизайн дұрыс ұйымдастырылған жағдайда VR – нұсқаулардың тиімді болуы мүмкін екенін көрсетеді, алайда әсердің шамасы тапсырмалардың түріне, оқыту жағдайларына және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады [12, б. 29-40; 13, б. 1515-1529].

1 кесте – «Иммерсивті технологиялар» ұғымының анықтамалары

Ұғым	Анықтама	Автор, жыл
Иммерсивті технологиялар	Сенсорлық стимуляция, интерактивтілік және кеңістіктік қабылдау арқылы виртуалды немесе гибридті ортада пайдаланушыда тұрақты қатысу (presence) сезімін қалыптастыратын цифрлық технологиялар.	Mel Slater, 2022
Иммерсивті технологиялар	Бірнеше қабылдау арналарын синхронды түрде әсерлеу арқылы когнитивтік және перцептивтік иммерсияны қамтамасыз ететін интерактивті XR-жүйелер.	Steven M. LaValle, 2023
Иммерсивті технологиялар	Пайдаланушы тәжірибесінде цифрлық ортаны кеңістіктік және функционалдық тұрғыда шынайы ретінде қабылдауға бағытталған виртуалды, толықтырылған және аралас шындық технологияларының жиынтығы.	Mark Billinghurst, 2022
Иммерсивті технологиялар	Пайдаланушы цифрлық ортаға сенсорлық, когнитивтік және мінез-құлықтық деңгейлерде тартылатын, нәтижесінде қатысу әсері қалыптасатын адам – компьютер өзара әрекеттесу технологиялары.	Gabriella Raffaelli, 2024
Иммерсивті технологиялар	Физикалық және виртуалды әлемдер арасындағы үздіксіз өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін кеңістіктік есептеу (spatial computing) және XR қолданатын цифрлық орталар мен интерфейстер.	Jeremy N.Bailenson, 2023
Иммерсивті технологиялар	Цифрлық орталардың жоғары реалистігі, интерактивтілігі және бейімделгіштігі арқылы пайдаланушы тәжірибесін трансформациялайтын технологиялар.	Anna Freeman, 2025

2022-2025 жылдардағы ғылыми жарияланымдарда иммерсивті технологиялар термині негізінен XR – парадигмасы және human-centered computing (адамға бағдарланған есептеу) аясында түсіндіріледі. Негізгі тұжырымдамалар ретінде мыналар айқындалады: presence (қатысу сезімі), embodiment

(денелік қатысу), multisensory interaction (көпсенсорлы өзара әрекеттесу), spatial computing (кеңістікті есептеу).

3) Жинақталған педагогикалық әсерлер

Тақырыптық жүйелеу нәтижесінде әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларға жақын дағдыларды оқытуда иммерсивті технологияларды қолданудың қайталанытын педагогикалық әсерлері айқындалды:

- уәждемелік (мотивациялық) (оқуға деген белсенділіктің және тапсымаларды орындауға дайындықтың артуы);
- когнитивтік (әрекеттердің құрылымы мен бірізділігін тереңірек түсіну);
- мінез-құлықтық (жаттықтыру ортасында мінез-құлықтың тұрақты модельдерін пысықтау);
- әлеуметтік (әлеуметтік мәнді жағдаяттарда мазасыздықтың төмендеуі және өзіне деген сенімділіктің артуы).

2 кесте – Иммерсивті технологияларды қолданудың негізгі педагогикалық әсерлері

Әсер ету бағыты	Әсердің көрінісі
Уәждемелік (мотивациялық)	қызығушылық пен оқуға тартылудың артуы, ішкі уәждің қалыптасуы
Когнитивтік	әрекеттердің бірізділігін түсіну, күрделі ұғымдарды визуализация арқылы меңгеру, кеңістіктік және жүйелік ойлаудың дамуы
Мінез-құлықтық	қауіпсіз ортада мінез-құлық модельдерін пысықтау, қателіктер арқылы үйрену, практикалық дағдыларды машықтандыру
Әлеуметтік	мазасыздықтың төмендеуі, өзіне деген сенімділіктің артуы, бірлескен әрекет пен коммуникациялық дағдылардың дамуы

Талқылау. Шолу нәтижелерін интерпретациялау зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамытуда иммерсивті технологияларды қолданудың жарамдылығына қатысты бірнеше маңызды тұжырымды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, теориялық тәсілдер (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, В.В. Лебединский) әлеуметтік жанамаландырудың, әрекеттерді құрылымдаудың және мінез-құлықты реттеуді қолдаудың қажеттігін көрсетеді. Иммерсивті технологиялар ортаның басқарылуы мен көрнекілігі есебінен бұл шарттарды әлеуетті түрде күшейте алады, алайда педагогикалық дизайн мен жүйелі сүйемелдеусіз өздігінен нәтиже бермейді.

Екіншіден, шетелдік зерттеулерде VR/AR-дың білім беру әсері «ену» фактісінің өзінен емес, сценарий сапасымен, кері байланысты ұйымдастыру әдістемесімен және бағалау метрикаларының оқыту мақсаттарына сәйкестігімен айқындалатыны атап көрсетіледі. Осыған байланысты әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды дамытуға арналған VR/AR жобалау үдерісі мына компоненттерді қамтуы тиіс: нақты мінез-құлықтық мақсаттарды қою, кезеңділік, шектелген қоолдау (нұсқаулар), күрделілік деңгейін бейімдеу және дағдының көшіруін міндетті түрде тексеру.

Үшіншіден, отандық тәсілдерде (Е.А. Стребелева, Л.М. Шипицына, Д.А. Виткаускайте, А.К. Рсалдинова) нақты заттық тұрмыстық практиканың және әрекет арқылы өмірлік құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығы баса көрсетіледі. Осыған байланысты ең негізделген нұсқа ретінде гибридті модель қарастырылады: иммерсивті ортада «қауіпсіз жаттықтырушы» ретінде бастапқы жаттықтыру және кейін әрекеттерді нақты өмірлік контексте пысықтау. Мұндай модель дағдыны көшіру ықтималдығын арттыруы мүмкін.

Төртіншіден, енгізу барысында ескерілуі тиіс зерттеулер анықталды: сенсорлық артық жүктеме қаупі, бейімделген әдістемелердің тапшылығы, нәтижелердің педагог біліктілігіне жоғары тәуелділігі, сондай-ақ ұйымдастырушылық және ресурстық тосқауылдар. Бұл факторлар иммерсивті бағдарламаларды жобалау мен енгізуде пәнаралық кооперацияның (педагог, арнайы педагог, IT-маман) қажеттігін айқындайды.

Виртуалды шындық технологиялары мен иммерсивті технологиялар өздерінің бірегей технологиялық сипаттамаларының арқасында, оларды басқа ақпараттық технологиялар қолданбаларынан айқын ажырататын мүмкіндіктермен, білім беру саласында қуатты әрі болашағы зор құралға айналды. Бірқатар көзқарастар үйреншікті ілімнің түбегейлі өзгеруін, оқыту үдерісіне ықпал ететін алдағы революцияны болжайды. Осы тұрғыда педагогикалық технологияларды трансформациялау, иммерсивті тәсілге – түбегейлі жаңа жағдайларда жүзеге асатын прогрессивті әдістер жиынтығына – шешуші рөл берілетін перспективалы кіріктірілген оқыту жүйелерін құру аса маңызды міндет ретінде айқындалады.

Сонымен қатар педагогтердің басым бөлігінің жаңа әдістер мен технологияларды, соның ішінде инновациялық тәсілдер қатарына жатқызуға болатын иммерсивті тәсілді практикалық тұрғыда әске асыруға даяр еместігі фактісін атап өту қажет. Бұл жағдай болашақта еңбек қызметі мүлде өзгеше жағдайларда жүзеге асырылатын білім беру саласы кадрларын даярлаудың жаға стратегияларын қалыптастырудың өткір қажеттігін көрсетеді.

Білім беру үдерісінің «цифрлық» форматқа көшуінің жаһандық үрдістері елімізде әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген виртуалды жүйелердің заманауи құралдар жинытығын ұсына отырып, өзге ережелерді алға тартады. Әрине, білім беруде иммерсивті тәсілдің толық үстемдігі орнайды деп күту-

ге болмайды, алайда жаңа «жасанды» әлеммен тығыз өзара әрекеттесудің болашағы жақын жылдарда жүзеге асуы ықтимал перспектива ретінде көрініс тауып, икемді ақпараттық-иммерсивті орталардың дамуын ынталандырады.

Қорытынды. Зерттеулерге жасалған шолу зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамыту арнайы педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі болып қала беретінін және оның білім алушылардың өмір сапасы мен әлеуметтік бейімделуімен тікелей байланысты екенін көрсетті. Теориялық негіздер (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, В.В. Лебединский, Е.А. Стребелева, Л.М. Шипицына, Д.А. Виткаускайте, А.К. Рсалдинова) өмірлік дағдыларды қалыптастыруда құрылымдалған оқытудың, жүйелі бекітудің және педагогикалық сүйемелдеудің қажеттігін растайды.

Отандық және шетелдік жарияланымдарды жүйелеу иммерсивті технологиялардың (VR/AR/MR) әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларға жақын дағдыларды оқытуда айқын педагогикалық әлеуетке ие екенін тұжырымдауға мүмкіндік береді: олар оқуға деген белсенділігін арттырады, әрекеттердің бірізділігін түсінуді қолдайды және сценарийлердің дұрыс жобалануы мен когнитивтік жүктемені басқару жағдайында өмірлік жағдаяттарды қауіпсіз модельдеуді қамтамасыз етеді.

Практикалық тұрғыдан ең перспективтісі – иммерсивті ортада әрекеттерді жаттықтыруды және оларды нақты тұрмыстық практикада кейіннен бекітуді көздейтін гибридті енгізу моделі, бұл өмірлік құзыреттілікті қалыптастырудың отандық тәсілдерімен үйлеседі. Жүргізілген талдау виртуалдандырылған орталарда оқыту тұрақты оң білім беру әсерін қамтамасыз ететінін көрсетуге мүмкіндік береді. Иммерсивті технологиялар интерактивті оқыту үшін жағдай жасайды, теориялық білім мен практикалық тәжірибе аясындағы алшақтықты еңсеруге ықпал етеді, сондай-ақ білім берудің қолжетімділігін кеңейтеді.

Алдағы зерттеулердің перспективалары зияты зақымдалған балаларға арналған бейімделген VR/AR/MR сценарийлерін әзірлеумен, дағдыны көшіруді бағалау критерийлерін анықтаумен, педагогтерді даярлау бағдарламаларын жасаумен және білім беру ұйымдарында иммерсивті құралдарды қауіпсіз қолдану хаттамаларын қалыптастырумен байланысты.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Выготский Л.С. История развития высших психических функций** [Текст] / Л.С. Выготский. – Москва: Издательство «Юрайт», 2025. – 336 с.

2 **Лурия А.Р. Основы нейропсихологии** [Текст]: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / А.Р. Лурия. – 7-е изд., стер. – Москва: Академия, 2009. – 384 с.

3 **Лебединский В.В. Нарушения психического развития в детском возрасте** [Текст]: учеб. пособие для студ. вузов, обучающихся по напр. и спец. психологии / В.В. Лебединский. – 4-е изд., стер. – М.: AcademiA, 2007. – 142 с.

4 **Стребелева Е.А. Воспитание и обучение детей дошкольного возраста с нарушением интеллекта** [Текст] / Е.А. Стребелева. – Москва: Парадигма, 2012. – 225 с.

5 **Шипицына Л.М. и др. Психология детей с нарушениями интеллектуального развития** [Текст] / Л.М. Шипицына, В.М. Сорокин, Д.Н. Исаев и др.; под ред. Л. М. Шипицыной. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 224 с.

6 **Виткаускайте Д.А. Формирование социально-бытовых знаний и умений у умственно отсталых детей-сирот во внеурочное время (младший школьный возраст**) [Текст]: дис. ...канд. пед. наук: 13.00.03 / Д.А. Виткаускайте. – М., 1992. – 136 с.

7 **Рсалдинова А.К. Формирование у умственно отсталых старшеклассников умений работать по стандартным инструкциям (на материале занятий по социально-бытовой ориентировке)** [Текст]: автореф. дис. ...канд. пед. наук: 13.00.03 / А.К. Рсалдинова. – М., 1993. – 17 с.

8 **Parsons S., Cobb S. State-of-the-art of virtual reality technologies for children on the autism spectrum** [Text] / S. Parsons, S. Cobb // European Journal of Special Needs Education. – 2011. – Vol. 26(3). – 355-366 pp. https://doi.org/10.1080/08856257.2011.593831.

9 **Radianti J., Majchrzak T.A., Fromm J., Wohlgenannt I. A systematic review of immersive virtual reality applications for higher education: Design elements, lessons learned, and research agenda** [Text] / J. Radianti, T.A. Majchrzak, J. Fromm, I. Wohlgenannt // Computers and Education. – 2020. – Vol. 147. – 2-29 pp. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103778.

10 **Makransky G., Andreasen N.K., Baceviciute S., Mayer R.E. Immersive virtual reality increases liking but not learning with a science simulation and generative learning strategies promote learning in immersive virtual reality** [Text] / G. Makransky, N.K. Andreasen, S. Baceviciute, R.E. Mayer // Journal of Educational Psychology. – 2020. – Vol. 113(4). – 719-735 pp. https://doi.org/10.1037/edu0000473.

11 **Petersen G.B., Petkakis G., Makransky G. A study of how immersion and interactivity drive VR learning** [Text] / G.B. Petersen, G. Petkakis, G. Makransky // Computers & Education. – 2022. – Vol. 179. – Art.104429. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104429.

12 **Merchant Z. et al. Effectiveness of virtual reality-based instruction on students' learning outcomes in K-12 and higher education: A meta-analysis** [Text] / Z. Merchant et al. // Computers & Education. – 2014. – Vol. 70. – 29-40 pp. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2013.07.033.

13 **Jensen L., Konradsen F. A review of the use of virtual reality head-mounted displays in education and training** [Text] / L. Jensen, F.J.E. Konradsen // Education and Information Technologies. – 2018. – Vol. 23. – 1515-1529 pp. https://doi.org/10.1007/s10639-017-9676-0.

14 **Slater M., Sanchez-Vives M. Enhancing our lives with immersive virtual reality** [Text] / M. Slater, M. Sanchez-Vives // Frontiers in Robotics and AI. – 2016. – Vol. 3. https://doi.org/10.3389/frobt.2016. 00074.

15 **Poggianti C., Chessa S., Pelagatti S., Kocian A. Immersive Technologies for Inclusive Digital Education: A Systematic Survey** [Text] / C. Poggianti, S. Chessa, S. Pelagatti, A. Kocian // Human Behavior and Emerging Technologies. – 2025. – 38 p. https://doi.org/10.1155/hbe2/8888303.

16 **Yang X. et al. Effectiveness of virtual reality technology interventions in improving the social skills of children and adolescents with autism: systematic review** [Text] / X. Yang et al. // Journal of Medical Internet Research. – 2025. – Vol. 27. – e60845. https://doi.org/10.2196/60845.

17 **Fernández-Batanero J.M., Montenegro-Rueda M., Fernández-Cerero J. Use of augmented reality for students with educational needs: a systematic review (2016-2021)** [Text] / J.M. Fernández-Batanero, M. Montenegro-Rueda, J. Fernández-Cerero // Societies. – 2022. – Vol. 12(2). https://doi.org/10.3390/soc12020036.

REFERENCES:

1 **Vygotskij L.S. Istoriya razvitiya vy'sshih psihicheskih funkcij** [History of the development of higher mental functions]. Moscow, Yurajt, 2025, 336 p. (In Russian)

2 **Luriya A.R. Osnovy' nejropsihologii** [Fundamentals of neuropsychology]. Moscow, Akademiya, 2009, 384 p. (In Russian)

3 **Lebedinskij V.V. Narusheniya psihicheskogo razvitiya v detskom vozraste** [Mental development disorders in childhood]. Moscow, AcademiA, 2007, 142 p. (In Russian)

4 **Strebeleva E.A. Vospitanie i obuchenie detej doshkol'nogo vozrasta s narusheniem intellekta** [Education and training of preschool children with intellectual disabilities]. Moscow, Paradigma, 2012, 225 p. (In Russian)

5 **Shipicyna L.M., et al. Psihologiya detej s narusheniyami intellektual'nogo razvitiya** [Psychology of children with intellectual disabilities]. Moscow, Akademiya, 2014, 224 p. (In Russian)

6 **Vitkauskajte D.A. Formirovanie social'no-by'tovy'h znanij i umenij u umstvenno otstaly'h detej-sirot vo vneurochnoe vremya (mladshij shkol'ny'j vozrast)** [Formation of social and everyday life knowledge and skills in mentally retarded orphaned children during extracurricular activities (primary school age)]. PhD thesis (Pedagogical Sc.), 13.00.03, Moscow, 1992, 136 p. (In Russian)

7 **Rsaldinova A.K. Formirovanie u umstvenno otstaly'h starsheklassnikov umenij rabotat' po standartny'm instrukciyam (na materiale zanyatij po social'no-by'tovoj orientirovke)** [Formation of skills in mentally retarded senior school students to work according to standard instructions (based on social and everyday life orientation classes)]. Abstract of PhD thesis (Pedagogical Sc.), 13.00.03, Moscow, 1993, 17 p. (In Russian)

8 **Parsons S., Cobb S. State-of-the-art of virtual reality technologies for children on the autism spectrum.** *European Journal of Special Needs Education*, 2011, vol. 26(3), pp. 355-366. https://doi.org/10.1080/08856257.2011.593831.

9 **Radianti J., Majchrzak T.A., Fromm J., Wohlgenannt I. A systematic review of immersive virtual reality applications for higher education: Design elements, lessons learned, and research agenda.** *Computers and Education*, 2020, vol. 147, pp. 2-29. https://doi.org/10.1016/j.compedu. 2019.103778.

10 **Makransky G., Andreasen N.K., Baceviciute S., Mayer R.E. Immersive virtual reality increases liking but not learning with a science simulation and generative learning strategies promote learning in immersive virtual reality.** *Journal of Educational Psychology*, 2020, vol. 113(4), pp. 719-735. https://doi.org/10.1037/edu0000473.

11 **Petersen G.B., Petkakis G., Makransky G. A study of how immersion and interactivity drive VR learning.** *Computers & Education*, 2022, vol. 179, art. 104429. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021. 104429.

12 **Merchant Z. et al. Effectiveness of virtual reality-based instruction on students' learning outcomes in K-12 and higher education: A meta-analysis.** *Computers & Education*, 2014, vol. 70, pp. 29-40. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2013.07.033.

13 **Jensen L., Konradsen F. A review of the use of virtual reality head-mounted displays in education and training.** *Education and Information Technologies*, 2018, vol. 23, pp. 1515-1529. https://doi.org/10.1007/s10639-017-9676-0.

14 **Slater M., Sanchez-Vives M. Enhancing our lives with immersive virtual reality.** *Frontiers in Robotics and AI*, 2016, vol. 3. https://doi.org/10.3389/frobt.2016.00074.

15 **Poggianti C., Chessa S., Pelagatti S., Kocian A. Immersive Technologies for Inclusive Digital Education: A Systematic Survey.** *Human Behavior and Emerging Technologies*, 2025, 38 p. https://doi.org/10.1155/hbe2/8888303.

16 **Yang X. et al. Effectiveness of virtual reality technology interventions in improving the social skills of children and adolescents with autism: systematic review.** *Journal of Medical Internet Research*, 2025, vol. 27, art. e60845. https://doi.org/10.2196/60845.

17 **Fernández-Batanero J.M., Montenegro-Rueda M., Fernández-Cerero J. Use of augmented reality for students with educational needs: a systematic review (2016-2021).** *Societies*, 2022, vol. 12(2). https://doi.org/10.3390/soc12020036.

Жіберілген күні: 25 мамыр 2026 ж. **Қабылданған күні:** 26 маусым 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәліметтер:

Бегежанова Райхан Карымжановна – 8D01901 Арнайы педагогика ББББ докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Төле би көш. 31; тел.: +77054518812; e-mail: raikhan_begezhanova@mail.ru.*

Жиенбаева Надежда Бисеновна – психология ғылымдарының докторы, профессор зерттеуші, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Төле би көш. 31; тел.: +77054518812; e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Бегежанова Райхан Карымжановна – докторант образовательной программы 8D01901 –Специальная педагогика, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, ул. Толе би 31, тел.: +77054518812, e-mail: raikhan_begezhanova@mail.ru.*

Жиенбаева Надежда Бисеновна – доктор психологических наук, профессор-исследователь, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, ул. Толе би 31, тел.: +7 7054518812, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

*Begezhanova Raikhan Karymzhanovna * – PhD student, "8D01901 – Special Pedagogy" educational program, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 31 Tole Bi Str., tel.: +7 705 451 88 12; e-mail: raikhan_begezhanova@mail.ru.*

Zhiyenbayeva Nadezhda Bissenovna – Doctor of Psychological Sciences, Research Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 31 Tole Bi Str., tel.: +7 7054518812; e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

ХҒТАР 17.82.94
ӘОЖ 82.0:378.147
https://doi.org/10.52269/SEPT2632047

ЖОО-ДА МЕМУАРЛЫҚ РОМАНДАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ: ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТ

Галымжанова З.Т. – PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.*

Байтанасова Қ.М. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада жоғары оқу орнында мемуарлық романдарды оқыту арқылы студент тұлғасын дамыту мүмкіндіктері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі білім беру жүйесіндегі тұлғаға бағдарланған парадигмамен, ұлттық тарихи сананы қалыптастыру және студенттің рефлексивтік ойлауын дамыту қажеттілігімен айқындалады. Мемуарлық прозаның жанрлық ерекшеліктері, оның өзге әдеби формалардан айырмашылығы деректілік пен көркемдіктің синтезі, авторлық «меннің» нарративтік құрылымға айналуы және өткен тәжірибенің қазіргі сана тұрғысынан қайта пайымдалуы негізінде сипатталады. Мақалада қазақ әдебиетіндегі классикалық мемуарлық романдарды оқыту арқылы студенттің патриоттық сезімі, адамгершілік құндылықтары, психологиялық тұрақтылығы мен өзін-өзі тану қабілетін қалыптастырудың әдістемелік жолдары талданады. Зерттеу барысында мәтіндік-талдамалық, нарратологиялық, биографиялық және әдістемелік модельдеу әдістері қолданылып, олардың оқу үдерісіндегі нақты қызметі көрсетіледі. Сонымен қатар, мемуарлық прозаны оқыту мазмұнында қарастырылатын негізгі тақырыптар мен мәселелер жүйеленіп, практикалық сабақ үлгілері мен тапсырмалар арқылы студенттің сыни ойлау, интерпретациялау және рефлексия жасау дағдыларын дамыту жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде мемуарлық романдарды оқыту тұлғаның когнитивтік, эмоционалдық және құндылық дамуын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық құрал екендігі дәлелденеді. Мемуарлық романдар студенттің жеке тәжірибесін мағыналандыруға, тарихи санасын қалыптастыруға және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда мемуарлық прозаны оқыту қазіргі әдеби білім беру жүйесінде тұлға қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: *мемуарлық роман, тұлға дамуы, тарихи сана, әдеби білім беру, оқыту әдістемесі, құндылық бағдар, шығармашылық ойлау.*

ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ ПРЕПОДАВАНИЕ МЕМУАРНЫХ РОМАНОВ В ВУЗЕ: МЕТОДИКО-ПРАКТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Галымжанова З.Т. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.*

Байтанасова К.М. – кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

В статье комплексно рассматриваются возможности развития личности студента в процессе изучения мемуарных романов в высших учебных заведениях. Актуальность исследования обусловлена современными тенденциями личностно-ориентированного образования, необходимостью формирования исторического сознания и развития рефлексивного мышления обучающихся. Жанровые особенности мемуарной прозы раскрываются через синтез документальности и художественности, трансформацию авторского «я» в нарративную конструкцию, а также переосмысление прошлого опыта с позиции настоящего. В работе анализируются методические подходы к формированию патриотических чувств, нравственных ценностей, психологической устойчивости и способности к самопознанию студентов на основе изучения классических мемуарных произведений казахской литературы. В исследовании использованы текстуально-аналитический, нарратологический, биографический методы, а также метод педагогического моделирования, что позволило определить их функциональную роль в образовательном процессе. Кроме того, систематизированы ключевые тематические направления содержания обучения мемуарной прозе, предложены практические задания и формы работы, направленные на развитие критического мышления, интерпретации и рефлексии обучающихся. В результате исследования доказано, что изучение мемуарных романов выступает эффективным педагогическим инструментом, обеспечивающим когнитивное, эмоциональное и ценностное развитие личности. Мемуарные романы способствуют осмыслению личного опыта, формированию исторического сознания и развитию социальной ответственности студентов. В этом контексте преподавание мемуарной прозы рассматривается как одно из приоритетных направлений современной системы литературного образования.

Ключевые слова: *мемуарный роман, развитие личности, историческое сознание, литературное образование, методика обучения, ценностные ориентиры, творческое мышление.*

OPPORTUNITIES FOR PERSONAL DEVELOPMENT THROUGH TEACHING MEMOIR NOVELS IN HIGHER EDUCATION: METHODOLOGICAL AND PRACTICAL ASPECTS

Galymzhanova Z.T. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.*

Baitanassova K.M. – Candidate of Philological Sciences, Professor. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

This article comprehensively examines the possibilities of developing students' personalities through the study of memoir novels in higher education institutions. The relevance of the research is determined by the contemporary paradigm of learner-centered education, the need to form historical consciousness, and to develop students' reflective thinking. The genre-specific features of memoir prose are revealed through the synthesis of factuality and fictionality, the transformation of the authorial "self" into a narrative construct, and the reinterpretation of past experience from the perspective of the present. The paper analyzes methodological approaches to fostering students' patriotism, moral values, psychological resilience, and self-awareness based on the study of classical memoir works in Kazakh literature. The study employs textual-analytical, narratological, and biographical methods, as well as pedagogical modeling, which allows identifying their functional role in the educational process. In addition, the key thematic components of teaching memoir prose are systematized, and practical tasks and instructional strategies aimed at developing critical thinking, interpretation, and reflection are proposed. The findings demonstrate that teaching memoir novels serves as an effective pedagogical tool that promotes students' cognitive, emotional, and value-based development. Memoir novels contribute to the reinterpretation of personal experience, the formation of historical consciousness, and the enhancement of social responsibility. In this regard, teaching memoir prose is considered one of the priority directions in modern literary education.

Keywords: *memoir novel, personality development, historical consciousness, literary education, teaching methodology, value orientations, creative thinking*

Кіріспе. Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде тұлғаға бағытталған оқыту парадигмасы жетекші рөл атқарады. Үрдістегі әдеби білім берудің мақсаты тек мәтінді меңгерту емес, студенттің дүниетанымын, құндылық бағдарын, тарихи санасын қалыптастыруды көздейді. Жалпы көркем мәтінді түсінудің негізгі шарттарының бірі – баяндау құрылымын айқындау. Әдеби шығармада оқиға тек мазмұн ретінде ғана емес, белігілі бір баяндаушы арқылы жеткізілетін жүйе түрінде көрінеді. Сондықтан «кім баяндайды?» деген сұрақ әдеби талдаудың маңызды мәселесі екені айқын. Осы тұрғыда прозалық туындылардың ішінде мемуарлық романдарды ерекше қарастыруға болады.

Мемуарлық проза тарихи – әдеби құжат қызметімен қатар, белгілі бір жанрлық қағидаларға негізделген, поэтикалық ұйымдасуы мен баяндау тәсілдерінің типологиясы айқындалған көркем шығарма болып табылады. Оның жанрлық белгілері әдебиеттің даму үдерісінде қалыптасып, тарихи жағдайлар мен әдеби эволюцияның, сондай-ақ авторлық даралықтың ерекшеліктеріне қарамастан, өзінің негізгі параметрлерін тұрақты түрде сақтап келеді.

Мемуарлық романдардың әдебиеттегі орны мен оқырман санасына әсері өзгеше, маңыздылығы – автордың субъективті тәжірибесі арқылы тарихи шындықты қайта пайымдау мүмкіндігі. Оқырман мемуарлық романдарды оқу барысында өз санасын бұрынғы идеологиялық догмалардан тазартып, жаңа түсініктерді қабылдауға талпынады. Сонымен қатар, мемуарлық романдардың эмоционалдық және интеллектуалдық әсері ерекше байқалады. Студенттер әдебиетті оқи отырып, белгілі бір даму кезеңіндегі әдеби процестің ерекшеліктерімен танысады. Осыған байланысты жазушының өмірбаянына қатысты мәліметтер үлкен маңызға ие болады, өйткені олар кең тарихи-мәдени контекст аясында қарастырылады. Жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында сөз қозғағанда мемуарлық әдебиет, хаттар және замандастарының естеліктері ерекше орын алады. Мемуарлық әдебиетпен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс оқытушыға студенттердің дүниетанымын едәуір кеңейтуге, олардың көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемуар – жазушы болмысының бір бөлшегі, авторды толғандырған ойлар мен идеялар, мәселелер ғана емес, сонымен қатар көркем мәтінді түсінудің кілті. Мемуарлардың көмегімен қызығушылық тудырған шығарманы неғұрлым толық талдауға болады, бұл жазушының шығармалары мен оның өмірі арасындағы өзара байланысты тереңірек анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл талданып отырған шығарманың мәнін ұғынудың маңызды элементі болып табылады және мәтінді тереңірек қабылдауға ықпал етеді.

Мемуарлар мен естеліктерді оқу арқылы жазушылардың өмірі мен қызметін шынайы дәлдікпен қайта құруға болады. Олар кейінгі ұрпақ үлгі тұтып, мақтаныш ететін тұлғалар ретінде танылады. ЖОО-да мемуарлық-автобиографиялық материалдарды оқу өзектілікке ие. Көркем шығармаларды оқу және талдау, бағдарламаға енген туындыларды түсіну үшін қажетті деректермен танысу, сондай-ақ сөз шеберлерінің өмірбаяндық мәліметтерін білу әдеби білім берудің негізі болып табылады.

Мемуарлық романның жанрлық табиғатын айқындайтын маңызды ерекшеліктердің бірі – оның тәрбиелік және тағылымдық әлеуетінің жоғары болуы. Бұл шығармаларда бас кейіпкер мен оның әлеуметтік ортасының өмірлік тәжірибесі, күрес жолында қалыптасқан адамгершілік қасиеттері, мінез ерекшеліктері, рухани болмысы ғана емес, олардың әлсіз тұстары мен қателіктері де шынайы бейнеленеді. Осындай өмірлік тәжірибенің көркемдік тұрғыдан жинақталуы оқырманға ой салып, тұлғалық дамуға ықпал ететін өнегелік мазмұн қалыптастырады. Сондықтан тәрбиелік қызмет мемуарлық романның көркемдік деңгейіне тәуелсіз, оның жанрлық табиғатына тән әлеуметтік-функционалдық белгі ретінде танылады. Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық романдардың оқырман тарапынан кең қызығушылыққа ие болуы да олардың өмір шындығына негізделген тағылымдық мазмұнымен сабақтас. Авторлардың жастың шағында бастан өткерген оқиғалары, жетістіктері мен өмірлік жаңсақтықтары жеке тәжірибені жинақталған өмірлік сабаққа айналдырып, оқырманның дүниетанымы мен адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу мақсаты: Мақала жоғары оқу орындарында мемуарлық романдарды оқыту негізінде студент тұлғасын дамытудың әлеуетін анықтаудың, күнделікті үрдісте аталған мәселені тиімді жүзеге асырудың әдістемелік және практикалық тетіктерін айқындауды көздейді.

Зерттеу міндеттері:

1. Мемуарлық романның жанрлық-нарративтік ерекшеліктерін айқындау;
2. Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық шығармалардың тұлғалық әлеуетін анықтау;
3. Оларды ЖОО-да оқыту барысында қолданылатын тиімді әдістер мен технологияларды ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Мәтіндік-талдамалық әдіс – мемуарлық шығармалардағы авторлық «мен», баяндау формалары мен эмоциялық бағалауды анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс студенттердің мәтінді терең түсіну дағдысын қалыптастыруға негіз болады.

Нарратологиялық талдау – баяндаушы типін, уақыт құрылымын, фокализацияны айқындауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы студенттер «автор – нарратор – кейіпкер» арақатынасын ажыратуды үйренеді.

Биографиялық әдіс – автор өмірі мен мәтін арасындағы байланысты көрсету үшін қолданылды. Бұл тәсіл студенттің тарихи тұлғаны тұтас қабылдауына мүмкіндік береді.

Әдістемелік модельдеу – оқу процесінде қолданылатын тапсырмалар мен технологияларды құрастыру үшін пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау. Мемуарлық романдарды оқыту – тек әдеби білім беру емес, тұлғаның өзін-өзі тану үдерісін ұйымдастыру болып табылады. Мемуаршы өткенді тек мұқият қалпына келтіріп қана қоймайды, сонымен бірге оны қайта жасап, өзіндік «өткенін» тудырады, оны «екінші шындық» ретінде бейнелейді. Мұндай жағдайда мемуарларды оқу барысында оқырманның тарихи құзыреттілігі, мәдени және өмірбаяндық танысуы ғана емес, сонымен қатар мәтінді қабылдаудың психологиялық, ассоциативтік, эмоциялық қырлары да маңызды рөл атқарады. Кейбір тұстарда студенттің генетикалық жады, жазушы қайта жандандырған көріністерді көзбен елестету қабілеті, баяндаудың ырғақтық әуезін сезінуі, сөздің музыкалық өрнегін ұғына білуі айрықша мәнге ие болады. Осылайша, мемуарлық мәтін студенттен ерекше зейінді, терең ойлы оқуды және жан-жақты қабылдауды талап етеді. Ол тарихи, мәдениеттану, философия және әдебиеттануға деген даярлықпен тығыз байланысты. Мұның бәрі мемуарларды көпқабатты, күрделі әдеби құбылыс ретінде сипаттайды; олардың көпқырлылығы, мағыналық және композициялық синкреттілігі бір жақты бағалауға да, бір мәнді қабылдауға да мүмкіндік бермейді.

Мемуарлық шығарманың құндылығы – автордың оқиғаларға тікелей қатысушы ретінде баға беруі мен көркемдік әдістерді ұштастыра білуінде. Орыс әдебиеттанушысы Л. Гинзбург мемуарлық әдебиеттің ерекшеліктерін зерттей отырып, оның оқырманға әсерін атап өтеді. Ол мемуарлық шығармалардың субъективтілігі мен автордың жеке тәжірибесі арқылы тарихи шындықты қабылдаудың маңыздылығын көрсетеді. Л.Гинзбургтың пікірінше, мемуарлар оқырманға өткен оқиғаларды жеке көзқарас тұрғысынан түсінуге мүмкіндік береді, бұл олардың тарихи танымын байытады [1].

Көркем мәтіндегі баяндау немесе нарратив шығарманың композициялық құрылымын ұйымдастырып, сюжеттік дамудың жүзеге асу тетігін айқындайды. Осыған байланысты қазіргі нарратологиялық зерттеулерде «автор», «нарратор», «әңгімелеуші» және «кейіпкер» ұғымдары өзара сабақтастықта қарастырылып, олардың қызметі көркем мәтіннің ішкі құрылымы аясында анықталады. Шығармадағы баяндауды жүзеге асыратын негізгі субъект – нарратор. Ол оқиғаларды баяндаушы тұлға, яғни, мәтіннің баяндау стратегиясын қалыптастырады. Нарратор әрдайым нақты автормен сәйкес келе бермейді, бірақ жекелеген жанрларда, әсіресе мемуарлық шығармаларда, автор мен нарратор тұлғасы бір арнада тоғысуы мүмкін. Сондықтан нарратор ұғымы нарратологияның негізгі категорияларының бірі ретінде қарастырылады.

Нарратив – белгілі бір оқиғаларды уақыттық және себеп-салдарлық байланыс негізінде жүйелі түрде баяндайтын мәтіндік құрылым. Нарративтік сипат әртүрлі жанрларда көрініс табады: көркем проза, фольклорлық мұралар, күнделіктер, хаттар, жылнамалар, естеліктер және оқиғалы тұрмыстық әңгімелер. Осылардың ішінде нарративтің ең күрделі әрі көркемдік тұрғыдан кемел үлгісі – әдеби нарратив, бұл автор тарапынан көркемдік мақсатпен ұйымдастырылып, кейіпкерлер мен олардың өміріндегі оқиғаларды белгілі бір баяндау жүйесі арқылы ұсынатын мәтін болып табылады.

Мемуарлық романның жанрлық табиғатында нарративтік құрылым айырықша маңызға ие. Өйткені мұндай шығармаларда баяндаушы қызметін көбіне автордың өзі атқарып, өмірлік тәжірибесін тарихи және қоғамдық оқиғалармен сабақтастыра баяндайды. Осы ерекшелік мемуарлық романда деректілік пен көркемдіктің, жеке жады мен тарихи жадтың, авторлық рефлексия мен оқиғалық баяндаудың табиғи бірлігін қалыптастырады. Сол себепті мемуарлық романның нарративтік жүйесін талдау автор тұлғасының баяндаудағы қызметін, баяндау стратегиясын және шығарманың жанрлық ерекшелігін айқындаудың маңызды ғылыми негіздерінің бірі болып саналады.

Нарратология ғылымының жетекші өкілдерінің бірі, неміс әдебиеттанушысы Вольф Шмидтің пікірінше, автор мен нарратордың арақатынасы былайша сипатталады: автор – тарихи тұлға, ал нарратор – мәтін ішіндегі баяндаушы [2, 25 б.]. Ал Жерар Женетт теориясы бойынша, баяндау тәсілі мен фокализация мемуардағы субъективтілікті ұйымдастыратын негізгі құрал болып табылады [3]. Бұл ерекшелік студентке мәтіндегі «мен» ұғымын талдауға, яғни сыни ойлау мен нарративтік сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында мемуарлық романдарды оқыту негізінде тұлғаны дамыту мүмкіндіктерін жан-жақты талдау бұл үдерістің кездейсоқ емес, өзара тығыз байланысқан бірнеше педагогикалық әрі психологиялық механизмдер арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Атап айтқанда, студенттің тарихи санасын қалыптастыру, жеке тәжірибені түсіну, эмпатия мен сыни ойлауды дамыту сияқты бағыттар осы үдерістің негізгі тірегіне айналады.

Бұл механизмдердің тиімділігі тек теориялық тұжырымдармен шектелмей, нақты оқу мазмұны, мәтіндік талдау, интерпретация және практикалық тапсырмалар арқылы айқын дәлелденеді. Яғни, мемуарлық шығармаларды жүйелі оқыту студенттің тек білімін арттырып қана қоймай, оның тұлғалық қалыптасуына тікелей ықпал ететін кешенді білім беру құралы ретінде көрінеді.

Мемуарлық прозаны оқыту мазмұнында ең алдымен жанр табиғатын түсіндіру мәселесі қарастырылады. Бұл деңгейде студент мемуарды жай өмірбаяндық баяндау емес, күрделі нарративтік құрылым ретінде қабылдауға үйренеді. Мұнда автор, нарратор және кейіпкер арақатынасы, уақыттың ретроспективті ұйымдасуы, субъективті баяндау ерекшеліктері талданады. Осындай теориялық түсініктер студенттің мәтінді «оқып шығу» деңгейінен «түсіну және талдау» деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді.

Келесі маңызды кезең – нақты мемуарлық романдарды талдау арқылы тұлғалық мазмұнды ашу. Қазақ әдебиетіндегі С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасын оқыту барысында студент тарихи оқиғаларды автордың жеке тәжірибесі арқылы қабылдайды. Бұл жерде мәтін тек дерек көзі емес, тарихи сананы қалыптастыру құралына айналады. Шығармадағы нарративтік құрылым хронологиялық принципке негізделгендіктен, оқиғалар табиғи уақыт ағымымен өрбиді. Мұндай баяндау стратегиясы мемуарлық романның деректілік сипатын күшейтіп, баяндаушының сенімділігіне негіз қалайды. Авторлық баяндау поэтикалық өрнекпен, ұлттық мәдени кодтарды танытатын тілдік бейнелеу құралдарымен астасып, шығарманың эстетикалық әсерін арттырады. Ал табиғат көріністері нарративтің эмоционалдық кеңістігін қалыптастырып, баяндаушының ішкі рефлексиясын, психологиялық ахуалын және оқиғаларға деген авторлық көзқарасын танытатын семантикалық компонент қызметін атқарады. Мысалы, төмендегі үзіндіде саяси оқиға мен табиғаттың үндестігі көрінеді:«Жаздың толықсыған кезін түрмеде өткізіп отырмыз...Түрме жұрттың бәріне де оңай емес. Лас, тар, сасық қапас кімге жеңіл тиеді? Әсіресе, жаз күні...Қапас әсіресе жаз күні, өте-мөте қазаққа оңай тимейді. Жаратылыстың құшағында өскен қазақ баласына шынжырлы тар қапас дозақтан да қиын... Терезеде отырып, көк белес, көк ала белес, көк далаға қараймын. Жаздың жұмсақ желі терезенің ашық көзінен кіріп, жібектей болып бетті шарпиды. Жібек желге төсімді ашамын. Барлық денемді тосамын, Күйіп-жанған денеге жібек желдің жұмсақ демі шипа тәрізді тиеді» [4, 318]. Бұл жерде табиғат суреттелуі арқылы саяси оқиғаның мағынасы күшейтіліп, авторлық баға берілген. Сонымен қатар, көркемдік бейнелеу құралдары арқылы күрес жолындағы ауыртпашылықтарды былайша жеткізеді: «...Қаңтар айының басы. Қыстың қалшылдап тұрған уақыты. Күн шаңытып, қызыл-жасыл болып, құлақтанып, шатынап, жасыл ұшқын шашады. Жел қарсы алдымыздан. Шытырлаған шұнақ аяз бет қаратпайды. Қарсы алдымыздан жаланданған жел дем алғызбайды. Тура қаратқызбайды. Тіфу дегенде түкірік жерге түспейді. Жерге түссе мұз болып қатып түседі. Келе жатқан кісінің аяғының астынан қардың шықырлағаны көз көрімнен ойбайлап естіледі. Бет-ауызға тұрған қырау шоқпардай мұз болып қатып, бетті, мұрынды мұз болып қариды. Шаршаған соң денеден будақтап тер шығады. Терді жалақтаған шұнақ аяз жалап алады», – деген үзіндідегі сипаттау оқырманға терең эмоциялық әсер қалдырып, кейіпкердің жан дүниесіндегі күйзелісті айқын сезіндіреді. [4, 404].

Мұндай мәтіндік талдау студенттердің тұлғалық қабілеттерін дамытуда маңызды дидактикалық және тәрбиелік әлеуетке ие екенін көрсетеді. Алдымен, мемуарлық романдар оқырманды өткен кезеңдерге жетелеп, сол уақыттың атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді. Тарихи оқиғалармен байланысы бар немесе белгілі бір мәдени кезеңдерді сипаттайтын романдарда бұл ерекше байқалады. Автордың естеліктері арқылы өткен шақтың бояуын, иісін, дыбысын қайта елестетіп, сол кезеңнің рухын сезінеді. Автордың немесе кейіпкердің жеке тағдыры баяндалатын романдар оқырманын эмоционалдық тұрғыдан бауырауға, жеке тұлға тағдырын зерттеуге, адамның ішкі әлеміне еніп, оның жан азабын, қуанышын, өмірге деген көзқарасын түсінуге әсер етеді. Мемуарлық романды оқу барысында студент тарихи оқиғаларды тек фактологиялық деңгейде емес, автордың жеке тәжірибесі, сезімі мен дүниетанымы арқылы қабылдауды үйренеді. Бұл үдеріс тарихи сананың қалыптасуына, өткенді эмоционалдық әрі құндылықтық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде мемуарлық романдарды оқыту тек әдеби-теориялық талдаумен шектелмей, студент тұлғасын қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде қарастырыла бастады. Бұл ретте, Review of General Psychology журналында жарияланған Dan P. McAdams еңбегі ерекше ғылыми-әдіснамалық мәнге ие. Зерттеуші ұсынған narrative identity (нарративтік сәйкестілік) тұжырымдамасы адамның өзіндік «менін» өмірлік тәжірибені әңгімелеу арқылы құрастыратынын дәлелдейді. Яғни тұлға өзінің өткенін белгілі бір мағыналық жүйеге түсіріп, оны нарративтік құрылымға айналдыру арқылы ішкі тұтастыққа қол жеткізеді [5]. Аталған теорияны мемуарлық романдарды оқыту үдерісіне бейімдейтін болсақ, студент тек мәтінді қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге оны интерпретациялайтын, өзіндік тәжірибесімен байланыстыратын белсенді субъект ретінде танылады. Мемуарлық шығармалардағы авторлық «мен» мен баяндаушы позициясының ерекшелігі студенттің жеке тәжірибесімен резонанс тудырып, рефлексиялық ойлау дағдыларын дамытады. Нәтижесінде білім алушы көркем мәтінді талдау арқылы өзінің өмірлік ұстанымдарын қайта қарастырып, тұлғалық даму траекториясын айқындауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, мемуарлық романдардағы ретроспективті баяндау, тарихи оқиғаларды субъективті қабылдау және автор-кейіпкер бірлігі студенттің сыни ойлау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Бұл үдерісте білім алушы деректілік пен көркемдіктің арақатынасын ажыратып, авторлық интерпретацияның табиғатын түсінеді. Мұндай талдау түрі тек әдеби білімді тереңдетіп қана қоймай, тұлғаның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейтеді. Осылайша, нарративтік сәйкестілік теориясы мемуарлық романдарды оқытудың әдістемелік негізін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, мемуар мәтіндерін оқу барысында студенттің өзіндік «менін» қалыптастыру, өмірлік тәжірибені рефлексиялау және құндылық бағдарын айқындау жүзеге асады. Бұл өз кезегінде мемуарлық прозаны жоғары оқу орындарында оқытудың тек әдеби емес, сонымен қатар тұлғалық-дамыту әлеуетін айқындайды.

Көркем мәтіндегі поэтикалық баяндау, табиғат пен адам күйінің астасуы, ұлттық колорит пен бейнелі тіл студенттің эстетикалық талғамын жетілдіріп, көркем ойлау қабілетін дамытады. Табиғат суреттері мен саяси жағдайдың өзара байланысын ұғыну арқылы білім алушы мәтінді кешенді

талдауға, астарлы мағыналарды ашуға дағдыланады. Бұл, өз кезегінде, сыни ойлау, интерпретация жасау және символдық деңгейде қабылдау қабілеттерін күшейтеді. Сонымен қатар, шығармадағы ауыр тарихи кезеңдердің эмоционалдық суреттелуі студенттің эмпатиялық сезімін оятып, адамгершілік-рухани құндылықтарды тереңірек түсінуге ықпал етеді. Қиындық, күрес, ерік-жігер сияқты ұғымдарды көркем бейнелер арқылы қабылдау тұлғаның ішкі дүниесін байытып, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға әсер етеді.

Мемуарлық романдар оқырманның санасында тек құжаттық мәліметтер жиынтығы ретінде ғана емес, адамның өмір жолын, өткеннің болмысын, тарихи шындықты тануға деген интеллектуалдық және эмоциялық қызығушылықты оятатын ерекше жанр ретінде көрініс табады. Жазушы С. Мұқановтың «Өмір мектебі» мемуарлық романынан еңбекқорлық пен білімге құштарлықты қалыптастыру, қарапайымдылық пен адамгершілік қағидаларын үйрету, мақсатқа жету жолындағы табандылық тәрізді тәрбиелік құндылықтарды сіңіруге болады. Автор өзі жетімдікті бастан кешкен кездері мен қиындықтары жайлы: «Адам көнбейтін қиындық жоқ. Мен масаның да азабына көндіге бастадым... Сансызбайдыкі сараң үй болып шықты: ірімшік пен құрттан басқа шайнаманы, үйінде қымызы бола тұра, айраннан басқа сусынды маған жібермейді ол... Пішеншілердің ішінде аштауы да мен болдым. Менің өлеңдер жинағыма кіріп жүрген «Жалшының зары» деген өлең дәл осы кезде жазылған еді» [6, 458б.].

«Өмір мектебі» мемуарлық романы тұлғаның қалыптасу жолын көрсететін өмірлік модель ретінде қарастырылады: студент кейіпкердің әлеуметтік ортада қалай қалыптасқанын талдай отырып, өз өмірімен салыстырады. Қасіретті күндерін боямасыз суреттеген жазушының болашаққа деген сенімі мен жақсылыққа ұмтылысы оны үздіксіз алға жетелегенін байқаймыз. Жетім баланың мұңы мен зары көп болғанымен бар күш-жігеріңді салып еңбек етсең мақсатқа жетуге болатынын айқын көрсеткен. Тер төгіп, адал еңбек ету адамды даңққа бөлейтінін естен шығармаған жөн.

Ұлттық болмысты сақтау, қазақтың дәстүрлі тәрбиесі мен кеңестік жүйе арасындағы қайшылықтар, отбасы институтының маңызы, ана мен бала арасындағы байланыс мәселесінде жазушы Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романының тәрбиелік мәні зор. Шығарманы оқи отырып анаға деген құрмет пен адалдықтың үлгісін көріп, отансүйгіштік пен ұлттық сана-сезімнің биіктігін ұғынуға жетелейді. Ана бейнесі арқылы халықтың ұлттық рухын көрсеткен бұл шығармада Айшаның төзімділігі мен қайсарлығы ерекше. Мемуарлық романдарды оқыту барысында студенттердің шығармаға деген қызығушылығын арттыру үшін дәстүрлі түсіндіру тәсілдерімен шектелмей, оларды мәтіннің ішкі әлеміне жетелейтін белсенді оқыту технологияларын қолдану тиімді. Осындай әдістердің бірі – проблемалық жағдаятқа негізделген Case Study технологиясы. Бұл тәсілде шығарманы талдауға кіріспес бұрын білімгерлерге өмірлік таңдау мен адамгершілік ұстанымдарға қатысты проблемалық сұрақ ұсынылады. Мәселен: «Егер тұтас бір әулеттің тағдыры сіздің қабылдайтын бір ғана шешіміңізге тәуелді болса, қандай әрекет жасар едіңіз?» деген сауал студенттердің жеке тәжірибесі мен шығарманың идеялық мазмұны арасында байланыс орнатып, Айша ананың басынан өткен қиындықтар мен ерліктерді сырттай бақылаушы емес, ішкі қатысушы ретінде қабылдауына мүмкіндік береді.

Шығарманы қазіргі медиа мәдениетпен сабақтастыруда оның мазмұнын жаңа қырынан игеруге ықпал етеді. Бұл тұрғыда роман оқиғаларын бүгінгі цифрлық коммуникация кеңістігіне бейімдеу студенттердің шығармашылық ойлауын жандандырады. Мысалы, «Егер Барсханның бүгінгі күні инстаграм парақшасы болса, соғыс жылдарындағы ауыл өмірін қандай стористер арқылы бейнелер еді?» деген тапсырма кейіпкердің өмірлік тәжірибесін қазіргі жастардың дүниетанымымен ұштастырып, мәтінді заманауи қабылдау тұрғысынан пайымдауға жағдай жасайды.

Шығарманы терең қабылдауға бағытталған әдістердің қатарында «Оқырман күнделігі» мен ассоциациялық талдау тәсілдерінің де маңызы зор. Бұл жұмыстар барысында студенттер оқиға желісін ғана емес, өздеріне ерекше әсер еткен көркем детальдарды, символдық бейнелерді, иіс, түс немесе дыбыстық образдарды белгілеп отырады. Мысалы, қара нанның иісі сияқты көркемдік детальдар мәтіннің эмоциялық – психологиялық кеңістігін тануға және авторлық баяндаудың поэтикалық ерекшелігін сезінуге мүмкіндік береді.

«Ай мен Айша» романы адамгершілік, адалдық, мейірім, рухани тазалық секілді жалпыадамзаттық құндылықтарды көркемдік тұрғыдан танытатын шығарма болып табылады. Романдағы Айша бейнесі арқылы студенттер жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырату, сабырлылық, төзімділік, жауапкершілік және отбасылық құндылықтардың мәнін ұғынады. Сондай-ақ шығарма ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға да қызмет етеді. Онда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниені қабылдау ерекшелігі мен рухани мәдениеті табиғи түрде көрініс тапқан. Осы тұрғыдан романды оқыту ұлттық тарихи жадты сақтауға, этномәдени құндылықтарды бағалауға және қазақы дүниетанымның ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Бұған қоса шығарма өткен мен бүгінді сабақтастыратын рухани көпір қызметін атқарып, ұрпақтар арасындағы мәдени байланысты нығайтуға және әдеби мұраға құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Студенттердің романды терең меңгеруі үшін репродуктивті оқыту тәсілдерінен гөрі олардың зерттеушілік белсенділігі мен сыни ойлау қабілетін дамытатын интерактивті технологияларды қолдану анағұрлым нәтижелі. Мұндай әдістер студенттердің мәтінмен өздігінен жұмыс істеуіне, шығарманың көркемдік құрылымы мен баяндау поэтикасын дербес талдауына жағдай жасайды. Осы бағытта рөлдік ойындар мен «кейіпкерге хат» технологиясының мүмкіндігі ерекше. Мысалы, студенттерге ересек

Барсханның атынан балалық шағындағы Барсханға немесе Айша анаға хат жазу ұсынылады. Бұл тапсырма баяндаудағы уақыт пен кеңістік сабақтастығын, өткен мен бүгіннің байланысын және кейіпкердің ішкі эволюциясын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Шығармадағы әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жүйелі талдау үшін «Фишбоун» (балық қаңқасы) әдісін қолдануға болады. Бұл технология бойынша балықтың бас бөлігіне негізгі мәселе – Мұртаза әулетінің трагедиясы белгіленеді. Жоғары сүйектерге трагедияның себептері (репрессия, соғыс, әлеуметтік теңсіздік), төменгі сүйектерге мәтіннен алынған нақты дәлелдер мен көркемдік детальдар орналастырылады. Ал, құйрық бөлігінде талдаудың қорытынды тұжырымы беріледі. Мұндай құрылым студенттердің мәтінді себеп-салдарлық байланыста талдауына және тарихи оқиғалардың көркемдік шешімін кешенді бағалауына мүмкіндік береді.

Мұхтар Мағауиннің «Мен» романы қазақ мемуарлық прозасының жанрлық және көркемдік мүмкіндіктерін кеңейткен, ұлттық рухани дүниетанымды терең танытқан шығармалардың бірі болып саналады. Романның поэтикалық құрылымында аңыздар, эпостық сарындар, шежірелік деректер, мақал-мәтелдер, жыраулар поэзиясы, ертегілік мотивтер, жоқтау мен бата дәстүрі сияқты фольклорлық элементтер кеңінен қолданылған. Бұл көркемдік қабаттар автордың халықтық жадымен, ұлттық дүниетаныммен және тарихи-мәдени тәжірибемен тығыз сабақтастығын айқындап, шығарманың идеялық-көркемдік тұтастығын күшейтеді.

«Мен» мемуары авторлық рефлексияның жоғары деңгейін көрсететін шығарма ретінде студенттің өзін-өзі тану үдерісін тереңдетеді. Ғылым-білімге құштарлық, өзіндік бағдарды айқындау, мақсат қою және оған жету жолындағы ұзақ та қиын жолды жүріп өту үшін әрбір жоғары оқу орнының студенті аталған мемуарды оқуы қажет. Бұл шығармада тарих та, фольклор да, философия мен әдебиет жауһары да бар. Оқыған сайын тынысың кеңіп, дүниетанымың байи түсетін тілдік шеберлік те, танымдық ақпарат та мол. Романда жазушының іргелі ғылыми және әдеби еңбектерінің қандай жағдайда әрі қандай қажырлы еңбек нәтижесінде жазылғаны шынайы бейнеленеді. Баяндау барысында автордың ғылымға деген адалдығы, биік мақсатқа ұмтылысы және сол мұратқа жету жолындағы үздіксіз ізденісі айқын көрініс табады. Бұл қырлары шығарманың танымдық және тәрбиелік әлеуетін арттырып, оқырманға еңбекқорлық пен ғылыми жауапкершіліктің маңызын терең сезіндіреді. «Адамға рас, Аллаға анық – сол ұлы жыраулардың қайтадан тірілуі біздің азап–бейнетіміздің арқасында ғана мүмкін болды. Ұмытылғандарды еске түсірдік, есімі көмескілерді қайта жаңғырттық, бір өлең, жарым өлеңнен тірнектеп құрадық, ғылыми–текстологиялық екшеуден өткіздік, сөйтіп, тұтас бір дәуірдің әдебиетін нұсқаладық, сол әдебиеттің деректі негіздерін айқындап, мән–мағынасын белгіледік, нәтижесінде, ұлт тарихындағы төрт ғасыр – Қазақ Ордасы заманындағы әдебиет мүмкін болған дәрежесінде қалпына келтірілді. Осының бәрі «Қобыз сарыны», «Алдаспан» деген кітаптар негіздеп, жүзеге асырған іс. Есер, есірік болмаса, аз – маз сауаты бар әдебиетшінің ешқайсысы бұған күмән айта алмайды. Ғылым – бейнеті көп, өнімі аз шаруа. Мен бейнет көрдім демеймін, өнімсіз қалдым деп те шағынбаймын. Қалап алған істің азабы болмайды. Бірақ өте көп уақытым кетті. Таза проза жазатын алтын сағаттар», – деп ағынан жарылады [7, 69].

«Мен» романын ЖОО-да оқытуда тек мазмұнды түсіндіру жеткіліксіз болады, студенттерді мәтінмен белсенді жұмысқа тартатын, сыни ойлауын дамытатын әдістерді қолданған абзал. Мемуардың өзі жеке тұлғаның рухани эволюциясы мен тарихи сана тоғысқан күрделі туынды болғандықтан төмендегідей көпқырлы тәсілдер тиімді болады. Негізінде интерактивті талдау әдістері жақсы нәтиже береді деп санаймыз. Автордың «мен» концепциясын түсінуде «close reading» (терең мәтіндік талдау) арқылы студенттерге нақты үзінділер беріп, тілдік ерекшелікті, ішкі монологтар мен астарлы мағыналарды талдатуға болады. Сондай-ақ, дискуссия және пікірталас әдісінің де ролі ерекше. Романдағы авторлық позиция, тарихи оқиғаларға көзқарас, ұлттық болмыс мәселелері бойынша сұрақтар қойып, студенттер арасында пікірталас ұйымдастыру өзіндік ой-пікірін ашық айту мен жеке ұстанымды аңғартады. «Автордың «мені» – жеке тұлға ма, әлде ұлттың жиынтық бейнесі ме?» деген сияқты проблемалық сұрақтар студенттердің ойлауын тереңдетеді.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Мұхтар Мағауин шығармасын басқа мемуарлық немесе автобиографиялық туындылармен салыстыру (қазақ немесе әлем әдебиетінен) студенттердің әдеби кеңістікті кеңірек түсінуіне ықпал етсе, жобалық оқыту (project-based learning) әдісі студенттерге шағын зерттеу жобаларын беру: мысалы, романның тарихи контекстін зерттеу, автор өмірбаянымен байланысын ашу, немесе шығармадағы ұлттық идеяларды талдауда тиімді. Бұл әдіс дербес ізденісті дамытары сөзсіз.

Рефлексиялық жазба (эссе) әдісі студенттерге «Бұл шығарма менің дүниетанымыма қалай әсер етті?» немесе «Автордың өмірлік ұстанымынан не үйренуге болады?» деген тақырыптарда эссе жаздырудың да маңызы зор. Қазіргі ЖОО-ға сай цифрлық әдістерді қосуға болады: презентациялар, подкаст дайындау, немесе әдеби кейіпкер атынан блог жүргізу сияқты шығармашылық тапсырмалар студенттердің қызығушылығын арттырады.

Мемуарлық романдар тәуелсіз ел жастарының әдебиетке қызығушылығын арттыруда айрықша мәнге ие. Олардың әсері бірнеше қырынан көрінеді. Мұндай шығармалар жас оқырманның өз халқының тарихына деген танымдық қызығушылығын оятып, өткенді тереңірек түсінуге және ұлттық құндылықтарды қабылдауға жол ашады. Мемуарлық туындыларда өмірлік мақсатқа жету жолындағы күрес

пен қиындықтарды еңсеру тәжірибесі кеңінен бейнеленіп, бұл жастардың тұлғалық дамуын нығайтып, оларға рухани серпін береді. Шығармада көрініс тапқан тарихи тұлғалардың ерік-жігері мен қайраткерлік болмысы жас буын үшін өнеге болып, олардың өзіндік «менін» қалыптастыруға ықпал етеді. Осы мәтіндермен жұмыс барысында тұлға дамуының негізгі механизмі – рефлексия іске қосылады. Студент мәтіндегі тәжірибені өз өмірімен салыстырады, өткенді бағалау тәсілін меңгереді, өз болмысын түсінуге ұмтылады. Бұл құбылыс халықаралық зерттеулерде де дәлелденген: мемуарлық баяндау жеке тәжірибені қайта құрылымдау арқылы тұлғаның өзін-өзі түсінуіне ықпал етеді [8]. Демек, мемуарлық мәтін – тек оқу материалы емес, ішкі диалог құралы.

Тұлға дамуының тағы бір маңызды механизмі тарихи сананы қалыптастыру болып табылады. Михаил Бахтиннің хронотоп теориясы тұрғысынан алғанда, мемуарлық мәтінде уақыт пен кеңістік жеке тәжірибе арқылы беріледі [9]. Бұл студентке тарихты абстрактілі құбылыс ретінде емес, нақты адам өмірімен байланысты құбылыс ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде тарихи оқиғалар эмоционалдық тұрғыдан қабылданып, тереңірек меңгеріледі. Сыни ойлау мен нарративтік сауаттылықтың дамуы да маңызды механизм. Мемуарлық мәтіндерді талдау барысында студент «кім сөйлеп тұр?», «қандай позициядан баяндалып отыр?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл сұрақтар мәтінді құрылымдық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді. Жерар Женетт ұсынған фокализация ұғымы осындай талдауларда нақты қолданыс табады. Нәтижесінде студент мәтінді дайын ақпарат ретінде емес, талдауға болатын жүйе ретінде қабылдайды.

Мемуарлық романдарды оқыту арқылы тұлғаны дамытудың маңызды бағыты ретінде эмоционалдық және коммуникативтік қабілеттердің қалыптасуын айтуға болады. Мемуарлық романдардағы кейіпкерлердің ішкі әлемін түсіну студенттің эмпатиясын дамытады. Ол өзгенің тәжірибесін түсінуге, оны қабылдауға үйренеді. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде өзекті саналатын soft skills (тиімді дағдылар) қалыптасуына ықпал етеді.

Оқыту мазмұнында маңызды орын алатын тағы бір мәселе – шығармашылық және тәжірибелік әрекет. Мемуарлық прозаны оқыту тек талдаумен шектелмей, студенттің өзіндік мәтін құру әрекетімен толықтырылады. Сонымен қатар, мемуарлық романдарды оқыту барысында тұлға дамуы келесі сұрақтарға нақты жауап береді:

Тұлға қалай дамиды?

– мәтін арқылы өз тәжірибесін қайта ойлау, рефлексия жасау арқылы.

Қайтіп дамиды?

– автор тәжірибесін интерпретациялау, салыстыру, талдау арқылы.

Қандай әдіс-тәсілдер арқылы дамиды?

– нарратологиялық талдау, мәтіндік интерпретация, storytelling, шығармашылық жазба, пікірталас арқылы.

Бұл нәтижелер мемуарлық прозаның тек әдеби жанр емес, тұлғаны қалыптастыратын педагогикалық құрал екенін дәлелдейді

Жоғары оқу орындарында мемуарлық романдарды оқыту барысында тұлғаның дамуы тек теориялық пайымдаулармен емес, мәтіндік тәжірибе арқылы жүзеге асатыны анықталды. Әсіресе мемуарлық шығармалардағы авторлық «меннің» рефлексивтік табиғаты студенттің өзіндік санасын оятатын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер де тұлға дамуына тікелей әсер етеді. Мысалы, мәтіндік талдау студенттің аналитикалық ойлауын дамытса, пікірталас пен кейс-талдау оның коммуникативтік қабілетін жетілдіреді. Ал storytelling әдісі студенттің өзіндік тәжірибесін вербализациялауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдердің барлығы біріге отырып, мемуарлық прозаны оқыту үдерісін тұлға қалыптастыру кеңістігіне айналдырады. Осылайша, мемуарлық романдар арқылы тұлға дамуының нақты механизмі айқындалады: мәтін → түсіну → интерпретация → рефлексия → өзіндік таным.

Мемуарлық прозаны тек әдеби жанр ғана емес, тұлғаны дамытуға бағытталған кешенді педагогикалық құрал екенін көрсетуде оқыту үрдісінде төмендегідей технологияларды қолдануға болады:

1. Storytelling (ақпаратты, идеяны немесе тәжірибені әңгіме (оқиға) түрінде әсерлі жеткізу өнері) әдісі арқылы студент өз өміріндегі маңызды оқиғаларды баяндап, оларды мағыналандырады. Бұл әрекет мемуарлық мәтіннің құрылымын ішкі деңгейде түсінуге мүмкіндік береді. Студенттер мемуар негізінде «Менің өмірімдегі маңызды кезең» тақырыбында микро-мемуар жазады.

2. Digital storytelling (оқиға айтуды сандық технологиялар арқылы жүзеге асыру, яғни мәтін, дыбыс, бейне, сурет және анимацияны біріктіріп, мазмұнды әсерлі түрде жеткізу) технологиясы бұл үдерісті қазіргі цифрлық мәдениетпен байланыстырып, студенттің шығармашылық әлеуетін арттырады. Padlet, Canva арқылы визуалды мемуар жасау, автор өмірін timeline форматында көрсету.

3. Case-study (жағдаяттық талдау) әдісі – нақты тарихи-әдеби мәселені «кейс» ретінде ұсынып, студенттерді дерек, контекст және интерпретация арқылы өз бетінше қорытынды жасауға жетелейтін тәсіл. Бұл әдіс мемуарлық шығармаларды оқытуда тиімді, өйткені мұнда автор тұлғасы, тарихи кезең және баяндау формасы бір-бірімен тығыз байланысты. Мысал ретінде «Сәкен Сейфуллин неге өз өмірін осылай баяндады?» тақырыпты алайық. Бұл сұрақ – дайын жауабы бар факт емес, көпқабатты зерттеу мәселесі. Оны case-study форматына айналдырғанда, сабақ мынадай логикамен құрылады:

а. Кейс қою (problem framing). Студенттерге автордың мемуарлық мәтінінен (мысалы, «Тар жол, тайғақ кешу») үзінді ұсынылады. Сұрақ: Неліктен автор оқиғаларды дәл осылай іріктеп, осындай тілмен, осындай позициядан баяндайды?

ә. Контекст жинау (evidence gathering). Студенттер бірнеше бағытта дерек іздейді: тарихи жағдай (революция, кеңестік идеология), автордың өмірбаяны, сол кезеңдегі цензура, саяси қысым, жанр ерекшелігі (мемуар – көркем шығарма)

б. Талдау (analysis). Осы жерде маңыздысы, студенттер тек «не болды?» емес, «неге дәл осылай баяндалды?» деген сұраққа жауап іздейді. Мысалы: Автор өз бейнесін қаһарман ретінде құруға тырысты ма? Кейбір оқиғаларды саналы түрде өзгерткен немесе жұмсартқан ба? Бұл баяндау сол кезеңдегі идеологиялық талаптарға сәйкестендірілген бе?

4. Role-play (рөлдік ойын). Студент «автор», «сыншы», «оқырман» рөлінде пікірталас жүргізеді.

5. Нарративтік карта (Narrative mapping) оқиға, уақыт, кейіпкер, автор позициясын схемаға түсіру

6. AI және цифрлық құралдар мәтінді талдау (ChatGPT, Litmaps), визуализация (Midjourney).

Жоғары оқу орындарында мемуарлық романдарды оқыту арқылы тұлғаны дамыту мүмкіндіктерін айқындау тек теориялық пайымдаумен шектелмейді, ол нақты оқу үдерісінде жүзеге асырылатын әдістемелік жүйе арқылы дәлелденуі тиіс. Осы мақсатта «Мемуар және тұлғалық даму» атты оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, оның мазмұны мен құрылымы мемуарлық прозаның нарративтік табиғатын студенттің жеке тәжірибесімен ұштастыруға бағытталды. Кешен құрамына 15 дәріс және 30 практикалық сабақ енгізіліп, олардың әрқайсысы тұлғаның танымдық, рефлексивтік және коммуникативтік дамуын қамтамасыз етуге бағдарланды.

Кешеннің дәрістік мазмұны жүйелі түрде мемуарлық жанрдың теориясынан бастап, оны тұлғалық даму құралы ретінде түсіндіруге дейінгі кезеңдерді қамтиды. Алғашқы дәрістерде мемуарлық романның жанрлық табиғаты, оның өзге прозалық формалардан айырмашылығы қарастырылады. Бұл жерде мемуардың деректілік пен көркемдіктің синтезіне негізделетіні, авторлық «меннің» баяндау құрылымына айналатыны, уақыттың ретроспективті ұйымдастырылатыны ғылыми тұрғыдан түсіндіріледі. Вольф Шмид мен Жерар Женетт теориялары негізінде баяндаушы, фокализация, уақыт категориялары нақты мәтіндер арқылы талданады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның жоғары білім беру контекстінде оқытушылар мен студенттердің білім беру мазмұнындағы гендерлік репрезентацияны қабылдауын бір құрылымдық модель аясында салыстырмалы түрде бағалауымен және оның дәстүрлі гендерлік стереотиптер, педагогикалық құндылықтар мен гендерлік теңдікке қатысты көзқарастармен байланысын эмпирикалық тұрғыдан нақтылауымен айқындалады.

Әдебиеттер шолу. Гендерлік рөлдер мен стереотиптердің әлеуметтік құрылым ретінде қалыптасуы және олардың адам өмірінің түрлі салаларына ықпалы қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда кеңінен мойындалған құбылыс болып табылады [5, 3 б.], [6, 3 б.]. Гендерлік стереотиптер қоғамда орныққан, ерлер мен әйелдерге тән деп қабылданатын мінез-құлық үлгілері, қабілеттері мен әлеуметтік рөлдері туралы тұрақты түсініктер жүйесін білдіреді. Бұл стереотиптер, әдетте, дәстүрлі мәдени және әлеуметтік нормаларға негізделіп, адамдардың күнделікті өзара әрекетінде, кәсіби бағдарын таңдауда, сондай-ақ өзіндік болмысын тану үдерісінде маңызды рөл атқарады. Аталған үдерісте білім беру жүйесінің орны айрықша, себебі ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, гендерлік нормалар мен рөлдердің қайта өндірілуіне де әсер етуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру мазмұны, әсіресе оқулықтар мен оқу бағдарламалары, қоғамда гендерлік теңдік пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын орнықтырудың шешуші тетіктерінің біріне айналады [7, 2 б.].

Білім беру мекемелері тек білім беретін институттар ғана емес, сонымен қатар тұлғаны әлеуметтендірудің, құндылықтық бағдарлар мен азаматтық сананы қалыптастырудың маңызды әлеуметтік кеңістігі болып табылады. Осы ортада қолданылатын оқу материалдары мен педагогикалық тәсілдер білім алушылардың гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастарының, құндылықтық ұстанымдарының және теңдік қағидаттарына деген қатынасының қалыптасуына елеулі ықпал етеді [8, 6 б.], [9, 4 б.]. Осыған байланысты білім беру мазмұнында көрініс табатын гендерлік бейнелер мен дискурстар оқушылар мен студенттердің тұлғалық дамуына ғана емес, олардың болашақта қабылдайтын әлеуметтік және кәсіби рөлдеріне де әсер етуі ықтимал. Сондықтан оқу мазмұнының бейтараптығы мен теңгерімділігі жастардың гендерлік ұстанымдарының қалыптасуында шешуші маңызға ие.

Білім беру мазмұнындағы гендерлік репрезентацияға арналған бірқатар халықаралық эмпирикалық зерттеулер оқу бағдарламалары мен оқулықтарда гендерлік теңсіздік белгілерінің әлі де сақталып отырғанын көрсетеді. Әсіресе техникалық және жаратылыстану ғылымдары салаларында әйелдердің қатысу деңгейінің төмендігі, сондай-ақ олардың дәстүрлі әлеуметтік рөлдер аясында бейнеленуі жиі байқалады [10, 3 б.], [11, 2 б.]. Мәселен, Islam және Asadullah (2018) жүргізген зерттеулерде оқулықтарда әйел бейнелерінің шектеулі әрі дәстүрлі сипатта ұсынылуы білім алушылардың гендерлік қабылдауына жағымсыз ықпал ететіні анықталған [6, 1 б.]. Ал Nandi және әріптестері (2024) мектеп оқулықтарындағы гендерлік бейнелерді талдау нәтижесінде мұндай мазмұндардың оқушылар арасында стереотиптік түсініктердің қалыптасуына алғышарт жасайтынын дәлелдейді [7, 4 б.]. Аталған эмпирикалық деректер гендерлік теңдік мәселесін білім беру саясаты мен мазмұнын жүйелі түрде реформалау деңгейінде қарастырудың қажеттігін айқындайды.

Зерттеулер оқытушылар мен студенттердің гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастарында белгілі бір айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді [12, 3 б.]. Зерттеушілердің еңбектерінде оқытушылардың кәсіби тәжірибесіне сүйенген ұстанымдары олардың оқу үдерісін ұйымдастыруына, білім алушылармен өзара әрекеттесуіне және оқу мазмұнын ұсыну тәсілдеріне ықпал ететіні атап өтіледі [13, 7 б.]. Ал студенттердің гендерлік ұстанымдары көбіне олардың әлеуметтік ортасымен және мәдени контекстімен тығыз байланысты қалыптасады [14, 2 б.]. Осы айырмашылықтарды ескеру педагогикалық практикада гендерлік теңдік қағидаттарын енгізу және оларды тиімді жүзеге асыру тұрғысынан маңызды мәнге ие. Оқытушылар мен студенттердің көзқарастарын салыстырмалы тұрғыда зерделеу білім беру жүйесінде гендерлік сезімталдықты арттыруға бағытталған ғылыми негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алайда қолданыстағы ғылыми әдебиеттерге жүргізілген шолу гендерлік репрезентация мәселесін талдауда құрылымдық теңдеулерді модельдеу (PLS-SEM) сияқты заманауи сандық әдістерді пайдаланған зерттеулердің әлі де жеткіліксіз екенін айғақтайды [15, 6 б.]. Бұл жағдай гендерлік рөлдер мен білім беру мазмұны арасындағы өзара байланысты жүйелі әрі дәлелді ғылыми талдау қажеттігін алға тартады. Ұсынылып отырған зерттеу аталған олқылықты толықтыруды мақсат етіп, білім беру мазмұны арқылы берілетін гендерлік құрылымдарды тереңірек пайымдауға және оқытушылар мен студенттердің бұл мазмұнды қабылдау ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда айқындауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері білім беру саясатын жетілдіруде, педагог кадрларды даярлау жүйесін қайта қарауда және оқу мазмұнын жаңғыртуда қолданбалы маңызы бар ұсыныстар әзірлеуге негіз бола алады.

Материалдар және әдістер. Бұл зерттеуде қималық сандық зерттеу дизайны қолданылып, айнымалылар арасындағы статистикалық байланыстар сауалнама деректері негізінде бағаланды. Қатысушылар алдын ала әзірленген сұрақтар топтамасына жауап берді, сондай-ақ сауалнама барысында олардың демографиялық сипаттамалары туралы мәліметтер алынды. Зерттеудің сипаттамалық кезеңінде респонденттердің жалпы әлеуметтік-демографиялық бейіні талданып, талдау аясында айнымалылар арасындағы өзара байланыстар бағаланды.

Зерттеуге барлығы 227 респондент қатысты, олардың 109-ы оқытушыларды, ал 118-і студенттерді құрады. Зерттеу жұмысына қатысушылар мақсатты іріктеу тәсілімен таңдалды. Іріктеменің ықтималдық емес сипатына байланысты нәтижелерді кең жиынтыққа жалпылау шектеулі және олар зерттеуге қатысқан респонденттер контексінде қарастырылады. Қатысушылардың гендерлік құрамы бойынша 101 ер және 126 әйел респондент тіркелді. Зерттеу үлгісінің демографиялық сипаттамалары 1-суретте көрініс тапқан. (Сурет 1)



1 сурет – Зерттеу үлгісінің демографиялық сипаттамалары (N=227)

Өлшеу құралдары ретінде төрт латентті айнымалы анықталды: TGS, PV, GR және GEA. Әрбір айнымалы үш тұжырымнан (сұрақтан) тұрады. Жауаптар 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланды (1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толығымен келісемін»).

TGS шкаласы гендерлік стереотиптерге қатысты көзқарасты бағалауға бағытталып, олардың қоғамдағы орны мен ықпалын жалпы түсінік деңгейінде сипаттайды. PV айнымалысы мәдени орта мен жеке тәжірибеге негізделген құндылықтар мен пікірлерді қамтиды. GR конструкциясы білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің объективті таралуын ғана емес, респонденттердің оқу материалдарындағы гендерлік репрезентацияны субъективті қабылдауын бағалауға бағытталды. Үш индикатор ерлер мен әйелдердің оқу материалдарында берілу ерекшеліктері және гендерлік теңдіктің қамтылуы туралы респонденттердің пікірлерін сипаттайды. GEA гендерлік теңдікке деген көзқарасты, яғни оны қолдау немесе теріске шығару тұрғысындағы жалпы ұстанымды бағалайды. Әрбір шкаладағы тұжырымдар қатысушылардың аталған ұғымдарға қатысты көзқарастарының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.(1 кесте)

1 кесте – Латентті айнымалылар мен индикаторлар (SmartPLS моделіне сай)

Латентті айнымалы	Индикатор коды	Индикатор сұрағы
TGS (Дәстүрлі гендерлік стереотиптер)	TGS1	Ер адам – отбасының негізгі асыраушысы
	TGS2	Әйел адамның басты рөлі – отбасы мен үй
	TGS3	Ер адамдар басқарушылыққа бейім
GR (Білім мазмұнындағы гендерлік репрезентацияны қабылдау)	GR1	Оқулықтарда ер адамдар белсенді рөлде көрсетіледі
	GR2	Әйел бейнесі көбіне отбасы аясында беріледі
	GR3	Оқу материалдарында гендерлік теңдік жеткілікті қамтылған
PV (Педагогикалық құндылықтар)	PV1	Білім беру гендерлік теңдікті қалыптастыруы тиіс
	PV2	Оқытушылар гендерлік бейтарап тіл қолдануы керек
	PV3	Гендерлік сезімтал педагогика маңызды
GEA (Гендерлік теңдікке көзқарас)	GEA1	Әйелдер мен ерлер тең кәсіби мүмкіндіктерге ие болуы тиіс
	GEA2	Басқаруда гендерлік теңдік қажет
	GEA3	Гендерлік теңдік – қоғам дамуының маңызды шарты

Өлшеу құралдарының ішкі біркелкілігі мен жарамдылығын бағалау мақсатында Cronbach's alpha, Composite Reliability, AVE, Fornell–Larcker критерийі, HTMT және VIF көрсеткіштері қолданылды. Аталған критерийлер негізінде жүргізілген талдау нәтижелері барлық өлшеуіштердің сенімділігі мен конструктілік жарамдылығының жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілгенін көрсетті.

Деректерді талдау SmartPLS 4 бағдарламасында PLS-SEM (Partial Least Squares Structural Equation Modeling) әдісі арқылы жүзеге асырылды. Статистикалық нәтижелердің сенімділігін бағалау мақсатында bootstrapping процедурасы қолданылды. Осы әдіс аясында әрбір құрылымдық жол үшін β коэффициенттері, t-статистикалар және сәйкес p-мәндер есептелді. Модельдің түсіндірімдік қуатын анықтау үшін R^2 көрсеткіштері пайдаланылса, оның жалпы сәйкестігі мен болжамдық сапасын бағалауда SRMR (Standardized Root Mean Square Residual) мәні есепке алынды. PLS-SEM әдісі латентті конструкциялар арасындағы күрделі байланыстарды бағалауға және салыстырмалы түрде шағын үлгі жағдайында модельдің түсіндірмелік мүмкіндігін талдауға қолайлы болғандықтан таңдалды. Сонымен бірге бұл тәсіл зерттеудің болжамдық және зерттеушілік сипатына сәйкес келеді.

Зерттеу моделінде бес гипотеза қарастырылды: TGS→GR, TGS→PV, GR→GEA, PV→GEA және TGS→GEA бағыттары, мұнда соңғысы жанама әсерді сипаттайды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Зерттеу нәтижелері білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясы мен оған ықпал ететін факторлар арасындағы өзара байланысты кешенді түрде ашып көрсетеді. Құрылымдық теңдеулерді модельдеу (PLS-SEM) әдісін қолдану дәстүрлі гендерлік стереотиптердің, педагогикалық құндылықтардың және оқу материалдарында ұсынылатын гендерлік бейнелердің гендерлік теңдікке қатысты көзқарастарға ықпал ету деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Алынған эмпирикалық нәтижелер зерттеудің теориялық моделіне сәйкес келіп, айнымалылар арасындағы ықтимал байланыстардың бағыты мен ықпал ету күшін нақтылауға жағдай жасады. Талдау барысында кейбір байланыстардың әсері салыстырмалы түрде әлсіз болғанымен, статистикалық тұрғыда мәнді екені анықталды, ал бірқатар қатынастар айқын ықпалмен сипатталды. Бұл жағдай білім беру саласында гендерлік теңдікке қатысты ұстанымдардың тек оқу мазмұны арқылы ғана емес, сонымен қатар педагогикалық құндылықтар мен орныққан стереотиптер ықпалымен де қалыптасатынын көрсетеді. (Сурет 2)



2 сурет – Білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдер репрезентациясын қабылдауды түсіндіретін құрылымдық модель (PLS-SEM нәтижелері)

Зерттеуде білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясын түсіндіру мақсатында құрылымдық теңдеулерді модельдеу әдісі (PLS-SEM) қолданылды. Ұсынылған модель дәстүрлі гендерлік стереотиптер (TGS), педагогикалық құндылықтар (PV), білім беру мазмұнындағы гендерлік репрезентация (GR) және гендерлік теңдікке қатысты көзқарас (GEA) арасындағы өзара байланыстарды қамтиды.

Құрылымдық модельдің нәтижелері дәстүрлі гендерлік стереотиптердің білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясына әлсіз оң ықпал ететінін көрсетті (β = 0.129). Бұл коэффициенттің мәні әсердің шамалы екенін білдіреді және дәстүрлі көзқарастардың оқу материалдарының мазмұнына белгілі бір деңгейде ықпал ететінін, алайда бұл ықпалдың айқын әрі күшті сипатқа ие еместігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, дәстүрлі гендерлік түсініктер білім беру мазмұнына әсер етуші факторлардың бірі болғанымен, олардың рөлі шектеулі сипатта қалып отыр.

Сонымен қатар дәстүрлі гендерлік стереотиптер мен педагогикалық құндылықтар арасындағы өзара байланыс теріс бағытта анықталды (β = −0.229). Бұл нәтиже дәстүрлі гендерлік ұстанымдардың күшеюі гендерлік сезімтал педагогикалық құндылықтардың әлсіреуімен қатар жүретінін көрсетеді.

Аталған қорытындыны халықаралық деңгейде мойындалған теңдік стандарттарымен, атап айтқанда Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсатымен (SDG 4) және Бейжің декларациясының B.4 стратегиялық міндетімен байланыстыра отырып түсіндіруге болады, өйткені бұл құжаттар білім беру жүйесінде теңдік пен инклюзия қағидаттарын ілгерілетуде жетекші бағдар ретінде қарастырылады.

Білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясы гендерлік теңдікке қатысты көзқарасқа теріс ықпал ететіні анықталды (β = −0.101). Бұл нәтиже оқу материалдарында дәстүрлі гендерлік рөлдер басым болған сайын, респонденттердің гендерлік теңдікке деген ұстанымдарының әлсіреу үрдісі байқалатынын көрсетеді.

Ал педагогикалық құндылықтардың гендерлік теңдікке қатысты көзқарасқа ықпалы оң бағытта болғанымен, оның әсер ету күші төмен деңгейде тіркелді (β = 0.076). Бұл педагогикалық ортада қалыптасатын құндылықтардың теңдік идеясын қолдауға белгілі бір деңгейде ықпал ететінін, алайда олардың жеке өздері гендерлік теңдікке қатысты берік ұстаным қалыптастыру үшін жеткіліксіз екенін аңғартады.

Эндогенді айнымалылар бойынша алынған түсіндірілген дисперсия көрсеткіштерінің (R^2) салыстырмалы түрде төмен болуы гендерлік рөлдер мен гендерлік теңдікке қатысты көзқарастардың қалыптасуына білім беру мазмұнынан тыс әлеуметтік және мәдени факторлардың да елеулі ықпал ететінін көрсетеді. (2 кесте)

2 кесте – Эндогенді айнымалылардың түсіндірілген дисперсиясы (R^2 және Adjusted R^2)

	R-square	R-square adjusted
GEA	0,015	0,007
GR	0,017	0,012
PV	0,052	0,048

Кестеде берілген R-square және adjusted R-square мәндері зерттеу моделіндегі эндогенді айнымалылар бойынша түсіндірілген дисперсияның деңгейін сипаттайды. Алынған нәтижелерге сәйкес, педагогикалық құндылықтар (PV) конструкциясының түсіндірілген дисперсиясы салыстырмалы түрде жоғары болып шықты (R^2 = 0.052). Бұл дәстүрлі гендерлік стереотиптердің педагогикалық құндылықтардың қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал ететінін аңғартады.

Білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясы (GR) бойынша алынған R^2 мәнінің төмен болуы (R^2 = 0.017) аталған айнымалының қалыптасуына модельде қамтылған факторлардан өзге әлеуметтік және мәдени ықпалдардың әсер ететінін көрсетеді. Мәселен, бұқаралық ақпарат құралдарында гендерлік рөлдердің берілу ерекшеліктері немесе отбасылық тәрбиенің сипаты бұл үдерісте маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Сол сияқты, гендерлік теңдікке қатысты көзқарас (GEA) бойынша да түсіндірілген дисперсия деңгейінің төмен болуы (R^2 = 0.015) гендерлік теңдік ұстанымдарының көпфакторлы сипатқа ие екенін аңғартады. Бұл ретте зерттеу шеңберіне енгізілмеген бірқатар әлеуметтік ықпалдар, атап айтқанда еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздік немесе діни факторлардың әсері, гендерлік теңдікке қатысты көзқарастардың қалыптасуына ықпал етуі ықтимал. Осыған байланысты модельдің түсіндіру мүмкіндігі шектеулі деп бағаланып, анықталған байланыстар гендерлік ұстанымдардың қалыптасуын толық түсіндірмейді.

Жалпы алғанда, алынған R^2 көрсеткіштері білім беру мазмұны мен педагогикалық құндылықтардың гендерлік көзқарастарды толық көлемде емес, ішінара түсіндіретінін көрсетеді және бұл құбылысты кең әлеуметтік-мәдени контекст аясында кешенді түрде қарастыру қажеттігін негіздейді. (Сурет 3)



3 сурет – Құрылымдық модельдің Bootstrapping нәтижелері: жол коэффициенттері мен маңыздылық деңгейлері (PLS-SEM)

Құрылымдық модельдің статистикалық маңыздылығын бағалау мақсатында 5000 қайта іріктеуге негізделген bootstrapping процедурасы қолданылды. Алынған нәтижелер дәстүрлі гендерлік стереотиптердің (TGS) білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясына оң және статистикалық тұрғыда мәнді ықпал ететінін көрсетті (β = 0.313). Бұл дәстүрлі гендерлік түсініктердің оқу материалдарында ұсынылатын рөлдік бейнелердің қалыптасуында маңызды факторлардың бірі екенін айқындайды.

Сонымен қатар педагогикалық құндылықтардың (PV) гендерлік теңдікке қатысты көзқарасқа (GEA) әсері жоғары әрі статистикалық тұрғыда мәнді болып шықты (β = 0.572). Аталған нәтиже гендерлік сезімтал педагогикалық құндылықтардың білім беру үдерісінде гендерлік теңдікке бағытталған көзқарастарды қалыптастыру мен нығайтуда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясының гендерлік теңдікке қатысты көзқарасқа ықпалы да оң бағытта әрі статистикалық тұрғыда мәнді болып анықталды (β = 0.571). Бұл нәтиже оқу материалдарында ұсынылатын теңгерімді гендерлік бейнелердің респонденттердің гендерлік теңдікке қатысты ұстанымдарын қалыптастыруға елеулі ықпал ететінін көрсетеді.

Ал дәстүрлі гендерлік стереотиптер мен педагогикалық құндылықтар арасындағы байланыс өте әлсіз деңгейде байқалды (β = 0.004). Мұндай нәтиже педагогикалық құндылықтардың қалыптасуы тек дәстүрлі гендерлік стереотиптермен ғана шектелмей, сонымен қатар институционалдық орта, кәсіби даярлық және педагогикалық тәжірибе сияқты өзге де факторлармен айқындалатынын аңғартады.

Жалпы алғанда, bootstrapping нәтижелері ұсынылған құрылымдық модельдің негізгі бағыттары бойынша гипотезалардың басым бөлігінің эмпирикалық тұрғыда расталғанын және білім беру мазмұны мен педагогикалық құндылықтардың гендерлік теңдікке қатысты көзқарастарды қалыптастырудағы өзара байланысын дәлелдейтінін көрсетеді. (Сурет 4)



4 сурет – GR → GEA жолы бойынша Bootstrapping коэффициенттерінің таралу гистограммасы

Суретте білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясы (GR) мен гендерлік теңдікке қатысты көзқарас (GEA) арасындағы байланысты сипаттайтын жол коэффициенттерінің bootstrapping әдісі арқылы алынған таралуы ұсынылған. Гистограмма коэффициенттердің басым бөлігі оң мәндер аймағында шоғырланғанын және олардың таралуы қалыпты үлгіге жақын екенін көрсетеді.

Аталған нәтиже GR → GEA бағыты бойынша анықталған байланыстың тұрақты сипатқа ие екенін және модельде тіркелген оң әсердің кездейсоқ емес екенін айқындайды. Коэффициенттердің нөлден жоғары аймақта жинақталуы білім беру мазмұнында гендерлік тұрғыдан теңгерімді рөлдердің ұсынылуы респонденттердің гендерлік теңдікке қатысты көзқарастарын күшейтетінін эмпирикалық тұрғыда растайды. Құрылымдық жолдардың қорытынды коэффициенттері SmartPLS 4 бағдарламасындағы bootstrapping нәтижелерінің Original Sample (O) мәндері негізінде пайдаланылды. Мақаладағы барлық β коэффициенттері осы нәтижелермен біріздендірілді.

Осылайша, bootstrapping таралуының сипаты құрылымдық модель негізінде алынған нәтижелердің сенімділігін арттырып, білім беру мазмұнының гендерлік теңдікке қатысты көзқарастарды қалыптастырудағы маңызды рөлін дәлелдей түседі.

Қорытынды. Бұл зерттеу білім беру мазмұнындағы гендерлік рөлдердің репрезентациясын құрылымдық теңдеулер моделін (PLS-SEM) қолдану арқылы талдап, гендерлік стереотиптер, педагогикалық құндылықтар және гендерлік теңдікке қатысты көзқарастар арасындағы өзара байланыстарды кешенді түрде ашып көрсетті. Зерттеу нәтижелері қоғамда орныққан дәстүрлі гендерлік ұстанымдардың білім беру мазмұны мен педагогикалық құндылықтарға тікелей және жанама ықпал етіп, соның нәтижесінде гендерлік теңдікке қатысты көзқарастардың қалыптасуына әсер ететінін айқындады.

Атап айтқанда, дәстүрлі гендерлік стереотиптердің педагогикалық құндылықтарға теріс әсер етуі білім беру үдерісінде гендерлік бейтарап және инклюзивті тәсілдерді енгізудің күрделілігін көрсетеді. Сонымен қатар оқу материалдарындағы гендерлік бейнелер мен педагогикалық құндылықтардың гендерлік теңдікке қатысты көзқарастарды қалыптастырудағы маңызын айқындайтын эмпирикалық деректер білім беру жүйесінің әлеуметтендіру функциясын жүзеге асыратын маңызды әлеуметтік институт екенін дәлелдейді. Bootstrapping әдісі арқылы алынған нәтижелер құрылымдық модельдегі негізгі жолдардың статистикалық тұрғыда мәнді екенін көрсетіп, анықталған байланыстардың кездейсоқ сипатқа ие еместігін растады.

Сонымен бірге эндогенді айнымалылар бойынша алынған R^2 көрсеткіштерінің төмен деңгейі гендерлік ұстанымдар мен репрезентациялардың қалыптасуына зерттеуде қамтылған факторлармен қатар өзге де әлеуметтік-мәдени, институционалдық және медиалық ықпалдардың әсер ететінін көрсетеді. Бұл жағдай гендерлік теңдік мәселесін білім беру мазмұнымен шектемей, оны кең әлеуметтік контекст аясында қарастыру қажеттігін негіздейді. Зерттеудің шектеулерінің бірі – білім беру мазмұнындағы гендерлік репрезентацияның респонденттердің субъективті қабылдауы арқылы бағалануы. Зерттеуде оқулықтар мен оқу материалдарына тікелей контент-талдау жүргізілмегендіктен, алынған нәтижелер білім мазмұнының объективті сипаттамасы ретінде емес, қатысушылардың қабылдауы тұрғысынан интерпретациялануы қажет. Осыған байланысты болашақ зерттеулерде сапалық әдістерді, соның ішінде фокус-топтар мен тереңдетілген интервьюлерді қолдану, сондай-ақ аймақтық және мәдени ерекшеліктерді ескеретін салыстырмалы талдаулар жүргізу өзекті болып табылады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы білім беру жүйесіндегі гендерлік құрылымдардың жұмыс істеу тетіктерін модельдеу арқылы түсіндіруімен айқындалады. Ал практикалық тұрғыдан алынған нәтижелер оқу бағдарламалары мен оқулық мазмұнын жетілдіруге, педагогикалық практикада гендерлік теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге негіз бола алады. Атап айтқанда, оқу материалдарында теңгерімді гендерлік бейнелерді ұсыну, оқытушылардың гендерлік бейтарап тілді қолдануы және білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған гендерлік сезімтал педагогикалық тәсілдерді кеңінен енгізу білім беру үдерісінің инклюзивті сипатын күшейтеді. Практикалық тұрғыдан нәтижелер жоғары білім беру деңгейіндегі оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды гендерлік теңгерім тұрғысынан сараптауда, сондай-ақ оқытушылардың гендерлік сезімтал педагогикалық тәсілдерін жетілдіруде қолданылуы мүмкін.

Осылайша, аталған зерттеу білім беру мазмұны мен гендерлік теңдік арасындағы өзара байланысты ғылыми тұрғыда негіздеп, болашақ эмпирикалық және қолданбалы зерттеулерге берік теориялық-әдіснамалық база қалыптастырады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды және «Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының гендерлік рөлдердің қалыптасуына мәдени құндылықтардың ықпалы: дәстүрлі және инновациялық көзқарастар» ғылыми жобасы аясында дайындалды. Грант AP26101317.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Demir S., Uşak M. Analyzing the implementation of PLS-SEM in educational technology research: a review of the past 10 years** [Text] / S. Demir, M. Uşak // Sage Open. – 2025. – Vol. 15. – Issue 2. – PP.1-23. DOI: https://doi.org/10.1177/21582440251345950.

2 **Lin H.-C., Lee M.-H., Liang J.-C., Chang H.-Y., Huang P., Tsai C.-C. A review of using partial least square structural equation modeling in e-learning research** [Text] / H.-C. Lin, M.-H. Lee, J.-C. Liang, H.-Y. Chang, P. Huang, C.-C. Tsai // British Journal of Educational Technology. – 2020. – Vol. 51. – Issue 4. – P. 1354-1372. DOI: https://doi.org/10.1111/bjet.12890.

3 **Romo-González J.R., Tarango J., Machin-Mastromatteo J.D. PLS SEM, a quantitative methodology to test theoretical models from library and information science** [Text] / J.R. Romo-González, J. Tarango, J.D. Machin-Mastromatteo // Information Development. – 2018. – Vol. 34. – Issue 5. – P. 526-531. DOI: https://doi.org/10.1177/0266666918795025.

4 **Meeuwisse M., Severiens S.E., Born M.Ph. Learning environment, interaction, sense of belonging and study success in ethnically diverse student groups** [Text] / M. Meeuwisse, S.E. Severiens, M.Ph. Born // Research in Higher Education. – 2010. – Vol. 51. – Issue 6. – P. 528-545. DOI: https://doi.org/10.1007/s11162-010-9168-1.

5 **Ling Y. Implicit gender inequality in secondary school textbooks under a Confucianism educational idea value** [Text] / Y. Ling // Proceedings of the 2nd International Conference on Education, Language and Art (ICELA 2022). – Paris: Atlantis Press, 2023. DOI: https://doi.org/10.2991/978-2-38476-004-6_59.

6 **Islam K.M.M., Asadullah M.N. Gender stereotypes and education: a comparative content analysis of Malaysian, Indonesian, Pakistani and Bangladeshi school textbooks** [Text] / K.M.M. Islam, M.N. Asadullah // PLOS ONE. – 2018. – Vol. 13. – Issue 1. – Article e0190807. DOI: https://doi.org/10.1371/journal.pone.0190807.

7 **Nandi A., Halder T., Das T. Meta-analysis study: gender stereotypes and bias in school education textbooks** [Text] / A. Nandi, T. Halder, T. Das // Journal of Multidisciplinary Research and Development. – 2024. – Vol. 1. – Issue 2. – P. 144-152. DOI: https://doi.org/10.56916/jmrd.v1i2.910.

8 **Banegas D.L., Jacovkis L.G., Romiti A. A gender perspective in initial English language teacher education: an Argentinian experience** [Text] / D.L. Banegas, L.G. Jacovkis, A. Romiti // Sexuality & Culture. – 2020. – Vol. 24. – Issue 1. – P. 1-22. DOI: https://doi.org/10.1007/s12119-019-09604-8.

9 **Muafiah E., Susanto S., Warsah I., Puspitasari D., Puspita A. Implementation and problems of education based on gender equality, disability, and social inclusion at schools in Indonesia** [Text] / E. Muafiah, S. Susanto, I. Warsah, D. Puspitasari, A. Puspita // International Journal of Sociology of Education. – 2025. DOI: https://doi.org/10.17583/rise.14279.

10 **Hsu T.-C., Chang Y.-S., Chen M.-S., Tsai I.-F., Yu C.-H. A validity and reliability study of the formative model for the indicators of STEAM education creations** [Text] / T.-C. Hsu, Y.-S. Chang, M.-S. Chen, I.-F. Tsai, C.-H. Yu // Education and Information Technologies. – 2023. – Vol. 28. – Issue 7. – P. 8855-8878. DOI: https://doi.org/10.1007/s10639-022-11412-x.

11 **Mulyono H., Hikmat A. Teachers' perceptions of gender stereotypes in EFL secondary textbooks** [Text] / H. Mulyono, A. Hikmat // Pegem Journal of Education and Instruction. – 2023. – Vol. 13. – Issue 1. DOI: https://doi.org/10.47750/pegegog.13.01.22.

12 **Ekowati D., Noni N., Atmowardoyo H. An analysis on gender representation in Cambridge Checkpoint English coursebook** [Text] / D. Ekowati, N. Noni, H. Atmowardoyo // Celebes Journal of Language Studies. – 2021. – Vol. 1. – Issue 1. – P. 88-101. DOI: https://doi.org/10.51629/cjls.v1i1.40.

13 **Yeoh H., Cheong H. What do the children and teachers say?: voices on gender stereotyping in children's literature for Malaysian ESL classrooms** [Text] / H. Yeoh, H. Cheong // Review of Education. – 2023. – Vol. 11. – Issue 3. – Article e3427. DOI: https://doi.org/10.1002/rev3.3427.

14 **Wilfitri E., Suganda S.P. Teacher voices of gender representation in EFL textbook: a case study in a senior high school** [Text] / E. Wilfitri, S.P. Suganda // Lingua Didaktika: Jurnal Bahasa dan Pembelajaran Bahasa. – 2023. – Vol. 17. – Issue 2. – P. 157-171. DOI: https://doi.org/10.24036/ld.v17i2. 126204.

15 **Vázquez-Parra J.C., Henao-Rodriguez L.C., Lis-Gutiérrez J.P., Castillo-Martínez I.M., Suarez-Brito P. eComplexity: validation of a complex thinking instrument from a structural equation model** [Text] / J. Parra, L. Henao-Rodriguez, J. Lis-Gutiérrez, I. Castillo-Martínez, P. Suárez-Brito // Frontiers in Education. – 2024. – Vol. 9. – Article 1334834. DOI: https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1334834.

REFERENCES:

1 **Demir S., Uşak M. Analyzing the implementation of PLS-SEM in educational technology research: a review of the past 10 years.** *Sage Open*, 2025, vol. 15, iss. 2, pp. 1-23. https://doi.org/10.1177/21582440251345950.

2 **Lin H.-C., Lee M.-H., Liang J.-C., Chang H.-Y., Huang P., Tsai C.-C. A review of using partial least square structural equation modeling in e-learning research.** *British Journal of Educational Technology*, 2020, vol. 51, iss. 4, pp. 1354-1372. https://doi.org/10.1111/bjet.12890.

3 **Romo-González J.R., Tarango J., Machin-Mastromatteo J.D. PLS SEM, a quantitative methodology to test theoretical models from library and information science.** *Information Development*, 2018, vol. 34, iss. 5, pp. 526-531. https://doi.org/10.1177/0266666918795025.

4 **Meeuwisse M., Severiens S.E., Born M.Ph. Learning environment, interaction, sense of belonging and study success in ethnically diverse student groups.** *Research in Higher Education*, 2010, vol. 51, iss. 6, pp. 528-545. https://doi.org/10.1007/s11162-010-9168-1.

5 **Ling Y. Implicit gender inequality in secondary school textbooks under a Confucianism educational idea value.** *Proceedings of the 2nd International Conference on Education, Language and Art (ICELA 2022),* Paris, Atlantis Press, 2023, pp. 475-485. https://doi.org/10.2991/978-2-38476-004-6_59.

6 **Islam K.M.M., Asadullah M.N. Gender stereotypes and education: a comparative content analysis of Malaysian, Indonesian, Pakistani and Bangladeshi school textbooks.** *PLOS ONE*, 2018, vol. 13, iss. 1, art. e0190807. DOI: https://doi.org/10.1371/journal.pone.0190807.

7 **Nandi A., Halder T., Das T. Meta-analysis study: gender stereotypes and bias in school education textbooks.** *Journal of Multidisciplinary Research and Development*, 2024, vol. 1, iss. 2, pp. 144-152. https://doi.org/10.56916/jmrd.v1i2.910.

8 **Banegas D.L., Jacovkis L.G., Romiti A. A gender perspective in initial English language teacher education: an Argentinian experience.** *Sexuality & Culture*, 2020, vol. 24, iss. 1, pp. 1-22. https://doi.org/10.1007/s12119-019-09604-8.

9 **Muafiah E., Susanto S., Warsah I., Puspitasari D., Puspita A. Implementation and problems of education based on gender equality, disability, and social inclusion at schools in Indonesia.** *International Journal of Sociology of Education*, 2025, pp. 1-20. https://doi.org/10.17583/rise.14279.

10 **Hsu T.-C., Chang Y.-S., Chen M.-S., Tsai I.-F., Yu C.-H. A validity and reliability study of the formative model for the indicators of STEAM education creations.** *Education and Information Technologies,* 2023, vol. 28, iss. 7, pp. 8855-8878. https://doi.org/10.1007/s10639-022-11412-x.

11 **Mulyono H., Hikmat A. Teachers' perceptions of gender stereotypes in EFL secondary textbooks.** *Pegem Journal of Education and Instruction*, 2023, vol. 13, iss. 1. https://doi.org/10.47750/pegegog.13.01.22.

12 **Ekowati D., Noni N., Atmowardoyo H. An analysis on gender representation in Cambridge Checkpoint English coursebook.** *Celebes Journal of Language Studies*, 2021, vol. 1, iss. 1, pp. 88-101. https://doi.org/10.51629/cjls.v1i1.40.

13 **Yeoh H., Cheong H. What do the children and teachers say?: voices on gender stereotyping in children's literature for Malaysian ESL classrooms.** *Review of Education*, 2023, vol. 11, iss. 3, art. e3427. https://doi.org/10.1002/rev3.3427.

14 **Wilfitri E., Suganda S.P. Teacher voices of gender representation in EFL textbook: a case study in a senior high school.** *Lingua Didaktika: Jurnal Bahasa dan Pembelajaran Bahasa*, 2023, vol. 17, iss. 2, pp. 157-171. https://doi.org/10.24036/ld.v17i2.126204.

15 **Vázquez-Parra J.C., Henao-Rodriguez L.C., Lis-Gutiérrez J.P., Castillo-Martínez I.M., Suarez-Brito P. eComplexity: validation of a complex thinking instrument from a structural equation model.** *Frontiers in Education*, 2024, vol. 9, art. 1334834. https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1334834.

Жіберілген күні: 25 маусым 2026 ж. **Қабылданған күні:** 10 тамыз 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәлімет:

Жүзеев Серікхан Әлханұлы – PhD, «Қазақ тілі, әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының жетекшісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Әйтеке би көш, 29А, тел.: 8-778-313-55-04, e-mail: serik_juzeev@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6552-9584.*

Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы – PhD, «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» секциясының жетекшісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Әйтеке би көш, 29А, тел.: 8-777-611-00-82, e-mail: abikenovkz@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-7950-330X.

Абуова Айнагүл Сакеновна – педагогика ғылымдарының магистрі, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Әйтеке би көш, 29А, тел.: 8-705- 263-01-83, e-mail: aina_saken75@email.ru, https://orcid.org/0000-0001-9328-5305.

Жайлауова Манат Кеңесқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының доценті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы 120000, Қызылорда қ., Әйтеке би көш, 29А, тел.: 8-775-516-93-13, e-mail: mzhailauova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7909-8201.

Жузеев Серикхан Альханович – PhD, руководитель образовательной программы «Казахский язык, литература и журналистика», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 8-701-778-31-55-04, e-mail: serik_juzeev@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6552-9584.*

Абикенов Жаркынбек Оралбекович – PhD, руководитель секции «Философия и социально-гуманитарные дисциплины», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 8-777-611-00-82, e-mail: abikenovkz@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-7950-330X.

Абуова Айнагуль Сакеновна – магистр педагогических наук, старший преподаватель образовательной программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 8-705-263-01-83, e-mail: aina_saken75@email.ru, https://orcid.org/0000-0001-9328-5305.

Жайлауова Манат Кенесовна – кандидат педагогических наук, доцент образовательной программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 8-775-516-93-13, e-mail: mzhailauova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7909-8201.

Zhuzeyev Serikkhan – PhD, Head of the "Kazakh Language, Literature and Journalism" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 29A Aiteke Bi Str., tel.: +7-778-31-55-04, e-mail: serik_juzeev@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6552-9584.*

Abikenov Zharkynbek Oralbekovich – PhD, Head of the "Philosophy and Social and Humanitarian Disciplines" section, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 29A Aiteke Bi Str., tel.: +7-777-611-00-82, e-mail: abikenovkz@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-7950-330X.

Abuova Ainagul Sakenovna – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, "Pedagogy, Psychology and Methods of Primary Education" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of

Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 29A Aiteke Bi Str., tel.: +7-705-263-01-83, e-mail: aina_saken75@email.ru, https://orcid.org/0000-0001-9328-5305.

Zhailauova Manat Kenessovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, "Pedagogy, Psychology and Methods of Primary Education" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 29A Aiteke Bi Str., tel.: +7-775-516-93-13, e-mail: mzhailauova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7909-8201.

IRSTI 14.01.21
UDC 373.1
https://doi.org/10.52269/SEPT2632106

FEATURES OF THE PEDAGOGICAL IMPLEMENTATION OF THE COURSE "NETWORK TECHNOLOGIES" AND ITS EFFECT ON STUDENTS OF NAZARBAYEV INTELLECTUAL SCHOOL OF ASTANA

Zulpykhar Zh.Ye. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Serikbayeva A.R. – PhD student, Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.*

Sirozhiddinova I.M. – PhD, Associate Professor, Andijan Engineering Institute, Andijan, Republic of Uzbekistan.

The development of the digital educational environment and the widespread introduction of network and communication technologies into the secondary education system raise the issue of the adoption of specialized IT courses by students. Despite the high level of technical fit-out and the innovative status of Nazarbayev Intellectual Schools, the willingness of students to accept and actively master the course "Network Technologies", as well as the factors influencing this process, require additional scientific analysis. This study is aimed at identifying the factors determining the intention of students of Nazarbayev Intellectual School of Astana to accept and use the knowledge and practical tools of the course "Network Technologies". The study was performed within the framework of a modified Technology Acceptance Model (TAM) supplemented by social and motivational variables. The study employs a quantitative approach. The respondents were selected using a targeted sampling method. An online survey was conducted among students of Nazarbayev Intellectual School of Astana who were currently studying or had previously completed the "Network Technologies" course. The data was processed using the SPSS package and the structural equation modeling (SEM) method. The study results showed that social influence, perceived usefulness of the course and perceived enjoyment have a statistically significant impact on the intention of students to take and master the course "Network Technologies". It has been established that social influence indirectly influences intention through perceived usefulness. At the same time, the perceived ease of learning the course did not demonstrate a significant direct impact on the intention of its adoption. The results obtained emphasize the significant role of pedagogical support and the educational environment in the process of adopting the course "Network Technologies" by students, and also indicate the need to improve teaching methods and practice-oriented course content.

Keywords: *network technologies, technology acceptance model (TAM), social influence, perceived usefulness, perceived enjoyment of learning, secondary education, pedagogical support, structural equation modeling (SEM).*

«ЖЕЛІЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР» КУРСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕНГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫНА ӘСЕРІ

Зулпыхар Ж.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Серікбаева А.Р. – PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.*

Сирожиддинова И.М. – PhD, қауымдастырылған профессор, Андижан машина жасау институты, Андижан қ., Өзбекстан Республикасы.

Цифрлық білім беру ортасын дамыту және орта білім беру жүйесіне желілік және коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу білім алушылардың мамандандырылған IT курстарын қабылдау проблемасын өзектендіреді. Техникалық жарақтандырудың жоғары деңгейіне және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің инновациялық мәртебесіне қарамастан, оқушылардың "Желілік технологиялар" курсын қабылдауға және белсенді игеруге дайындығы, сондай-ақ осы процеске әсер ететін факторлар қосымша ғылыми талдауды талап етеді. Осы зерттеу Астана қаласының

Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының "Желілік технологиялар" курсының білімі мен практикалық құралдарын қабылдау және пайдалану ниетін айқындайтын факторларды анықтауға бағытталған. Зерттеу әлеуметтік және мотивациялық айнымалылармен толықтырылған технологияларды қабылдаудың өзгертілген моделі (Technology Acceptance Model, TAM) шеңберінде орындалды. Зерттеу барысында сандық тәсіл қолданылды. Респонденттерді іріктеу мақсатты іріктеу әдісімен жүзеге асырылды. Онлайн-сауалнама Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің "Желілік технологиялар"курсын оқып жатқан немесе бұрын оқыған оқушылары арасында жүргізілді. Деректерді өңдеу SPSS пакетін және құрылымдық модельдеу әдісін (SEM) қолдану арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік әсер, курстың қабылданған пайдалылығы және оқудан алынатын жағымды әсер оқушылардың "Желілік технологиялар"курсын қабылдау және меңгеру ниетіне статистикалық маңызды әсер ететінін көрсетті. Әлеуметтік әсер қабылданған пайдалылық ниетке жанама әсер ететіні анықталды. Сонымен қатар, курсты игерудің қарапайымдылығы оны қабылдау ниетіне тікелей әсер етпеді. Алынған нәтижелер оқушылардың "Желілік технологиялар" курсын қабылдау процесінде педагогикалық қолдау мен білім беру ортасының маңызды рөлін көрсетеді, сондай-ақ оқыту әдістемесін және курстың тәжірибеге бағытталған мазмұнын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: *желілік технологиялар, технологияларды қабылдау моделі (TAM), әлеуметтік әсер, қабылданған пайдалылық, оқудан алынатын жағымды әсер, орта білім беру, педагогикалық қолдау, құрылымдық модельдеу (SEM)*

ОСОБЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВНЕДРЕНИЯ КУРСА «СЕТЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА УЧАЩИХСЯ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА АСТАНЫ

Зулпыхар Ж.Е. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, заведующий кафедрой информатики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Серікбаева А.Р. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.*

Сирожиддинова И.М. – PhD, ассоциированный профессор, Андижанский машиностроительный институт, г. Андижан, Республика Узбекстан.

Развитие цифровой образовательной среды и широкое внедрение сетевых и коммуникационных технологий в систему среднего образования актуализируют проблему принятия специализированных ИТ-курсов обучающимися. Несмотря на высокий уровень технического оснащения и инновационный статус Назарбаев Интеллектуальных школ, готовность учащихся к принятию и активному освоению курса «Сетевые технологии», а также факторы, влияющие на данный процесс, требуют дополнительного научного анализа. Настоящее исследование направлено на выявление факторов, определяющих намерение учащихся Назарбаев Интеллектуальной школы города Астаны принимать и использовать знания и практические инструменты курса «Сетевые технологии». Исследование выполнено в рамках модифицированной модели принятия технологий (Technology Acceptance Model, TAM), дополненной социальными и мотивационными переменными. В ходе исследования был применён количественный подход. Отбор респондентов осуществлялся методом целенаправленной выборки. Онлайн-анкетирование проведено среди учащихся Назарбаев Интеллектуальной школы города Астаны, изучающих или изучавших курс «Сетевые технологии». Обработка данных осуществлялась с использованием пакета SPSS и метода структурного моделирования (SEM). Результаты исследования показали, что социальное влияние, воспринимаемая полезность курса и воспринимаемое удовольствие от обучения оказывают статистически значимое влияние на намерение учащихся принимать и осваивать курс «Сетевые технологии». Установлено, что социальное влияние опосредованно воздействует на намерение через воспринимаемую полезность. При этом воспринимаемая простота освоения курса не продемонстрировала значимого прямого влияния на намерение его принятия. Полученные результаты подчёркивают значимую роль педагогического сопровождения и образовательной среды в процессе изучения учащимися курса «Сетевые технологии», а также указывают на необходимость совершенствования методики преподавания и практико-ориентированного содержания курса.

Ключевые слова: *сетевые технологии, модель принятия технологий (TAM), социальное влияние, воспринимаемая полезность, воспринимаемое удовольствие от обучения, среднее образование, педагогическое сопровождение, структурное моделирование (SEM).*

Introduction. The rapid development of digital technologies and network infrastructure in recent years has significantly transformed the secondary education system. According to international analytical reports, the use of digital and network technologies is becoming an integral part of the educational process, especially in schools with an in-depth academic and technological focus. In this context, the role of courses

aimed at developing students' modern ICT competencies, including understanding the principles of computer networks and network services, is increasing.

In Kazakhstan, one of the examples of an innovative educational environment is Nazarbayev Intellectual Schools (NIS), where special attention is paid to the introduction of modern technologies and updating the content of academic disciplines. The course "Network Technologies" is considered as an important component of preparing students for further education and professional activity in the digital economy. However, despite the availability of a modern material and technical base and updated educational programs, the degree of acceptance of this course by students, as well as the factors influencing their willingness to actively master the content and practical aspects of the discipline, remain insufficiently studied.

Compared to traditional academic subjects, the course "Network Technologies" is characterized by a high degree of abstraction, reliance on technical concepts and the need to apply practice-oriented teaching methods. This requires students not only to have a certain level of digital training, but also to have a positive attitude towards using online tools, laboratory work, and digital educational resources. Therefore, the acceptance of a course by students depends not only on its content, but also on perceived usefulness, accessibility, interest, and pedagogical support.

Despite the active introduction of digital technologies into the educational process of Nazarbayev Intellectual School (NIS), practice shows that not all students equally demonstrate their readiness to master the course "Network Technologies". A significant role in this process is played by the pedagogical factor, including teaching methods, the level of methodological support and the influence of the teacher as a significant social subject of the educational environment. Insufficient focus on the practical application of knowledge or limited use of interactive and project-based forms of work can reduce students' motivation and their intention to actively participate in the course.

An analysis of scientific research shows that in the context of secondary education in Kazakhstan, there is an extremely limited number of papers devoted to the study of the adoption of ICT-oriented training courses from the perspective of technology adoption models. In particular, factors such as social influence, perceived usefulness of the course, and perceived enjoyment are not sufficiently integrated into the analytical models used to assess students' attitudes toward technology-oriented courses. This is especially true for Nazarbayev Intellectual Schools, where the educational environment is characterized by a high intensity of innovation and expectations from students.

In this regard, this study is aimed at studying the features of the adoption of the course "Network Technologies" by students of the Nazarbayev Intellectual School of Astana on the basis of a modified technology adoption model. Special attention is paid to the analysis of the role of social influence, primarily from teachers, as well as the interaction of this factor with the key components of the acceptance model that determine the intention of students to master the course. The results of the study will expand the understanding of the socio-pedagogical mechanisms of adopting ICT courses in the secondary education system and will contribute to improving the teaching methods of the course "Network Technologies".

The research aims to answer the following research questions:

− What factors influence the intention of students of Nazarbayev Intellectual School of Astana to take and master the course "Network Technologies"?

− How does social influence, including the influence of the teacher, affect the acceptance of the course "Network Technologies" by students?

Literature review. Considering that the course "Network Technologies" is considered as an innovative component of school ICT education, this study uses the Technology Acceptance Model (TAM) as a theoretical basis. The TAM model proposed by Taherdoost [1] is based on the theory of rational behavior and aims to explain the factors determining the adoption and use of information technology. Within the framework of this model, it is assumed that cognitive beliefs, attitudes, behavioral intentions and external factors make it possible to predict users' attitudes towards new technologies and educational innovations [2].

The classical TAM model includes two key determinants of technology adoption: perceived usefulness (UF), which reflects the user's degree of belief that using technology contributes to business efficiency, and perceived ease of use (EOU), defined as the degree to which technology is perceived as understandable and not it requires significant efforts to master [3]. According to Li [4], it is these two factors that have a decisive influence on the formation of behavioral intentions and the adoption of technology. Numerous studies confirm the validity and universality of TAM, including in the field of education and training using digital technologies [5], [6].

With the development of the digital educational environment, the TAM model has been expanded to include additional factors that allow for more comprehensive consideration of the motivational and social aspects of technology adoption. One of these factors is perceived enjoyment (PEEN), which is defined as the degree to which the use of technology is perceived as an interesting and exciting process, regardless of its direct learning or functional results. A number of studies confirm that PEEN has a significant positive impact on the adoption of educational technologies and the formation of intentions for their use [7]–[9].

Another important extension of the TAM model is the social influence factor (SI), originally formulated in the theory of informed action as a "subjective norm". In subsequent studies, this factor was integrated into TAM and proved its importance in the context of educational innovation [10], [11]. Social influence reflects

Осылайша, қарастырылған теорияларды салыстырмалы талдау олардың бірін-бірі жоққа шығармай, керісінше толықтыратынын көрсетеді. Соссюр тілдің құрылымдық негізін айқындаса, Бахтин сөйлеудің әлеуметтік-диалогтік табиғатын ашады, ал Выготский оны тұлғаның ішкі дамуының тетігі ретінде түсіндіреді. Қазіргі зерттеулер бұл жүйеге жаңа – цифрлық өлшемді қосады. Осы талдау

негізінде сөйлеу мәдениетін келесі түрде анықтауға болады: ол – тілдің құрылымдық нормаларына сүйене отырып, әлеуметтік-диалогтік қарым-қатынас барысында жүзеге асатын және тұлғаның ішкі психологиялық дамуы мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін көпқырлы әрекет.

Мақсат, міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – оқушының сөзсаптамын дамытудың әлеуметтік мәнін айқындау және тілдік дамудың тұлғаның қоғамдағы әлеуетіне әсерін талдау.

Зерттеудің міндеттері төмендегідей:

- Оқушылардың қазіргі тілдік мәдениетінің жағдайын сипаттау;
- Сөзсаптам мен әлеуметтік бейімделу арасындағы өзара байланысты анықтау;
- Оқушының сөйлеу дағдыларын жетілдірудің тиімді педагогикалық тәсілдерін ұсыну.

Бұл зерттеу нәтижелері оқушының тілдік және коммуникативтік қабілеттерін дамыту арқылы оның әлеуметтік белсенділігін, мәдени санасын және тұлғалық жауапкершілігін арттырудың маңызын негіздеуге бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу жұмысы 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жалпы білім беретін мектептің 10-сыныптарында жүргізілді. Бірінші сынып – эксперименттік топ болып анықталса, екінші сынып бақылау тобын құрады. Зерттеуге қатысушылардың барлығы қазақ тілінде білім алатын, орта әлеуметтік ортадан шыққан жасөспірімдер. Бұл жас кезеңі тұлғалық өзін-өзі тану, әлеуметтік рөлдерді меңгеру және жеке көзқарастың қалыптасу үдерісімен сипатталады. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениетін зерттеу әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан ерекше өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының сөз мәдениеті мен сөйлеу дағдыларының әлеуметтік-психологиялық даму деңгейін анықтап, тілдік белсенділіктің тұлғаның әлеуметтік қалыптасуындағы орнын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін келесі әдістер кешені қолданылды: бақылау, әңгімелесу, жазбаша және ауызша жұмыстарды талдау, салыстырмалы және контент-талдау әдістері.

1. Педагогикалық бақылау әдісі. Бақылау оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде – қазақ тілі, әдебиет, тарих пәндері сабақтарында, пікірталас және жобалық сабақтарда жүргізілді. Әр оқушының сөйлеу белсенділігі, пікір айту жиілігі, логикалық дәлел келтіру қабілеті, топтағы өзара тілдесім мәдениеті және эмоциялық тұрақтылығы жүйелі түрде тіркеліп отырды.

Бақылау үш ай бойы жүргізіліп, әр оқушы бойынша жеке бақылау карталары толтырылды. Карталарда келесі параметрлер белгіленді: сөйлесу бастамасын өздігінен көтеруі; сұрақ қою және оған жауап беру дағдысы; көпшілік алдында сөйлеудегі еркіндігі; эмоциялық-экспрессивтік реңкті қолдануы; тілдік құралдарды мақсатқа сай таңдай білуі.

2. Жазбаша және ауызша жұмыстарды талдау. Оқушылардың жазбаша жұмыстарына (шығарма, эссе, пікір мәтіндері) және ауызша тапсырмаларына (презентация, диалог, пікірталас) кешенді талдау жүргізілді.

Бағалау келесі өлшемдер бойынша жүзеге асты: сөйлем құрылысының күрделілігі мен жүйелілігі; логикалық байланыстардың болуы; лексикалық байлық пен бейнелілік деңгейі; грамматикалық және стилистикалық сауаттылық.

Сонымен қатар, ауызша сөйлеу барысында оқушылардың вербалды емес мінез-құлық элементтері – дауыс ырғағы, ым-ишара, көзқарас және сенімділік деңгейі де ескерілді. Бұл тәсіл сөйлеу әрекетінің әлеуметтік және психологиялық қырларын толық қамтуға мүмкіндік берді.

3. Әңгімелесу әдісі. Зерттеу барысында оқушылармен жеке және шағын топтық сұхбаттар ұйымдастырылды. Сұхбаттың негізгі мақсаты – сөйлеу мәдениетінің ішкі уәжін, коммуникативтік өзіндік бағасын және көпшілікпен қарым-қатынасқа деген көзқарасын анықтау.

Мысалы, келесі сұрақтар қолданылды:

«Сен үшін өз пікіріңді көпшілік алдында айту нені білдіреді?»

«Диалог барысында өз ойыңды дәлелдеуде қандай қиындықтарға кездесесің?»

«Сенің ойыңша, жақсы сөйлеу – адамның қандай қасиетін көрсетеді?»

Бұл сұхбаттар оқушылардың тілдік және тұлғалық рефлексиясын, әлеуметтік ортада өзін көрсету қабілетін зерттеуге мүмкіндік берді.

4. Сөйлеу деңгейін анықтау әдістемесі. Жиналған мәліметтер негізінде оқушылардың сөйлеу деңгейі үш топқа жіктелді (1-кесте):

1 кесте – Оқушылардың сөйлеу деңгейлері

Деңгей	Сипаттамасы	Оқушылардың үлесі
Жоғары деңгей	Ойды жүйелі, логикалық, дәлелмен жеткізеді; сөздік қоры бай; қоғамдық тақырыптарда еркін пікір айтады.	25% (5 оқушы)
Орта деңгей	Тақырыпқа байланысты еркін сөйлейді, бірақ күрделі ұғымдарда логикалық байланыс әлсірейді; стиль біртектілігі жетіспейді.	55% (11 оқушы)
Төмен деңгей	Сөйлеу қысқа, үзік-үзік; сөздік қоры шектеулі; көпшілік алдында сөйлеуден қысылу байқалады.	20% (4 оқушы)

Бұл деңгейлер педагогикалық бақылау, жазбаша және ауызша талдау нәтижелеріне сүйене отырып анықталды. Барлық жинақталған материалдарға мазмұндық талдау жүргізіліп, оқушылардың сөйлеуіндегі негізгі қиындықтар мен әлеуметтік факторлардың ықпалы айқындалды. Көптеген оқушыларда келесі мәселелер жиі байқалды: ойды дәл жеткізуде логикалық тізбектіліктің әлсіздігі; сөйлеуде эмоциялық бояудың жеткіліксіздігі; өз ойын қорғау барысында сенімсіздік.

Зерттеу барысында қолданылған көрсеткіштерді бағалау мақсатында нақты критерийлер мен шкалалар енгізілді. Педагогикалық бақылау кезінде әр оқушының сөйлеу белсенділігі, диалогқа қатысуы, логикалық дәлел келтіруі, көпшілік алдында сөйлеу еркіндігі және эмоциялық-экспрессивтік реңкті қолдануы 3 балдық шкала бойынша бағаланды (1 – төмен деңгей, 2 – орта деңгей, 3 – жоғары деңгей).

Жазбаша және ауызша жұмыстарды талдау барысында мазмұндық толықтық, логикалық жүйелілік, лексикалық байлық, грамматикалық сауаттылық және тілдік әсерлілік критерийлері қолданылып, әр көрсеткіш 0–2 балл аралығында бағаланды. Жалпы нәтиже интегралды көрсеткіш ретінде есептелді.

Зерттеу дизайнын қамтамасыз ету мақсатында эксперименттік және бақылау топтары бірдей оқу жағдайлары (оқу бағдарламасы, тілдік орта, жас ерекшелігі) негізінде іріктелді. Зерттеудің бастапқы кезеңінде екі топтың сөйлеу деңгейі диагностикалық тапсырмалар арқылы анықталып, олардың бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы теңдігі тексерілді. Алынған нәтижелердің сенімділігін арттыру үшін әртүрлі әдістерді үйлестіру (педагогикалық бақылау, жұмыстарды талдау, әңгімелесу) тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл деректерді өзара тексеруге және зерттеу нәтижелерінің валидтілігі мен қайталанымдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Зерттеуде қолданылған өлшеу құралдары (бақылау карталары, бағалау критерийлері және әңгімелесу сұрақтары) ғылыми-әдістемелік негіздерге сүйене отырып әзірленді. Аталған құралдар педагогика және психология ғылымдарында кеңінен қолданылатын сөйлеу әрекетін бағалау қағидаттарына (мазмұндық толықтық, логикалық жүйелілік, коммуникативтік белсенділік, рефлексия деңгейі) негізделді. Құралдардың мазмұндық валидтілігін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлері зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестендіріліп, өзара үйлестірілді. Сонымен қатар, қолданылған көрсеткіштер тілдік және коммуникативтік құзыреттілікті бағалауға бағытталған отандық және шетелдік зерттеулерде апробацияланған тәсілдерге сүйенді. Зерттеу барысында құралдардың сенімділігін арттыру мақсатында бірнеше әдіс қатар қолданылды: деректерді әртүрлі әдістер арқылы тексеру (бақылау, талдау, әңгімелесу), нәтижелерді салыстыру және қайталама бақылау жүргізу. Бұл тәсілдер алынған мәліметтердің тұрақтылығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Үш ай бойы жүргізілген педагогикалық бақылау барысында 10-сынып оқушыларының сөйлеу белсенділігі мен тілдесім дағдыларының айқын айырмашылықтары анықталды. Жинақталған мәліметтер оқушылардың сөйлеуге қатысу қарқыны, өз ойын білдірудегі дербестігі және тілдік ресурстарды қолдану сапасы бойынша талданды. Бақылау нәтижесінде эксперименттік сыныптағы оқушылардың 65%-ы сабақ барысында сөйлесу бастамасын өздігінен көтере алды, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 38% деңгейінде ғана болды. Бұл айырмашылық тілдесім әрекетіне негізделген оқыту әдістерінің оқушының ішкі уәжін арттыруда айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті.

Сұрақ қою және оған жауап беру белсенділігі бойынша да оң динамика байқалды. Эксперименттік топтағы оқушылардың көпшілігі сабақ барысында сұрақ қана қоймай, өзге оқушылардың жауабын толықтырып, пікір білдіру арқылы диалогқа еркін араласты. Бақылау сыныбында бұл әрекет көбіне мұғалімнің тікелей нұсқауынан кейін ғана жүзеге асты. Көпшілік алдында сөйлеу қабілеті де айтарлықтай артқан. Алғашқы айда эксперименттік топтың тек 35%-ы аудитория алдында еркін сөйлей алса, бақылаудың соңында бұл көрсеткіш 70%-ға дейін өсті. Көптеген оқушылар өз ойларын жүйелі жеткізіп, аргументтер келтіруде сенімділік танытты. Ал бақылау тобында сөйлеуден қысылу, көзбен байланыс орнатпау, дауыс қарқынының төмендігі сияқты белгілер жиі байқалды.

Эмоциялық-экспрессивтік реңкті қолдану деңгейі де маңызды көрсеткіш болды. Эксперименттік топтағы оқушылар сөйлеу кезінде эмоциялық әсерлілікті арттыру мақсатында салыстыру, теңеу, риторикалық сұрақтар сияқты көркемдік құралдарды қолдануға бейімделді. Мысалы, пікірталас барысында оқушылар: Бақылау сыныбында мұндай бейнелі қолданыстар сирек кездесті, сөйлеу негізінен ақпараттық сипатта болды. Тілдік құралдарды мақсатқа сай таңдай білу қабілеті де маңызды сапалық көрсеткіш ретінде бағаланды. Эксперименттік сыныптың 60%-ы өз ойын жеткізуде логикалық байланыстарды орнату үшін «сондықтан», «дегенмен», «өйткені», «себебі» сияқты дәнекер сөздерді орынды пайдаланды. Ал бақылау сыныбында бұл көрсеткіш небәрі 33%-ды құрады (2-кесте).

2 кесте – Педагогикалық бақылау нәтижелері (салыстырмалы талдау)

Бағалау критерийі	Эксперименттік сынып (%)	Бақылау сыныбы (%)
Сөйлесу бастамасын өздігінен көтеру	65	38
Сұрақ қою және диалогқа белсенді қатысу	72	46
Көпшілік алдында еркін сөйлеу	70	41
Эмоциялық-экспрессивтік реңкті қолдану	68	35
Тілдік құралдарды мақсатқа сай қолдану	60	33

Бақылау кезеңінің соңында эксперименттік сыныптағы оқушылардың көпшілігі тек тілдік белсенділік емес, әлеуметтік-коммуникативтік жетілу белгілерін де көрсетті: өз пікірін сенімді қорғау, өзгелердің сөзін тыңдау және аргумент келтіре отырып пікірталас жүргізу қабілеттері артты. Олар тілдік әрекетті тек оқу құралы емес, өзіндік ой мен ұстанымды білдіру тәсілі ретінде қабылдай бастады. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл нәтижелер тілдесім әрекетіне негізделген сабақтардың оқушылардың сөйлеу дағдысын ғана емес, олардың әлеуметтік белсенділігі мен тұлғалық дербестігін де дамытуға ықпал ететінін айғақтады.

Жазбаша және ауызша жұмыстарды кешенді талдау нәтижесінде 10-сынып оқушыларының сөзсаптамдық деңгейі мен тілдік құрылымдарды қолдану дағдылары бойынша айқын айырмашылықтар анықталды. Талдау барысында оқушылардың сөйлем құрау қабілеті, логикалық жүйелілік, бейнелілік деңгейі және сөйлеу мәдениеті жан-жақты зерттелді. Эксперименттік сынып оқушыларының шығармалары мен эсселерінде ойдың құрылымы нақты, сөйлемдердің өзара байланысы жүйелі сипатқа ие болды. Әсіресе, пікір білдіру және оны дәлелдеу құрылымында логикалық тізбектілік сақталды. Мысалы, «Уақыттың құндылығы» тақырыбындағы эсседе кейбір оқушылар өз ойын философиялық тұрғыда жеткізе білді. Ал бақылау сыныбындағы шығармаларда логикалық байланыс әлсіз, сөйлемдер жиі қайталанып, ой бірізділігі бұзылған. Көптеген оқушылар өз пікірін нақты дәлелмен емес, жалпылама тұжырымдармен шектеген.

Презентациялар мен пікірталас сабақтарында эксперименттік сынып оқушылары сөйлеу кезінде еркіндік танытты, дауыс ырғағын өзгертіп, тыңдаушының назарын ұстай білді. Көптеген оқушылар өз сөзін нақты мысалдармен, өмірлік жағдайлармен, тіпті әдеби немесе тарихи дәйексөздермен толықтырды. Бақылау сыныбында, керісінше, оқушылар көбіне дайын үлгіге сүйеніп сөйледі. Олардың сөздері қысқа, бірсарынды және эмоциялық әсері әлсіз болды. Көпшілік алдында сөйлеу кезінде кейбіреулердің сенімсіздік, дауыс дірілі, ым-ишараның шамадан тыс немесе мүлде болмауы байқалды. Сапалық салыстыру нәтижесі төмендегі 3-кестеде берілген.

3 кесте – Жазбаша және ауызша жұмыстардың салыстырмалы нәтижелері

Бағалау критерийі	Эксперименттік сынып (%)	Бақылау сыныбы (%)	Сапалық сипаттама
Сөйлем құрылысының күрделілігі мен жүйелілігі	74	48	Эксперименттік топта құрмалас және себеп-салдарлы сөйлемдер көбірек қолданылды.
Логикалық байланыстардың болуы	78	52	Логикалық дәнекерлер («сондықтан», «алайда», «өйткені») орынды пайдаланылды.
Лексикалық байлық пен бейнелілік деңгейі	70	40	Эмоциялық және метафоралық сөздер жиі кездесті («уақыт ағыны», «жарық жол», «шындықтың үні»).
Грамматикалық және стилистикалық сауаттылық	82	63	Грамматикалық қателер азайды, сөйлеу стилі біртіндеп әдеби нормаға жақындады.
Ауызша сөйлеу еркіндігі және вербалды емес белгілер	76	45	Эксперименттік топта дауыс ырғағы, ым-ишара және көзқарас еркін, табиғи болды.

Жазбаша және ауызша жұмыстарды талдау нәтижесінде эксперименттік топтағы оқушылардың сөзсаптамдық дамуы үш негізгі бағытта айқын байқалды:

- Логикалық құрылымның жетілуі. Оқушылардың ойды жүйелеу, пікірді дәйектеу, қорытынды жасау қабілеттері артты.

- Бейнелі ойлау және тілдік креативтілік. Көптеген жұмыстарда метафора, теңеу және символдық сипаттағы сөздер қолданылды, бұл эстетикалық тіл мәдениетінің өскенін көрсетті.

- Коммуникативтік сенімділік пен вербалды еркіндік. Оқушылар аудиториямен байланыс орнатып, өз ойын сенімді және мәнерлі жеткізуге дағдыланды.

Осылайша, жазбаша және ауызша жұмыстарды жүйелі талдау тілдесім әрекетіне негізделген әдістемелердің оқушылардың сөйлеу мәдениетін, ойлау логикасын және шығармашылық әлеуетін дамытуда жоғары тиімділік көрсеткенін дәлелдеді.

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде оқушылармен жеке және шағын топтық әңгімелесу әдісі жүргізілді. Бұл тәсіл оқушылардың сөйлеу мәдениетінің терең психологиялық және тұлғалық қырларын ашуға мүмкіндік берді. Сұхбаттар сыныптан тыс жағдайда, бейресми форматта өтті – мұғалім мен оқушы арасындағы табиғи диалог түрінде. Мұндай ахуал оқушылардың еркін пікір білдіруіне, өз сезімдері мен ойларын шынайы жеткізуіне ықпал етті. Әңгімелесудің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының сөйлеу мәдениеті мен коммуникативтік сенімділігінің деңгейін, өз ойын білдірудегі уәжін және көпшілік алдында сөйлеуге деген эмоционалды қатынасын анықтау.

Әңгімелесу барысында қойылған негізгі сұрақтар:

- «Сен үшін көпшілік алдында өз ойыңды ашық айту нені білдіреді?»
- «Сөйлеу кезінде қандай қиындықтарға жиі кездесесің?»
- «Өз пікіріңді қорғай алу саған маңызды ма?»
- «Сенің ойыңша, жақсы сөйлей білу адамға не береді?»
- «Сен өз сөйлеуіңді соңғы жылдары қалай өзгерді деп ойлайсың?»

Бұл сұрақтар оқушының сөйлеу әрекетіне деген қатынасын, өзіндік рефлексиясын және тіл арқылы өз «Менін» таныта алу деңгейін айқындауға бағытталды.

Әңгімелесу нәтижесінде үш негізгі бағытта айқын өзгерістер байқалды:

1) сөйлеуге деген уәждің күшеюі,

2) коммуникативтік сенімділіктің артуы,

3) тұлғалық-рефлексивтік көзқарастың қалыптасуы.

Эксперименттік сыныптың 80% оқушысы тіл арқылы өз ойын айтуға қызығушылық танытты. Олар сөйлеуді тек сабақ құралы емес, өзін танытудың, әсер етудің және дәлелдеудің тәсілі ретінде қабылдаған.

Мысалы, бір оқушының жауабы:

«Бұрын мен сөйлегенде қатем шығып кетеді деп қорқатынмын. Ал қазір ойымды айту маған ұнайды, себебі сөз арқылы өзімді көрсете аламын».

Бақылау сыныбында мұндай жауаптар тек 45% деңгейінде тіркелді. Көпшілігі сөйлеуді «баға алу үшін жасалатын міндет» деп қабылдаған.

Эксперименттік сыныптағы оқушылардың 70%-ы көпшілік алдында сөйлеу кезінде өздерін еркін сезінетінін айтты. Олар аудиториямен байланыс орнату, дауыс интонациясын өзгерту сияқты элементтерді саналы қолдана бастаған.

Мысалы, бір оқушы:

«Сынып алдында сөйлеу бұрын қиын еді. Қазір мен тыңдаушылардың көзіне қарап айтамын, сонда сенім пайда болады» – деді.

Бақылау сыныбында оқушылардың тек 38%-ы өзіне сенімді екенін көрсетті, ал басым бөлігі (62%) көпшілік алдында сөйлегенде қобалжу, сөз ұмыту, логикалық үзіктілік сияқты қиындықтарды атады. Эксперименттік сыныптың 65% оқушысы сөйлеуді өз ойы мен көзқарасын қалыптастыру құралы ретінде қабылдағанын айтты. Олар өз пікірін дәлелдеп айту мен өзгелердің пікірін тыңдай білуді «зиялы адам мәдениетінің белгісі» деп сипаттады (4-кесте).

Бір оқушының сөзі ерекше назар аудартты:

«Мен үшін жақсы сөйлеу – тек сөздерді дұрыс айту емес, өз ойыңды түсіндіре алу. Кейде ойыңды дұрыс жеткізе алмасаң, сені дұрыс түсінбейді».

Бұл жауаптар оқушылардың сөйлеуге деген метатанымдық көзқарасы (сөйлеуді таным мен қарым-қатынас құралы ретінде түсіну) қалыптаса бастағанын көрсетті.

4 кесте – Әңгімелесу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Бағалау критерийі	Эксперименттік сынып (%)	Бақылау сыныбы (%)
Сөйлеуге деген уәждің жоғары болуы	80	45
Көпшілік алдында сөйлеу сенімділігі	70	38
Пікірін қорғау және дәлелдей алу қабілеті	68	42
Коммуникативтік рефлексия (өз сөзін бағалау қабілеті)	65	40
Диалогтік мәдениет (тыңдау және жауап қайтару)	73	50

Әңгімелесу нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік топтағы оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен әлеуметтік-коммуникативтік дағдылары айтарлықтай дамыды.

Олар:

- өз ойын ашық айтуға және негіздеуге үйренді;
- пікірталасқа қатысуда тыңдаушыны құрметтеу, сөз этикасын сақтау сияқты әлеуметтік нормаларды меңгерді;
- сөз арқылы эмоцияны білдіру мен өз көзқарасын мәдени түрде жеткізуге дағдыланды.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, оқушылардың өзіндік сенімділігі, топ алдындағы белсенділігі және ішкі уәжі артты. Олар тілдесім әрекетін енді жай тапсырма емес, қарым-қатынас мәдениетінің негізгі формасы ретінде қабылдады. Осылайша, әңгімелесу нәтижелері педагогикалық-психологиялық ықпалдың тиімділігін нақты дәлелдеп, жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамдық дамуының әлеуметтік және тұлғалық өлшемдерін айқындады.

Зерттеу жұмысының соңғы кезеңі – оқушылардың сөйлеу деңгейін анықтау және қалыптастырушы кезеңнен кейінгі нәтижелерді салыстыру болды.

Бұл кезеңнің мақсаты – жүргізілген педагогикалық және психологиялық ықпалдардың тиімділігін айқындап, оқушылардың сөздік қорының, логикалық және коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейін сапалық әрі сандық тұрғыда бағалау.

Бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізілді:

Мазмұндық тереңдік – ойды ашу, нақты мысал келтіру, тақырыпты кеңінен қамту қабілеті.

Логикалық бірізділік – сөйлемдердің өзара байланысы мен құрылымдық жүйелілігі.

Лексикалық және грамматикалық байлық – сөздік қоры, синонимдер мен тұрақты тіркестерді қолдану, грамматикалық сауаттылық.

Бейнелілік пен тілдік әсерлілік – метафора, теңеу, салыстыру сияқты көркемдік құралдарды қолдану.

Коммуникативтік сенімділік – аудиториямен қарым-қатынас орнату, дауыс ырғағы, эмоциялық реңк және көзқарас айқындығы.

Осы бес бағыт бойынша эксперименттік және бақылау сыныптарының нәтижелері салыстырмалы түрде талданды (5-кесте).

5 кесте – Сөзсаптам деңгейінің қалыптасу нәтижелері

Деңгей	Сипаттамасы	Бақылау сыныбы (%)	Эксперименттік сынып (%)
Жоғары деңгей	Ойды терең, жүйелі жеткізеді, күрделі құрылымды сөйлемдер қолданады, мысалмен, дәлелмен сөйлеу дағдысы бар, метафоралық және бейнелі сөйлеу элементтерін еркін пайдаланады.	22	61
Орта деңгей	Ойын жеткізуде логикалық байланыстар сақталған, бірақ баяндау кей тұстарда жүйесіз, көркемдік элементтер сирек.	50	32
Төмен деңгей	Сөйлеу үзік, ой толық ашылмаған, сөздік қоры шектеулі, логикалық байланыс әлсіз, сөйлем қарапайым.	28	7

5-кестеде ұсынылған деректер эксперименттік және бақылау сыныптарындағы оқушылардың сөзсаптам деңгейінің қалыптасуындағы айқын айырмашылықтарды көрсетеді.

Эксперименттік сыныпта жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі 61%-ды құраса, бақылау сыныбында бұл көрсеткіш небәрі 22% деңгейінде қалып отыр. Бұл айырмашылық тілдесім әрекетіне негізделген оқыту әдістерінің оқушылардың сөйлеу мәдениетін жүйелі және терең дамытуға ықпал еткенін көрсетеді. Яғни, эксперименттік топтағы оқушылар өз ойын логикалық тұрғыдан дәлелдеп, күрделі құрылымдарды қолдану және бейнелі тілдік құралдарды пайдалану қабілеттерін едәуір жетілдірген.

Орта деңгей көрсеткіштері бойынша керісінше жағдай байқалады: бақылау сыныбында бұл деңгейдегі оқушылардың үлесі 50% болса, эксперименттік сыныпта 32%-ға дейін төмендеген. Бұл құбылыс эксперименттік топтағы оқушылардың бір бөлігінің орта деңгейден жоғары деңгейге ауысқанын көрсетеді. Яғни, оқыту барысында олардың сөйлеу дағдылары сапалық тұрғыда ілгері дамыған.

Төмен деңгейдегі көрсеткіштер де маңызды өзгерістерді көрсетеді. Эксперименттік сыныпта төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі 7%-ды ғана құраса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 28% деңгейінде сақталған. Бұл айырмашылық эксперименттік оқыту әдістерінің әлсіз сөйлеу дағдылары бар оқушыларға да оң әсер еткенін дәлелдейді.

Алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін күшейту және эксперименттік ықпалдың тиімділігін дәлелдеу мақсатында деректерге статистикалық өңдеу жүргізілді.

Эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтардың мәнділігін анықтау үшін Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Есептеу барысында әрбір бағалау критерийі бойынша топтардың орташа мәндері салыстырылып, алынған айырмашылықтардың кездейсоқ емес екендігі тексерілді. Нәтижелер көрсеткендей, эксперименттік топтағы сөйлеу белсенділігі, логикалық жүйелілік, коммуникативтік сенімділік және тілдік құралдарды қолдану деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан мәнді жоғары болды ($p < 0,05$). Бұл тілдесім әрекетіне негізделген оқыту әдістерінің тиімділігін сандық тұрғыда растайды.

Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу дағдылары мен олардың әлеуметтік-коммуникативтік белсенділігі арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді. Пирсон корреляция коэффициентін есептеу нәтижесінде сөйлеу деңгейі мен келесі көрсеткіштер арасында оң өзара байланыс анықталды:

– пікір айту белсенділігі ($r \approx 0,65$),

– көпшілік алдында сөйлеу сенімділігі ($r \approx 0,68$),

– диалогқа қатысу деңгейі ($r \approx 0,62$).

Бұл көрсеткіштер сөйлеу мәдениетінің дамуы оқушының әлеуметтік белсенділігі мен тұлғалық сенімділігімен тікелей байланысты екенін дәлелдейді.

Қосымша ретінде, қалыптастырушы кезеңге дейінгі және кейінгі нәтижелерді салыстыру арқылы ішкі динамика талданды. Эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткішінің 25%-дан 61%-ға дейін өсуі және төмен деңгейдің 20%-дан 7%-ға дейін төмендеуі айқын оң өзгерістерді көрсетті. Бұл өзгерістердің тұрақтылығы мен жүйелілігі педагогикалық ықпалдың нәтижелі болғанын дәлелдейді. Осылайша,

жүргізілген статистикалық талдау сапалық бақылау нәтижелерін толықтыра отырып, алынған деректердің сенімділігін, валидтілігін және жалпыламалық мүмкіндігін арттырды.

Үш айлық эксперимент барысында оқушылардың сөйлеу дағдыларының дамуы кезең-кезеңімен талданды.

Бірінші айда оқушылардың сөйлеу белсенділігінің бастапқы деңгейі анықталып, олардың көпшілігінде ойды жүйелі жеткізуде, дәлел келтіруде және көпшілік алдында сөйлеуде қиындықтар байқалды. Бұл кезеңде эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері шамалас болды.

Екінші айда эксперименттік топта оң өзгерістер байқала бастады: оқушылардың диалогқа қатысу белсенділігі артты, сұрақ қою және пікір білдіру жиілігі көбейді. Кейбір оқушыларда логикалық байланыстарды қолдану және өз ойын дәлелдеу дағдылары қалыптаса бастады. Бақылау тобында мұндай өзгерістер баяу және жүйесіз сипатта көрінді.

Үшінші айдың соңына қарай эксперименттік сыныпта сапалық серпіліс байқалды. Оқушылардың көпшілігі өз ойын еркін жеткізіп, аргументтер келтіруде сенімділік танытты, ал сөйлеудің бейнелілігі мен құрылымдық жүйелілігі айтарлықтай жақсарды. Бұл кезеңде төмен деңгейдегі оқушылардың бір бөлігі орта деңгейге, ал орта деңгейдегі оқушылар жоғары деңгейге ауысқаны тіркелді.

Осылайша, аралық өлшеулер нәтижелері сөйлеу дағдыларының дамуы біртіндеп, кезеңдік сипатта жүзеге асқанын көрсетті. Эксперименттік оқыту әдістері оқушылардың тілдік қабілеттерін бірден емес, жүйелі түрде, әр кезеңде күшейте отырып дамытқаны анықталды.

Тілдесім әрекетін жүйелі қолдану – жоғары сынып оқушыларының сөзсаптамын дамытудың ең нәтижелі жолдарының бірі болып табылды. Бұл әдістеме оқушының тек тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен бірге ойлау мәдениетін, өзіндік пікірін, сенімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыратыны анықталды. Педагогикалық бақылау нәтижелері көрсеткендей, 10-сынып оқушыларының сөйлеу деңгейі олардың әлеуметтік белсенділігі мен тұлғалық өз-өзіне сенімділігіне тікелей әсер етеді. Эксперименттік кезеңде байқағандай, сөйлеу қабілеті жоғары оқушылар тек сабақ барысында ғана емес, сонымен қатар жобалық, пікірталастық және сыныптан тыс іс-шараларда да көшбасшылық позиция ұстанды. Олар өз ойларын сенімді түрде жеткізіп, топ ішінде бастама көтеруге бейім болды, яғни тілдесім әрекеті олардың әлеуметтік әлеуетін арттырды. Керісінше, сөйлеу деңгейі орта және төмен оқушылардың белсенділігі шектеулі болды. Орта деңгейдегі оқушылар көбіне өздеріне таныс ортада ғана сөйлесуге бейім, жаңа немесе күрделі жағдайларда үнсіз қалуға тырысты. Бұл олардың қарым-қатынас аясын тарылтып, өз пікірін қорғау қабілетін әлсіретті. Ал сөйлеу қабілеті төмен оқушылар қарым-қатынаста тұйық, пікір білдіруден қашқақтайды. Мұндай оқушылар көбіне аудиторияда қобалжып, көпшілік алдында сөйлеуден қорқады. Нәтижесінде, олардың әлеуметтік беделі мен топтағы өз орнын сезіну деңгейі төмендегені байқалды.

Оқушының сөзсаптамын дамыту – білім беру жүйесіндегі ең күрделі әрі стратегиялық бағыттардың бірі. Себебі сөйлеу мәдениеті – адамның ойлау қабілеті, дүниетанымы, логикалық жүйесі мен әлеуметтік белсенділігінің айнасы. Сөйлеуді жетілдіру тек тіл үйретудің мақсаты ғана емес, ол тұлғаның интеллектуалдық және рухани дамуының негізгі шарты болып табылады. Сондықтан мектеп тәжірибесінде сөйлеуді дамыту жұмыстары жүйелі, мақсатты және тұлғаға бағытталған сипатта ұйымдастырылуы қажет.

Қазіргі білім беру парадигмасы оқытудың коммуникативтік бағытын басым ұстануды көздейді. Бұл – тіл үйренуді грамматикалық ережелерді жаттаумен шектеу емес, оны нақты өмірлік қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуді білдіреді. Сабақ барысында оқушылардың өзара тілдесуі, пікір алмасуы, сұрақ қою мен жауап беру тәжірибесі басты назарда болуы тиіс. Мұндай тәсіл тілдік дағдыны механикалық жаттаудан емес, нақты қарым-қатынас қажеттілігінен тудырады. Оқушы сөйлеген сайын, ол өз ойын жүйелеуге, логикалық дәлелдеуге және эмоционалды тұрғыда жеткізуге машықтанады.

Сөйлеудің табиғилығын сақтау үшін мұғалім әр сабақты өмірлік жағдаятқа ұқсас тілдік орта ретінде құрастыруы маңызды. Мысалы, пікірталас ұйымдастыру, рөлдік жағдаят құру, өзекті қоғамдық мәселені талқылау немесе әдеби кейіпкердің әрекетін бағалау секілді тәсілдер оқушыларды еркін сөйлеуге, өз ұстанымын дәлелдеуге итермелейді. Мұндай тапсырмалар сөйлеу мәдениетін дамытумен қатар, оқушылардың әлеуметтік ойлауын, шешім қабылдау қабілетін де жетілдіреді.

Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда диалогтік және интерактивті оқыту әдістері ерекше рөл атқарады. «Пікіріңді дәлелде», «қарсы пікір айт», «миға шабуыл», «иә, бірақ...» секілді әдістер оқушыларды белсенді тыңдауға, дәлелмен сөйлеуге, өз ойын нақты әрі мәдени түрде жеткізуге үйретеді. Топтық пікірталас, дебат, жобалық жұмыс және ситуациялық тапсырмалар сөйлеуді тек тілдік шеңберде емес, әлеуметтік контексте дамытуға ықпал етеді. Бұл тәсілдер оқушылардың өз ойын аудитория алдында еркін жеткізуіне, пікірін қорғауына және сыныптағы коммуникациялық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту да назардан тыс қалмауы тиіс. Эссе, рефлексия, хат, шығармашылық баяндама сияқты жұмыстар оқушыларды ойын құрылымдауға, логикалық дәйектілік сақтауға және дәлелмен сөйлеуге баулиды. Жазбаша сөйлеу – оқушының тілдік қоры мен аналитикалық ойлауының көрсеткіші. Мұндай жұмыстар арқылы оқушы өз мәтінін талдап, рефлексия жасап, сөзді мақсатқа сай таңдауға дағдыланады. Егер мұғалім жазбаша жұмысты талқылауды сабақтың бөлігіне айналдырса, бұл кері байланыстың табиғи мәдениетін қалыптастырады.

Бүгінгі көпмәдениетті ортада тілдік білім берудің тағы бір маңызды бағыты – көптілді коммуникативтік дағдыларды дамыту. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі қарым-қатынас үлгілерін салыстыра оқыту оқушының тілдік икемділігін арттырады, түрлі әлеуметтік ортада өз орнын табуға көмектеседі. Бұл тәсіл оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын болуын қамтамасыз етеді және олардың тілге деген қызығушылығын күшейтеді.

Сөйлеу мәдениетін дамытудың заманауи тетіктерінің бірі – цифрлық технологияларды пайдалану. Мультимедиялық презентациялар, бейнежоба немесе подкаст жазу, онлайн пікірталастар өткізу сияқты тапсырмалар оқушылардың сөйлеуін жаңа форматта дамытады. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ақпараттық, шығармашылық және тілдік құзыреттілігін қатар дамыта отырып, олардың сөйлеу дағдысын өмірмен байланыстыра түседі. Мысалы, оқушы өз дауысы мен сөйлеу қарқынын бейнеталдау арқылы бақылап, өз кемшіліктерін түзете алады – бұл өзін-өзі дамыту мәдениетінің көрінісі.

Сөйлеу дағдыларын дамытуда басты тұлға – мұғалімнің сөйлеу мәдениеті. Мұғалімнің анық, мәнерлі және логикалық жүйелі сөзі оқушы үшін үлгі. Сыныптағы тілдік атмосфера еркін, қолдау көрсететін сипатта болуы керек. Мұғалім қателікті сынау емес, оны өсу мүмкіндігі ретінде көрсету арқылы оқушының сенімін арттыра алады. Егер бала өз ойын ашық айтуға қорықпаса, ол дамуға ұмтылады, сөйлеу әрекеті тұлғалық қажеттілікке айналады.

Сөйлеуді дамытудағы тағы бір маңызды аспект – бағалау мен кері байланыс мәдениеті. Оқушының сөзін бағалауда мұғалім тек қате іздеуге емес, ой мазмұнын, дәлелдердің қисындылығын, сөздік байлық пен бейнелілікті ескергені жөн. Дұрыс ұйымдастырылған кері байланыс оқушыны ынталандырып қана қоймай, оның өз дамуын түсінуге, тілдік сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, сөйлеу дағдыларын дамыту жұмысы – оқушының рухани, интеллектуалдық және әлеуметтік әлеуетін ашудың маңызды құралы. Бұл бағыт жүйелі жүзеге асқан жағдайда, оқушы тек жақсы сөйлейтін емес, мәдениетті, өз пікірін негіздеп жеткізе алатын, өзгелермен тиімді қарым-қатынас орната білетін тұлғаға айналады. Сөйлеу мәдениеті – адамның ішкі мәдениетінің сыртқы көрінісі. Ал мектептің міндеті – сол ішкі әлеуетті ашып, қоғамға жауапты, ойлы, тілдік және азаматтық тұрғыдан жетілген жас ұрпақты тәрбиелеу.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері оқушының сөзсаптамын дамыту мәселесінің қазіргі қоғамда тек тілдік емес, әлеуметтік маңызының зор екенін айқындады. Сөйлеу мәдениеті – тұлғаның интеллектуалдық дамуы мен рухани кемелденуінің ғана емес, оның қоғаммен өзара байланысқа түсу қабілетінің де басты көрсеткіші. Мектеп қабырғасындағы тілдік тәжірибе – оқушының әлеуметтік қалыптасуы мен өзін-өзі тануының негізі.

Жүргізілген педагогикалық зерттеу барысында жоғары сынып оқушыларының сөйлеу дағдылары мен әлеуметтік белсенділігі арасында тікелей байланыс бар екені дәлелденді. Сөздік қоры бай, логикалық ойлауы дамыған оқушылар пікірталасқа белсенді қатысып, өз ұстанымын дәлелмен қорғауға бейім болды. Керісінше, сөйлеу белсенділігі төмен оқушыларда өз ойын еркін білдіру, тыңдаушымен байланыс орнату және әлеуметтік ортада өзін сенімді ұстау қиындықтары байқалды. Бұл сөйлеу қабілетінің жеке тұлғаның әлеуметтік беделі мен өзін-өзі бағалауына әсер ететінін көрсетті.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегіндегі қазақ емле ережелерінің құрылымдық ерекшелігі және оның ғылыми негізі** [Мәтін] / Е. Маралбек // Аль-Фараби. – 2022. – Т. 80. – № 4. – Б. 89-105. https://doi.org/10.48010/2022.4/1999-5911.08.

2 **Hussein B.A.S., Abushihab I. A critical review of Ferdinand de Saussure's linguistic theory** [Text] / B.A.S. Hussein, I. Abushihab // Studies in Literature and Language. – 2014. – Vol. 8, no. 1. – P. 57-59.

3 **Di Camargo I., de Souza F.M., da Silva V.A. Possible paths for understanding human sciences with Mikhail Bakhtin** [Text] / I. Di Camargo, F.M. de Souza, V.A. da Silva // Open Minds International Journal. – 2020. – Vol. 1, no. 1. – P. 1-7. https://doi.org/10.47180/OMIJ.V1I1.13.

4 **van der Veer R., Zavershneva E. The final chapter of Vygotsky's Thinking and Speech: A reader's guide** [Text] / R. van der Veer, E. Zavershneva // Journal of the History of the Behavioral Sciences. – 2018. – Vol. 54, no. 2. – P. 101-116. https://doi.org/10.1002/jhbs.21893.

5 **Ufimtseva N.V. Language, Consciousness, Culture in the Theory of Speech Activity** [Text] / N.V. Ufimtseva // Languages and Migration in a Globalized World. – 2020. – P. 434-440.

6 **Borsboom D. Theory construction methodology: A practical framework for building theories in psychology** [Text] / D. Borsboom // Perspectives on Psychological Science. – 2021. – Vol. 16, no. 4. – P. 756-766. https://doi.org/10.1177/1745691620969647.

7 **Logan R.M., Johnson C.E., Worsham J.W. Development of an e-learning module to facilitate student learning and outcomes** [Text] / R.M. Logan, C.E. Johnson, J.W. Worsham // Teaching and Learning in Nursing. – 2021. – Vol. 16, no. 2. – P. 139-142. https://doi.org/10.1016/j.teln.2020.10.007.

8 **Cox N. Reclaiming Conversation: the Power of Talk in a Digital Age| Book Review** [Text] / N. Cox // eJournal of Public Affairs. – 2021. – Vol. 10, no. 1. – P. 5-7.

9 **Kafai Y.B., Burke Q. Connected gaming: What making video games can teach us about learning and literacy** [Text] / Y.B. Kafai, Q. Burke // Mit Press. – 2024.

10 **Harari Y.N. 21 Lessons for the 21st Century** [Text] / Y.N. Harari. – Random House. – 2019, 416 p.

11 **Chernigovskaya T.V. Biology, environment, and culture: From animal communication to human language and cognition** [Text] / T.V. Chernigovskaya // Bulletin of St. Petersburg State University. – 2020. – Vol. 36, iss. 1. – P. 157-170. https://dx.doi.org/10.21638/SPBU17.2020.113.

12 **Woolard K.A. Language ideology** [Text] / K.A. Woolard **//** The international encyclopedia of linguistic anthropology. – 2020. – P. 1-21.

13 **Oral U. Netiquette: Fundamentals of etiquette in digital communication** [Text] / U. Oral // European Journal of Theoretical and Applied Sciences. – 2023. – Vol. 1, no. 5. – P. 833-847. https://doi.org/10.59324/ejtas.2023.1(5).70.

14 **Lewiński M. Norms of public argument: A speech act perspective** [Text] / M. Lewiński // Topoi. – 2023. – Vol. 42, no. 2. – P. 349-356. https://doi.org/10.1007/s11245-023-09918-1.

REFERENCES:

1 **Maralbek E. Akhmet Bajtursynulynyn «Til-kural» enbegindegi kazak emle erezhelerinin kurylymdyk ereksheligi zhane onyn gylymi negizi** [Structural features of the rules of Kazakh spelling in the work "til-tool" by Akhmet Baitursynov and its scientific basis]. *Al'-Farabi*, 2022, vol. 80, no. 4, pp. 89-105. https://doi.org/10.48010/2022.4/1999-5911.08. (In Kazakh)

2 **Hussein B.A.S., Abushihab I. A critical review of Ferdinand de Saussure's linguistic theory.** *Studies in Literature and Language*, 2014, vol. 8, no. 1, pp. 57-59.

3 **Di Camargo I., de Souza F.M., da Silva V.A. Possible paths for understanding human sciences with Mikhail Bakhtin.** *Open Minds International Journal*, 2020, vol. 1, no. 1, pp. 1-7. https://doi.org/10.47180/omij.v1i1.13.

4 **van der Veer R., Zavershneva E. The final chapter of Vygotsky's thinking and speech: A reader's guide.** *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 2018, vol. 54, no. 2, pp. 101-116. https://doi.org/10.1002/jhbs.21893.

5 **Ufimtseva N.V. Language, Consciousness, culture in the theory of speech activity.** *Languages and Migration in a Globalized World*, 2020, pp. 434-440.

6 **Borsboom D. et al. Theory construction methodology: A practical framework for building theories in psychology.** *Perspectives on Psychological Science*, 2021, vol. 16, no. 4, pp. 756-766. https://doi.org/10.1177/1745691620969647.

7 **Logan R.M., Johnson C.E., Worsham J.W. Development of an e-learning module to facilitate student learning and outcomes.** *Teaching and Learning in Nursing*, 2021, vol. 16, no. 2, pp. 139-142. https://doi.org/10.1016/j.teln.2020.10.007.

8 **Cox N. Reclaiming conversation: the power of talk in a digital age. Book review.** *eJournal of Public Affairs*, 2021, vol. 10, no. 1, pp. 5-7.

9 **Kafai Y.B., Burke Q. Connected gaming: What making video games can teach us about learning and literacy.** Mit Press, 2024.

10 **Harari Y.N. 21 Lessons for the 21st Century.** *Random House*, 2019, 416 p.

11 **Chernigovskaya T.V. Biology, environment, and culture: From animal communication to human language and cognition.** *Vestnik of Saint Petersburg University. Philosophy and Conflict Studies*, 2020, vol. 36, iss. 1, pp. 157-170. https://dx.doi.org/10.21638/SPBU17.2020.113.

12 **Woolard K.A. Language ideology.** *The international encyclopedia of linguistic anthropology*, 2020, pp. 1-21.

13 **Oral U. Netiquette: Fundamentals of etiquette in digital communication.** *European Journal of Theoretical and Applied Sciences*, 2023, vol. 1, no. 5, pp. 833-847. https://doi.org/10.59324/ejtas.2023.1(5).70.

14 **Lewiński M. et al. Norms of public argument: A speech act perspective.** *Topoi,* 2023, vol. 42, no. 2, pp. 349-356. https://doi.org/10.1007/s11245-023-09918-1.

Жіберілген күні: 14 мамыр 2026 ж. **Қабылданған күні:** 16 маусым 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәліметтер:

Кайырбаева Жазира Куатбековна – сениор-лектор, докторант, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 070002 Өскемен қ., 30-шы Гвардиялық дивизия көш. 34, тел.: 87079907615, e-mail: zhazok-29@mail.ru.*

Рахметова Райгуль Садуакасовна – педагогика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: 87051812327, e-mail: raigul.67@mail.ru.

Кайырбаева Жазира Куатбековна – сениор-лектор, докторант, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Республика Казахстан, 070002 г. Усть-Каменогорск, ул. 30-й Гвардейской дивизии, 34, тел.: 87079907615, e-mail: zhazok-29@mail.ru.*

Рахметова Райгуль Садуакасовна – доктор педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, просп. Достык 13, тел.: 87051812327, e-mail: raigul.67@mail.ru.

Kaiyrbayeva Zhazira Kuatbekovna – Senior Lecturer, PhD student, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 070002, Ust-Kamenogorsk, 34 30-ya Gvardeiskaya Diviziya Str., tel.: 87079907615, e-mail: zhazok-29@mail.ru.*

Rakhmetova Raigul Saduakassovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: 87051812327, e-mail: raigul.67@mail.ru.

МРНТИ 14.35.07
УДК 378.147.88
https://doi.org/10.52269/SEPT2632129

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ГОТОВНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ УНИВЕРСИТЕТОВ КАЗАХСТАНА И ФИНЛЯНДИИ К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Калимова А.Д. – PHD, руководитель образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения» высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан.*

Жекибаева Б.А. – кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и методики начального обучения, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Жапарова Б.М. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, декан высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан.

Балабеков К.А. – старший преподаватель, кафедра изобразительного искусства и дизайна, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

В статье рассматривается проблема сформированности профессиональной готовности преподавателей высшей школы Казахстана и Финляндии к осуществлению смешанного обучения. Цель исследования заключается в сравнительном анализе уровней профессиональной готовности преподавателей вузов двух стран к использованию смешанного формата обучения. Методология исследования основывалась на компонентной модели профессиональной готовности, включающей ценностный, содержательный и деятельностный компоненты. Для получения эмпирических данных использовались методы анкетирования, диагностики профессионально-ориентированных заданий, а также контент-анализ силлабусов дисциплин. В исследовании приняли участие 342 преподавателя трех университетов. В состав выборки вошли преподаватели НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғулан» – 148 респондентов, НАО «Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова» – 82 участника и 112 преподавателей University of Jyväskylä. Результаты исследования свидетельствуют о том, что при наличии позитивного отношения к смешанному обучению значительная доля, преподавателей демонстрирует недостаточный уровень профессиональной готовности, преимущественно ценностного компонента. При этом преподаватели University of Jyväskylä показали более высокие показатели по содержательному и деятельностному компонентам. Вместе с тем, преподаватели казахстанских вузов чаще вовлечены в разработку и внедрение курсов, реализуемых в смешанном формате. Результаты исследования послужили основанием для разработки рекомендаций, направленных на совершенствование системы профессиональной подготовки преподавателей в условиях расширения смешанного обучения. Отдельные этапы исследования были реализованы в рамках научной стажировки в University of Jyväskylä, Finland.

Ключевые слова: *смешанное обучение, профессиональная готовность, преподаватели высшей школы, Казахстан, Финляндия, цифровая педагогика, обучающиеся.*

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ФИНЛЯНДИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АРАЛАС ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫ

Калимова А.Д. – PhD, педагогика жоғары мектебінің «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының жетекшісі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.*

Жекибаева Б.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Жапарова Б.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, педагогика жоғары мектебінің деканы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Балабеков К.А. – аға оқытушы, Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада Қазақстан мен Финляндияның жоғары мектебі оқытушыларының аралас оқытуды жүзеге асыруға кәсіби дайындығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты екі елдің жоғары оқу орындары оқытушыларының аралас оқыту форматын пайдалануға кәсіби дайындық деңгейлерін салыстырмалы талдау болып табылады. Зерттеу әдістемесі құндылық, мазмұндық және белсенділік компоненттерін қамтитын кәсіби дайындықтың компоненттік моделіне негізделген. Эмпирикалық деректерді алу үшін сауалнама әдістері, кәсіби бағдарланған тапсырмаларды диагностикалау, силлабустарының контент-талдауы қолданылды. Зерттеуге үш университеттің 342 оқытушысы қатысты. Іріктеме құрамына Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті оқытушылары 148 респондент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті 82 қатысушы және University of Jyväskylä 112 оқытушысы кірді. Зерттеу нәтижелері аралас оқытуға оң көзқарас болған кезде мұғалімдердің едәуір бөлігі кәсіби дайындықтың жеткіліксіз деңгейін, негізінен құндылық компонентін көрсететіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, Jyväskylä университетінің оқытушылары мазмұнды және белсенді компоненттер бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушылары аралас форматта іске асырылатын курстарды әзірлеуге және енгізуге жиі тартылады. Зерттеу нәтижелері аралас оқытуды кеңейту жағдайында оқытушыларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге негіз болды. Зерттеудің жекелеген кезеңдері Finland, Jyväskylä университетінде ғылыми тағылымдама аясында жүзеге асырылды.

Түйінді сөздер: *аралас оқыту, кәсіби дайындық, жоғары мектеп оқытушылары, Қазақстан, Финляндия, цифрлық педагогика, білім алушылар.*

PROFESSIONAL READINESS OF UNIVERSITY TEACHERS IN KAZAKHSTAN AND FINLAND TO USE BLENDED LEARNING

Kalimova A.D. – PhD, Head of the "Pedagogy and methods of primary education" educational program, Higher School of Pedagogy, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.*

Zhekibayeva B.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Department of pedagogy and methods of primary education, Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Zhaparova B.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Dean of the Higher School of Pedagogy, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Balabekov K.A. – Senior Lecturer, Department of fine arts and design, Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

The article deals with the problem of the formation of professional readiness of teachers of higher education in Kazakhstan and Finland for the implementation of blended learning. The purpose of the study is to compare the levels of professional readiness of university teachers in the two countries to use a mixed learning format. The research methodology was based on a model of professional readiness that includes value, content, and activity components. To obtain empirical data, methods of questioning, diagnostics of professionally oriented tasks, as well as content analysis of syllabuses of disciplines were used. The study involved 342 teachers from three universities. The sample included teachers of Alkey Margulan University 148 respondents, Buketov Karaganda University, 82 participants, and 112 teachers of the University of Jyväskylä. The study results indicate that in the presence of a positive attitude towards blended learning, a significant proportion of teachers demonstrate an insufficient level of professional readiness, mainly the value component. At the same time, the teachers of the University of Jyväskylä showed higher performance in terms of content and activity components. The results of the study served as the basis for the development of recommendations aimed at improving the teacher training system in the context of the expansion of blended learning. The individual stages of the research were implemented as part of a scientific internship at the University of Jyväskylä, Finland.

Keywords: *blended learning, professional readiness, higher school teachers, Kazakhstan, Finland, digital pedagogy, students.*

Введение. Цифровая трансформация высшего образования существенно изменила содержание педагогического процесса. Цифровые технологии способствуют расширению возможностей

организации педагогического процесса, изменяют способы доступа к образовательному процессу, что обуславливает необходимость развития цифровых компетенций педагогических кадров. Развитие и применение цифровых платформ, внедрение искусственного интеллекта привели к тому, что традиционная модель преподавания постепенно уступает гибким форматам обучения. Одним из актуальных направлений модернизации высшего образования признано смешанное обучение, которое объединяет очное взаимодействие преподавателя и обучающихся с цифровыми образовательными возможностями. В Казахстане развитие цифровой образовательной среды и повышение цифровой грамотности педагогов рассматриваются в качестве модернизации процесса обучения.

В рамках реализации приоритетных направлений государственной образовательной политики последовательно развиваются цифровая инфраструктура, цифровые образовательные ресурсы, смешанный формат обучения. Анализ актуальной нормативно-правовой литературы по проблеме исследования показал, что в Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования РК на 2023-2029 годы одной из приоритетных задач в обеспечении качественного образования обозначено формирование цифровой образовательной среды, а также повышение цифровой грамотности педагогов [1]. Вместе с тем, применение смешанного обучения определяется не только наличием цифровой инфраструктуры, но и профессиональной готовностью педагогов, включая их мотивационную, содержательную и деятельностную готовность к реализации соответствующих практик. Особую актуальность данный аспект приобретает в условиях национальных моделей развития высшего образования. Несмотря на общие тенденции цифровизации, страны существенно отличаются по уровню подготовки преподавателей к инновационным педагогическим практикам. Следовательно, профессиональная готовность преподавателей требует институционального функционирования системы высшего образования. В этом контексте значительный научный интерес представляет сравнительный анализ опыта Казахстана и Финляндии. В этой связи, проблема оценки профессиональной готовности преподавателей к реализации смешанного обучения приобретает особую значимость.

Целью проведенного исследования являлся сравнительный анализ уровней профессиональной готовности преподавателей университетов двух стран к использованию смешанного формата обучения. Для достижения этой цели поставлены следующие исследовательские задачи:

1. Теоретически обосновать и структурировать компоненты профессиональной готовности преподавателей к использованию смешанного обучения.
2. Разработать и апробировать диагностический инструментарий, позволяющий оценить сформированность уровней готовности.
3. Сравнить уровень профессиональной готовности преподавателей университетов Казахстана и Финляндии к использованию смешанного обучения.
Цифрлық оқыту контексіндегі коммуникативтік компонент бірлескен және компьютерлік қолдауға негізделген оқыту нысандары аясында қарастырылады. Бұл жағдайда коммуникация білім алушылардың мағынаны бірлесіп құрастыруы, өз ұстанымдарын дәлелді түрде негіздеуі, сондай-ақ қатысушылардың рөлдері мен өзара әрекеттесу қағидаларын келісуі арқылы жүзеге асатын үдеріс ретінде түсіндіріледі [9, 1–19 б.]. Аталған бағыттың негізгі теориялық негіздерінің бірі – зерттеушілік қауымдастық моделі. Бұл модель онлайн оқытудың тиімділігін өзара байланысты үш құрамдас бөліктің үйлесімділігімен түсіндіреді: оқу мазмұнын терең меңгеруге бағытталған когнитивтік қатысу, қауіпсіз әрі өнімді қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз ететін әлеуметтік қатысу және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру, фасилитациялау мен бағалауды қамтитын оқытушылық қатысу [10, 89–94 б.].

Қазақстандық ғылыми еңбектерде цифрлық оқыту жағдайындағы коммуникация интерактивті әдістерді, соның ішінде талқылау, пікірталас, жобалық жұмыс және кейс-талдауды қолдану аясында қарастырылады. Аталған әдістерді қашықтан немесе аралас форматта жүзеге асыру оқу әрекетін арнайы ұйымдастыруды талап етеді. Бұл онлайн талқылау регламентін белгілеуді, модерацияны қамтамасыз етуді, тапсырмаларды қатысушылар арасында бөлуді және әрбір білім алушының үлесін тіркеуді қамтиды [4, 47–50 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық ортадағы коммуникация чаттар мен форумдардың техникалық тұрғыдан қолжетімді болуы нәтижесінде өздігінен қалыптаспайды. Ол рөлдерді, ұстанымдарды, дәлелдерді, ақпарат көздерін және хабарламалардың сапасын бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім беру міндетінің құрылымына мақсатты түрде енгізіліп, педагогикалық фасилитация арқылы жүйелі қолдауды қажет етеді [9, 1–19 б.; 10, 89–94 б.].

Мұғалімдердің кәсіби даярлығы контексінде зерттеу құзыреттілігі проблеманы анықтау, зерттеу сұрақтары мен гипотезаларды тұжырымдау, деректерді жинау әдістерін негізді таңдау, алынған мәліметтерді талдау және соның негізінде дәйекті қорытындылар жасау қабілеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде зерттеу әрекеті зерттеуге негізделген және проблемалық оқыту модельдерімен өзара сабақтастықта жүзеге асырылады. Бұл жағдайда студенттер оқытушы әзірлеген нұсқаулықтар, үлгілер, бағалау өлшемшарттары мен консультациялық қолдау құралдары негізінде шағын зерттеу циклінің негізгі кезеңдерін меңгереді [8, 100–104 б.].

Қазақстандық ғылыми еңбектерде цифрлық ортаның зерттеу қызметін ұйымдастыру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтетіні атап көрсетіледі. Бұл мүмкіндіктерге ақпарат пен деректерге қолжетімділіктің артуы, онлайн сауалнамалар жүргізу, деректерді талдау және визуализациялау сервистерін пайдалану, сондай-ақ виртуалды зертханалар мен симуляциялық құралдарды қолдану жатады. Осыған байланысты болашақ білім беру психологтарын кәсіби даярлау мәселелеріне арналған зерттеулерде студенттердің цифрлық платформалар мен деректерді өңдеуге арналған арнайы бағдарла-

малық жасақтаманы меңгеруі зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды педагогикалық шарты ретінде қарастырылады [11, 74–75 б.]. Сонымен қатар цифрлық қоғам жағдайында мамандарды, оның ішінде білім беру психологтарын даярлау зерттеу құзыреттілігін цифрлық сауаттылықпен және ақпараттық мәдениетпен кіріктіре дамыту қажеттілігі тұрғысынан зерделенеді [3, 44–46 б.].

Ресейлік құзыреттілікке негізделген ғылыми дәстүр білім беру нәтижелерін білім алушының оқу және кәсіби қызмет жағдайларында нәтижелі әрекет етуін қамтамасыз ететін базалық және салалық құзыреттер жүйесі ретінде түсіндірудің әдіснамалық негізін қалыптастырады [12, 20–26 б.; 13, 58–61 б.]. Аталған тәсіл аясында рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттер өзара сабақтас білім беру нәтижелері ретінде қарастырылады. Рефлексия тұлғаның өзіндік әрекетін реттеуіне, оның нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалауына және қызметін саналы түрде жетілдіруіне мүмкіндік береді. Коммуникативтік құзырет білім алушылардың мағынаны бірлесіп қалыптастыруын, ұстанымдарын негіздеп білдіруін және дәлелді пікірталас жүргізуін қамтамасыз етеді. Ал зерттеушілік құзырет субъективті пайымдаулардан эмпирикалық деректер мен ғылыми дәлелдерге негізделген қорытындыларға көшуге, сондай-ақ ақпаратты жүйелі түрде жинау, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға бағытталады [12, 20–26 б.; 13, 58–61 б.].

Қазақстандық цифрлық педагогика және цифрлық құзыреттерді бағалау саласындағы зерттеулерде диагностикалық құралдар мен бағалау өлшемшарттарын қолданудың маңыздылығы айрықша атап өтіледі. Бұл ретте өзіндік бағалау нәтижелері, практикалық қызметке негізделген көрсеткіштер, сондай-ақ мектеп пен жоғары оқу орны деңгейінде қабылданатын басқарушылық шешімдер негізгі бағалау компоненттері ретінде қарастырылады. Аталған тәсіл цифрлық құзыреттердің қалыптасу деңгейін білім беру ортасының сапасын сипаттайтын нақты әрі өлшенетін индикаторлармен сабақтастыра бағалауға мүмкіндік береді [14, 34, 36–37 б.].

Жүргізілген әдеби шолу цифрлық білім беру жүйесі жағдайындағы негізгі ғылыми-әдіснамалық мәселенің рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік компоненттерді бірыңғай педагогикалық дизайн аясында кешенді түрде кіріктіру қажеттігімен байланысты екенін көрсетеді. Зерттеулердің басым бөлігінде цифрландыру мен қашықтан оқыту технологияларының мүмкіндіктері [15, 17–26 б.], сондай-ақ коммуникативтік, цифрлық және зерттеушілік құзыреттерді жеке-жеке қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылған. Алайда рефлексияны, коммуникацияны және зерттеуді қатар жүзеге асатын дербес үдерістер ретінде емес, біртұтас оқу циклінің өзара сабақтас кезеңдері ретінде қарастыратын тапсырмалар жүйесі мен бағалау моделін әзірлеу қажеттілігі сақталып отыр.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық білім беру ортасында білім алушылардың рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттерін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау, сондай-ақ аталған құзыреттердің кешенді дамуын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық шарттарды анықтап, олардың мазмұндық сипаттамасын ұсыну.

Зерттеудің міндеттері – рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттердің мазмұнын айқындау; цифрлық білім беру ортасының оларды дамыту мүмкіндіктерін талдау; «рефлексия → коммуникация → зерттеу» циклін негізделген тапсырмалар жүйесін әзірлеу; құзыреттерді бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін белгілеу және цифрлық ортада қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу цифрлық білім беру ортасында рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттерді «рефлексия → коммуникация → зерттеу» біртұтас оқу циклі аясында қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесінің тиімділігін бағалауға негізделді. Зерттеу квазиэксперименттік дизайн бойынша ұйымдастырылып, бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін алдын ала және кейінгі өлшеулер негізінде салыстыруды көздейтін pre-test/post-test үлгісі қолданылды.

Зерттеу нысаны ретінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің цифрлық білім беру ортасы белгіленді. Зерттеу университетте аралас және қашықтан оқыту үдерістерін ұйымдастыру барысында қолданылатын оқытуды басқару жүйесі (LMS), форумдар мен чаттар түріндегі цифрлық коммуникация арналары, сондай-ақ электрондық портфолиолар, оқу тапсырмалары және онлайн сауалнамалар секілді цифрлық оқу артефактілері негізінде жүргізілді.

Зерттеу іріктемесін І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 1–3 курсында білім алатын 66 студент құрады. Қатысушылар «6В01505 (5В011100) – Информатика», «6В01513 – Информатика (IP)», «6В01502 – Математика-информатика» және «6В01504 – Физика-информатика» білім беру бағдарламалары бойынша оқыды. Эксперименттік топқа 34 студент, бақылау тобына 32 студент енгізілді. Қатысушыларды топтарға бөлу академиялық топтардың қалыптасқан құрылымы негізінде жүзеге асырылғандықтан, толық рандомизация қағидаты қолданылмады. Соған қарамастан, бастапқы өлшеу нәтижелері бойынша негізгі зерттеу көрсеткіштері тұрғысынан эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалылығы қамтамасыз етілді.

Эксперименттік топтағы жұмыс «рефлексия → коммуникация → зерттеу» циклі бойынша ұйымдастырылды. Рефлексия кезеңінде студенттер оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін анықтап, қиындықтарды талдап, кейінгі әрекеттерін жоспарлады. Коммуникация кезеңінде форумдар мен чаттарда дереккөздерге негізделген талқылаулар жүргізіліп, қорытындылар жазбаша тіркелді. Зерттеушілік кезеңде мәселені тұжырымдау, әдісті таңдау, деректерді жинау және талдау, қорытынды жасау

кезеңдерін қамтитын шағын зерттеулер орындалды. Бақылау тобында осы тақырыптар сақталғанымен, аталған компоненттер біртұтас циклге біріктірілмеді.

Бақылау тобында оқу мазмұны бірдей тақырыптық блоктар аясында сақталғанымен, тапсырмалар рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік әрекеттерді біріктіретін тұтас цикл қағидатына сәйкес құрылмады. Сонымен қатар бағалау рубрикалары мен педагогикалық қолдау элементтері шектеулі көлемде қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық дереккөздері ретінде оқытуды басқару жүйесінде (LMS) орындалған тапсырмаларға берілген жауаптар мен білім алушылардың цифрлық іздері, оның ішінде жүктелген файлдар және тапсырмаларды орындау барысы туралы жазбалар пайдаланылды. Сонымен қатар электрондық портфолиода жинақталған рефлексивтік жазбалар, форумдар мен чаттардағы талқылау материалдары, сондай-ақ шағын зерттеу жұмыстарының есептері талданды. Аталған есептерде пайдаланылған деректер, оларды талдау нәтижелері, тұжырымдалған қорытындылар және зерттеудің шектеулері қамтылды.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: бастапқы диагностика, педагогикалық интервенция және қорытынды диагностика. Бастапқы және қорытынды өлшеулерде екі топқа мазмұны мен құрылымы ұқсас интеграцияланған тапсырмалар ұсынылды. Алынған деректер топішілік және топаралық салыстыру арқылы талданды.

Зерттеу деректерін өңдеу мен талдау барысында сапалық және сандық әдістер кешенді түрде қолданылды. Сапалық талдау кезеңінде рефлексивтік жазбалар, онлайн талқылаулардың фрагменттері және шағын зерттеу есептері алдын ала белгіленген индикаторлар негізінде мазмұндық-категориялық кодтау әдісі арқылы жүйеленіп, сипатталды.

Сандық талдау аясында әрбір зерттелетін компонент бойынша өнімді деңгейге жеткен қатысушылардың үлесі есептелді. Бастапқы және қорытынды өлшеу нәтижелерінің динамикасын, сондай-ақ эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін χ^2 критерийі қолданылды. Бір қатысушылардың көрсеткіштері екі өлшеу кезеңінде өзара сәйкестендіріліп қарастырылған жағдайда, жұпталған номиналдық деректерді талдау үшін McNemar критерийін қолдану мүмкіндігі көзделді.

Алынған айырмашылықтардың статистикалық мәнділігімен қатар олардың практикалық маңызын бағалау мақсатында үлестік көрсеткіштер бойынша әсер көлемін сипаттайтын φ коэффициентін немесе Крамердің V коэффициентін есептеу қарастырылды.

Зерттеу барысында этикалық талаптардың сақталуына ерекше назар аударылды. Қатысушыларға қатысты деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында мәтіндік материалдар мен цифрлық іздерден жеке тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін барлық ақпарат алынып тасталды. Зерттеу нәтижелері тек жинақталған және дербестендірілмеген түрде ұсынылды. Зерттеу басталғанға дейін қатысушыларға оның мақсаты, мазмұны мен өткізілу тәртібі түсіндіріліп, қатысудың еріктілік қағидатына негізделетіні және зерттеуден кез келген кезеңде бас тарту құқығы бар екені хабарланды.

Нәтижелер. Үш құзыреттіліктің бастапқы қалыптасу деңгейін талдау нәтижелері LMS пен онлайн-коммуникация құралдарын белсенді пайдалану жағдайында студенттердің рефлексивті-талдамалық және зерттеушілік әрекеттерге қарағанда оқу тапсырмаларын орындау, файлдарды жүйеге жүктеу және қысқаша жауаптар ұсыну тәрізді техникалық-аспаптық әрекеттерге басымдық бергенін көрсетті.

1. Цифрлық форматта ұсынылған рефлексивтік материалдар негізінен орындалған әрекеттерді сипаттаумен шектелді. Себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, қолданылған стратегиялардың тиімділігін бағалау және оларды жетілдіруге бағытталған нақты қадамдарды белгілеу жағдайлары сирек кездесті.

2. Коммуникативтік компоненттің бастапқы деңгейін талдау білім алушылар арасындағы өзара әрекеттесудің негізінен дереккөздерге, дәйекті аргументтерге және алдын ала белгіленген талқылау рәсімдеріне сүйенбейтін қарапайым пікір алмасу сипатында болғанын көрсетті. Сонымен қатар нақтылаушы сұрақтар қою, әртүрлі көзқарастарды өзара үйлестіру және бірлескен қорытындыны құрылымдап рәсімдеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқаны анықталды.

Зерттеушілік компоненттің бастапқы деңгейін талдау білім алушылардың әрекеті негізінен ақпарат іздеумен шектелгенін көрсетті. Зерттеу мәселесін айқындау, сұрақ немесе гипотеза тұжырымдау, деректер жинау, оларды талдау және негізделген қорытынды жасау кезеңдерін қамтитын толық зерттеу циклі жүйелі әрі бірізді түрде жүзеге асырылмағаны анықталды.

Аталған деңгейлер мен көрсеткіштерді айқындауға негіз болған критерийлер жүйесі 1-кестеде ұсынылған.

1-кесте – Цифрлық білім беру ортасында құзыреттіліктерді қалыптастыру критерийлері мен олардың көрсеткіштері

Компонент	Критерийлер	Индикаторлар (DSP-де байқалатын көріністер)
Рефлексивті	Оқу әрекеттерін ұғыну	оқудағы табыс мақсаты мен өлшемдерін айқындап жазады; таңдаған стратегиясын неге қолданғанын түсіндіреді; туындаған қиындықтар мен олардың себептерін сипаттайды

1-кестенің жалғасы

	Өзін-өзі бағалау және жетілдіруді жоспарлау	алынған нәтижені қабылданған критерийлермен салыстырады; жіберілген қателерін талдайды; 1–3 нақты жақсарту қадамын (келесі әрекеттерін) белгілейді
Коммуникативті	Дәлелдеулерді құрастыру	өз пікірін деректермен/дәйектермен негіздейді; фактіні және пікірді ажырата біледі; қисынды, ішкі тұтастығы бар ұстаным құрады
	Өзара әрекеттесу мәдениеті	нақтылау сұрақтарын қояды; талқылау ережелерін сақтайды; ортақ нәтиже мен келісілген қорытындыны жазбаша түрде бекітеді
Зерттеушілік	Зерттеу циклінің толықтылығы	зерттеу мәселесін және сұрағын тұжырымдайды; әдісті саналы түрде таңдайды; деректерді жинайды (сауалнама, бақылау, цифрлық журналдар); алынған деректерге сүйене отырып қорытынды жасайды
	Деректермен жұмыс істеу	кестелер мен диаграммаларды құрастырады/пайдаланады; нәтижелерді түсіндіреді; деректердің шектеулері мен сенімділігі туралы ақпарат береді

Эксперименттік топта рефлексия мазмұнының нақтылығы мен құрылымдық жүйелілігі артқаны анықталды. Білім алушылардың рефлексивті жазбалары орындалған әрекеттерді сипаттаумен ғана шектелмей, қол жеткізілген нәтижелерді алдын ала белгіленген критерийлер негізінде бағалауды, туындаған қиындықтардың себептерін талдауды және оларды еңсеруге бағытталған нақты қадамдарды айқындауды қамтыды. Бастапқы диагностика кезеңінде жазбалардың басым бөлігі «не орындалды» деген сұраққа жауап беретін сипаттамалық деңгейде болса, жоба соңында мақсатты анықтау, бағалау критерийлерін белгілеу, қабылданған шешімдерді талдау, қорытынды жасау және кейінгі әрекеттерді жоспарлау кезеңдерінен тұратын құрылымды мәтіндердің үлесі ұлғайды. Аталған өзгерістер білім алушылардың қарапайым әрекетті тіркеуден саналы өзін-өзі бағалауға және алдағы оқу әрекеттерін мақсатты түрде жоспарлауға көшкенін көрсетеді.

Эксперименттік топтағы коммуникативтік өзара әрекет қарапайым пікір алмасу деңгейінен бірлескен мағына қалыптастыруға бағытталған мазмұнды талқылау форматына ауысқаны байқалды. Форумдар мен чаттарда нақтылау сұрақтарының, дереккөздер мен оқу материалдарына жасалған сілтемелердің, сондай-ақ талқылау нәтижелерін қорытындылайтын жазбалардың, соның ішінде тұжырымдар мен келісім хаттамаларының саны артты. Дәлелдермен негізделмеген пікірлер түріндегі хабарламалардың үлесі төмендеп, өз ұстанымын дәйектеуге, өзге қатысушылардың көзқарастарын түсіндіруге және ортақ шешімге келісу арқылы қол жеткізуге бағытталған жауаптар жиілей түсті. Мұндай өзара әрекеттесудің нәтижесінде бірыңғай шағын зерттеу жоспарын әзірлеу немесе деректерді интерпретациялауға арналған алдын ала келісілген критерийлер жүйесін қалыптастыру сияқты ортақ өнімдер жасалды.

Эксперименттік топ студенттерінің зерттеушілік әрекеттерінде жүйелілік пен құрылымдық бірізділіктің артқаны байқалды. Білім алушылар зерттеу сұрақтарын нақты тұжырымдап, деректерді жинау әдістерін, соның ішінде сауалнама жүргізу, бақылау және цифрлық іздерді талдау тәсілдерін негізді түрде сипаттай бастады. Сонымен қатар алынған нәтижелер кестелер мен диаграммалар арқылы ұсынылып, эмпирикалық деректер мен оларды авторлық тұрғыдан түсіндіру арасындағы айырмашылық айқынырақ ажыратылды. Қорытынды диагностика кезеңінде жұмыстардың едәуір бөлігінде зерттеудің шектеулеріне арналған бөлімнің енгізілуі анықталды. Бұл бөлімдерде іріктеме көлемінің аздығы, бағалаудың субъективті сипаты және цифрлық іздердің толық болмауы сияқты факторлар көрсетілді. Аталған өзгерістер студенттердің зерттеу рәсімдерін меңгеру деңгейінің жоғарылағанын ғана емес, сонымен қатар зерттеушілік рефлексияның дамығанын және алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалау дағдыларының қалыптасқанын көрсетеді.

Анықталған өзгерістерді сандық тұрғыдан бағалау мақсатында интеграцияланған тапсырмаларды орындауға дейінгі және кейінгі нәтижелердің динамикасы пропорционал көрсеткіштер негізінде салыстырылды. Талдау барысында өнімді рефлексияның қалыптасуы, яғни базалық деңгейден жоғары нәтижелердің үлесі; дәлелдер мен дереккөздерге сілтемелерді қамтитын хабарламалар және талқылау қорытындыларын тіркейтін жазбалар арқылы сипатталатын негізделген коммуникация; сондай-ақ мәселені немесе зерттеу сұрағын тұжырымдау, әдісті таңдау, деректерді жинау, талдау және қорытынды жасау кезеңдерін қамтитын толық зерттеу мини-циклінің орындалуы негізгі индикаторлар ретінде қарастырылды. Аталған параметрлер негізінде үш компонент бойынша бастапқы және қорытынды даму деңгейлері салыстырылып, жиынтық нәтижелердің үлгілік көрсеткіштері 2-кестеде ұсынылды.

2-кесте – COS шеңберіндегі құзыреттіліктердің даму деңгейлерінің өзгеру динамикасы

Компонент	Көрсеткіш	ЭТ бастапқы өлшеу (n=34)	ЭТ қорытынды өлшеу (n=34)	БТ бастапқы өлшеу (n=32)	БТ қорытынды өлшеу (n=32)	Δ ЭТ (п.т.)	χ^2 / p-мәні (ЭТ)
Рефлексивті	Өнімді рефлексивті жазбалар қалдырған студенттердің үлесі	29%	68%	31%	38%	+39	χ^2=10.6; p=0.001
Коммуникативтік	Дәлелдерге/дереккөздерге сүйеніп, қорытындысы түсіндірілген жазбалардың үлесі	24%	61%	26%	33%	+37	χ^2=9.8; p=0.002
Зерттеушілік	Зерттеудің толық мини-циклі жүзеге асқан жұмыстардың үлесі	18%	56%	19%	28%	+38	χ^2=9.7; p=0.002

Ұсынылған деректер эксперименттік топта (ЭТ) қарастырылған үш бағыт бойынша да тұрақты оң динамика қалыптасқанын көрсетеді. Атап айтқанда, рефлексиялық көрсеткіштер шамамен 39 пайыздық тармаққа, коммуникативтік көрсеткіштер 37 пайыздық тармаққа, ал зерттеушілік көрсеткіштер 38 пайыздық тармаққа артқан. Бақылау тобында (БТ) тіркелген өзгерістер едәуір төмен болып, 7–9 пайыздық тармақ аралығынан аспаған. Топтар арасындағы мұндай айырмашылық интеграцияланған тапсырмалар негізінде ұйымдастырылған «рефлексия–коммуникация–зерттеу» циклінің оқу нәтижелеріне оң ықпал еткенін мазмұндық және сандық көрсеткіштер тұрғысынан негіздейді.

Нәтижелердің статистикалық мәнділігін бағалау мақсатында бастапқы және қорытынды өлшемдердегі үлестік көрсеткіштерді салыстыру үшін χ^2 критерийі қолданылды. Аталған әдіс нәтижелерді көрнекі әрі түсінікті ұсынуға мүмкіндік бергенімен, статистикалық критерийді таңдау деректердің жинақталу сипатына негізделуі тиіс. Егер бір қатысушының көрсеткіштері интервенцияға дейінгі және кейінгі кезеңдерде қайталама түрде тіркелсе, өзара байланысты деректерді талдау үшін McNemar тестін қолдану әдіснамалық тұрғыдан орынды. Ал тәуелсіз іріктемелердің үлестік көрсеткіштері салыстырылған жағдайда χ^2 критерийін пайдалану негізді болып саналады. Демек, статистикалық талдау рәсімінің зерттеу дизайнына және деректер құрылымына сәйкестігі алынған нәтижелердің сенімділігі мен қорытындылардың дәйектілігін арттырады.

Анықталған өзгерістердің практикалық маңызын бағалау үшін әсер көлемін (effect size) есептеу ұсынылады. Үлестік көрсеткіштерді салыстыруда жиі қолданылатын өлшемдердің қатарына φ (phi) коэффициенті мен Cramer’s V көрсеткіші жатады. Мәселен, эксперименттік топта рефлексия компоненті бойынша өнімді рефлексия деңгейі бастапқы кезеңдегі 29%-дан (шамамен 10/34) қорытынды кезеңде 68%-ға дейін (шамамен 23/34) артқан. Егер осы салыстыру үшін $\chi^2 = 10{,}6$ және $N = 34$ деп қабылданса, әсер көлемі $\varphi = \sqrt{(\chi^2/N)} = \sqrt{(10{,}6/34)} \approx 0{,}56$ формуласы бойынша есептеледі. Білім беру интервенцияларын бағалау аясында мұндай мәнді орташа және жоғары деңгей аралығындағы әсер ретінде түсіндіруге болады. Бұл көрсеткіш енгізілген педагогикалық шешімдердің зерттеу нәтижелеріне елеулі ықпал еткенін айғақтайды. Осыған ұқсас тәсілмен коммуникативтік және зерттеушілік компоненттер бойынша да φ коэффициентін есептеу интеграцияланған тәсілдің статистикалық мәнділігімен қатар, оның практикалық маңызын да негіздеуге мүмкіндік береді.

Бақыланған оң динамика педагогикалық ықпалдың өзара оқшауланған әрекеттер жиынтығы түрінде емес, құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан тұтас оқу циклі ретінде ұйымдастырылуымен түсіндіріледі. Аталған циклде әрбір келесі кезең алдыңғы кезеңде алынған нәтижелерге негізделіп жүзеге асырылды. Рефлексия кезеңінде орындалатын жұмыстың сапа критерийлері нақтыланып, білім алушылардың жетілдіруді қажет ететін тұстары айқындалды. Коммуникация кезеңінде идеяларды дәлелдеу, нақтылаушы сұрақтар қою, ұстанымдарды келісу және алдағы іс-әрекет жоспарын толықтыру арқылы оқу мазмұнын бірлесіп қайта қарау қамтамасыз етілді. Зерттеу кезеңінде талқылау нәтижелері эмпирикалық тұрғыдан тексеріліп, деректерді жинау, өңдеу және талдау негізінде тұжырымдар жасалды. Осылайша, рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік компоненттердің бір тапсырма аясында сабақтастықпен және өзара байланыста жүзеге асырылуы білім алушылардың нәтижелерінде жүйелі әрі тұрақты оң өзгерістердің қалыптасуына ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері жоғары тиімділік танытқан бірнеше педагогикалық тетікті айқындауға мүмкіндік берді. Біріншіден, LMS жүйесінде алдын ала белгіленген нақты критерийлер мен бағалау рубрикалары білім алушылардың күтілетін нәтижелер мен сапа талаптарын дұрыс түсінуіне жағдай жасап, өзін-өзі бағалау үдерісін жүйеледі. Екіншіден, оқытушының түсіндірмелері мен құрдастардың өзара бағалауын қамтитын тұрақты кері байланыс рефлексиялық пайымдаудың тереңдеуіне және білім алушылар арасындағы мазмұнды коммуникацияның дамуына ықпал етті. Үшіншіден, шағын зерттеулерді орындауға арналған құрылымдық үлгілер мен скэффолдинг құралдары, атап айтқанда,

«сұрақ – әдіс – дерек – талдау – қорытынды» сұлбасы зерттеушілік әрекетті кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Төртіншіден, коммуникация нәтижелерін қорытынды жазба немесе хаттама түрінде міндетті түрде рәсімдеу топ мүшелерінің ортақ жауапкершілігін күшейтіп, бірлескен жұмыстың сапасын арттырды. Аталған педагогикалық тетіктердің кешенді қолданылуы рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік компоненттердің өзара кірігуін және олардың біртұтас оқу нәтижесіне бағытталуын қамтамасыз етті.

Интеграциялық әсерді талдау ең жоғары нәтижелер рефлексия, коммуникация және зерттеу өзара оқшауланған әрекеттер ретінде емес, біртұтас оқу тапсырмасының мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан сабақтас кезеңдері ретінде ұйымдастырылған жағдайда қол жеткізілгенін көрсетті. Іс-әрекет нәтижелеріне жүргізілген мазмұндық талдау аталған үш компонентті ортақ логика негізінде біріктіру тапсырмаларды формалды орындау деңгейінен саналы оқу әрекетіне көшуге мүмкіндік беретінін анықтады. Мұндай кіріктірілген тәсіл білім алушылардың өз оқу әрекетін мақсатты түрде жетілдіруіне, дәлелді өзара әрекеттесуіне және деректерге негізделген қорытындылар жасауына жағдай қалыптастырды.

Бірінші кезеңде рефлексия оқу әрекетін реттеудің негізгі тетігі ретінде қарастырылды. Студенттер оқу мақсаттарын айқындап, табыс критерийлерін нақтылады, өзіндік бағалау жүргізді, сондай-ақ жетілдіруді қажет ететін тұстар мен оларды іске асыруға бағытталған нақты қадамдарды белгіледі. Бұл әрекеттер кейінгі кезеңдерді ұйымдастырудың негізін қалыптастырып, оқу нәтижелерінің сапасын бағалауға арналған түсінікті өлшемдерді айқындауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде рефлексия қол жеткізілген нәтижелерді сипаттаумен шектелмей, білім алушылардың жеке ілгерілеуін саналы түрде жоспарлау, бақылау және реттеу құралына айналды.

Екінші кезеңде коммуникация топ мүшелері ұсынған идеяларды талқылау, тексеру және жетілдіру тетігі ретінде қарастырылды. Форумдар мен чаттарда ұйымдастырылған талқылаулар пікір алмасуға, нақтылаушы сұрақтар қоюға, балама шешімдерді салыстыруға және ортақ ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік беретін өзара әрекеттесу кеңістігін құрады. Коммуникация қосымша әрекет ретінде емес, ұсынылған шешімдерді ұжымдық тұрғыдан тексеру мен негіздеудің маңызды құралы қызметін атқарды. Қатысушылар шешімдердің қабылдану себептерін, оларды негіздейтін дәлелдер мен уәждерді, сондай-ақ кейінгі іс-әрекеттердің мазмұны мен реттілігін бірлесіп талқылады.

Үшінші кезеңде зерттеушілік әрекет топтық талқылауды жүйелі және дәлелді пайымдауға бағытталды. Бұл кезеңде студенттер алға қойылған болжамдарды тексеруге қажетті деректердің түрлерін, оларды жинау әдістерін және өңдеу тәсілдерін айқындады. Дерек жинау құралдары ретінде онлайн сауалнама, бақылау және LMS жүйесінде тіркелген цифрлық іздерді талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар білім алушылар алынған нәтижелерді түсіндіру және олардың зерттеу мәселесі тұрғысындағы маңызын бағалау жұмыстарын жүзеге асырды. Нәтижесінде талқылаудың мазмұны субъективті пікірлерден эмпирикалық деректерге негізделген тұжырымдарға ауысып, фактілерді оларды түсіндіру мен бағалаудан ажырата қарастыру дағдысының қалыптасуына жағдай жасалды.

Аталған кезеңдердің өзара сабақтастығы мен іске асырылу реттілігі 1-суретте көрнекі түрде берілген.



1 сурет – Цифрлық білім беру ортасында жүзеге асырылатын біртұтас оқу циклі

1-суретте цифрлық құралдардың оқу циклінің әрбір кезеңін қолдау және оларды өзара байланысты біртұтас жүйеге біріктіру мүмкіндіктері көрсетілген. Атап айтқанда, LMS платформасы оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін және оқу материалдарын орналастыруға мүмкіндік береді. Форумдар мен чаттар білім алушылар арасындағы талқылауды ұйымдастыруға, пікір алмасу нәтиже-

лерін жүйелеуге және келісілген шешімдерді тіркеуге жағдай жасайды. Электрондық портфолио жеке оқу жетістіктерін жинақтау, құжаттау және рефлексивтік тұрғыдан бағалау құралы ретінде қолданылады. Онлайн сауалнамалар мен деректерді визуализациялау сервистері зерттеу деректерін жинау, өңдеу және көрнекі түрде ұсыну арқылы дәлелді қорытындылар қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Диаграмма құрылымында «оқу циклінің кезеңдері → цифрлық құралдар → оқу әрекетінің өнімдері → бағалау критерийлері» арасындағы сабақтастық бейнеленуі тиіс. Оқу әрекетінің негізгі нәтижелеріне рефлексивтік жазба немесе электрондық портфолио, топтық талқылау хаттамасы, сондай-ақ кестелер мен диаграммалар арқылы рәсімделген шағын зерттеу есебі жатады. Мұндай құрылым рефлексивтік, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттердің өзара ықпалдасуын және олардың өлшенетін оқу нәтижелері түрінде көрініс табуын көрнекі түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру ортасында рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттерді тиімді қалыптастыру олардың интеграцияланған педагогикалық дизайн құрылымына жүйелі түрде енгізілуіне тәуелді екенін көрсетті. Аталған тұжырым зерттеу аясында талданған теориялық және эмпирикалық еңбектердің нәтижелерімен сабақтасады. Білім беруді цифрландыру үдерісін деректерді пайдалану, кері байланысты ұйымдастыру және оқу тәжірибесін қайта құру тұрғысынан қарастырған зерттеулерде [1, 108–110 б.; 15, 17–26 б.] цифрлық құралдардың тиімділігі оларды дербес қолданумен емес, мақсатты түрде жобаланған оқу сценарийлеріне кіріктірумен айқындалатыны атап көрсетіледі. Зерттеу барысында «рефлексия–коммуникация–зерттеу» сабақтастығына негізделген тапсырмалар жүйесінің қолданылуы білім алушылар құзыреттерінің даму көрсеткіштерінде тұрақты оң динамиканың қалыптасуына ықпал етті.

Рефлексиялық компонент бойынша алынған нәтижелер халықаралық педагогикада қалыптасқан рефлексивті практика және тәжірибеге негізделген оқыту тұжырымдамаларының негізгі қағидаларымен сәйкес келеді [5, 49–69 б.; 6, 18–40 б.]. Аталған зерттеулерде рефлексия оқу үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның нәтижелілігі нақты айқындалған бағалау критерийлеріне, өзіндік бағалау рәсімдеріне және кейінгі әрекеттерді жоспарлауға байланысты екені негізделеді. Зерттеу нәтижелері бұл тұжырымды эмпирикалық тұрғыдан толықтырады: эксперименттік топ студенттерінің рефлексивтік әрекеті орындалған жұмысты сипаттаумен шектелмей, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сүйенген саналы әрі құрылымдалған талдау деңгейіне көтерілді. Анықталған өзгерістер цифрлық ортада рефлексияны прогресті бақылау құралдары, электрондық портфолио және жүйелі кері байланыс тетіктері арқылы ұйымдастырудың маңыздылығын көрсететін зерттеу нәтижелерімен де сабақтасады [7, 65–67 б.].

Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына қатысты алынған нәтижелер бірлескен оқыту және Community of Inquiry моделіне негізделген зерттеулердің негізгі тұжырымдарымен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді [9, 1–19 б.; 10, 89–94 б.]. Аталған еңбектерде онлайн оқытудың сапасы әлеуметтік және когнитивтік қатысудың өзара үйлесімді ұйымдастырылуына тәуелді екені негізделеді. Зерттеу барысында форумдар мен чаттарда жүргізілген пікірталастардың дәлелді, жүйелі және құрылымдалған сипатқа ие болуы осы модель қағидаларының тәжірибеде жүзеге асқанын көрсетеді. Сонымен қатар, қазақстандық зерттеулерде интерактивті әдістерді цифрлық ортада тиімді қолдану үшін нақты регламенттер мен мақсатты фасилитацияның қажеттілігі атап өтіледі [4, 47–50 б.]. Алынған эмпирикалық деректер аталған педагогикалық шарттар сақталған жағдайда білім алушылар арасындағы коммуникацияның мазмұндық және ұйымдастырушылық сапасы едәуір артатынын айқындады.

Зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуына қатысты алынған нәтижелер зерттеуге негізделген және проблемалық оқыту модельдерін қарастырған халықаралық еңбектердің негізгі тұжырымдарымен сәйкес келеді [8, 100–104 б.]. Аталған зерттеулерде білім алушылардың зерттеу әрекетін меңгеруінде шағын зерттеу циклін кезең-кезеңімен ұйымдастыру және педагогикалық қолдау көрсету тетіктерінің маңызы айрықша атап өтіледі. Зерттеу барысында зерттеу әрекетінің негізгі кезеңдері – мәселені тұжырымдау, зерттеу сұрағын анықтау, әдісті таңдау, деректерді жинау, талдау және қорытынды жасау – құрылымдалған тапсырмалар мен скэффолдинг құралдары арқылы жүйелендірілді. Қазақстандық авторлардың еңбектерінде цифрлық платформалар мен деректерді өңдеу және талдау сервистерін меңгеру зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды алғышарты ретінде қарастырылады [3, 44–46 б.; 11, 74–75 б.]. Алынған эмпирикалық нәтижелер аталған тұжырымды нақтылап, цифрлық құралдарды мақсатты және жүйелі қолданудың білім алушылардың зерттеушілік әрекетін дамытуға оң ықпал ететінін көрсетті.

Ресейлік құзыреттілікке негізделген тұжырымдамаларда рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік компоненттер өзара сабақтас білім беру нәтижелері ретінде қарастырылады [12, 20–26 б.; 13, 58–61 б.]. Дегенмен ғылыми еңбектердің басым бөлігінде аталған компоненттердің өзара байланысы негізінен теориялық тұрғыдан сипатталып, оларды білім беру тәжірибесіне енгізудің нақты педагогикалық тетіктері жеткілікті деңгейде айқындалмаған. Ұсынылып отырған зерттеудің ерекшелігі рефлексия, коммуникация және зерттеу үдерістерін біртұтас оқу тапсырмасы аясында бірізді жүзеге асырылатын кезеңдер ретінде қарастырудан көрінеді. Сонымен қатар зерттеуде осы компоненттерді кіріктіру арқылы өлшенетін оқу нәтижелеріне қол жеткізудің педагогикалық жолдары нақтыланады. Алынған деректер құзыреттілікке негізделген тәсілдің мазмұны мен іске асырылу тетіктерін цифрлық педагогика жағдайында нақтылауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер цифрлық ортадағы құзыреттердің дамуы қолданылатын құралдардың санымен емес, олардың мақсатқа бағдарланған педагогикалық сценарийде кіріктірілуімен анықталатынын көрсетті. Рефлексия оқу әрекетін талдау мен түзетуді, коммуникация идеяларды дәлелді талқылауды, ал зерттеушілік әрекет қорытындыларды эмпирикалық деректермен негіздеуді қамтамасыз етті. Бұл компоненттердің біртұтас циклде біріктірілуі бағалау рубрикалары, жүйелі кері байланыс және педагогикалық қолдау арқылы күшейтілді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру ортасында рефлексиялық, коммуникативтік және зерттеушілік құзыреттерді «рефлексия → коммуникация → зерттеу» біртұтас циклі негізінде қалыптастырудың тиімділігін көрсетті. Эксперименттік топта өнімді рефлексия көрсеткіші 29%-дан 68%-ға, дәлелді коммуникация 24%-дан 61%-ға, толық зерттеу мини-циклін орындау 18%-дан 56%-ға дейін өсті. Бақылау тобындағы өзгерістер 7–9 пайыздық тармақ аралығында болды.

Нәтижелер цифрлық құралдардың өздігінен емес, нақты бағалау критерийлері, жүйелі кері байланыс, құрылымдалған онлайн-коммуникация және зерттеушілік тапсырмалармен үйлесімді қолданылған жағдайда тиімді екенін көрсетті. Ұсынылған тәсілді болашақ педагогтерді даярлау барысында оқу тапсырмаларын жобалау, бағалау және шағын зерттеулерді ұйымдастыру үшін пайдалануға болады.

Зерттеудің шектеулері бір университеттің студенттерімен және цифрлық мәтіндік артефактілермен байланысты. Болашақ зерттеулерде іріктемені кеңейту, ұзақ мерзімді әсерді бағалау және әрбір компоненттің дербес ықпалын анықтау орынды.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Schön D.A. The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action** [Text] / D.A. Schön. – New York: Basic Books, 1983. – 374 p.

2. **Boud D., Keogh R., Walker D. Reflection: Turning Experience into Learning** [Text] / D. Boud, R. Keogh, D. Walker. – London: Kogan Page, 1985. – 170 p.

3. **Garrison D. R., Anderson T., Archer W. Critical Inquiry in a Text-Based Environment: Computer Conferencing in Higher Education** [Text] / D. R. Garrison, T. Anderson, W. Archer // The Internet and Higher Education. – 2000. – Vol. 2. – Issue 2–3. – P. 87–105. DOI: 10.1016/S1096-7516(00)00016-6.

4. **Zimmerman, B. J. Becoming a Self-Regulated Learner: An Overview** [Text] / B. J. Zimmerman // Theory Into Practice. – 2002. – Vol. 41. – Issue 2. – P. 64–70. DOI: 10.1207/s15430421tip4102_2.

5. **Dillenbourg, P. (ed.). Collaborative Learning: Cognitive and Computational Approaches** [Text] / P. Dillenbourg (ed.). – Oxford: Elsevier, 1999. – 246 p.

6. **Hmelo-Silver, C. E., Duncan, R. G., Chinn, C. A. Scaffolding and Achievement in Problem-Based and Inquiry Learning: A Response to Kirschner, Sweller, and Clark** [Text] / C. E. Hmelo-Silver, R. G. Duncan, C. A. Chinn // Educational Psychologist. – 2007. – Vol. 42. – Issue 2. – P. 99–107. DOI: 10.1080/00461520701263368.

7. **Полат, Е. С., Бухаркина, М. Ю., Моисеева, М. В., Петров, А. Е. Теория и практика дистанционного обучения** [Текст]: Учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 416 с.

8. **Зимняя, И. А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании** [Текст] / И. А. Зимняя. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 38 с.

9. **Хуторской, А. В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования** [Текст] / А. В. Хуторской // Народное образование. – 2003. – № 2. – С. 58–64.

10. **Никулина Т. В., Стариченко Е. Б. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление** [Текст] / Т. В. Никулина, Е. Б. Стариченко // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107–113. DOI: 10.26170/PO18-08-15.

11. **Усербаева М. М., Ким О. Я., Култаева С. С. Методы обучения при дистанционном формате** [Текст] / М. М. Усербаева, О. Я. Ким, С. С. Култаева // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Педагогические науки. – 2022. – Т. 67. – № 4. – С. 45-52. DOI: 10.48371/PEDS. 2022.67.4.011.

12. **Жусупалиева, Д. М. Шет тілі құзыреттерін қалыптастырудағы цифрлық білім беру ортасының рөлі** [Мәтін] / Д. М. Жусупалиева // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2021. – № 4(72). – Б. 70-75. DOI: 10.51889/2021-4.1728-5496.08.

13. **Байменова, Б. С., Габдуллина, К. М. Цифрлық білім беру ортасында болашақ педагог-психологтердің даярлау ерекшелігі** [Мәтін] / Б. С. Байменова, К. М. Габдуллина // Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия Педагогика. Психология. Социология. – 2022. – Т. 141. – № 4. – Б. 43–50. DOI: 10.32523/2616-6895-2022-141-4-43-50.

14. **Даулетова, А. С., Мамраймов, С. Д., Жумагелдиева, А. Д., Тулепбаева, Г. К. Цифрлық білім беру ортасы жағдайында болашақ педагог-психологтардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың маңыздылығы** [Мәтін] / А. С. Даулетова, С. Д. Мамраймов, А. Д. Жумагелдиева, Г. К. Тулепбаева // 3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация. – 2025. – Т. 2. – № 4. – 72-84. DOI: 10.52269/NTDG254272.

15.**Орта білім беру ұйымдарында цифрлық құзыреттер саласында (SELFIE) педагогтердің өзін-өзі бағалау құралын пайдалану.** Әдістемелік ұсынымдар. [Мәтін]. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 185 б.

REFERENCES:

1. **Schön D. A. The reflective practitioner: how professionals think in action**. New York, Basic Books, 1983, 374 p.

2. **Boud D., Keogh R., Walker D. Reflection: turning experience into learning**. London, Kogan Page, 1985, 170 p.

3. **Garrison D. R., Anderson T., Archer W. Critical inquiry in a text-based environment: computer conferencing in higher education**. *The Internet and Higher Education*, 2000, vol. 2, pp. 87–105. DOI: 10.1016/S1096-7516(00)00016-6

4. **Zimmerman B. J. Becoming a self-regulated learner: an overview**. *Theory Into Practice*, 2002, vol. 41, pp. 64–70. DOI: 10.1207/s15430421tip4102_2

5. **Dillenbourg P. Collaborative learning: cognitive and computational approaches**. Oxford, Elsevier, 1999, 246 p.

6. **Hmelo-Silver C. E., Duncan R. G., Chinn C. A. Scaffolding and achievement in problem-based and inquiry learning**. *Educational Psychologist*, 2007, vol. 42, pp. 99–107. DOI: 10.1080/00461520701263368.

7. **Polat E.S., Bukharkina M. Yu., Moiseeva M. V., Petrov A. E. Teoriya i praktika distancionnogo obucheniya** [Theory and practice of distance learning]. Moscow, Izdatel'skij centr "Akademiya", 2004, 416 p. (In Russian)

8. **Zimnyaya I.A. Klyuchevy'e kompetentnosti kak rezul'tativno-celevaya osnova kompetentnostnogo podhoda v obrazovanii** [Key competencies as a result-oriented and goal-based foundation of the competence approach in education]. Moscow, Issledovatel'skij centr problem kachestva podgotovki specialistov, 2004, 38 p. (In Russian)

9. **Khutorskoj A.V. Klyuchevy'e kompetencii kak komponent lichnostno-orientirovannoj paradigmy' obrazovaniya** [Key competencies as a component of the learner-centered educational paradigm]. *Narodnoe obrazovanie*, 2003, no. 2, pp. 58–64. (In Russian)

10.**Nikulina T.V., Starichenko E.B. Informatizaciya i cifrovizaciya obrazovaniya: ponyatiya, tehnologii, upravlenie** [Informatization and digitalization of education: concepts, technologies, management]. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*, 2018, no. 8, pp. 107–113. DOI: 10.26170/PO18-08-15. (In Russian)

11.**Userbaeva M.M., Kim O.Ya., Kultaeva S.S. Metody' obucheniya pri distancionnom formate** [Teaching methods in a distance learning format]. *Izvestiya KazUMOiMYA imeni Abylaj hana. Seriya: Pedagogicheskie nauki*, 2022, vol. 67(4), pp 45-52. DOI: 10.48371/PEDS.2022.67.4.011. (In Russian)

12.**Zhusupalieva D. M. Shet tili kuzyretterin kalyptastyrudagy cifrlyk bilim beru ortasynyn roli** [The role of the digital educational environment in forming foreign language competencies]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya "Pedagogicheskie nauki"*, 2021, no. 4(72), pp. 70-75. DOI: 10.51889/2021-4.1728-5496.08. (In Kazakh)

13.**Baimenova B.S., Gabdullina K.M. Cifrlyk bilim beru ortasynda bolashak pedagog-psihologterdi dayarlau ereksheligi** [Specific features of training future educational psychologists in a digital educational environment]. *Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L. N. Gumilyova. Seriya Pedagogika. Psihologiya. Sociologiya*, 2022, no. 4(141), pp. 43–50. DOI: 10.32523/2616-6895-2022-141-4-43-50. (In Kazakh)

14.**Dauletova A.S., Mamraimov S. D., Zhumageldiyeva A.D., Tulepbaeva G. K. Cifrlyk bilim beru ortasy zhagdajynda bolashak pedagog-psihologtardyn zertteushilik kuzyrettilikterin damytudyn manyzdylygy** [Relevance of developing research competencies of future educational psychologists in a digital educational environment]. *3i: intellect, idea, innovation*, 2025, vol. 2 (4), pp. 72-84. DOI: 10.52269/NTDG254272. (In Russian)

15.**Orta bilim beru ujymdarynda cifrlyk kuzyretter salasynda (SELFIE) pedagogterdin ozin-ozi bagalau kuralyn pajdalanu. Adistemelik usynymdar** [Using the SELFIE self-assessment tool to assess teachers' digital competences in general education organizations: methodological recommendations]. Astana, Y. Altynsarin National Academy of Education, 2024, 185 p. (In Kazakh)

Жіберілген күні: 25 маусым 2026 ж. **Қабылданған күні:** 10 тамыз 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәліметтер:

Койшыбекова Айжан Кумарбековна – PhD, Информатика және білімді цифрландыру кафедрасы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040009 Талдықорған қ., І.Жансүгіров көш. 187А, e-mail: aizhankym@inbox.ru; ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-5784-0911.

Кастеева Гульмира Далелхановна – педагогика ғылымдарының магистрі (информатика), оқытушы-дәріскер, Информатика және білімді цифрландыру кафедрасы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040009 Талдықорған қ., І. Жансүгіров көш. 187А, e-mail: kasteevagd@gmail.com; ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-6536-6933.*

Шагатаева Зауре Ерназаровна – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Шығармашылық білім беру кафедрасы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040009 Талдықорған қ., І. Жансүгіров көш. 187А, e-mail: zaurika@mail.ru; ORCID ID: https://orcid.org/ 0000-0003-3637-1009.

Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна – PhD, қауымдастырылған профессор, Музыка және көркемдік білім кафедрасы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Қазақстан Республикасы, 080000 Тараз қ., Төле би даңғ. 60, e-mail: nr.koshkinbayeva@dulaty.kz; ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-3657-4295.

Койшыбекова Айжан Кумарбековна – PhD, кафедра информатики и цифровизации образования, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040009 г. Талдыкорган, ул. И. Жансугурова 187А, e-mail: aizhankym@inbox.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-5784-0911.

Кастеева Гульмира Далелхановна – магистр педагогических наук (информатика), преподаватель-лектор, кафедра информатики и цифровизации образования, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040009 г. Талдыкорган, ул. И. Жансугурова 187А, e-mail: kasteevagd@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-6536-6933.*

Шагатаева Зауре Ерназаровна – PhD, и.о. ассоциированного профессора, кафедра творческого образования, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040009 г. Талдыкорган, ул. И. Жансугурова 187А, e-mail: zaurika@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/ 0000-0003-3637-1009.

Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна – PhD, ассоциированный профессор, кафедра музыки и художественного образования, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Республика Казахстан, 080000 г. Тараз, пр. Толе би 60, e-mail: nr.koshkinbayeva@dulaty.kz, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-3657-4295.

Koishybekova Aizhan Kumarbekovna – PhD, Department of computer sciences and digitalization of education, I. Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040009, Taldykorgan, 187A I. Zhansugurov Str., e-mail: aizhankym@inbox.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-5784-0911.

Kasteyeva Gulmira Dalelkhanovna – Master of Pedagogical Sciences (Com. Sciences), Lecturer, Department of computer sciences and digitalization of education, I. Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040009, Taldykorgan, 187A I. Zhansugurov Str., e-mail: kasteevagd@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-6536-693.*

Shagatayeva Zaure Yernazarovna – PhD, acting Associate Professor, Department of creative education, I. Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040009, Taldykorgan, 187A I. Zhansugurov Str., e-mail: zaurika@mail.ru; ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-3637-1009.

Koshkinbayeva Nurgul Ryspayevna – PhD, Associate Professor, Department of music and art education, M.Kh. Dulaty Taraz University, Republic of Kazakhstan, 080000, Taraz, 60 Tole Bi Ave., e-mail: nr.koshkinbayeva@dulaty.kz; ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-3657-4295.

IRSTI 14.09.35
UDC 373.2
https://doi.org/10.52269/SEPT2632151

AN EMPIRICAL STUDY OF PECULIARITIES OF THE PEDAGOGICAL IMAGE FORMATION OF FUTURE SPECIAL EDUCATION TEACHERS

Koshzhanova G.A. – Master of Pedagogical Sciences. Department of social and humanitarian sciences, K. Sagadiyev International University of Business, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Shirinbayeva G. K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of preschool education and social pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

Akhmadiyarova G.S. – Master of Pedagogical Sciences. Department of social and humanitarian sciences, K. Sagadiyev International University of Business, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Atemkulova N.O. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of preschool education and social pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

The article considers the professionally important qualities of a special education teacher, the structural components of the pedagogical image, and discusses the results of introducing the model of forming the pedagogical image of a pedagogical Image of future teachers in the field of special education. For the development of personal and professional characteristics of a teacher working with children with disabilities, it is important to pay attention to the development of skills to communicate with such children and

the formation of a pedagogical image as an important component of professional competence. The research purpose: to determine the theoretical foundations of the psychological and pedagogical conditions for the formation of the pedagogical image of the special education future teacher, to develop a methodology and conduct an experimental evaluation of its effectiveness. Application of this research: consideration of the teacher's image as an important component of professional competence allows to identify the principles and conditions for the organization and implementation of image-forming developmental activities in the educational process of the university, as well as to suggest ways to form the pedagogical image of the future special education teacher.

***Keywords**: special education teacher, special education sphere, children with disabilities, pedagogical image, structural components.*

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Кошжанова Г.А. – педагогика ғылымдарының магистрі, Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы, К.Сағадиев атындағы халықаралық бизнес университеті, Алматы қ. Қазақстан Республикасы.

Ширинбаева Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған, профессор, Мектепке дейінгі білім және әлеуметтік педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан Республикасы.*

Ахмадиярова Г.С. – педагогика ғылымдарының магистрі, Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы, К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті. Алматы қ. Қазақстан Республикасы.

Атемкулова Н.О. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Мектепке дейінгі білім және әлеуметтік педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақаланың мақсаты: мақалада арнайы білім беру саласындағы мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері, педагогикалық имидждің құрылымдық құрамдас бөліктері қарастырылып, болашақ мұғалімнің педагогикалық имиджін қалыптастыру моделін енгізу нәтижелері талқыланады.арнайы білім беру саласындағы білім беру процесіне. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мұғалімнің жеке және кәсіби ерекшеліктерін дамыту үшін оның осындай балалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға және кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық имиджді қалыптастыруға назар аударған жөн.. Зерттеудің мақсаты: арнайы білім беру саласындағы болашақ мұғалімнің педагогикалық имиджін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарының теориялық негіздерін анықтау, әдістемені әзірлеу және оның тиімділігіне эксперименттік бағалау жүргізу. Осы зерттеуді қолдану: мұғалімнің имиджін кәсіби құзіреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде Қарастыру университеттің оқу-тәрбие процесінде имиджді қалыптастыратын дамытушылық іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен жүзеге асырудың принциптері мен шарттарын анықтауға, сонымен қатар болашақ арнайы білім беру мұғалімінің педагогикалық имиджін қалыптастыру жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

***Түйінді сөздер:** арнайы педагог, арнайы білім беру саласы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, педагогикалық образ, жалпы имидж құрылымы.*

ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ФОРМИРОВАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИМИДЖА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ СПЕЦИАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Кошжанова Г.А. – магистр педагогических наук, кафедра социально-гуманитарных наук, Университет международного бизнеса им. К. Сагадиева, г.Алматы, Республика Казахстан.

Зерттеудің теориялық негізін әлеуметтік-мәдени даму теориялары құрайды. A. Bandura ұсынған әлеуметтік-когнитивтік теория тұлғаның мінез-құлқы жеке тұлғалық факторлар (сенім, когниция, мотивация), мінез-құлық және әлеуметтік орта арасындағы өзара әрекет арқылы қалыптасатынын негіздейді [1]. Бұл теориядағы негізгі ұғым – өзіндік тиімділік (self-efficacy), яғни адамның белгілі бір әрекетті табысты орындау қабілетіне деген сенімі. A.Bandura өзіндік тиімділіктің төрт бағытын көрсетеді: табысты жеке тәжірибе (mastery experience), бақылау арқылы үйрену (vicarious experience), әлеуметтік қолдау мен ынталандыру (verbal persuasion), эмоционалдық күй. Бочча ойыны осы механизмдерді табиғи түрде іске қосады: дәл лақтыру арқылы табысты тәжірибе жинақталады; құрдастарының әрекетін бақылау арқылы сабақ алады; командадағы қолдау мотивацияны күшейтеді; қауіпсіз және қолдаушы орта эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Демек, бочча арқылы өзіндік тиімділік артып, оқушының дене белсенділігіне тұрақты қатысуы мен әлеуметтік қатысуы күшеюі ықтимал. Бұл логика зерттеуде әлеуметтік көрсеткіштердің (коммуникация, командалық өзара әрекет, өзін-өзі бағалау) бағалануын теориялық тұрғыдан негіздейді. L.S. Vygotsky ұсынған әлеуметтік-мәдени теориясы өзара әрекет арқылы жүзеге асады және жоғары психикалық функциялар бастапқыда әлеуметтік деңгейде пайда болып, кейін ішкі психикалық құрылымға айналады [2]. Теорияның өзекті тұжырымы – «жақын даму аймағы» (zone of proximal development): бала ересек немесе өзге құрдастарының қолдауымен күрделірек әрекетті орындай алады. Бочча ойыны топтық және жұптық форматта ұйымдастырылғанда стратегия құруға кезек сақтау, ойын жағдайын талдау және шешім қабылдау барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады; осы процесте әлеуметтік қолдау мен модельдеу арқылы жаңа дағдылар игеріледі. Сонымен қатар боччада кеңістіктік бағдарлау, мақсат қою, әрекетті жоспарлау және нәтижені талдау элементтері белсенділікті арттырып, зейін тұрақтылығы мен стратегиялық ойлау компоненттерінің дамуына ықпал етеді.

Шет мемлекеттерде бейімдік дене белсенділік (Adapted Physical Activity, APA) интервенциялары ЕБҚ бар балалардың қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дамуына ықпал ететін көп өлшемді педагогикалық құрал ретінде сипатталады. Lia және APA бағдарламалары қимыл-қозғалыс функциялар мен әлеуметтік қатысуды арттыратынын көрсете отырып, зерттеулерде қолданылатын өлшеу құралдарының әркелкілігі нәтижелерді салыстыруда қиындатады [3]. Karakas және әріптестері бейімдік бағдарламалардың тепе-теңдік, бұлшық ет күші және қимыл-қозғалыс үйлесімділігі көрсеткіштеріне оң әсерін көрсеткен [4]. Jariono мен әріптестерінің жүйелі шолуында APA интервенцияларының тек қимыл-қозғалыс нәтижелермен шектелмей және психо-әлеуметтік айнымалыларға (өзін-өзі бағалау, әлеуметтік дағдылар) ықпал ететіні жинақталған [5]. Rakaa және әріптестері бейімдік педагогикалық стратегиялар инклюзивті дене тәрбиесі бағдарламаларында мотивация мен әлеуметтік интеграцияны күшейтетінін негіздейді [6]. Posso-Pacheco және әріптестері инклюзивті дене тәрбиесінің тиімділігі дене қуатының қолжетімділігі, педагогикалық бейімдеу, бағалау жүйесінің икемділігі және ресурстық қамтамасыз ету сияқты жүйелік факторларға тәуелді екенін айқындайды [7]. Orr және өзге ғалымдар APA бағдарламалары әлеуметтік өзара әрекет пен топтық ынтымақтастықты күшейтетінін көрсетсе [8], Mihajlovic спорттық қатысудың әлеуметтік инклюзия мен өзіндік бағалауға әсерін сипаттайды [9]. Сондай-ақ бір қатар еңбектерде APA тиімділігі интервенцияның құрылымдылығы, ұзақтығы және бағалау критерийлерінің стандартталуына тәуелді екенін көрсетеді; нәтижелердің салыстырмалылығын арттыру үшін ICF-CY сияқты бірыңғай функционалдық өлшем жүйелерін қолдану ұсынылады.

Халықаралық зерттеулер APA тиімділігін дәлелдегенімен, нақты спорт түріне негізделген құрылымдалған мектептік модельдердің кешені жеткілікті жүйеленбеген. Осы тұрғыда бочча ерекше назар аудартады: ол қимыл-қозғалысқа ықпал етумен қатар, тактикалық ойлау, жоспарлау, әлеуметтік коммуникация сияқты компоненттерді табиғи ортада іске қосады және мектеп жағдайында қауіпсіздік пен дараландыру талаптарына салыстырмалы түрде жақсы жауап береді. Сондықтан бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі әдістемесін мақсатты түрде құрылымдап, оның нәтижесін кешенді бағалау – халықаралық APA әдебиеттеріндегі «стандартталған бағалау» және «нақты интервенция моделі» қажеттілігімен үйлеседі.

Отандық контексте инклюзивті білім беру мен бейімдік дене тәрбиесінің нормативтік-әдістемелік негізі біртіндеп қалыптасуда, алайда зерттеулер жеткіліксіз. Мысалы, A.Zikenov және әріптестері аутизм спектрі бұзылысы бар білім алушыларға арналған бейімдік дене тәрбиесі технологиясын жетілдірудің құрылымдық моделін ұсынып, бағдарламаның мақсатты-мазмұндық блоктарын нақтылаудың маңызын атап өтеді [10]. A.Bekzatov инклюзивті білім беру жағдайында дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыруда, елімізде эмпирикалық зерттеулердің тапшылы мен бағалау критерийлерінің жүйеленбеуін проблемалық аймақ ретінде көрсетеді [11]. A.Baigaliyev және әріптестері Қазақстандағы инклюзивті білім беру беру бойынша дәлелдемелік зерттеулердің шектеулі екенін негіздейді [12]. Бұл инклюзивті дене тәрбиесі бағытына да қатысты өзектілікті күшейтеді. Институционалдық деңгейде Қазақстан Бочча федерациясының деректеріне сәйкес бочча 2018 жылдан бастап дамып, 2021 жылы ұлттық федерация құрылған; бұл спорт түрінің ұйымдастырушылық негізі бар екенін білдіреді. Алайда боччаның мектептік дене тәрбиесіне жүйелі енгізілуі мен оның қимыл-қозғалыс және әлеуметтік көрсеткіштерге ықпалын кешенді бағалау Қазақстан жағдайында жеткілікті деңгейде жүйеленбеген.

Осылайша, зерттеу мәселесі еліміздегі ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы мектеп оқушыларына арналған бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесінің құрылымдық моделін әзірлеуге бағытталып отыр.

Зерттеудің мақсаты – ерекше білімді қажететін мектеп оқушыларына арналған бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі әдістемесінің теориялық негіздерін айқындап, оның құрылымдық-мазмұндық моделінің әлеуметтік даму көрсеткіштеріне ықпалын эксперименттік тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

- бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесінің ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, оның ықпал ету механизмдерін талдау;
- бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;
- ұсынылған әдістеменің педагогикалық тиімділігін эксперименттік зерттеу барысында анықтап, алынған нәтижелерді статистикалық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу болжамы: егер бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі әдістемесі жүйелі және құрылымдалған түрде енгізілсе, онда ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы мектеп оқушыларының қимыл-қозғалыс және әлеуметтік көрсеткіштері дәстүрлі бағдарламаға қарағанда статистикалық тұрғыдан мәнді деңгейде жоғарылайды.



1 сурет – Бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесінің педагогикалық әсер етуінің концептуалдық моделі (авторлар құрастырған)

Ұсынылған модель бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесінің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дамуына ықпал ету механизмдерін көрсетеді. Модельдің орталық компоненті ретінде бочча ойынының педагогикалық әсері қарастырылады, ол оқушылардың қозғалыс белсенділігі мен үйлесімділігін және кеңістіктік бағдарлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Модель құрылымында қимыл-қозғалыс дамуы, әлеуметтік даму және өзіндік тиімділік сияқты үш негізгі даму бағыты айқындалған. Аталған компоненттер өзара байланысты және бейімделген ойын әрекеті арқылы оқушылардың дене, танымдық және әлеуметтік дағдыларының кешенді дамуын қамтамасыз етеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу квази-эксперименттік дизайн негізінде ұйымдастырылды және ерекше білім қажеттілігі бар мектеп оқушыларына арналған бочча негізіндегі бейімдік дене

тәрбиесі әдістемесінің педагогикалық тиімділігін бағалауға бағытталды. Эксперимент pre-test – post-test үлгісіндегі бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы талдауына негізделді.

Зерттеу барысында қатысушылардың қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштері экспериментке дейін және эксперименттен кейін өлшеніп алынған нәтижелері салыстырмалы статистикалық талдау арқылы бағаланады. Эксперименттік топта бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасы қолданылса, бақылау тобы дәстүрлі форматта жүргізілді.

Зерттеуге жалпы саны 26 ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы мектеп оқушысы қатысты. Зерттеу Алматы қаласындағы «№116 ЖББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «№129 ЖББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің базасында жүргізілді. Қатысушылар инклюзивті білім беру сыныптарынан іріктеліп алынды. Іріктеу барысында оқушылардың жас ерекшеліктері, ерекше білім қажеттілігінің болуы және дене тәрбиесі сабақтарына қатысуға медициналық рұқсаты ескерілді.

Зерттеуге қатысушылар екі топқа бөлінді:

- эксперименттік топ (n = 13) – бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасы енгізілді;
- бақылау тобы (n = 13) – мектептің дәстүрлі дене тәрбиесі бағдарламасы бойынша оқытылды.

Барлық қатысушылардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен зерттеуге қатысуға ерікті келісім (informed) алынды.

1 кесте – Бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесінің факультативтік бағдарламасының 12 апталық жоспары (авторлар құрастырған)

Апта	Сабақтың негізгі мазмұны	Орындалатын жаттығулар	Педагогикалық мақсат
1 апта	Бочча ойыны туралы жалпы түсінік, қауіпсіздік ережелері	Доппен танысу, допты ұстау және доппен жұмыс істеу дағдыларымен танысу, бағыттау жаттығулары	Ойын ережелерімен таныстыру, бастапқы қозғалыс дағдыларын қалыптастыру
2 апта	Допты нысанаға бағыттау техникасы	Қысқа қашықтыққа дәл лақтыру жаттығулары	Қол-көз үйлесімділігін дамыту
3 апта	Дәлдікке арналған жаттығулар	Нысанаға бағытталған лақтыру жаттығулары	Қозғалыс дәлдігін арттыру
4 апта	Кеңістіктік бағдарлау жаттығулары	Әр түрлі қашықтыққа доп лақтыру	Кеңістіктік бағдарлау қабілетін дамыту
5 апта	Жеке ойын элементтері	Жеке тапсырмалар арқылы бочча техникасын жетілдіру	Қозғалыс бақылауын дамыту
6 апта	Жұптық ойын жаттығулары	Жұппен доп лақтыру және стратегия құру	Коммуникация және өзара әрекет дағдыларын дамыту
7 апта	Командалық ойын элементтері	Топтық ойын жаттығулары	Командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру
8 апта	Ойын тактикасын дамыту	Ойын стратегиясын қолдану	Стратегиялық ойлау қабілетін дамыту
9 апта	Дәлдік пен жылдамдық жаттығулары	Нысанаға жылдам әрі дәл лақтыру	Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру
10 апта	Күрделендірілген ойын тапсырмалары	Қиындатылған ойын жағдайларында жаттығулар	Қимыл-қозғалыс дағдыларын бекіту
11 апта	Бочча бойынша шағын жарыс	Командалық ойын ұйымдастыру	Әлеуметтік өзара әрекет пен мотивацияны арттыру
12 апта	Қорытынды сабақ	Қайталау жаттығулары, ойын нәтижелерін талдау	Қалыптасқан дағдыларды бекіту және рефлексия

Бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасы факультативтік сабақ ретінде 12 апта бойы, аптасына 2 рет, 45 минут көлемінде жүргізілді. Бағдарлама кезең-кезеңімен ұйымдастырылып, бастапқы кезеңде оқушыларды ойын ережелерімен таныстыруға және негізгі қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Кейінгі сабақтарда дәлдік, қимыл-қозғалыс үйлесімділігі және кеңістіктік бағдарлау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар.

Бағдарламаның соңғы кезеңінде командалық ойын элементтері мен шағын жарыстар ұйымдастырылып, оқушылардың өзара әрекеті мен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

2 кесте – Ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштерін бағалау құралдары (авторлар құрастырған)

Өлшем бағыты	Көрсеткіш	Бағалау құралы / тест	Өлшем бірлігі
Қимыл-қозғалыс дамуы	Қол-көз үйлесімділігі	Boccia Target Throw Test (нысанаға дәл лақтыру тесті)	ұпай
	Қозғалыс дәлдігі	Нысана аймағына лақтыру дәлдігін бағалау	%
	Тепе-теңдік	Статикалық тепе-теңдік тесті	секунд
Әлеуметтік даму	Коммуникация	Педагогикалық бақылау картасы	балл
	Командалық өзара әрекет	Топтық әрекетті бағалау шкаласы	балл

Зерттеу барысында ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың даму деңгейін кешенді бағалау мақсатында қимыл-қозғалыс және әлеуметтік көрсеткіштер анықталды. Бағалау педагогикалық бақылау, тест тапсырмалары және бақылау парақтары арқылы жүргізілді.

Барлық көрсеткіштер экспериментке дейін (pre-test) және эксперименттен кейін (post-test) өлшеніп, алынған нәтижелер эксперименттік және бақылау топтарының арасында салыстырмалы статистикалық талдау арқылы өңделді.

Зерттеу факультативтік сабақ формасында ұйымдастырылған педагогикалық эксперимент негізінде үш кезеңде жүзеге асырылады.

1. *Диагностикалық кезең.* Бұл кезеңде зерттеуге қатысушылардың бастапқы қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштері анықталды. Бағалау арнайы тест тапсырмалары, педагогикалық бақылау және бақылау парақтары арқылы жүргізілді. Алынған нәтижелер зерттеудің бастапқы деңгейін анықтауға және эксперименттік әрі бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік берді.

2. *Эксперименттік кезең.* Эксперименттік кезеңде эксперименттік топтағы оқушыларға бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесінің факультативтік бағдарламасы енгізілді. Факультативтік сабақтар 12 апта бойы, аптасына 2 рет әрқайсысы 45 минут көлемінде ұйымдастырылды. Бағдарлама барысында оқушылар бочча ойынының негізгі элементтерін меңгеріп, дәлдік, қимыл-қозғалыс үйлесімділігі, кеңістіктік бағдарлау және командалық өзара әрекет дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулар орындады. Ал бақылау тобындағы оқушылар осы кезеңде мектептің стандартты дене тәрбиесі бағдарламасы бойынша сабақтарға қатысуды жалғастырды.

3. *Қорытынды кезең.* Эксперимент аяқталғаннан кейін қатысушылардың қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштері қайта өлшенді. Алынған нәтижелер экспериментке дейінгі (pre-test) көрсеткіштермен салыстырылып, эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтар статистикалық талдау арқылы анықталды.

Алынған деректер статистикалық өңдеуден өткізілді. Статистикалық өңдеу Jamovi 2.7.13 бағдарламасының көмегімен жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі статистикалық әдістер қолданылды:

- сипаттамалық статистика (орташа мән – Mean, стандарттық ауытқу – SD);
- деректердің қалыпты таралауын тексеру үшін Shapiro – Wilk тесті;
- эксперименттік және бақылау топтарының айырмашылығын анықтау үшін тәуелсіз таңдауларға арналған t – тест (independent samples t-test);
- экспериментке дейін және кейінгі көрсеткіштерді салыстыру үшін жұптық t-тесті (paired t-test).

Нәтижелердің статистикалық мәнділігі $p < 0.05$ деңгейінде қабылданды.

Зерттеу халықаралық ғылыми зерттеу этикасының талаптарына сәйкес жүргізілді.

Қатысушылар мен олардың ата-аналарына зерттеу мақсаты мен процедуралары туралы толық ақпарат беріліп, ерікті түрде қатысуға келісім алынды. Зертттеу барысында балалардың қауіпсіздігі мен жеке деректерінің құпиялылығы қамтамасыз етілді.

Нәтижелер. Педагогикалық эксперимент барысында ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы мектеп оқушыларының қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштері статистикалық тұрғыдан талданды. Зерттеуге жалпы саны 26 оқушы (n=26) қатысты. Оның ішінде эксперименттік топта – 13 оқушы, ал бақылау тобында 13 оқушы болды.

Алынған деректер Jamovi 2.7.13 бағдарламасының көмегімен өңделді. Деректердің қалыпты таралуын тексеру үшін Shapiro – Wilk тесті, топтар арасындағы айырмашылықты анықтау үшін тәуелсіз таңдауларға арналған t-test (independent samples t-test), ал экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерді салыстыру үшін жұптық t-test (paired t-test) қолданылды.

Shapiro – Wilk тестінің нәтижелері айнымалылардың басым бөлігінде деректердің қалыпты таралуын көрсетті ($p > 0.05$), сондықтан әрі қарай параметрлік статистикалық әдістер қолданылды.

3 кесте – Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері (pre-test)

Көрсеткіш	Топ	Mean	SD	t (df = 24)	p
Boccia Target Throw Test (ұпай)	Эксперимент	12.4	2.3	0.22	0.83
	Бақылау	12.2	2.4		
Қозғалыс дәлдігі (%)	Эксперимент	48.6	6.8	-0.15	0.88
	Бақылау	49.0	7.0		
Статикалық тепе-теңдік (сек.)	Эксперимент	18.4	4.0	0.12	0.90
	Бақылау	18.2	4.2		
Коммуникация (балл)	Эксперимент	9.3	2.1	-0.25	0.81
	Бақылау	9.5	2.0		

3 кесте – нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық жоқ екенін көрсетті ($p > 0.05$), бұл топтардың бастапқы деңгейінің салыстырмалы түрде бірдей болғанын білдіреді.



2 сурет – Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы тест нәтижелері

Сурет 2-де эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы нәтижелері графикалық түрде көрсетілген. Көрсеткіштердің орташа мәндері өзара жақын орналасқан, ал айырмашылықтарын айқын немесе тұрақты сипаттама емес екені байқалады. Бұл топтар арасында статикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтың жоқ екенін визуалды түрде де растайды.

4 кесте – Эксперименттік топтағы pre-test және post-test нәтижелерінің салыстырмалы талдауы (paired t-test)

Көрсеткіш	Pre-test M ± SD	Post-test M ± SD	t (12)	p
Boccia Target Throw Test (ұпай)	12.4 ± 2.3	17.6 ± 2.5	4.51	<0.001
Қозғалыс дәлдігі (%)	48.6 ± 6.8	63.2 ± 7.1	4.02	0.001
Статикалық тепе-теңдік (сек.)	18.4 ± 4.0	25.6 ± 4.6	3.88	0.002
Коммуникация (балл)	9.3 ± 2.1	13.9 ± 2.3	4.21	<0.001

4 кесте – нәтижелері эксперименттік топта барлық көрсеткіштер бойынша pre-test және post-test нәтижелері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($p < 0.001$). Boccia Target Throw Test нәтижелері 12.4 ± 2.3 ұпайдан 17.6 ± 2.5 ұпайға дейін артқанын көрсетті. Сонымен қатар қозғалыс дәлдігі көрсеткіші 48.6 ± 6.8 %-дан 63.2 ± 7.1%-ға дейін өсті. Статикалық тепе-теңдік көрсеткіштері де айтарлықтай жақсарды (18.4 ± 4.0 секундтан 25.6 ± 4.6) секундқа дейін.

Әлеуметтік даму көрсеткіштерінің ішінде коммуникация деңгейі 9.3 ± 2.1 балдан 13.9 ± 2.3 балға дейін артты. Бұл нәтижелер бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасының ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігі және әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын дамытуға оң әсер еткенін көрсетеді.

5 кесте – Бақылау тобындағы pre-test және post-test көрсеткіштері (paired t-test)

Көрсеткіш	Pre-test M ± SD	Post-test M ± SD	p
Boccia Target Throw Test (ұпай)	12.2 ± 2.4	13.1 ± 2.5	0.29
Қозғалыс дәлдігі (%)	49.0 ± 7.0	50.1 ± 7.2	0.35
Статикалық тепе-теңдік (сек.)	18.2 ± 4.2	19.3 ± 4.3	0.31
Коммуникация (балл)	9.5 ± 2.0	10.1 ± 2.1	0.38

5 кесте – нәтижелері бақылау тобында pre-test және post-test көрсеткіштері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық анықталмаған ($p > 0.05$). Бұл зерттеу кезеңінде дәстүрлі дене тәрбиесі сабақтарының ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігі және әлеуметтік даму көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпегенін көрсетеді.

6 кесте – Эксперименттік және бақылау топтарының post-test нәтижелерін салыстыру

Көрсеткіш	Эксперимент M ± SD	Бақылау M ± SD	t (24)	p
Boccia Target Throw Test (ұпай)	17.6 ± 2.5	13.1 ± 2.5	4.59	< 0.001
Қозғалыс дәлдігі (%)	63.2 ± 7.1	50.1 ± 7.2	4.66	< 0.001
Статикалық тепе-теңдік (сек.)	25.6 ± 4.6	19.3 ± 4.3	3.58	< 0.001
Коммуникация (балл)	13.9 ± 2.3	10.1 ± 2.1	4.41	< 0.001

6 кесте – нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының post-test көрсеткіштері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар ($p < 0.001$). Эксперименттік топ барлық көрсеткіштер бойынша жоғары. Бұл бокча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасының ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігі және әлеуметтік даму көрсеткіштерін арттыруда тиімді екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері бокча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасының ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы мектеп оқушыларының қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштеріне оң әсер еткенін көрсетті. Эксперименттік топта барлық зерттелген көрсеткіштер бойынша pre-test және post-test нәтижелері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді өзгерістер анықталды. ($p < 0.001$). Сонымен қатар post-test нәтижелерін салыстыру барысында эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда жоғары болғаны анықталды.

Ал бақылау тобында зерттеу кезеңінде көрсеткіштердің өзгерісі статистикалық тұрғыдан мәнді болмады ($p > 0.05$). Бұл дәстүрлі дене тәрбиесі сабақтарының ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуда шектеулі әсерге ие болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Осылайша алынған нәтижелер бокча элементтеріне негізделген бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасы ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қозғалыс үйлесімділігін, дәлдік қабілеттерін және әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық құрал болып табылатынын көрсетеді.

Талқылау. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бокча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасының ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы мектеп оқушыларының қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштеріне оң әсер ететінін көрсетті. Эксперименттік топта жүргізілген педагогикалық интервенция нәтижесінде Boccia Target Throw Test, қозғалыс дәлдігі, статикалық тепе-теңдік және коммуникация көрсеткіштер едәуір артқан. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі статистикалық тұрғыдан өзгеріссіз. Бұл нәтижелер бейімделген дене белсенділігі бағдарламаларының ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың моторлық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда тиімді педагогикалық құрал бола алатынын көрсетеді.

Алынған нәтижелер халықаралық ғылыми зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес. Мәселен, Haegele және Sutherland ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың дене тәрбиесіне қатысу тәжірибесін зерттей отырып, бейімдік дене тәрбиесі сабақтары олардың қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар дене тәрбиесіне деген оң көзқарастың қалыптасуына ықпал ететінін атап көрсетеді [13]. Ғалымдардың пікірінше, бейімдік спорттық әрекеттер балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, тепе-теңдігін және кеңістіктік бағдарлау қабілеттерін дамытуда нәтижесі жоғары екенін көрсетеді. Бұл жүргізіліп отырған зерттеудегі қозғалыс дәлдігі мен статикалық тепе-теңдік көрсеткіштерінің айтарлықтай оң көрсеткіші бейімдік дене тәрбиесі жаттығуларының моторлық функцияларды дамытудағы тиімділігін айқындап отыр.

Сонымен қатар Shields, Synnot және Barr жүргізген жүйелі шолу нәтижелері ерекше білім қажеттілігі бар балалардың дене белсенділігіне қатысуына бейімдік спорттық бағдарламалардың оң әсер ететінін көрсетеді. Авторлар мұндай бағдарламалар балалардың қозғалыс белсенділігі деңгейін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік қатысуын да күшейтетінін атап өтеді [14]. Біздің зерттеу нәтижелерімізде де осы тұжырыммен сәйкес келеді, себебі эксперименттік топта коммуникация көрсеткіштерінің айтарлықтай жоғарылағаны байқалды.

Бокча сияқты инклюзивті спорт түрлерінің педагогикалық әлеуеті басқа зерттеулерде де дәлелденген. Romero Villon мен әріптестері бейімделген ойын элементтерін қолдану ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың негізгі қозғалыс дағдыларын дамытуда тиімді екенін атап өтеді. Өйткені құрылымы жағынан икемді спорттық ойындар әртүрлі функционалдық мүмкіндіктері бар балалардың дене белсенділігіне белсенді қатысуына жағдай жасайды [15]. Біздің зерттеуде қолданылған бокча ойынында дәл осы қасиеттері оқушылардың қозғалыс дәлдігі мен үйлесімділік қабілеттерінің жақсаруына ықпал еткен болуы мүмкін.

Әлеуметтік даму тұрғысынан алғанда, бейімдік спорттық әрекеттердің маңызы бір қатар зерттеулерде көрсетілген. Goodwin және Watkinson инклюзивті дене тәрбиесі сабақтарындағы бірлескен ойын әрекеттері ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың әлеуметтік өзара әрекетін, өзара қолдауын және топтық қатысу деңгейін арттыратынын атап өтеді [16]. Біздің зерттеу нәтижелерімізде бочча ойынының жұптық және командалық элементтері оқушылардың коммуникациялық дағдыларының артуына ықпал еткені байқалды.

Сонымен қатар бейімдік дене тәрбиесінің психологиялық және мотивациялық әсерлері де ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылған. Bertills және әріптестері жүргізген зерттеу нәтижелері дене тәрбиесі сабақтарының құрылымы мен педагогикалық әдістері оқушылардың өзіндік тиімділік деңгейіне және дене белсенділігіне қатысуға деген ынтасына әсер ететінін көрсетеді [17]. Бұл тұрғыда бочча ойынының мақсат қою, дәлдікке ұмтылу және нәтижені бақылау сияқты элементтері оқушылардың қозғалыс әрекетін саналы түрде бақылауына және моторлық дағдыларды жетілдіруіне ықпал етуі мүмкін.

Отандық зерттеулерде бейімдік дене тәрбиесінің инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызын көрсетеді. Мысалы, Рысқұлова және Майдангалиева зерттеулері бейімдік дене тәрбиесі сабақтарында қолданылатын арнайы жаттығулар мен психогимнастикалық әдістер балалардың қозғалыс белсенділігі мен эмоционалдық жағдайын жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді [18]. Сонымен қатар Умирбекова және әріптестері болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге дайындау барысында бейімделген педагогикалық әдістерді қолданудың маңызын атап өтеді [19].

Сонымен бірге жүргізілген зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Біріншіден, зерттеуге қатысушылар саны салыстырмалы түрде аз болады (n = 26), бұл алынған нәтижелерді кең популяцияға жалпылауды белгілі бір деңгейде шектейді. Екіншіден, зерттеу 12 апта бойы жүргізілді, сондықтан бағдарламаның ұзақ мерзімді әсерін анықтау мүмкін болмады. Болашақ зерттеулерде үлгі көлемін кеңейтіп, интервенцияның ұзақтығын арттыру және бейімдік дене тәрбиесінің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың әр түрлі даму көрсеткіштеріне ықпалын кешенді зерттеу ұсынылады.

Жалпы алғанда алынған нәтижелер бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасы ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қозғалыс үйлесімділігін, дәлдік қабілеттерін және әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын дамытуда тиімді педагогикалық құрал екенін көрсетеді. Мұндай бағдарламаларды мектептің инклюзивті білім беру жүйесінде қолдану ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға және олардың әлеуметтік интеграциясын қолдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу ерекше білім қажеттілігі бар мектеп оқушыларына арналған бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасының педагогикалық тиімділігін эксперименттік тұрғыдан бағалауға бағытталды. Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің ерекше білім қажеттілігі бар 12 жастағы оқушылардың қимыл-қозғалыс және әлеуметтік даму көрсеткіштеріне оң әсер ететінін көрсетті.

Педагогикалық эксперимент барысында эксперименттік топта Boccia Target Throw Test, қозғалыс дәлдігі, статикалық тепе-теңдік және коммуникация көрсеткіштері бойынша статистикалық тұрғыдан мәнді өзгерістер анықталды ($p < 0.05$). Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі статистикалық тұрғыдан мәнді болмады. Сонымен қатар post-test нәтижелерін салыстыру барысында эксперименттік топтың барлық көрсеткіштер бойынша бақылау тобына қарағанда жоғары нәтижелер көрсеткені анықталды.

Алынған нәтижелер бочча элементтеріне негізделген бейімдік дене тәрбиесі бағдарламасы ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қозғалыс үйлесімділігін, дәлдік қабілеттерін, тепе-теңдік сақтау дағдыларын және әлеуметтік өзара әрекет деңгейін дамытуда тиімді педагогикалық құрал екенін көрсетеді. Бочча ойынының құрылымдық ерекшеліктері – дәлдікке бағытталған қозғалыс әрекеттері, ойынның бейімделгіш ережелері және командалық өзара әрекет – ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың дене белсенділігіне қатысуына қолайлы педагогикалық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бочча негізіндегі бейімдік дене тәрбиесі әдістемесін мектептің инклюзивті білім беру жүйесінде қолданудың ғылыми негізділігін дәлелдейді. Мұндай бағдарламаларды дене тәрбиесі сабақтарында немесе факультативтік сабақтар формасында енгізу ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, олардың әлеуметтік интеграциясын қолдауға және инклюзивті білім беру ортасының тиімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар болашақ зерттеулерде үлгі көлемін кеңейту, интервенцияның ұзақтығын арттыру және бейімдік дене тәрбиесінің әртүрлі даму көрсеткіштеріне (психоәлеуметтік факторларға) ықпалын кешенді зерттеу маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Bandura A. Self-efficacy: Toward a unifying theory of behavioral change** [Text] / A. Bandura // *Psychological Review*. – 1977. – Vol. 84, No. 2. – P. 191-215. DOI: https://doi.org/10.1037/0033-295X.84.2.191.

2 **Vygotsky L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes** [Text] / Ed. by M. Cole et al. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. – 159 p.

3 **Lai B., et al. Research trends and recommendations for physical activity interventions among children and youth with disabilities: A review of reviews** [Text] / B. Lai, et al. // *Adapted Physical Activity Quarterly*. – 2020. – Vol. 37, no. 2. – P. 211-234. DOI: https://doi.org/10.1123/apaq.2019-0081.

4 **Karakaş G., Eroğlu Kolayiş I., Bayazıt B. Effects of adapted physical activity on the motor development of children with mild intellectual disability** [Text] / G. Karakaş, I. Eroğlu Kolayiş, B. Bayazıt // *International Journal of Developmental Disabilities*. – 2025. – Vol. 71. – Iss. 5. – P. 777-787. DOI: https://doi.org/10.1080/20473869.2024.2332751.

5 **Jariono G., et al. The impact of adaptive physical education on the physical and cognitive development of children with special needs: A literature review** [Text] / G. Jariono, et al. // *Physical Education Theory and Methodology*. – 2025. – Vol. 25, № 3. – P. 705-717. DOI: https://doi.org/10.17309/tmfv.2025.3.28.

6 **Ben Rakaa O., Bassiri M., Lotfi S. Impact of adapted physical education and para-athletics on the mental skills and inclusion of adolescents with disabilities** [Text] / O. Ben Rakaa, M. Bassiri, S. Lotfi // *Retos*: *nuevas tendencias en educación física, deporte y recreación* – 2025. – Vol. 68. – P. 82-94. DOI: https://doi.org/10.47197/retos.v68.111520.

7 **Posso-Pacheco R.J., et al. Curricular adaptations in physical education: A global study on the inclusion of students with specific educational needs** [Text] / R.J. Posso-Pacheco, et al. // *Journal of Infrastructure, Policy and Development*. – 2025. – Vol. 9, № 2. – Article 10564. DOI: https://doi.org/10.24294/jipd10564.

8 **Orr K., et al. Children and youth with impairments in social skills and cognition in out-of-school time inclusive physical activity programs: A scoping review** [Text] / K. Orr, et al. // *International Journal of Developmental Disabilities*. – 2019. – Vol. 67, № 2. – P. 79-93. DOI: https://doi.org/10.1080/20473869.2019.1603731.

9 **Mihajlovic C. Perceptions of inclusion in physical activity and physical education from the perspective of Finnish students** [Text] / C. Mihajlovic // *Sustainability and Sports Science Journal*. – 2025. – Vol. 3, No. 2. – P. 60-72. DOI: https://doi.org/10.55860/BRIX7358.

10 **Zikenov A., Sakhaev B., Mukhamabayev B., Abdazimov A. Improving the technology of adaptive physical education for students with autism based on Kazakhstan's national sports games** [Text] / A. Zikenov, B. Sakhaev, B. Mukhamabayev, A. Abdazimov // *Slobozhanskyi Herald of Science and Sport*. – 2025. – Vol. 29, No. 4. – P. 130-140. DOI: https://doi.org/10.15391/snsv.2025-4S.15.

11 **Bekzatov A.A. Peculiarities of the organization of physical education classes for students with disabilities based on inclusive education** [Text] / A.A. Bekzatov // *Kyrgyzstan Journal of Global Pedagogical Science*. – 2025. – Vol. 1, No. 1. – P. 1-3.

12 **Baigaliyev A., et al. The impact of the co-teaching model on students with disabilities in Kazakhstan: a case study** [Text] / A. Baigaliyev, et al. // *Retos: nuevas tendencias en educación física, deporte y recreación*. – 2025. – Vol. 72. – P. 1264-1275. DOI: https://doi.org/10.47197/retos.v73.117457.

13 **Haegele J.A., Sutherland S. Perspectives of students with disabilities toward physical education: A qualitative inquiry review** [Text] / J.A. Haegele, S. Sutherland // Quest. – 2015. – Vol. 67. – No. 3. – P. 255-273. DOI: https://doi.org/10.1080/00336297.2015.1050118.

14 **Shields N., Synnot A.J., Barr M. Perceived barriers and facilitators to physical activity for children with disability: A systematic review** [Text] / N. Shields, A.J. Synnot, M. Barr // British Journal of Sports Medicine. – 2012. – Vol. 46(14). – P. 989-97. DOI: https://doi.org/10.1136/bjsports-2011-090236.

15 **Romero Villon R.A., Castro-Pantoja E.A., Maqueira Caraballo G.C. Development of basic motor skills with autistic students in physical education** [Text] / R.A. Romero Villon, E.A. Castro-Pantoja, G.C. Maqueira Caraballo // *MENTOR Revista de Investigación Educativa y Deportiva*. – 2025. – Vol. 4. – No. 12. – P. 673-699. DOI: https://doi.org/10.56200/mried.v4i12.10706.

16 **Goodwin D.L., Watkinson E.J. Inclusive physical education from the perspective of students with physical disabilities** [Text] / D.L. Goodwin, E.J. Watkinson // Adapted Physical Activity Quarterly. – 2000. – Vol. 17. – No. 2. – P. 144-160. DOI: https://doi.org/10.1123/apaq.17.2.144.

17 **Bertills K., Granlund M., Dahlström Ö., Augustine L. Relationships between physical education (PE) teaching and student self-efficacy, aptitude to participate in PE and functional skills: with a special focus on students with disabilities** [Text] / K. Bertills, M. Granlund, Ö. Dahlström, L. Augustine // *Physical Education and Sport Pedagogy*. – 2018. – Vol. 23. – No. 4. – P. 387-401. DOI: https://doi.org/10.1080/17408989.2018.1441394.

18 **Рысқұлова А.Ә., Майдангалиева Ж.А. Психогимнастика на занятиях адаптивной физической культуры в дошкольных организациях: оценка востребованности** [Текст] / А.Ә. Рысқұлова, Ж.А. Майдангалиева // *Теория и методика физической культуры.* – 2024. – №3(77). – С. 48-54. DOI: https://doi.org/10.48114/2306-5540_2024_3_48.

19 **Умирбекова А.Н., Бутабаева Л.А., Уайдуллақызы Э., Сәдуакас Г.Т. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасына дайындау** [Мәтін] / А.Н. Умирбекова, Л.А. Бутабаева, Э. Уайдуллақызы, Г.Т. Сәдуакас // *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі.* – 2023. – №3(73). – С. 49-56.

REFERENCES:

1 **Bandura A. Self-efficacy: Toward a unifying theory of behavioral change.** *Psychological Review*, 1977, vol. 84, no. 2, pp. 191-215. https://doi.org/10.1037/0033-295X.84.2.191.

2 **Vygotsky L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes.** Ed. by M. Cole et al. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978, 159 p.

3 **Lai B., et al. Research trends and recommendations for physical activity interventions among children and youth with disabilities: A review of reviews.** *Adapted Physical Activity Quarterly,* 2020, vol. 37, no.2, pp. 211-234. https://doi.org/10.1123/apaq.2019-0081.

4 **Karakaş G., Eroğlu Kolayiş I., Bayazıt B. Effects of adapted physical activity on the motor development of children with mild intellectual disability.** *International Journal of Developmental Disabilities*, 2025, vol. 71, iss. 5, pp. 777-787. https://doi.org/10.1080/20473869.2024.2332751.

5 **Jariono G., et al. The impact of adaptive physical education on the physical and cognitive development of children with special needs: A literature review.** *Physical Education Theory and Methodology*, 2025, vol. 25, no. 3, pp. 705-717. https://doi.org/10.17309/tmfv.2025.3.28 .

6 **Ben Rakaa O., Bassiri M., Lotfi S. Impact of adapted physical education and para-athletics on the mental skills and inclusion of adolescents with disabilities.** *Retos: nuevas tendencias en educación física, deporte y recreación*, 2025, vol. 68, pp. 82-94. https://doi.org/10.47197/retos.v68.111520.

7 **Posso-Pacheco R.J., et al. Curricular adaptations in physical education: A global study on the inclusion of students with specific educational needs.** *Journal of Infrastructure, Policy and Development*, 2025, vol. 9, no. 2, art. 10564. https://doi.org/10.24294/jipd10564.

8 **Orr K., Wright F.V., Grassmann V., McPherson A.C., Faulkner G.E., Arbour-Nicitopoulos K.P. Children and youth with impairments in social skills and cognition in out-of-school time inclusive physical activity programs: A scoping review.** *International Journal of Developmental Disabilities*, 2019, vol. 67, no. 2, pp. 79-93. https://doi.org/10.1080/20473869.2019.1603731.

9 **Mihajlovic C. Perceptions of inclusion in physical activity and physical education from the perspective of Finnish students.** *Sustainability and Sports Science Journal*, 2025, vol. 3, no. 2, pp. 60-72. https://doi.org/10.55860/BRIX7358.

10 **Zikenov A., Sakhaev B., Mukhamabayev B., Abdazimov A. Improving the technology of adaptive physical education for students with autism based on Kazakhstan's national sports games.** *Slobozhanskyi Herald of Science and Sport*, 2025, vol. 29, no. 4, pp. 130-140. https://doi.org/10.15391/snsv.2025-4S.15.

11 **Bekzatov A.A. Peculiarities of the organization of physical education classes for students with disabilities based on inclusive education.** *Kyrgyzstan Journal of Global Pedagogical Science*, 2025, vol. 1, no. 1, pp. 1-3.

12 **Baigaliyev A., et al. The impact of the co-teaching model on students with disabilities in Kazakhstan: a case study.** *Retos: nuevas tendencias en educación física, deporte y recreación*, 2025, vol. 72, pp. 1264-1275. https://doi.org/10.47197/retos.v73.117457.

13 **Haegele J.A., Sutherland S. Perspectives of students with disabilities toward physical education: A qualitative inquiry review.** *Quest*, 2015, vol. 67, no. 3, pp. 255-273. https://doi.org/10.1080/00336297.2015.1050118.

14 **Shields N., Synnot A.J., Barr M. Perceived barriers and facilitators to physical activity for children with disability: A systematic review.** *British Journal of Sports Medicine,* 2012, vol. 46(14), pp. 989-997. https://doi.org/10.1136/bjsports-2011-090236.

15 **Romero Villon R.A., Castro-Pantoja E.A., Maqueira Caraballo G.C. Development of basic motor skills with autistic students in physical education.** *MENTOR Revista de Investigación Educativa y Deportiva,* 2025, vol. 4, no. 12, pp. 673-699. https://doi.org/10.56200/mried.v4i12.10706.

16 **Goodwin D.L., Watkinson E.J. Inclusive physical education from the perspective of students with physical disabilities.** *Adapted Physical Activity Quarterly*, 2000, vol. 17, no. 2, pp. 144-160. https://doi.org/10.1123/apaq.17.2.144.

17 **Bertills K., Granlund M., Dahlström Ö., Augustine L. Relationships between physical education (PE) teaching and student self-efficacy, aptitude to participate in PE and functional skills: with a special focus on students with disabilities.** *Physical Education and Sport Pedagogy*, 2018, vol. 23, no. 4, pp. 387-401. https://doi.org/10.1080/17408989.2018.1441394.

18 **Ryskulova A.A., Majdangalieva Zh.A. Psihogimnastika na zanyatiyah adaptivnoj fizicheskoj kul'tury' v doshkol'ny'h organizaciyah: ocenka vostrebovannosti** [Psychogymnastics in adaptive physical education classes in preschool organizations: an assessment of demand]. *Teoriya i metodika fizicheskoj kul'tury'*, 2024, no. 3(77), pp. 48-54. https://doi.org/10.48114/2306-5540_2024_3_48. (In Russian)

19 **Umirbekova A.N., Butabaeva L.A., Uajdullakyzy E., Saduakas G.T. Bolashak dene madenieti zhane sport mamandaryn inklyuzivti bilim beru ortasyna dajyndau** [Preparing future physical education and sports specialists for an inclusive educational environment]. *Dene tarbiesinin teoriyasy men adistemesi*, 2023, no. 3(73), pp. 49-56. (In Kazakh)

Жіберілген күні: 25 маусым 2026 ж. **Қабылданған күні:** 20 шілде 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж

Авторлар туралы мәліметтер:

Култанов Дастан Темиржанович – PhD докторант, дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: +77752100165, e-mail: dkultanov@mail.ru*.

Төлегенұлы Нұржан – PhD, дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Достық даңғ. 13; тел.: +77057210848, e-mail: nurzhan_tolegenu@mail.ru.

Жумекенова Дидар Ерсайынқызы – магистр, дене шынықтыру теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110400 Қостанай қ., Тәуелсіздік көш. 118, тел.: +77018575508, e-mail: dzhumekenova@gmail.com.

Култанов Дастан Темиржанович – PhD докторант, кафедра теории и методики физической культуры, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, пр. Достык 13, тел: +77752100165, e-mail: dkultanov@mail.ru*.

Толегенулы Нуржан – PhD, старший преподаватель кафедры теории и методики физической культуры, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, пр. Достык 13, тел: +77057210848, e-mail: nurzhan_tolegenu@mail.ru.

Жумекенова Дидар Ерсаиновна – магистр, старший преподаватель кафедры теории практики физической культуры и спорта, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110400 г. Костанай, ул. Тауелсиздик 118, тел.: +77018575508, e-mail: dzhumekenova@gmail.com.

Kultanov Dastan Temirzhanovich – PhD student, Department of theory and methodology of physical culture, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: +77752100165, e-mail: dkultanov@mail.ru.*

Tolegenuly Nurzhan – PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: +77057210848, e-mail: nurzhan_tolegenu@mail.ru.

Zhumekenova Didar Yersainovna – Master's degree, Senior Lecturer, Department of theory and practice of physical culture and sports, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110400, Kostanay, 118 Tauelsizdik Str., tel.: +77018575508, e-mail: dzhumekenova@gmail.com.

ХҒТАР 14.35.07
ӘОЖ 378.147
https://doi.org/10.52269/SEPT2632172

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БОЛАШАҚ ХИМИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН КВЕСТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МОДЕЛЬДЕУ

Нугманова А.А. – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

Жусупбекова Н.С. – химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Огородник В.Э. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М. Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті, Минск қ., Беларусь Республикасы.

Дәулетбай Ж.А. – педагогика ғылымдарының магистрі, химия пәні мұғалімі, №26 мектеп-гимназиясы, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада цифрлық білім беру ортасында квест-технологияларды қолдану негізінде болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі педагогикалық білім беруде пәндік-әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттерді кешенді дамыту қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – квест-технологиялар негізінде болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын модельдеу, ұсынылған модельдің құрылымдық-компоненттік мазмұнын анықтау және оны педагогикалық эксперимент барысында апробациядан өткізу. Зерттеуге 19–21 жас аралығындағы 18 үшінші курс студенті қатысты: эксперименттік топта 11 студент, бақылау тобында 7 студент болды. Эксперимент бір академиялық семестр бойы жүргізілді. Зерттеу барысында теориялық талдау,

педагогикалық модельдеу, бақылау, сауалнама, әңгімелесу, диагностикалық тапсырмалар, рефлексивтік эссе, портфолио материалдарын талдау және салыстырмалы сипаттамалық әдістер қолданылды. Эксперименттік топта цифрлық химиялық квесттер, соның ішінде «Табиғаттағы су. Судың кермектігі» тақырыбындағы тапсырмалар жүйесі пайдаланылды. Пилоттық зерттеу нәтижелері эксперименттік топ студенттерінің кәсіби уәждемесі, оқу-танымдық белсенділігі, цифрлық ресурстарды қолдануы, топтық әрекеті және шығармашылық тапсырмаларды орындауы бойынша оң өзгерістер байқалғанын көрсетті. Зерттеудің шағын іріктемесіне байланысты алынған нәтижелерді кең көлемде жалпылау шектеулі. Ұсынылған модель педагогикалық жоғары оқу орындарында химия мұғалімдерін даярлау барысында квест-технологияларды жүйелі қолданудың ғылыми-әдістемелік негізін нақтылауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: *квест-технологиялар; кәсіби даярлық; болашақ химия мұғалімдері; цифрлық білім беру ортасы; кәсіби құзыреттер; педагогикалық модельдеу.*

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХИМИИ В ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КВЕСТ-ТЕХНОЛОГИЙ

Нугманова А.А. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.*

Жусупбекова Н.С. – кандидат химических наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Огородник В.Э. – кандидат педагогических наук, доцент, Белорусский государственный педагогический университет имени М. Танка, г. Минск, Республика Беларусь.

Даулетбай Ж.А. – магистр педагогических наук, учитель химии, школа-гимназия №26, г. Астана, Республика Казахстан.

В статье рассматривается проблема совершенствования профессиональной подготовки будущих учителей химии в цифровой образовательной среде на основе применения квест-технологий. Актуальность исследования обусловлена необходимостью комплексного развития предметно-методических, цифровых, коммуникативных и творческих компетенций в современной системе педагогического образования. Цель исследования заключается в моделировании профессиональной подготовки будущих учителей химии на основе квест-технологий, определении структурно-компонентного содержания предложенной модели и её апробации в ходе педагогического эксперимента. В исследовании приняли участие 18 студентов третьего курса в возрасте 19-21 года: 11 студентов составили экспериментальную группу, 7 студентов – контрольную. Эксперимент проводился в течение одного академического семестра. В работе использовались методы теоретического анализа, педагогического моделирования, наблюдения, анкетирования, беседы, диагностических заданий, рефлексивного эссе, анализа материалов портфолио, а также сравнительно-описательные методы. В экспериментальной группе применялись цифровые химические квесты, в том числе система заданий по теме «Вода в природе. Жёсткость воды». Результаты пилотного исследования показали положительные изменения в профессиональной мотивации, учебно-познавательной активности, использовании цифровых ресурсов, групповой работе и выполнении творческих заданий студентами экспериментальной группы. В связи с небольшим объёмом выборки возможности широкого обобщения полученных результатов ограничены. Предложенная модель позволяет конкретизировать научно-методические основы системного применения квест-технологий в профессиональной подготовке будущих учителей химии в педагогических вузах.

Ключевые слова: *квест-технологии, профессиональная подготовка, будущие учителя химии, цифровая образовательная среда, профессиональные компетенции, педагогическое моделирование.*

MODELING THE PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE CHEMISTRY TEACHERS IN A DIGITAL LEARNING ENVIRONMENT BASED ON QUEST TECHNOLOGIES

Nugmanova A.A. – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

Zhussupbekova N.S. – Candidate of Chemical Sciences, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Ogorodnik V.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Maksim Tank Belarusian State Pedagogical University, Minsk, Republic of Belarus.

Dauletbay Zh.A. – Master of Pedagogical Sciences, Chemistry Teacher, School-Gymnasium No. 26, Astana, Republic of Kazakhstan.

The article examines the improvement of professional training of future chemistry teachers in a digital educational environment through the use of quest-based technologies. The research relevance is

determined by the need for the integrated development of subject-specific, methodological, digital, communicative, and creative competencies in contemporary teacher education. The research purpose is to model the professional training of future chemistry teachers based on quest technologies, to define the structural and component-based content of the proposed model, and to test it during a pedagogical experiment. The study involved 18 third-year students aged 19–21 years: 11 students formed the experimental group and 7 students formed the control group. The experiment was conducted over one academic semester. The research methods included theoretical analysis, pedagogical modeling, observation, questionnaires, interviews, diagnostic tasks, reflective essays, analysis of portfolio materials, and comparative descriptive methods. Digital chemistry quests were implemented in the experimental group, including a set of tasks on the topic "Water in Nature. Water Hardness." The results of the pilot study indicated positive changes in the professional motivation, cognitive learning activity, use of digital resources, group interaction, and performance of creative tasks among students in the experimental group. Due to the small sample size, the possibility of generalizing the obtained results is limited. The proposed model contributes to clarifying the scientific and methodological foundations for the systematic use of quest-based technologies in the professional training of future chemistry teachers at pedagogical universities.

Key words: *quest technologies, professional training, future chemistry teachers, digital educational environment, professional competencies, pedagogical modeling.*

Кіріспе. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде жүзеге асып жатқан ауқымды цифрлық өзгерістер болашақ педагогтарды даярлау мазмұны мен қолданылатын оқыту технологияларын жаңаша қарастыруды талап етеді [1, б.119–120], [2, б.11–16], [3, б.40–42], [4, б.1119–1124]. Әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласында, оның ішінде химия пәнін оқыту барысында цифрлық білім беру ортасын орынды пайдалану студенттердің теориялық дайындығын тәжірибемен ұштастыруға, функционалдық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Осыған байланысты болашақ химия мұғалімдерін даярлау үдерісін жетілдіру, оны белсенді, интерактивті және тұлғаға бағдарланған заманауи педагогикалық технологиялармен толықтыру өзекті мәселе болып табылады.

Осындай технологиялардың бірі – квест негізіндегі оқыту тәсілдері. Квест құрылымына енетін сюжет, рөлдік тапсырмалар, деңгейлер, проблемалық жағдаяттар, цифрлық ресурстарды қолдану және кері байланыс механизмдері студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, кәсіби жағдаяттарды модельдеу арқылы оларды болашақ мұғалім қызметіне жақындатады. Цифрлық білім беру ортасында ұйымдастырылатын химиялық квестер оқу мазмұнын өмірлік жағдайлармен байланыстыруға, күрделі теориялық ұғымдарды тәжірибелік тапсырмалар арқылы меңгертуге және жеке әрі топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [5, б. 6-7], [6, б. 42-46], [7, б. 3537].

Сонымен бірге, квест-технологияларды болашақ химия мұғалімдерін даярлау жүйесіне мақсатты түрде енгізудің ғылыми-әдістемелік алғышарттары, цифрлық ортада жүзеге асырылатын модельдің құрылымы мен мазмұны, сондай-ақ оның нәтижелілігін қамтамасыз ететін шарттар жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Бұл жағдай зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды. Пәндік, әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттерді біртұтас жүйеде қалыптастыруға бағытталған, квест-технологияларға негізделген даярлық моделін әзірлеу және оны цифрлық білім беру кеңістігінде сынақтан өткізу педагогикалық жоғары оқу орындары үшін маңызды теориялық әрі практикалық міндеттердің бірі болып табылады.

Осыған сәйкес зерттеудің негізгі мақсаты – болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын цифрлық білім беру ортасында квест-технологиялар арқылы модельдеу, оның ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау және ұсынылған модельді пилоттық тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында апробациялау.

Әдеби шолу. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің цифрлық жаңғыруы болашақ педагогтарды, соның ішінде болашақ химия мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мазмұны мен әдістерін қайта қарастыруды талап етеді. Цифрлық білім беру ортасы оқу материалын электрондық форматта ұсынумен ғана шектелмей, білім алушылардың цифрлық ресурстарды мақсатты пайдалану, ақпаратты іздеу және өңдеу, бірлескен әрекетті ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық құралдарды пәндік және педагогикалық міндеттерді шешуге кіріктіру дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Отандық зерттеулерде болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын ақпараттандыру мен цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. А.Р. Бекбенова, Ж.С. Мукатаева және Г.У. Ильясова болашақ химия мұғалімдерін кәсіби даярлауда ақпараттандырудың педагогикалық негіздерін қарастырып, цифрлық білім беру ресурстары мен ақпараттық технологияларды кәсіби даярлық мазмұнына енгізудің маңызын көрсетеді [1, б.119-120]. У.О. Сабденова, Ә.Ф. Сейтжанов және Е.Н. Арбузова қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби бағдарын қалыптастыруда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеген [2, б.11-16]. А.К. Бакажанова және әріптестері білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ химия мұғалімдерінің технологиялық, педагогикалық және пәндік білімдерінің өзара кірігуіне негізделген TPACK құзыреттерін дамыту мәселесін қарастырған [3, б.40-42]. A. Karmanova және әріптестері Қазақстан тәжірибесі негізінде цифрлық технологияларды қолданудың болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы мүмкіндіктерін талдаған [4, б.1119-1124].

Квест-технологиялар ойын элементтерін, ақпараттық ізденісті, проблемалық тапсырмаларды және білім алушылардың белсенді әрекетін біріктіретін оқыту тәсілдерінің бірі болып табылады. WebQuest тұжырымдамасының қалыптасуы B. Dodge еңбектерімен байланысты [5, б.6-7], ал T. March WebQuest-тің білім алушылардың ақпаратты жай іздеуінен гөрі оны талдау, түрлендіру және проблемалық міндеттерді шешуге бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктерін сипаттаған [6, б.42-46]. Отандық білім беру тәжірибесінде P.B. Seitkazy және әріптестері WebQuest-ті проблемалық оқыту, топтық өзара әрекет, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қолдайтын оқу құралы ретінде зерттеген [7, б.3537].

Шетелдік зерттеулерде болашақ химия мұғалімдерінің цифрлық даярлығы мен технологиялық-педагогикалық құзыреттерін дамыту маңызды бағыт ретінде қарастырылады. F. Deng және әріптестері болашақ химия мұғалімдерінің деректерді цифрлық тіркеу технологияларын қолдануға байланысты технологиялық-педагогикалық мазмұндық білімін (TPACK) зерттеп, технологиялық, педагогикалық және пәндік білім компоненттерінің өзара байланысын анықтаған [8, б.13-14]. P. Chan және әріптестері химиялық білім берудегі виртуалды зертханаларды жүйелі шолу негізінде талдап, олардың тиімділігі қолданылатын технологиямен қатар педагогикалық дизайн мен оқу мақсатына сәйкестігіне де байланысты екенін көрсетеді [9, б.1]. Осы зерттеулер цифрлық құралдарды кәсіби даярлыққа енгізуде технологияның өзін ғана емес, оны пән мазмұны мен оқыту әдістемесімен кіріктіру қажеттігін айқындайды.

Химиялық білім беруде WebQuest технологиясының қолданылуы да арнайы зерттеулердің нысаны болған. T. Tepe, N. Ilhan және M.M. Inceoglu жалпы химия курстарында WebQuest және Wiki тапсырмаларын қолдануды зерттеп, білім алушылардың бұл технологияларға жалпы оң көзқарасын анықтаған. Сонымен бірге олардың зерттеуінде WebQuest қолданылғаннан кейін химияны оқуға деген мотивацияның статистикалық тұрғыдан жоғарылауы анықталмаған [10, б.910]. Бұл нәтиже квест-технологиялардың әсерін бір ғана мотивациялық көрсеткіш арқылы бағалаудың жеткіліксіз екенін және олардың нәтижелілігін нақты педагогикалық жағдайлармен байланыстыра қарастыру қажеттігін көрсетеді. K.M. Ferreira, F. Gomes және L. Braga аналитикалық химияны оқытуда WebQuest қолдану тәжірибесін сипаттап, оның химиялық мазмұнды меңгеру, сыни ойлау, ынтымақтастық және білім алушы дербестігін қолдаудағы мүмкіндіктерін көрсеткен [11, б.268].

Химиялық білім беруде ойынға негізделген оқыту тәсілдерінің мүмкіндіктері де соңғы жылдары жүйелі түрде зерттелуде. E. Byusa, E. Kampire және A.R. Mwesigye химияны оқытудағы game-based learning бойынша зерттеулерді талдап, ойын элементтерінің химиялық ұғымдарды меңгеру мен оқу мотивациясын қолдаудағы әлеуетін көрсеткен [12, б.1]. Y. Hu және әріптестері жүргізген метаталдау ойынға негізделген оқытудың когнитивтік нәтижелерге, білімді есте сақтауға және мотивацияға оң әсер етуі мүмкін екенін көрсеткенімен, зерттеулер арасында елеулі айырмашылықтардың бар екенін де анықтаған [13, б.1499-1500]. S. Elmali, L. Freund және R. Tiemann 2014–2024 жылдар аралығындағы химиялық білім беруде қолданылған game-based learning, gamification және serious games бағыттарын жүйелеп, олардың әсіресе мотивация мен оқу белсенділігін қолдаудағы әлеуетін көрсетеді [14, б.31]. Сонымен қатар, аталған зерттеулер ойын технологияларының нәтижелері қолданылатын педагогикалық дизайнға, білім алушылардың ерекшеліктеріне және нақты оқу жағдайына тәуелді екенін көрсетеді.

Quest-Based Learning (QBL) ұғымы WebQuest пен жекелеген квест тапсырмаларынан кеңірек педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. C. Snelson жүргізген шолуда QBL білім алушының таңдауына негізделген, ойын элементтерін қамтитын және тапсырмаларды әртүрлі оқу траекторияларын бойынша орындауға мүмкіндік беретін тәсіл ретінде сипатталған. Зерттеулерде QBL-дің икемді оқу жолдарын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қайта қарау және жетілдіру мүмкіндіктері көрсетілгенімен, мотивацияға әсері барлық зерттеулерде бірдей болмаған. Сонымен қатар, бұл тәсілді іске асыру оқытушыдан едәуір уақыт пен педагогикалық жобалауды талап етуі мүмкін [15, б.287].

Осы зерттеулерді салыстырмалы талдау квест және ойын технологияларының химиялық білім беруде оқу белсенділігін, цифрлық құралдарды қолдануды, проблемалық міндеттерді шешуді және бірлескен әрекетті ұйымдастыруда белгілі бір педагогикалық әлеуетке ие екенін көрсетеді. Дегенмен, қолда бар еңбектердің едәуір бөлігі мектеп оқушыларына, жекелеген химия курстарына немесе жалпы game-based және QBL тәсілдеріне бағытталған. Болашақ химия мұғалімдерін кәсіби даярлауда химиялық мазмұнды, цифрлық ресурстарды, проблемалық және зертханалық тапсырмаларды, топтық өзара әрекет пен рефлексияны біртұтас модель аясында біріктіру мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Осыған байланысты ұсынылып отырған зерттеуде квест-технологиялар толықканды QBL жүйесінің баламасы немесе дербес оқыту мақсаты ретінде емес, болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын ұйымдастырудың іс-әрекеттік тетігі ретінде қарастырылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы квест элементтерін пәндік-әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттерді дамытуға бағытталған мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексивтік блоктардан тұратын біртұтас модельде жүйелеумен сипатталады. Ұсынылған модельді пилоттық тәжірибелік-эксперименттік жағдайда апробациялау оның қолданылу мүмкіндіктерін бағалауға және кейінгі кең ауқымды зерттеулердің бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Мақсат, міндеттер. Зерттеудің мақсаты – цифрлық білім беру ортасында квест-технологияларды қолдану негізінде болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын модельдеу, ұсынылған модельдің құрылымдық-компоненттік мазмұнын айқындау және оны пилоттық тәжірибелік-эксперименттік

жұмыс барысында апробациялау. Зерттеу міндеттері: 1) болашақ химия мұғалімдерін кәсіби даярлауда квест-технологияларды қолданудың теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздерін талдау; 2) цифрлық білім беру ортасында жүзеге асырылатын кәсіби даярлық моделінің мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексивтік блоктарын анықтау; 3) квест-технологиялар негізінде ұйымдастырылатын цифрлық химиялық тапсырмалар мен оқу әрекеттерінің мазмұнын құрастыру; 4) эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру арқылы ұсынылған модельді апробациялау барысында болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби уәждемесі, оқу-танымдық белсенділігі және пәндік-әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік әрі шығармашылық құзыреттері бойынша байқалған өзгерістерді сипаттау.

Материалдар мен тәсілдер. Зерттеу базасы ретінде педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орнының «Химия» және «Химия–биология» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 3 курс студенттері таңдап алынды. Зерттеуге 19–21 жас аралығындағы 3 курс студенттері қатысты. Қатысушылардың жалпы саны 18 студентті құрады: эксперименттік топта – 11 студент, бақылау тобында – 7 студент. Эксперименттік және бақылау топтары университетте бұрыннан қалыптасқан академиялық топтар негізінде анықталды, сондықтан қатысушыларды зерттеу мақсатында кездейсоқ бөлу жүргізілген жоқ. Осыған байланысты зерттеу квазиэксперименттік сипатта ұйымдастырылды. Топтардың бастапқы эквиваленттілігі статистикалық тұрғыдан арнайы тексерілмеді, бұл зерттеудің әдістемелік шектеулерінің бірі ретінде ескерілді. Педагогикалық эксперимент бір академиялық семестр бойы жүргізілді. Зерттеу оқу үдерісінің қалыпты жағдайында, университеттің цифрлық білім беру кеңістігін (LMS платформалары, электрондық оқу ресурстары, виртуалды зертханалар, бейнесабақтар, онлайн бақылау және тестілеу жүйелері және т.б.) пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Алғашқы, дайындық кезеңінде педагогика, психология және әдістеме саласындағы ғылыми еңбектерге теориялық талдау жүргізіліп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, гипотезасы, нысаны және пәні нақтыланды. Сонымен қатар, болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін квест-технологиялар арқылы қалыптастыруға қойылатын талаптар жүйеленіп, зерттеу көрсеткіштері мен өлшемдері айқындалды.

Зерттеу нысаны – болашақ химия мұғалімдерін жоғары оқу орнында кәсіби даярлау үдерісі. *Зерттеу пәні* – цифрлық білім беру ортасында квест-технологияларды қолдану арқылы болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастырудың мазмұны, әдістері мен педагогикалық шарттары. *Зерттеу гипотезасы*: егер болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығы мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексивтік блоктардан тұратын, цифрлық білім беру ортасымен кіріктірілген квест-технологиялар моделіне сәйкес ұйымдастырылса, онда олардың кәсіби уәждемесі, оқу-танымдық белсенділігі, пәндік-әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттерінің қалыптасу деңгейі артады.

Болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын бағалауда қолданылған негізгі критерийлер, көрсеткіштер мен диагностикалық әдістер кесте 1-де жүйеленіп берілген.

1 кесте – Болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

Бағалау критерийі	Негізгі көрсеткіштер	Бағалау әдістері	Деңгейлері
Кәсіби уәждеме	Мұғалім мамандығына қызығушылық, оқу әрекетіне қатысу белсенділігі, кәсіби өзін-өзі дамытуға ұмтылыс	Сауалнама, әңгімелесу, рефлексивтік эссе	Жоғары, орта, төмен
Оқу-танымдық белсенділік	Ақпаратты өз бетінше іздеу, проблемалық тапсырмаларды шешуге қатысу, дербес шешім қабылдау	Педагогикалық бақылау, диагностикалық тапсырмалар	Жоғары, орта, төмен
Пәндік-әдістемелік құзырет	Химиялық ұғымдарды дұрыс қолдану, есептерді шешу, химиялық мазмұнды оқу жағдаятына бейімдеу	Бақылау жұмыстары, диагностикалық тапсырмалар, квест тапсырмалары	Жоғары, орта, төмен
Цифрлық құзырет	Цифрлық ресурстарды таңдау және қолдану, виртуалды зертханалар мен онлайн платформаларда жұмыс істеу, цифрлық өнім әзірлеу	Цифрлық тапсырмалар, портфолио, педагогикалық бақылау	Жоғары, орта, төмен
Коммуникативтік құзырет	Топтық жұмысқа қатысу, пікір алмасу, өз ойын дәлелдеу, бірлескен шешім қабылдау	Педагогикалық бақылау, топтық тапсырмалар, әңгімелесу	Жоғары, орта, төмен
Шығармашылық құзырет	Жаңа идея ұсыну, квест сценарийлерін құрастыру, стандартты емес шешімдерді пайдалану	Жобалық және шығармашылық тапсырмалар, портфолио	Жоғары, орта, төмен

Әр критерий бойынша студенттердің нәтижелері жоғары, орта және төмен деңгейлерге жіктелді. Деңгейлерді анықтау барысында диагностикалық тапсырмалардың орындалу сапасы, оқу әрекетіндегі дербестік, цифрлық ресурстарды қолдану дағдылары, топтық өзара әрекет және рефлексивтік жауаптардың мазмұны кешенді түрде ескерілді.

Келесі кезеңде болашақ химия мұғалімдерін даярлауды квест-технологиялар негізінде ұйымдастыру тұжырымдамасы жасалып, модельдің құрылымдық-компоненттік құрамы (мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексивтік блоктар) анықталды әрі оны цифрлық білім беру ортасымен кіріктіру тетіктері жобаланды.

Ұсынылған модель өзара байланысты төрт блоктан тұрады. Мақсаттық блок болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған мақсат, міндеттер мен күтілетін нәтижелерді қамтиды. Мазмұндық блок химиялық білім мазмұнын, цифрлық ресурстарды, проблемалық және квест тапсырмаларын біріктіреді. Іс-әрекеттік блок студенттердің жеке, жұптық және топтық жұмысын, зертханалық және цифрлық тапсырмаларды орындауын, проблемалық жағдаяттарды шешуін және квест кезеңдеріне қатысуын қамтамасыз етеді. Бағалау-рефлексивтік блок кәсіби уәждеме, оқу-танымдық белсенділік, пәндік-әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттердің қалыптасу деңгейін диагностикалау, алынған нәтижелерді талдау және рефлексия жүргізуге бағытталған. Модельдің барлық блоктары бірізді әрі өзара сабақтас жүзеге асырылады: мақсат пен міндеттер мазмұнды анықтайды, мазмұн оқу әрекеті арқылы іске асырылады, ал бағалау-рефлексивтік блок алынған нәтижелер негізінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. Модельді тиімді іске асырудың негізгі педагогикалық шарттары ретінде цифрлық білім беру ресурстарының қолжетімділігі, квест тапсырмаларының химия мазмұнына сәйкестігі, студенттердің белсенді және бірлескен әрекетін ұйымдастыру, жүйелі кері байланыс пен рефлексияны қамтамасыз ету қарастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік кезеңде әзірленген модельге сәйкес оқу процесіне цифрлық химиялық квесттер енгізіліп, эксперименттік және бақылау топтарында педагогикалық эксперимент өткізілді.

Эксперименттік топта қолданылған цифрлық химиялық квесттердің бірі «Табиғаттағы су. Судың кермектігі» тақырыбына арналды. Квесттің мақсаты студенттердің су кермектігі туралы теориялық білімдерін практикалық жағдаяттарда қолдану, су құрамын талдау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және цифрлық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту болды. Квест бірнеше өзара байланысты кезеңнен тұрды: проблемалық жағдаятпен танысу, су кермектігінің себептерін анықтауға бағытталған тапсырмаларды орындау, алынған деректерді талдау және қорытынды шешім ұсыну. Студенттер тапсырмаларды жұптық және топтық форматта орындап, ақпаратты іздеу, химиялық есептерді шешу, тәжірибелік нәтижелерді түсіндіру және өз қорытындыларын қорғау әрекеттеріне қатысты. Квест барысында цифрлық білім беру ресурстары, бейнематериалдар, онлайн тапсырмалар және виртуалды зертханалық элементтер қолданылды. Тапсырмалардың орындалуы жауаптардың дұрыстығы, химиялық негіздеменің сапасы, топтық өзара әрекет және қорытындыны дәлелдеу көрсеткіштері бойынша бағаланды.

Эксперименттік топта оқу мазмұны квест-технологиялар негізінде ұйымдастырылып, студенттер проблемалық жағдаяттарды шешу, цифрлық және зертханалық тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау, топтық талқылау және қорытынды рефлексия әрекеттеріне тартылды. Бақылау тобында сол оқу тақырыптары дәстүрлі түсіндіру, сұрақ-жауап, есеп шығару және зертханалық жұмыстарды орындау тәсілдері арқылы меңгертілді. Екі топта да оқу мазмұны, сабақтардың жалпы көлемі және бағалау талаптары бірдей сақталды, айырмашылық оқу әрекетін ұйымдастыру тәсілінде болды: эксперименттік топта квест-технологиялар жүйелі түрде қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері басым болды.

Қорытынды кезеңде алынған нәтижелер сипаттамалық және сапалық тұрғыдан талданып, модельді апробациялау нәтижелері қорытындыланды және тиісті әдістемелік ұсынымдар тұжырымдалды.

Зерттеу барысында университеттің цифрлық білім беру ортасы, химия пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен силлабустар, электрондық және виртуалды зертханалар, химиялық үдерістерді бейнелейтін симуляциялар, квест сценарийлері мен деңгейлік тапсырмалар, проблемалық есептер мен зертханалық-практикалық жұмыстар, цифрлық ресурстармен жұмысқа арналған тапсырмалар, сондай-ақ студенттердің кәсіби мотивациясын, цифрлық және пәндік-әдістемелік құзыреттерін айқындауға бағытталған диагностикалық әдістемелер мен сауалнамалар қолданылды.

Зерттеу әдістері теориялық, эмпирикалық және тәжірибелік-эксперименттік әдістер кешенін қамтыды. Теориялық деңгейде педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттер, цифрлық және ойынға негізделген оқыту, квест-технологиялар мәселелері бойынша зерттеулер талданып, салыстырылып және жүйеленді. Модельдеу әдісі арқылы болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын квест-технологиялар негізінде ұйымдастыру моделі құрастырылды. Эмпирикалық кезеңде педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, рефлексивтік эссе жазу, диагностикалық тапсырмалар мен бақылау жұмыстары қолданылып, квест аясында орындалған цифрлық тапсырмалар, жобалық жұмыстар мен портфолио материалдары талданды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыста квест-технологиялар енгізілген эксперименттік топ пен дәстүрлі оқыту басым жүргізілген бақылау тобының нәтижелері салыстырмалы түрде сипатталды.

Қатысушылар санының шектеулілігіне байланысты нәтижелерді талдауда сипаттамалық және сапалық тәсілдер басым қолданылды. Топтардағы өзгерістер педагогикалық бақылау, рефлексивтік жауаптар, диагностикалық тапсырмалар, бақылау жұмыстары және студенттердің орындаған жұмыстарын талдау негізінде бағаланды. Іріктеме көлемінің шағын болуына байланысты статистикалық мәнділікке қатысты қорытынды жасалған жоқ, сондықтан алынған нәтижелер пилоттық зерттеу аясында қарастырылып, кеңірек іріктемеде қосымша тексеруді қажет етеді.

Зерттеудің негізгі кезеңдері, әр кезеңде орындалған жұмыстар және күтілетін нәтижелер кесте 2-де берілген.

2 кесте – Зерттеу кезеңдері мен мазмұны

Зерттеу кезеңі	Мазмұны	Нәтижесі
Дайындық кезеңі	Әдебиеттерді теориялық талдау, мақсат, міндеттер, гипотеза, нысан, пәнді айқындау, көрсеткіштер мен өлшемдерді белгілеу	Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды, квест-технологияларға қойылатын талаптар жүйеленді
Концептуалдық-модельдік кезең	Квест-технологиялар негізінде кәсіби даярлық моделін құрастыру, модель блоктарын (мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, бағалау-рефлексивтік) жобалау, цифрлық ортамен интеграциялау тетіктерін анықтау	Болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын модельдеу тұжырымдамасы мен құрылымдық моделі жасалды
Тәжірибелік-эксперименттік кезең	Цифрлық химиялық квесттерді оқу процесіне енгізу, эксперименттік және бақылау топтарында педагогикалық эксперимент жүргізу	Модельдің практикалық іске асырылуы жүзеге асты, бастапқы және аралық деректер жиналды
Қорытынды-талдау кезеңі	Сипаттамалық және сапалық талдау, нәтижелерді салыстыру, қорытындылар мен әдістемелік ұсынымдар дайындау	Модельді апробациялау нәтижелері қорытындыланып, педагогикалық ЖОО-ларға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді

Зерттеу барысында қолданылған әдістер және олардың қолданылу мақсаттары Кесте 3-те жүйеленген.

3 кесте – Зерттеу әдістері мен қолдану мақсаттары

Әдістер тобы	Нақты әдістер	Қолдану мақсаты
Теориялық әдістер	Әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу	Квест-технологиялар мен цифрлық оқыту жөніндегі тұжырымдамалық негіздерді айқындау, кәсіби даярлық моделін құрастыру
Эмпирикалық әдістер	Педагогикалық байқау, сауалнама, әңгімелесу, рефлексивтік эссе, диагностикалық тапсырмалар, бақылау жұмыстары, портфолио талдау	Студенттердің оқу-танымдық белсенділігі мен мотивациясын, кәсіби, цифрлық және пәндік-әдістемелік құзыреттерін анықтау
Тәжірибелік-эксперименттік әдістер	Педагогикалық эксперимент (констатациялық, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері)	Квест-технологиялар негізінде әзірленген модельді апробациялау, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы сипаттау

Нәтижелер. Зерттеу барысында квест-технологиялар негізінде әзірленген модельді апробациялау нәтижелерін сипаттау мақсатында эксперименттік және бақылау топтарында байқалған өзгерістер салыстырмалы түрде талданды. Жиналған деректер кәсіби уәждеме, оқу-танымдық белсенділік, пәндік-әдістемелік, цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттердің қалыптасу үдерісін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

Констатациялық кезеңдегі нәтижелер студенттердің едәуір бөлігінде кәсіби мотивацияның орташа деңгейде екенін, ал цифрлық ортада әрекет ету дағдылары негізінен техникалық операциялармен (жүйеге кіру, файлдарды жүктеу, онлайн тестілеуден өту) шектелетінін көрсетті. Сонымен қатар, кейбір студенттердің химиядағы күрделі ұғымдар мен процестерді терең ұғынуға қарағанда, бағалау

нәтижесіне бағдарланғаны, тапсырмаларды өз бетінше орындаудан гөрі оқытушы нұсқауын күтетіндігі байқалды. Мұндай жағдай кәсіби құзыреттерді қалыптастыруда дәстүрлі түсіндіру мен бекітуге негізделген сабақтардың басымдығымен, оқу үдерісінде проблемалық және зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың жеткіліксіз қолданылуымен түсіндіріледі.

Квест-технологиялар негізінде жасалған модельді енгізуден кейін жүргізілген қалыптастырушы эксперимент барысында студенттердің оқу-танымдық белсенділігінде оң өзгерістер байқалды. Цифрлық химиялық квесттер сюжетке, деңгейлік құрылымға, ұпай жинау механизміне, сондай-ақ жұптық және топтық өзара әрекетке негізделгендіктен, білім алушылар оқу тапсырмаларын ойын-танымдық әрекет ретінде қабылдап, оқу процесіне эмоциялық әрі зияткерлік тұрғыдан белсендірек араласа бастады. Сабақтар мен өзіндік жұмыстар барысында студенттердің қосымша ақпаратты өз еркімен іздеуі, цифрлық ресурстарды (бейнематериалдар, симуляциялар, виртуалды зертханалар) таңдап пайдалануы, тапсырмаларды орындаудың түрлі жолдарын ұсынуы жиілегені байқалды.

Сапалық талдау нәтижелері квест форматындағы оқу барысында студенттердің кәсіби уәждемесіне қатысты оң өзгерістер байқалғанын көрсетті. Рефлексивтік эсселер мен сұхбат материалдарында студенттер квест тапсырмалары болашақ мұғалім ретіндегі жауапкершілікті сезінуге көмектескенін, химиялық мазмұнды мектеп деңгейіне бейімдеп түсіндіру және оқушыларға қызықты жағдаяттар құрастыру жөнінде ойлануға түрткі болғанын атап өтеді. Көптеген білім алушылар квест барысында жинақтаған тәжірибесін алдағы уақытта мектеп тәжірибесінде қолдануға ниетті екенін, әсіресе «ізденіс», «жұмбақ шешу» және «цифрлық барлау» элементтері бар тапсырмаларды тиімді деп бағалағанын көрсеткен.

Пәндік-әдістемелік құзыреттер тұрғысынан алғанда, квест форматындағы тапсырмаларды орындау барысында химиялық білімді практикалық жағдаяттарда қолдануға қатысты оң өзгерістер байқалды. Мәселен, химиялық реакциялардың механизмдерін, ерітінділерде жүретін процестерді және экологиялық мазмұндағы есептерді квест сюжетіне енгізу студенттерді теориялық білімді нақты практикалық жағдайларда қолдануға итермеледі. Бақылау жұмыстары мен диагностикалық тапсырмалардың нәтижелерін салыстыру квест-технологиялар қолданылған эксперименттік топта химиялық ұғымдарды жүйелі әрі дәл пайдалану, тәжірибелік есептерді шешу және химиялық құбылыстарды түсіндіру қабілеттерінде оң өзгерістер байқалғанын көрсетті.

Цифрлық құзыреттердің дамуында да оң өзгерістер байқалды. Егер зерттеудің бастапқы кезеңінде көптеген студенттер цифрлық платформаларды дайын ақпарат алу құралы ретінде ғана қабылдаса, эксперимент соңында олар цифрлық ортада өз өнімін (бейнеролик, презентация, интерактивті тапсырма, шағын викторина) дайындап, оны квест аясында қорғау мен талқылауға дағдыланды. Бұл өз кезегінде дербес жауапкершілікті арттыруға, ақпаратты іріктеу, өңдеу және ұсыну мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар, онлайн форумдар мен чаттарда топ мүшелерінің бірбіріне кеңес беруі, түсінбеген мәселелерді бірлесіп талқылауы коммуникативтік құзыреттердің нығаюына жағдай жасады.

Квест тапсырмаларын орындау барысында студенттердің шығармашылық белсенділігіне қатысты оң өзгерістер де байқалды. Квест сценарийлерін құрастыру немесе толықтыру барысында студенттер химиялық мазмұнды өмірлік жағдаяттармен байланыстырудың әртүрлі жолдарын ұсынды: экологиялық проблемалар, тұрмыстағы химия, өндірістік процестер, қауіпсіздік талаптары және т.б. Мұндай шығармашылық ізденіс студенттердің химияның практикалық маңызын тереңірек түсінуіне, болашақ кәсіби қызметінде пәнді өмірмен байланыстыра оқытуға дайын болуына мүмкіндік берді.

Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырмалы талдау эксперименттік топта кәсіби уәждеме, оқу-танымдық белсенділік, пәндік-әдістемелік және цифрлық құзыреттер бойынша оң динамика байқалғанын көрсетті. Бақылау тобында да жекелеген оң өзгерістер байқалды, алайда олар негізінен оқу материалын меңгеру және ағымдағы оқу тапсырмаларын орындаумен байланысты болды. Эксперименттік топ студенттерінің квест тапсырмаларын орындау барысында дербес ақпарат іздеуге, цифрлық ресурстарды қолдануға, топтық талқылауға және шығармашылық шешімдер ұсынуға белсендірек қатысқаны педагогикалық бақылау мен орындалған тапсырмаларды талдау нәтижелерінде байқалды. Іріктеме көлемінің шағын болуына байланысты бұл айырмашылықтар статистикалық мәнділік тұрғысынан бағаланған жоқ және зерттеу нәтижелері пилоттық сипатта түсіндіріледі.

Ұсынылған модель аясында қарастырылатын кәсіби құзыреттердің негізгі құрылымдық құрамдастары сурет 1-де берілген.

1 суретте болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығының негізгі құзыреттік құрамдастары құрылымдық деңгейлер түрінде берілген. Пәндік-әдістемелік құзырет кәсіби даярлықтың базалық негізін құрайды, ал цифрлық және коммуникативтік құзыреттер білім алушылардың цифрлық ортада тиімді әрекет етуі мен бірлескен жұмысты ұйымдастыру қабілеттерін сипаттайды. Шығармашылық құзырет химиялық мазмұнды стандартты емес жағдаяттарда қолдану, жаңа идеялар мен квест тапсырмаларын әзірлеу қабілетімен байланысты. Аталған құрамдастар өзара сабақтастықта қарастырылып, ұсынылған модельдің кәсіби даярлық мазмұнын нақтылайды.

1 сурет – Болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерінің құрылымдық деңгейлері

Квест-технологияларды қолдану жағдайындағы кәсіби мотивацияны қолдау мен қайта бағалаудың циклдік үдерісі сурет 2-де көрсетілген.



2 сурет – Квест-технологияларды қолдану жағдайындағы кәсіби мотивацияның даму циклі

2 суретте квест-технологияларды қолдану жағдайындағы кәсіби мотивацияны қолдау циклі ұсынылған. Цикл бастапқы жағдайды диагностикалау, квест-технологияларды оқу үдерісіне енгізу, студенттердің мотивациялық өзгерістерін қайта бағалау, алынған нәтижелерді талдау және оқыту стратегияларын жетілдіру кезеңдерін қамтиды. Бұл кезеңдер өзара байланысты және кері байланыс негізінде қайталанып отырады, сондықтан модель квест тапсырмаларын студенттердің оқу әрекетіне қызығушылығын қолдау және оқу үдерісін түзету құралы ретінде қарастырады.

Талқылау. Зерттеу барысында байқалған өзгерістер химиялық білім беруде ойын және квест элементтерін қолданудың оқу белсенділігі мен химиялық мазмұнды меңгеруді қолдауда белгілі бір педагогикалық әлеуеті бар екенін көрсеткен алдыңғы зерттеулермен жалпы бағытта сәйкес келеді. E. Byusa және әріптестерінің жүйелі шолуында game-based learning тәсілдерінің білім алушылардың

химиялық ұғымдарды түсінуі мен оқу мотивациясын қолдауға мүмкіндік беретіні көрсетілген [12, б.1]. Y. Hu және әріптестерінің метаталдау нәтижелері де ойынға негізделген оқытудың оқу нәтижелеріне ықпал ету мүмкіндігін көрсетеді, алайда зерттеулер арасындағы айырмашылықтардың едәуір екенін атап өтеді [13, б.1499-1500].

Сонымен бірге алынған нәтижелерді квест-технологиялардың тиімділігінің түпкілікті дәлелі ретінде қарастыруға болмайды. T. Tepe және әріптестерінің зерттеуінде білім алушылар WebQuest пен Wiki тапсырмаларын оң бағалағанымен, химияны оқуға деген мотивацияның статистикалық тұрғыдан жоғарылауы анықталмаған [10, б.910]. C. Snelson жүргізген QBL зерттеулерінің шолуында да мотивацияға қатысты нәтижелердің біркелкі еместігі, оқытушы тарапынан едәуір уақыт пен педагогикалық жобалауды қажет ететіні көрсетілген [15, б.287]. Сондықтан осы зерттеуде байқалған оң өзгерістер шағын іріктемеде жүргізілген пилоттық апробацияның нәтижелері ретінде түсіндіріледі және ұсынылған модельді үлкенірек іріктемеде әрі ұзақ мерзімді зерттеулерде қосымша тексеру қажет.

Қорытынды. Зерттеу барысында цифрлық білім беру ортасында квест-технологияларды қолдануға негізделген болашақ химия мұғалімдерін кәсіби даярлау моделі әзірленіп, педагогикалық эксперимент жағдайында апробациядан өткізілді. Ұсынылған модель мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексивтік блоктардың өзара байланысына негізделіп, химиялық мазмұнды цифрлық ресурстармен, проблемалық және зертханалық тапсырмалармен, топтық өзара әрекетпен және рефлексиямен біріктіруге бағытталды.

Пилоттық зерттеу нәтижелерін сипаттамалық және сапалық талдау эксперименттік топ студенттерінің кәсіби уәждемесі, оқу-танымдық белсенділігі, цифрлық ресурстарды қолдануы, топтық өзара әрекеті және шығармашылық тапсырмаларды орындауы бойынша оң өзгерістер байқалғанын көрсетті. Бақылау тобында да жекелеген оң өзгерістер байқалды, алайда квест-технологиялар жүйелі қолданылған эксперименттік топта оқу әрекетіне белсенді қатысу, дербес ақпарат іздеу және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған әрекеттер жиірек көрініс тапты.

Зерттеудің практикалық маңызы ұсынылған модель мен квест тапсырмаларын педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын ұйымдастыруда қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Сонымен қатар, зерттеудің шағын іріктемемен және бір академиялық семестрмен шектелуі алынған нәтижелерді кең көлемде жалпылауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ұсынылған модельдің нәтижелілігін үлкенірек және әртүрлі іріктемелерде, ұзақ мерзімді зерттеулер барысында қосымша тексеру қажет.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Бекбенова А.Р., Мукатаева Ж.С., Ильясова Г.У. Болашақ химия мұғалімдерін кәсіби даярлауда ақпараттандырудың педагогикалық негіздері** [Мәтін] / А.Р. Бекбенова, Ж.С. Мукатаева, Г.У. Ильясова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2023. – Vol. 2 (110). – Б. 119–124. DOI: 10.31489/2023Ped2/119-124.

2. **Сабденова У.О., Сейтжанов Ә.Ф., Арбузова Е.Н. Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби бағдарын қалыптастырудың тиімді әдісі** [Мәтін] / У.О. Сабденова, Ә.Ф. Сейтжанов, Е.Н. Арбузова // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия. – 2021. – Vol. 67(2). – Б. 11–17. DOI: 10.26577/JES.2021.v67.i2.02.

3. **Бакажанова А.К., Сагимбаева А.Е., Бакибаев А.А., Шоканов Р.А. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ химия мұғалімдерінің TPACK (модулін) дамыту** [Мәтін] / А.К. Бакажанова, А.Е. Сагимбаева, А.А. Бакибаев, Р.А. Шоканов // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар серия. – 2024. – Vol. 80(3). – Б. 40–51. DOI: 10.26577/JES2024v80.i3.03.

4. **Karmanova A., Madybekova G., Kavak N., Ualikhanova B., Zharylkassyn A., Umarova Z. Developing the Professional Competence of Future Chemistry Teachers through Digital Technologies: A Case Study of Kazakhstan** [Text] / A. Karmanova, G. Madybekova, N. Kavak, B. Ualikhanova, A. Zharylkassyn, Z. Umarova // International Journal of Information and Education Technology. – 2024. – Vol. 14(8). – P. 1119–1126. – DOI: 10.18178/ijiet.2024.14.8.2140.

5. **Dodge B. FOCUS: Five Rules for Writing a Great WebQuest** [Text] / B. Dodge // Learning & Leading with Technology. – 2001. – Vol. 28(8). – P. 6–9.

6. **The Learning Power of WebQuests** [Text] / T. March // Educational Leadership. – 2003. – Vol. 61(4). – P. 42–47.

7. **Seitkazy P.B., Toleubekova R.K., Amanova A.K., Tashetov A.A., Iskakova G., Demissenova S.S. A Web-Quest as a Teaching and Learning Tool** [Text] / P.B. Seitkazy, R.K. Toleubekova, A.K. Amanova, A.A. Tashetov, G. Iskakova, S.S. Demissenova // International Electronic Journal of Mathematics Education. – 2016. – Vol. 11(10). – P. 3537–3549.

8. **Deng F., Lan W., Sun D., Zheng Z. Examining Pre-Service Chemistry Teachers' Technological Pedagogical Content Knowledge (TPACK) of Using Data-Logging in the Chemistry Classroom** [Text] / F. Deng, W. Lan, D. Sun, Z. Zheng // Sustainability. – 2023. – Vol. 15(21). – Article 15441. DOI: 10.3390/su152115441.

9. **Chan P., Van Gerven T., Dubois J.-L., Bernaerts K. Virtual chemical laboratories: A systematic literature review of research, technologies and instructional design** [Text] / P. Chan, V T. an Gerven, J.-L. Dubois, K. Bernaerts // Computers and Education Open. – 2021. – Vol. 2. – Article 100053. DOI: 10.1016/j.caeo.2021.100053.

10.**Tepe T., Ilhan N., Inceoglu M.M. Using WebQuest and Wiki Activities in Chemistry Courses: Pre-Service Elementary Teachers' Views and their Motivation to Learn Chemistry** [Text] / T. Tepe, N. Ilhan, M.M. Inceoglu // Croatian Journal of Education. – 2016. – Vol. 18(3). – P. 899–933. DOI: 10.15516/cje.v18i3.2001.

11.**Ferreira K.M., Gomes F., Braga L. WebQuest e o ensino da química analítica: possibilidades de aprendizagens** [Text] / K.M. Ferreira, F. Gomes, L. Braga // Revista Insignare Scientia. – 2022. – Vol. 5(2). – P. 268–283. DOI: 10.36661/2595-4520.2022v5n2.13002.

12.**Byusa E., Kampire E., Mwesigye A.R. Game-based learning approach on students' motivation and understanding of chemistry concepts: A systematic review of literature** [Text] / E. Byusa, E. Kampire, A.R. Mwesigye // Heliyon. – 2022. – vol. 8(5). – Article e09541. DOI: 10.1016/j.heliyon.2022.e09541.

13.**Hu Y., Gallagher T., Wouters P., van der Schaaf M., Kester L. Game-based learning has good chemistry with chemistry education: A three-level meta-analysis** [Text] / Y. Hu, T. Gallagher, P. Wouters, M. van der Schaaf, L. Kester // Journal of Research in Science Teaching. – 2022. – vol. 59(9). – P. 1499–1543. DOI: 10.1002/tea.21765.

14.**Elmali S., Freund L., Tiemann R. A systematic literature review of game-based approaches in chemistry education (2014–2024)** [Text] / S. Elmali, L. Freund, R. Tiemann // Chemistry Education Research and Practice. – 2026. – vol. 27(1). – P. 31–44. DOI: 10.1039/D5RP00248F.

15.**Snelson C. Quest-Based Learning: A Scoping Review of the Research Literature** [Text] / C. Snelson // TechTrends. – 2022. – vol. 66(2). – P. 287–297. DOI: 10.1007/s11528-021-00674-w.

REFERENCES:

1. **Bekbenova A.R., Mukataeva Zh.S., Iliasova G.U. Bolashak himiya mugalimderin kasibi dayarlauda aqparattandyrudyn pedagogikalyk negizderi** [Pedagogical foundations of informatization in the professional training of future teachers of chemistry]. *Karagandy universitetinin habarshysy. Pedagogika seriyasy*, 2023, no. 2(110), pp. 119–124. DOI: 10.31489/2023Ped2/119-124. (In Kazakh)

2. **Sabdenova U.O., Sejtzhanov A.F., Arbuzova E.N. Kashyktyktan bilim beru zhagdajynda bolashak himiya mugalimderinin kasibi bagdaryn kalyptastyrudyn tiimdi adisi** [An effective method of forming the professional orientation of future chemistry teachers in the context of distance education]. *KazUU habarshysy. Pedagogikalyk seriya*, 2021, no. 67(2), pp. 11–17. DOI: 10.26577/JES.2021.v67.i2.02. (in Kazakh)

3. **Bakazhanova A.K., Sagimbaiyeva A.Ye., Bakibayev A.A., Shokanov R.A. Bilim berudi cifrlandyru zhagdaiynda bolashak himiya mugalimderinin TPACK (modulin) damytu** [Honing pre-service chemistry teachers' TPACK performance in digitally-enhanced education]. *KazUU habarshysy. Pedagogikalyk gylymdar seriya*, 2024, vol. 80(3), pp. 40–51. DOI: 10.26577/JES2024v80.i3.03. (In Kazakh)

4. **Karmanova A., Madybekova G., Kavak N., et al. Developing the professional competence of future chemistry teachers through digital technologies: A case study of Kazakhstan**. *International Journal of Information and Education Technology*, 2024, vol. 14(8), pp. 1119–1126. DOI: 10.18178/ijiet.2024.14.8.2140.

5. **Dodge B. FOCUS: Five rules for writing a great WebQuest.** *Learning & Leading with Technology*, 2001, vol. 28(8), pp. 6–9.

6. **March T. The learning power of WebQuests**. *Educational Leadership*, 2003, vol. 61(4), pp. 42–47.

7. **Seitkazy P.B., Toleubekova R.K., Amanova A.K., Tashetov A.A., Iskakova G., Demissenova S.S. A Web-Quest as a teaching and learning tool**. *International Electronic Journal of Mathematics Education*, 2016, vol. 11(10), pp. 3537–3549.

8. **Deng F., Lan W., Sun D., Zheng Z. Examining pre-service chemistry teachers' technological pedagogical content knowledge (TPACK) of using data-logging in the chemistry classroom**. *Sustainability*, 2023, vol. 15(21), art. 15441. DOI: 10.3390/su152115441.

9. **Chan P., Van Gerven T., Dubois J.-L., Bernaerts K. Virtual chemical laboratories: A systematic literature review of research, technologies and instructional design**. *Computers and Education Open*, 2021, vol. 2, art. 100053. DOI: 10.1016/j.caeo.2021.100053.

10. **Tepe T., Ilhan N., Inceoglu M.M. Using WebQuest and Wiki activities in chemistry courses: pre-service elementary teachers' views and their motivation to learn chemistry**. *Croatian Journal of Education*, 2016, vol. 18(3), pp. 899–933. DOI: 10.15516/cje.v18i3.2001.

11. **Ferreira K.M., Gomes F., Braga L**. **WebQuest e o ensino da química analítica: possibilidades de aprendizagens** [WebQuest and analytical chemistry teaching: learning possibilities]. *Revista Insignare Scientia*, 2022, vol. 5(2), pp. 268–283. DOI: 10.36661/2595-4520.2022v5n2.13002. (In Portuguese)

12. **Byusa E., Kampire E., Mwesigye A.R. Game-based learning approach on students' motivation and understanding of chemistry concepts: A systematic review of literature**. *Heliyon*, 2022, vol. 8(5), art. e09541 (2022). DOI: 10.1016/j.heliyon.2022.e09541.

13. **Hu Y., Gallagher T., Wouters P., van der Schaaf M., Kester L**. **Game-based learning has good chemistry with chemistry education: A three-level meta-analysis**. *Journal of Research in Science Teaching*, 2022, vol. 59(9), pp. 1499–1543. DOI: 10.1002/tea.21765.

14. **Elmali S., Freund L., Tiemann R. A systematic literature review of game-based approaches in chemistry education (2014–2024)**. *Chemistry Education Research and Practice*, 2026, vol. 27(1), pp. 31–44. DOI: 10.1039/D5RP00248F.

15. **Snelson C**. **Quest-based learning: A scoping review of the research literature**. *TechTrends,* 2022, vol. 66(2), pp. 287–297. DOI: 10.1007/s11528-021-00674-w.

Жіберілген күні: 25 маусым 2026 ж. **Қабылданған күні:** 10 тамыз 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәліметтер:

Нугманова Айнур Алигажиевна – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Қазыбек би көш. 30, тел.: +77476444924, e-mail: ainura_nugmanova@mail.ru.*

Жусупбекова Нурсулу Сарсеновна – химия ғылымдарының кандидаты, «Химия» кафедрасының аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Қазыбек би көш. 30, тел.:+77025163846, e-mail: zhusupbekova_nursulu@mail.ru.

Огородник Виктория Эдуардовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М. Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті, Беларусь Республикасы, 220004 *Минск қ., Советская көш. 18, тел.: +375-29-321-05-41, e-mail: vitog@tut.by.*

Дәулетбай Жібек Арманқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, химия пәні мұғалімі, №26 мектеп-гимназиясы, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Конституция көш. 24, тел.: +77769281840, e-mail: dauletbayzh@mail.ru.

Нугманова Айнур Алигажиевна – PhD докторант, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Казыбекби 30, тел.: +77476444924, e-mail: ainura_nugmanova@mail.ru.*

Жусупбекова Нурсулу Сарсеновна – кандидат химических наук, старший преподаватель кафедры химии, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Казыбек би 30, тел.: +77025163846, e-mail: zhusupbekova_nursulu@mail.ru.

Огородник Виктория Эдуардовна – кандидат педагогических наук, доцент, Белорусский государственный педагогический университет им. М. Танка, Республика Беларусь, 220004 г. Минск, ул. Советская. 18, тел.: +375-29-321-05-41, e-mail: vitog@tut.by.

Даулетбай Жибек Армановна – магистр педагогических наук, учитель химии, школа-гимназия №26, Республика Казахстан, 010000 Астана, ул. Конституции, 24, тел.: +77769281840, e-mail: dauletbayzh@mail.ru.

Nugmanova Ainur Aligazhiyevna – PhD student, Abai Kazakh Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 30 Kazybek bi Str., tel.: +77476444924, e-mail: ainura_nugmanova@mail.ru.*

Zhussupbekova Nursulu Sarsenovna – Candidate of Chemical Sciences, Senior Lecturer, Department of chemistry, Abai Kazakh Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 30 Kazybek bi Str., tel.: 77025163846, e-mail: zhusupbekova_nursulu@mail.ru.

Ogorodnik Victoria Eduardovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Maksim Tank Belarusian State Pedagogical University, Republic of Belarus, 220004, Minsk, 18 Sovetskaya, tel.: +375-29-321-05-41, e-mail: vitog@tut.by.

Dauletbay Zhibek Armanovna – Master of Pedagogical Sciences, Chemistry Teacher, School-gymnasium No. 26, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 24 Konstitutsiya, tel.: +77769281840, e-mail: dauletbayzh@mail.ru.

МРНТИ 14.25.09
УДК 372.857
https://doi.org/10.52269/SEPT2632184

МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОДАРЁННЫХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ НА ОСНОВЕ КОНЦЕПЦИИ ONE HEALTH

Рамазанова А.С. – PhD докторант, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан.*

Жумабекова Б.К. – доктор биологических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан.

Марзо Р.Р. – профессор, декан факультета гуманитарных и медицинских наук, Curtin University, г. Саравак, Малайзия.

Кабдолова Г.К. – магистр образования, лаборант научного центра биоценологии и экологических исследований, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан.

В статье обоснована актуальность интеграции концепции One Health в содержание школьного биологического образования как эффективного направления формирования естественнонаучной грамотности одарённых школьников в условиях современных социально-экологических вызовов. Особое внимание уделяется специфике образовательных потребностей одарённых обучающихся, характеризующихся высоким уровнем познавательной активности, развитым системным мышлением и склонностью к исследовательской деятельности, что требует использования углублённых и междисциплинарных образовательных подходов. Концепция One Health, основанная на взаимосвязи здоровья человека, животных и окружающей среды, рассматривается как методологическая основа обновления содержания и технологий обучения биологии, ориентированных на раскрытие интеллектуального и исследовательского потенциала одарённых школьников. Целью исследования является разработка модели формирования естественнонаучной грамотности одарённых школьников в процессе обучения биологии на основе концепции One Health. В статье определены объект и предмет исследования, раскрыты теоретико-методологические основания проектирования модели, включающие системный, деятельностный, компетентностный и междисциплинарный подходы. Представлена структурно-функциональная модель, включающая целевой, содержательный, процессуальный и результативно-оценочный компоненты, а также охарактеризованы педагогические условия её эффективной реализации в работе с одарёнными обучающимися. Разработка модели рассматривается как подготовительный этап к её экспериментальному внедрению в образовательную практику, направленный на обеспечение научной обоснованности, воспроизводимости и валидности последующего педагогического эксперимента. Материалы статьи могут быть использованы в профессиональной деятельности учителей биологии, методистов и исследователей, занимающихся проблемами обучения одарённых школьников, естественнонаучного образования и устойчивого развития.

Ключевые слова: *одарённые школьники, естественнонаучная грамотность, обучение биологии, концепция One Health, педагогическая модель, междисциплинарный подход.*

ONE HEALTH ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

Рамазанова А.С. – PhD докторант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.*

Жұмабекова Б.К. – биология ғылымдарының докторы, профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Марзо Р.Р. – профессор, гуманитарлық және денсаулық сақтау факультетінің деканы, Curtin University, Саравак, Малайзия.

Кабдолова Г.К. – педагогика магистрі, биоценология және экологиялық зерттеулер ғылыми орталығының лаборанты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада қазіргі заманғы әлеуметтік-экологиялық сын-қатерлер жағдайында дарынды оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастырудың тиімді бағыты ретінде мектептегі биологиялық білім мазмұнына One Health тұжырымдамасын интеграциялаудың өзектілігі негізделген. Танымдық белсенділіктің жоғары деңгейімен, дамыған жүйелі ойлауымен және зерттеу қызметіне бейімділігімен сипатталатын дарынды білім алушылардың білім беру қажеттіліктерінің ерекшелігіне ерекше назар аударылады, бұл тереңдетілген және пәнаралық білім беру тәсілдерін қолдануды талап етеді. Адам, жануарлар және қоршаған орта денсаулығының өзара

байланысына негізделген One Health тұжырымдамасы Дарынды мектеп оқушыларының интеллектуалды және зерттеу әлеуетін ашуға бағытталған Биологияны оқыту мазмұны мен технологияларын жаңартудың әдіснамалық негізі ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты One Health тұжырымдамасы негізінде Биологияны оқыту процесінде дарынды оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру моделін әзірлеу болып табылады. Мақалада зерттеу объектісі мен пәні анықталған, жүйелік, белсенділік, құзыреттілік және пәнаралық тәсілдерді қамтитын модельді жобалаудың теориялық және әдіснамалық негіздері ашылған. Мақсатты, мазмұнды, процестік және нәтижелі-бағалау компоненттерін қамтитын құрылымдық-функционалдық модель ұсынылған, сондай-ақ дарынды білім алушылармен жұмыста оны тиімді іске асырудың педагогикалық шарттары сипатталған. Модельді әзірлеу кейінгі педагогикалық эксперименттің ғылыми негізділігін, қайталануын және жарамдылығын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру практикасына эксперименттік енгізуге дайындық кезеңі ретінде қарастырылады. Мақала материалдары биология мұғалімдерінің, әдіскерлердің және дарынды оқушыларды оқыту, жаратылыстану және тұрақты даму мәселелерімен айналысатын зерттеушілердің кәсіби қызметінде қолданыла алады.

Түйінді сөздер: *дарынды оқушылар, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, биологияны оқыту, One Health тұжырымдамасы, педагогикалық модель, пәнаралық тәсіл.*

A MODEL FOR FORMING SCIENTIFIC LITERACY OF GIFTED STUDENTS IN THE PROCESS OF TEACHING BIOLOGY BASED ON THE ONE HEALTH CONCEPT

Ramazanova A.S. – PhD student, Margulan University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.*

Zhumabekova B.K. – Doctor of Biological Sciences, Professor, Margulan University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Marzo R.R. – Professor, Dean of the Faculty of humanities and health sciences, Curtin University, Sarawak, Malaysia.

Kabdolova G.K. – Master of Education, Laboratory Assistant, Scientific Center for Biocenology and Ecological Research, Margulan University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Диалогтік сөйлеу – баланың тілдік дамуының жоғары деңгейін көрсететін күрделі коммуникативтік әрекет. Ол тек сөздік қордың көлемімен ғана емес, сонымен қатар баланың өз ойын жүйелі жеткізе алуымен, сұрақтарға жауап беру және сұрақ қоя алу қабілетімен, әңгімелесуді бастау және жалғастыру дағдыларымен сипатталады. Диалогтік сөйлеу барысында бала тілдік құралдарды белсенді қолдана отырып, қарым-қатынас процесінің толыққанды қатысушысына айналады. Осы тұрғыдан алғанда диалогтік сөйлеуді дамыту – баланың танымдық белсенділігін арттырумен, әлеуметтік тәжірибесін кеңейтумен және тұлғалық қалыптасуымен тығыз байланысты кешенді үдеріс болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде диалогтік оқыту әдістерінің, әсіресе бірлескен кітап оқу негізіндегі тәсілдердің тиімділігі жан-жақты дәлелденген. Мұндай әдістерде бала пассивті тыңдаушы емес, белсенді қатысушы ретінде қарастырылады. Ересек адамның жүйелі түрде сұрақ қоюы, баланың жауабын бағалап, кеңейтіп, қайта айтқызуы арқылы тілдік белсенділік артады. Бұл тәсілдер балалардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық құрылымдарды меңгеруге, байланыстырып сөйлеуді дамытуға және диалогтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы бағытта қазақ халық ертегілерін қолданудың мүмкіндігі ерекше назар аудартады. Қазақ халық ертегілері – ғасырлар бойы қалыптасқан халық даналығының көрінісі ғана емес, сонымен қатар баланың тілін, ойлауын және қиялын дамытуға ықпал ететін маңызды педагогикалық құрал. Ертегілер мазмұнының қолжетімділігі, кейіпкерлердің айқын бейнеленуі және оқиғалардың логикалық құрылымы балаларды қызықтырып, олардың сөйлеу белсенділігін арттыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар ертегі мазмұны арқылы балалардың ұлттық құндылықтарды меңгеруі және коммуникативтік тәжірибесінің кеңеюі жүзеге асады. Сонымен бірге қазіргі ғылыми зерттеулерде ертегі терапиясы мен диалогтік оқыту әдістерін біріктіре қолданудың тиімділігі атап өтіледі. Бұл тәсіл баланың тек тілдік дамуына ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына да оң әсер етеді. Әсіресе ЖСТД бар балалар үшін мұндай кешенді ықпал олардың сөйлеуіндегі бұзылыстарды түзетумен қатар, қарым-қатынасқа деген мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, мектеп жасына дейінгі ЖСТД бар балалардың диалогтік сөйлеуін қазақ халық ертегілері негізінде дамыту мәселесі жеткілікті деңгейде жүйеленбеген және арнайы әдістемелік тұрғыдан толық зерттелмеген. Осыған байланысты ғылыми негізделген, тәжірибеде тиімділігі дәлелденген әдістемелік жүйені әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Осы зерттеудің мақсаты – қазақ халық ертегілерін қолдану арқылы сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеуін дамыту мүмкіндіктерін анықтау және оның тиімділігін эксперименттік жолмен негіздеу. Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, логопедиялық және арнайы педагогикалық тәжірибеде қолдануға бағытталған ұсыныстар әзірлеуге негіз болды.

Зерттеу міндеттері:

- Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеуінің бастапқы деңгейін анықтау және оның ерекшеліктерін айқындау;
- Қазақ халық ертегілері негізінде диалогтік сөйлеуді дамытуға бағытталған әдістемелік жүйені әзірлеу;
- Әзірленген әдістеменің тиімділігін эксперименттік және бақылау топтарының анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі нәтижелерін салыстыру арқылы тексеру.
- Эксперимент нәтижелерін талдау негізінде мектепке дейінгі білім беру мен логопедиялық тәжірибеге арналған практикалық ұсыныстар ұсыну.

Әдебиеттік шолу. Диалогтік сөйлеу әдісінің тиімділігі қалыпты дамып келе жатқан балалармен ғана шектелмей, сонымен қатар тілдік дамуында ерекшеліктері бар балаларға да қатысты нәтиже беретіндігі дәлелденген. Бірлескен кітап оқылымның ерекше формасы ретінде диалогтік сөйлеу ересек адам мен бала арасындағы құрылымдық әрекеттестікке негізделген. Бұл процесс кезінде ересек адам оқылатын материалдың мазмұнына қатысты жүйелі сұрақтар қойып, баланың танымдық белсенділігін арттырады [1]. Әдебиеттерде «диалогтік сөйлеу» және «бірлескен кітап оқылым арқылы сөйлеу» ұғымдары көбінесе синоним ретінде қолданылады, өйткені олардың ортақ мақсаты – оқу үдерісіндегі ересек пен бала арасындағы өзара қарым-қатынас әрекетті ынталандыру.

Диалогтік сөйлеу бірлескен оқылымның басқа түрлерінен ерекшелендіретін негізгі сипат – оның нақты сценарийге негізделуі. Бұл әдісте ересек адам вербалды әрекеттестікті дамыту үшін PEER және CROWD деп аталатын екі жүйелі құрылымды қолданады [2].

PEER стратегиясы келесі компоненттерді қамтиды:

- ✓ Prompting – баланы жауап беруге және диалогқа қатысуға шақыру;
- ✓ Evaluating – баланың жауаптарын бағалау және мадақтау;
- ✓ Expanding – бала берген жауапты қосымша ақпаратпен кеңейту немесе қайта тұжырымдау;
- ✓ Repeating – маңызды лексикалық бірліктерді қайталау арқылы бекіту.

CROWD әдістемесі болса, сұрақтардың келесі түрлерінен тұрады:

- ✓ Completion (толықтыру) – сөйлемді аяқтауды сұрау;
- ✓ Recall (еске түсіру) – бұрын оқылған эпизодтар бойынша мәліметтерді сұрау;
- ✓ Open-ended questions (ашық сұрақтар) – оқиғаға қатысты пікірталас тудыратын сұрақтар;
- ✓ Wh-questions (не, қашан, қайда, кім, неліктен деген сұрақтар);
- ✓ Distancing questions (дистанциялау сұрақтары) – кітап мазмұнын баланың жеке тәжірибесімен байланыстыру.

Диалогтік сөйлеу барысында бір иллюстрацияланған кітапты бірнеше рет қайта оқу ұсынылады. Мұндай тәсіл балалардың қызығушылығын оятып, олардың пассивті тыңдаушы емес, белсенді қатысушы ретінде сезінуіне ықпал етеді. Бірінші оқылым негізінен сюжетті жалпы түсінуге бағытталған болса, кейінгі екінші және үшінші кезеңдерде күрделірек сұрақтар (ашық сұрақтар, Wh-сұрақтар, дистанциялау сұрақтары) қолданылып, балалардың ауызша сөйлеу белсенділігі арттырылады [3].

Диалогтік сөйлеу негізгі артықшылығы ретінде ғылыми әдебиеттерде ауызекі сөйлеу дағдыларының жақсаруы көрсетіледі. Ғылыми ортада, бұл әдістің рецептивті және экспрессивті сөздік қорға әсері кеңінен зерттелген [4, 5]. Сонымен қатар, диалогтік оқылым грамматикалық құрылымдардың меңгерілуіне, фонологиялық қабілеттердің дамуына [6] және нарративті дағдылардың жетілдірілуінеде оң әсер етеді [7, 8].

Зерттеулерде диалогтік сөйлеу сөздік қорға ерекше назар аударылады, себебі сөздік қор көлемі мәтінді түсіну мен оқу дағдысының қалыптасуының маңызды көрсеткіші болып табылады [9, 10]. Ерте балалық шақта сөздік қор негізгі лингвистикалық құзыреттілік ретінде қарастырылады. Оның көлемі әдетте стандартталған тестілер арқылы өлшенсе, тереңдігі арнайы әдістерді қажет етеді. Мәселен, бала берілген сөздің мағынасын түсіндіруі тиіс тестілер сөздік қор тереңдігін анықтауда жоғары сезімталдыққа ие. Бұл тереңдік көрсеткіші сөз туралы білімнің сапалық аспектілерін сипаттайды және тілдік дамудағы өзгерістерді тіркеуге мүмкіндік береді [11]. Дегенмен, диалогтік сөйлеу сөздік қордан тыс, кешенді тілдік қабілеттерге әсері әлі де жеткілікті зерттелмеген, алайда бұл күрделі дағдылар кейінгі тілдік дамуды болжауда сөздік қор көлемінен тиімдірек болуы мүмкін [4].

Соңғы жылдардағы зерттеулер диалогтік сөйлеу тек тілдік дамуға ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық саласына да ықпал ететінін көрсетеді. Атап айтқанда, бірлескен кітап оқылым ересек пен бала арасындағы әлеуметтік байланыстарды нығайтудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді [12] және әлеуметтік құзыреттілік пен эмоционалдық интеллектіні дамытады [13, 14]. Басқа тұжырымдама бойынша, бірлескен оқылым тілдік біліктер мен әлеуметтік құзыреттіліктің бірін-бірі өзара күшейтетін аспектілерін интеграциялайды: тілдік қабілеттер адамның ойы мен сезімін жеткізуге және түсінуге мүмкіндік берсе [15], ал әлеуметтік құзыреттілік келесі кезекте тілдік әрекеттестіктің жаңа мүмкіндіктерін кеңейтеді [16].

Қазіргі таңда ертегі терапиясы әр түрлі жастағы балалармен, ата-аналармен, ересектермен, тәрбиешілермен белсенді қолданылады. Ертегі терапиясы психотерапиялық құралдардың жеке саласы ретінде жақында пайда болды.. «Ертегі терапиясы» термині «ертегімен емдеу» дегенді білдіреді. Бұл саланың негізін қалаушы Т.Д. Зинкевич-Евстигнееваның пікірі бойынша ертегі терапиясы жай бір психотерапияның бағыты ғана емес, психология мен педагогика және әртүрлі мәдени философиясының жетістігінің синтезі екенін айтады және былайша тұжырымдайды: «Ертегі терапиясы бойынша семинарлар кезінде бізге нақты проблемалармен мәселен балада болатын фобиялармен, агрессиялық мінез-құлықпен және басқа да тұлғалық ерекшеліктермен қалай жұмыс істеу керек деген сұрақтар жиі қойылады. Көбіне ескі психологиялық тұжырымдамалармен жауап беріледі: яғни, «симптоммен емес, салдармен жұмыс жасаңыз» [17, 7 б.]. Атақты орыс психотерапевті, ертегі құрастырушысы Д.Ю. Соколов «...ертегі терапиясы ауыздан ауызға тәжірибені беру құралдары ретінде қолданылды. Белгілі қоғамдағы қабылданған әлемге өзіндік көзқарасы болатын балаларды тәрбиелеу әдісі» дейді [18, 24 б.]. Бір қарағанда ертегілер бәрі бірдей болып көрінгенімен, алайда психологтар ертегі терапиясын

қолдану кезінде баланың психикалық жағдайына дұрыс әсер ету үшін оларды топтарға бөліп қарастырып, жүйелі қолдануға тырысу керектігін айтады. Осы орайда Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева ертегілерді жүйелеп, бірнеше типологиясын бөліп көрсетеді. Мәселен, көркем ертегілеріге халықтың сан ғасырлық даналылығымен құралған көркем ертегі мен авторлық әңгімені жатқызамыз. Ертегінің бұл түрі өзіне бала кезінен жақсы таныс, негізгі моральдық қағидалар мен мінез-құлық ережелерін белгілейді, кейіннен қарым-қатынас жасау кезінде балаға алғышарт ретінде қызмет етеді. Олар мінез-құлқында агрессивтілік, мақтаншақтық, басқаларға жағымсыз көзқарасы бар балалардағы қажет емес мінез-құлық белгілерін түзету әдісі ретінде ұсынылады. Көркем ертегіде дидактикалық және психокоррекциялық, сонымен қатар психотерапевті медитациялық аспектілері бар. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау кезінде аталған ертегілердің тигізер пайдасы мол. Сонымен Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева, авторлық көркем ертегілер халықтық ертегілерге қарағанда бейнелі деп түсіндіреді. «Егер біз балаға өзінің ішкі қобалжуларын түсінуге көмектескіміз келсе, біз, бәлкім, кескіннің үлкен көлеміне карамастан, авторлық ертегіні таңдаймыз» [17, с. 37].

Әдебиеттерге жүргізілген талдау диалогтік сөйлеу әдісінің жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуда тиімді коррекциялық-педагогикалық құрал екенін көрсетті. PEER және CROWD сияқты құрылымдық стратегияларға негізделген бұл әдіс ЖСТД бар балалардың рецептивті және экспрессивті сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық құрылымдарды меңгеруіне, сөйлемнің орташа ұзындығын арттыруға және диалогқа белсенді қатысуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Зерттеулер диалогтік оқылым ЖСТД балаларында нысаналы сөздерді меңгеру деңгейін арттырып қана қоймай, сонымен қатар морфологиялық құрылымдық дағдысын жақсартатынын және бірлескен кітап оқылым барысында балалардың вербалды белсенділігін едәуір арттыратынын дәлелдеген. Алайда әдістің тиімділігі бейімдеу шарттарын сақтауға тікелей байланысты: сұрақтарды қарапайымнан күрделіге қарай орналастыру, көрнекі материалдарды қолдану, балаға жауап беру үшін жеткілікті уақыт беру (8-10 секунд), сондай-ақ PEER стратегиясындағы кеңейту және қайталау компоненттерін сапалы орындау. Бұл тәсілдер ЖСТД бар балалардың жақын даму аймағын ескере отырып, олардың тілдік бұзылысын жүйелі түрде түзетуге мүмкіндік береді. Осылайша, диалогтік сөйлеу әдісін ЖСТД бар балалармен логопедиялық жұмысқа енгізу олардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытудың, диалогтік қатысым дағдыларын қалыптастырудың және мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепте оқуға даярлаудың тиімді стратегиясы ретінде ұсынылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің алғашқы кезеңі – анықтаушы кезең – зерттеліп отырған мәселенің бастапқы жағдайын айқындауға бағытталды. Зерттеу кезеңде балалардың сөйлеу әрекеті табиғи және арнайы ұйымдастырылған жағдайларда анықталды. Зерттеуге Шымкент қаласындағы №28 «Гауһар» балабақшасының сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі 5–6 жастағы 50 тәрбиеленушісі қатысты. Қатысушылар екі салыстырмалы топқа бөлінді: бақылау тобы – 25 бала және эксперименттік топ – 25 бала. Балаларды іріктеу кезінде логопедиялық қорытынды, жас ерекшелігі, жалпы психофизикалық жағдайы, ұсынылған нұсқауды түсінуі және диагностикалық тапсырмаларды орындау мүмкіндігі ескерілді. Сөйлеу тілі жалпы дамымауының III деңгейі балабақша логопедінің қорытындысы және балалардың сөздік қоры, грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеуі мен коммуникативтік мүмкіндіктерін қосымша тексеру нәтижелері негізінде нақтыланды. Қатысушылардың жыныстық құрамы: 23 ұл және 27 қыз; бақылау тобында 12 ұл және 13 қыз, эксперименттік топта 11 ұл және 14 қыз болды.

Зерттеу тең емес бақылау топтары бар «алдын ала бағалау – педагогикалық ықпал – қорытынды бағалау» квазиэксперименттік дизайны негізінде ұйымдастырылды. Анықтаушы кезеңде бақылау және эксперименттік топтардың диалогтік сөйлеу деңгейі бірдей диагностикалық тапсырмалар мен бірыңғай бағалау критерийлері бойынша анықталды. Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топпен қазақ халық ертегілеріне негізделген PEER–CROWD бағдарламасы жүзеге асырылды, ал бақылау тобында мектепке дейінгі ұйымның дәстүрлі оқу-тәрбие және логопедиялық жұмысы жалғастырылды. Қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін екі топта да қорытынды бағалау анықтаушы кезеңде қолданылған диагностикалық тапсырмалар мен бірыңғай бағалау критерийлері негізінде жүргізілді. Зерттеу барысында алынған деректер IBM SPSS Statistics 27.0 бағдарламасының көмегімен өңделді. Абсолюттік жиіліктер мен пайыздық көрсеткіштер есептеліп, бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелеріне сипаттамалық және салыстырмалы талдау жүргізілді.

Диагностикалық кезеңде бақылау, әңгімелесу, ертегі тыңдату, мазмұн бойынша сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, рөлдік жағдаят туғызу, еркін сұхбат, арнайы диагностикалық тапсырмалар секілді әдістер кешенді түрде қолданылды. Мұндай кешенді ұйымдастыру балалардың диалогтік сөйлеуінің тек бір ғана жағын емес, тұтас құрылымын бағалауға жағдай жасайды. Диалогтік оқу барысында баланың белсенді тілдік қатысуын күшейтетін PEER және CROWD үлгісіндегі сұрақтардың тиімділігі арнайы әдебиеттерде көрсетілгендіктен, анықтаушы кезеңде осыған жақын сұрақ түрлері бастапқы диагностикада пайдалануға ыңғайластырылды. Сондай-ақ диалогтік оқудың негізгі мәні – баланы енжар тыңдаушыдан белсенді әңгімелеушіге айналдыру екені анықталған, сондықтан зерттеуде баланың өздігінен сөйлеуді бастау, жалғастыру, нақтылау әрекеттеріне ерекше мән берілді. Анықтаушы эксперимент бағдарламасының мазмұны бірнеше диагностикалық бағыт бойынша құрылды.

1 кесте – Зерттеу барысында қолданылған бағыттардың жиынтық сипаттамасы

№	Бағыт атауы	Мақсаты	Негізгі әдістер	Бағаланатын негізгі параметрлер	Бағалау шкаласы
1	Ертегі мазмұны	Ертегіні түсіну және қабылдау	Ертегі тыңдату, сұрақ-жауап	Кейіпкерлерді атау, оқиға орны, себеп-салдар, көзқарас	1–3 балл
2	Сурет бойынша	Сурет арқылы диалог құру	Сурет бойынша әңгімелеу, сипаттау	Заттық сөздік, етістіктер, сын-сипат, байланыстырып сөйлеу, дербестік	1–3 балл
3	Ересекпен диалог	Ересекпен тікелей сөйлесу	Еркін әңгімелесу, жағдаяттық сұхбат	Коммуникативтік бастама, диалогті жалғастыру, қарсы сұрақ, реакция, даярлық	1–3 балл
4	Құрдастарымен диалог	Құрдастар арасындағы диалог	Жұптық/топтық тапсырмалар, рөлдік ойын	Дербес араласу, тыңдау, жауап қайтару, кезектесу, этикет, көмек қажеттілігі	1–3 балл

Бағалау нәтижелерін жүйелеу үшін балалардың диалогтік сөйлеу деңгейі шартты түрде үш деңгейге бөлінді: жоғары, орта және төмен. Жоғары деңгейге ертегі мазмұнын жақсы түсінетін, сұрақтарға толық әрі жүйелі жауап беретін, бірнеше сөйлеммен сөйлей алатын, диалогке белсенді қатысатын, сөздік қоры жеткілікті балалар жатқызылды. Орта деңгейге мазмұнды ішінара түсінетін, қарапайым сөйлемдермен жауап беретін, кейде қосымша сұрақтар мен көмек қажет ететін, бірақ қарым-қатынасқа түсе алатын балалар енгізілді. Төмен деңгейге сұрақтарды түсінуі шектеулі, көбіне бір сөзбен немесе ишарамен жауап беретін, сөздік қоры кедей, сөйлем құрауы әлсіз, диалогке өздігінен қатысуы қиын балалар жатқызылды.

Балалардың диалогтік сөйлеуін бағалау критерийлері диалогтік сөйлеудің лексикалық, грамматикалық, мазмұндық және коммуникативтік компоненттері туралы ғылыми тұжырымдарға, сондай-ақ PEER–CROWD диалогтік оқу құрылымына сүйене отырып зерттеу мақсатына бейімделіп әзірленді [1-8]. Бағалау жүйесі алты критерийді қамтыды: сөздік қордың жеткіліктілігі, жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы, сөйлем құрау қабілеті, диалогке қатысу белсенділігі, тақырыпқа сәйкестік және коммуникативтік дербестік. Аталған критерийлер баланың ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруін, ойын жүйелі жеткізуін, грамматикалық жағынан дұрыс сөйлем құрауын, диалогті бастау және жалғастыруын, тақырыпты сақтауын және ересек адамның көмегінсіз жауап беру мүмкіндігін кешенді бағалауға бағытталды. Әрбір критерий 1-ден 3 балға дейінгі шкала бойынша бағаланды:

- ✓ 3 балл – жоғары деңгей: бала тапсырманы дұрыс түсінеді, толық әрі мазмұнды жауап береді, қажетті сөздерді орынды қолданады, грамматикалық жағынан дұрыс сөйлем құрайды және диалогке дербес қатысады;
- ✓ 2 балл – орта деңгей: бала тапсырманы түсінеді, бірақ жауабы қысқа немесе толық емес, жекелеген лексикалық-грамматикалық қателер жібереді және педагогтің қосымша сұрағын немесе көмегін қажет етеді;
- ✓ 1 балл – төмен деңгей: бала тапсырманы орындауда қиналады, бір сөзбен, толық емес сөйлеммен немесе ишара арқылы жауап береді, диалогке өздігінен қатыса алмайды және тұрақты педагогикалық көмекті қажет етеді.

Диагностикалық эксперименттің құрылымын нақтылау үшін оны бірнеше кезеңшеге бөлу тиімді болды. Алғашқы кезеңде балалармен психологиялық байланыс орнату, олардың еркін сөйлеуіне жағдай жасау көзделді. Бұл кезеңде қысқа танысу сұрақтары, жеңіл әңгімелесу, ойын элементтері қолданылды. Екінші кезеңде негізгі диагностикалық тапсырмалар орындалды: ертегі тыңдату, сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, жағдаяттық сөйлесу. Үшінші кезеңде алынған жауаптар хатталып, әр бала бойынша жеке диагностикалық карта толтырылды. Бұл картада баланың тапсырманы қабылдауы, жауап беру уақыты, жауап түрі, қателері, белсенділігі, көмекке мұқтаждық дәрежесі тіркелді.

Жалпы, диагностикалық эксперимент баланың диалогтік сөйлеуін тексерудің механикалық жиынтығы емес, оның тілдік және коммуникативтік дамуын кешенді зерделеуге арналған жүйе болып табылады. Бұл жүйе қазақ халық ертегілерін мазмұндық негіз ете отырып, баланың ұлттық танымнен ұштасқан тілдік әрекетін бағалауға мүмкіндік береді. Ертегі мазмұны баланы сөйлеуге ынталандырады, кейіпкерлер әлемі қызығушылық тудырады, ал сұрақ-жауап жүйесі баланың диалогтік сөйлеу мүмкіндігін табиғи түрде айқындайды. Бірлескен оқу және белсенді сұхбат балалардың тіл дамуына оң ықпал ететіні зерттеулерде де көрсетілген, әсіресе баланың қатысуын күшейтетін сұрақтар мен ересек тарапынан кеңейтілген жауап үлгілері нәтижелі болып табылады. Сонымен бірге диалогтік сөйлеу тілдік және қарым-қатынастық құзыреттерге ықпалы балалардың тіл кешеуілдеуі жағдайында да ықтимал оң әсер беретін бағыт ретінде сипатталады. Осылайша, зерттеу нәтижесінде зерттеуге қатысқан балалардың диалогтік сөйлеуінің бастапқы жағдайы айқындалады, негізгі қиындықтар мен әлеуетті мүмкіндіктер белгіленеді, әрі қалыптастырушы кезеңде жүргізілетін арнайы түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен бағыттарын нақтылауға негіз қаланады.

Зерттеу барысында алынған деректер IBM SPSS Statistics 27.0 бағдарламасының көмегімен өңделді. Алдымен абсолюттік жиіліктер мен пайыздық көрсеткіштер есептеліп, бақылау және эксперименттік топтардың анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі нәтижелеріне сипаттамалық және салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері жоғары, орта және төмен деңгейдегі балалар үлесінің өзгеру динамикасы негізінде бағаланды.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу нәтижелері анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерде бақылау және эксперименттік топтардан алынған деректерді салыстыру негізінде талданды. Бағалау сөздік қордың жеткіліктілігі, жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы, сөйлем құрау қабілеті, диалогке қатысу белсенділігі, тақырыпқа сәйкестік және коммуникативтік дербестік критерийлері бойынша жүргізілді. Анықтаушы кезеңде екі топтың бастапқы көрсеткіштері өзара жақын болды. Қалыптастырушы кезеңнен кейін эксперименттік топтағы жоғары деңгей көрсеткіштерінің өсуі және төмен деңгей көрсеткіштерінің азаюы бақылау тобына қарағанда айқынырақ байқалды.

Зерттеу барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеу деңгейі арнайы критерийлер негізінде бағаланды. Бағалау нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілді.

2 кесте – Бақылау және эксперименттік топтардың анықтаушы кезеңдегі диалогтік сөйлеу көрсеткіштері

№	Критерий	Бақылау тобы, жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Эксперименттік топ, жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
1	Сөздік қордың жеткіліктілігі	4 (16%)	8 (32%)	13 (52%)	4 (16%)	9 (36%)	12 (48%)
2	Жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы	3 (12%)	9 (36%)	13 (52%)	3 (12%)	10 (40%)	12 (48%)
3	Сөйлем құрау қабілеті	2 (8%)	9 (36%)	14 (56%)	3 (12%)	8 (32%)	14 (56%)
4	Диалогке қатысу белсенділігі	2 (8%)	8 (32%)	15 (60%)	3 (12%)	7 (28%)	15 (60%)
5	Тақырыпқа сәйкестік	3 (12%)	9 (36%)	13 (52%)	4 (16%)	9 (36%)	12 (48%)
6	Коммуникативтік дербестік	2 (8%)	8 (32%)	15 (60%)	3 (12%)	7 (28%)	15 (60%)

2 кестеде бақылау және эксперименттік топтардың анықтаушы кезеңдегі нәтижелері берілген. Екі топтың бастапқы көрсеткіштері барлық критерийлер бойынша өзара жақын болды. Бақылау тобында жоғары деңгейдің орташа үлесі 10,7%, орта деңгей – 34,0%, төмен деңгей – 55,3% болса, эксперименттік топта бұл көрсеткіштер тиісінше 13,3%, 33,3% және 53,3% болды. Екі топта да төмен деңгейдегі балалардың үлесі басым екендігі байқалды. Жекелеген критерийлер бойынша ең төмен нәтижелер диалогке қатысу белсенділігі, коммуникативтік дербестік және сөйлем құрау қабілеті көрсеткіштерінде анықталды. Бұл балалардың диалогті өздігінен бастау, сұрақтарға толық жауап беру және өз ойын жүйелі жеткізу дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді. Сонымен қатар, сөздік қордың жеткіліктілігі, жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы және тақырыпқа сәйкестік критерийлері бойынша да төмен деңгейдегі балалардың үлесі жоғары болды. Жалпы алғанда, анықтаушы кезеңнің нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың зерттеу басталғанға дейінгі көрсеткіштері арасында айқын айырмашылықтың болмағанын көрсетті. Бұл қалыптастырушы кезеңде қолданылған PEER–CROWD технологиясының тиімділігін екі топтың нәтижелерін салыстыру арқылы объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Анықтаушы кезеңде бақылау және эксперименттік топтардағы балалардың диалогтік сөйлеу деңгейі бағалау критерийлері бойынша салыстырмалы түрде талданды. Әрбір критерий бойынша жоғары, орта және төмен деңгейдегі көрсеткіштер анықталып, екі топтың бастапқы дайындығы бағаланды. Алынған нәтижелер бақылау және эксперименттік топтардың бастапқы көрсеткіштері бір-біріне жақын болғанын көрсетті. Бұл қалыптастырушы кезеңде енгізілген педагогикалық ықпалдың тиімділігін объективті салыстыруға мүмкіндік береді. Анықтаушы кезеңде алынған нәтижелердің салыстырмалы көрінісі 1-суретте ұсынылған.

1-суретте, анықтаушы кезеңде бақылау және эксперименттік топтардың диалогтік сөйлеу көрсеткіштерінің салыстырмалы нәтижелері берілген. Диаграмма деректері екі топтың бастапқы деңгейлерінің өзара жақын екенін көрсетеді. Барлық критерийлер бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі төмен, ал орта және төмен деңгейдегі көрсеткіштер басым болды. Әсіресе, сөйлем құрау қабілеті, диалогке қатысу белсенділігі және коммуникативтік дербестік критерийлері бойынша төмен деңгейдегі балалардың үлесі екі топта да жоғары болды. Сонымен қатар, сөздік қордың жеткіліктілігі, жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы және тақырыпқа сәйкестік көрсеткіштері бойынша да бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері арасында елеулі айырмашылық байқалмады. Жалпы алғанда, анықтаушы кезеңнің нәтижелері екі топтың бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде

біртекті екенін дәлелдейді және қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылатын әдістеменің тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

1 сурет – Анықтаушы кезеңде бақылау және эксперименттік топтардың диалогтік сөйлеу көрсеткіштерін салыстыру

Анықтаушы кезеңнің нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде біртекті екенін көрсетті. Осыған байланысты зерттеудің келесі кезеңінде эксперименттік топта қазақ халық ертегілері негізінде әзірленген PEER–CROWD техникасы бойынша қалыптастырушы эксперимент ұйымдастырылды.

Қалыптастырушы кезең мектепке дейінгі білім беру ұйымының табиғи жағдайында 15 апта бойы жүргізілді. Эксперименттік топтағы балалармен аптасына үш рет қазақ халық ертегілеріне негізделген арнайы ұйымдастырылған сабақтар өткізілді. Жұмыс барысында топтық, шағын топтық жұмыс түрлері үйлестірілді. Эксперименттік топта PEER–CROWD тәсілдері, құрылымдалған сұрақтар, жауапты кеңейту, қайталау, рөлдік ойындар және көрнекілік әдістері қолданылды. Бақылау тобындағы балалар мектепке дейінгі ұйымның дәстүрлі бағдарламасы бойынша жұмысын жалғастырды. Екі топта да зерттеу мерзімі, бастапқы және қорытынды бағалау тапсырмалары мен бағалау талаптары бірдей сақталды. Топтар арасындағы негізгі айырмашылық эксперименттік топта қазақ халық ертегілеріне негізделген PEER–CROWD бағдарламасының қолданылуы болды.

Қалыптастырушы кезеңде диалогтік оқудың негізгі стратегиялары – PEER (Prompt, Evaluate, Expand, Repeat) және CROWD (Completion, Recall, Open-ended, Wh-questions, Distancing) жүйелі түрде қолданылды. Бұл стратегиялар балалардың сөйлеуін белсендіруге, ойлауын дамытуға және жауаптарын толықтыруға мүмкіндік берді. Диалогтік оқу — бұл жай ғана кітап оқу емес, ересек пен баланың бірлескен сөйлесуі арқылы мәтінді түсіну, ой қорыту және сөйлеу тілін дамыту үдерісі. Яғни, бала – тыңдаушы емес, белсенді әңгімелесуші. Бұл тәсілді алғаш рет Grover J. Whitehurst (1990 ж.) ұсынған болатын. Осы зерттеушілер диалогтік оқудың баланың тілдік дамуына әсерін зерттеп, оның тиімділігін ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Қазақ халық ертегілерін диалогтік оқу барысында CROWD және PEER әдістерін қолдану балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруға, сөздік қорын кеңейтуге және байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған әдістерді «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұны негізінде ұйымдастыру баланың мәтінді түсінуін тереңдетіп, оны өз тәжірибесімен байланыстыра отырып еркін диалог құруына жағдай жасайды.

CROWD – бұл ата-ана немесе арнайы педагогтың кітап оқу кезінде қоятын сұрақтарының құрылымдық моделі. Әрбір сұрақ түрі баланың тілдік белсенділігін арттырып, ойлауын күрделендіреді.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісіне арналған CROWD сұрақтары:

1. C – Completion (Толықтыру сұрақтары):

Бала сөйлемді аяқтайды.

– «Мақта қыз мысыққа: “Сен маған ... (не әкелуің керек?)” деді.»

2. R – Recall (Еске түсіру сұрақтары):

Оқиғаны еске түсіреді.

– «Мысық алдымен кімге барды?»

3. O – Open-ended (Ашық сұрақтар):

Еркін ой айтуға бағыттайды.

– «Сенің ойыңша, мысық дұрыс істеді ме?»

4. W – Wh-questions (Кім? Қайда? Неге?):
Нақтылау сұрақтары.
– «Мақта қыз кім?»
5. D – Distancing (Қашықтық сұрақтары):
Жеке тәжірибемен байланыстырады.
– «Сен біреуге көмектескен кезің болды ма?»
PEER әдісін қолдану үлгісі (осы ертегі бойынша):
P – Prompt (Ынталандыру):
– «Мысық не істеп жүр деп ойлайсың?»
E – Evaluate (Бағалау):
– «Иә, дұрыс айтасың, ол қатық іздеп жүр.»
E – Expand (Толықтыру):
– «Ол Мақта қыздан құйрығын қайтарып алу үшін қатық іздеп жүр.»
R – Repeat (Қайталау):
– «Қане, толық айтып көрші, мысық не істеп жүр?»
CROWD + PEER біріктіріп қолдану үлгісі:
Педагог ашық сұрақтан бастайды (O):
– P: «Сенің ойыңша, мысық неге бәрінен көмек сұрады?»
– E: «Дұрыс, өйткені ол кінәсін түсінді.»
– E: «Яғни, ол қателігін түзегісі келді, солай ма?»
– R: «Қайталап айтшы, мысық не істегісі келді?»

Осылайша «Мақта қыз бен мысық» ертегісі негізінде ұйымдастырылған диалогтік жұмыс барысында бала тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушыға айналады. Нәтижесінде оның сөйлеу дағдылары, ойлау қабілеті және коммуникативтік белсенділігі жүйелі түрде дамиды.

Зерттеулер көрсеткендей, диалогтік оқу мен CROWD–PEER тәсілдерін жүйелі қолдану:

- ✓ баланың сөздік қорын арттырады;
- ✓ диалогтік сөйлеуді және әңгімелеу қабілетін дамытады;
- ✓ есте сақтау мен түсіну деңгейін көтереді;
- ✓ әлеуметтік-эмоционалдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тіліндегі логопедиялық және мектепке дейінгі тәжірибеде бұл әдіс ертегілермен, суретті кітапшалармен, қысқа мәтіндермен жұмыс істеуде өте тиімді. Ол баланың тілін табиғи, ойын және қарым-қатынас арқылы дамытуға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы кезең барысында оқу-тәрбие жұмысы жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылды. Сабақтар алдын ала белгіленген құрылым негізінде жүргізіліп, олардың әрқайсысы өзара байланысты мотивациялық, негізгі және қорытынды кезеңдерден тұрды. Әр кезеңнің мазмұны балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып іріктелді және диалогтік сөйлеуді дамытуға бағытталды. Сабақ барысында қазақ халық ертегілерін қолдану арқылы балалардың сөздік қоры, сөйлем құрау дағдылары және коммуникативтік белсенділігі біртіндеп жетілдірілді. Осыған байланысты анықтаушы кезеңдегі сабақтардың құрылымы мен мазмұны төмендегі кестеде ұсынылған.

3 кесте – Қалыптастырушы кезеңдегі сабақ құрылымы

№	Сабақ кезеңдері	Мазмұны	Қолданылатын әдістер мен тәсілдер	Күтілетін нәтиже
1	Мотивациялық кезең	Балалардың қызығушылығын ояту, сабақ тақырыбына бағыттау	Әңгімелесу, көрнекілік, қызықты сұрақтар, ертегіге кіріспе	Балалар сабаққа қызығушылық танытады, белсенділік артады
2	Негізгі кезең	Ертегі оқу, мазмұнын талдау, сұрақ-жауап, диалог құру, ойындар жүргізу	Диалогтік оқу, CROWD сұрақтары, PEER стратегиясы, рөлдік ойындар	Балалардың диалогтік сөйлеуі дамиды, жауап беру дағдысы қалыптасады
3	Қорытынды кезең	Сөйлеу белсенділігін бекіту, нәтижелерді қорытындылау	Қайталау, әңгімелеу, кері байланыс, мадақтау	Балалар өз ойын еркін жеткізеді, сөйлеу белсенділігі тұрақтанады

Қалыптастырушы кезең барысында балалардың сөйлеуіндегі өзгерістер жүйелі түрде бақылауға алынды. Балалардың сөздік қорының кеңеюі, сөйлем құрау қабілетінің жақсаруы, диалогке қатысу белсенділігінің артуы және коммуникативтік дербестігінің қалыптасуы байқалды. Осылайша, зерттеу барысында жүргізілген арнайы педагогикалық жұмыс сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуға оң әсер етті. Балалардың сөйлеу белсенділігі артты, олар өз ойын еркін жеткізе бастады және диалогтік қарым-қатынасқа белсенді түрде қатыса алды. Осылайша, зерттеу барысында қолданылған диалогтік оқу әдістемесі, қазақ халық ертегілерін жүйелі пайдалану, сұрақ-жауап, рөлдік ойындар және көрнекілік құралдар балалардың диалогтік сөйлеуін

дамытуда тиімді нәтиже берді. Арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс балалардың тілдік және коммуникативтік дамуына оң әсер етті. Қалыптастырушы эксперименттің қорытынды кезеңінде балалардың диалогтік сөйлеу деңгейін қайта тексеру жүргізілді. Бағалау диагностика кезеңде қолданылған критерийлер негізінде жүзеге асырылып, әрбір көрсеткіш бойынша балалардың сөйлеу дағдыларындағы өзгерістер анықталды. Зерттеу нәтижелері 4 кестеде берілген.

4 кесте – Бақылау және эксперименттік топтардың қалыптастырушы кезеңнен кейінгі диалогтік сөйлеу көрсеткіштері

№	Критерий	Бақылау тобы, жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Эксперименттік топ, жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
1	Сөздік қордың жеткіліктілігі	5 (20%)	9 (36%)	11 (44%)	9 (36%)	11 (44%)	5 (20%)
2	Жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы	4 (16%)	10 (40%)	11 (44%)	8 (32%)	12 (48%)	5 (20%)
3	Сөйлем құрау қабілеті	4 (16%)	9 (36%)	12 (48%)	8 (32%)	11 (44%)	6 (24%)
4	Диалогке қатысу белсенділігі	4 (16%)	9 (36%)	12 (48%)	9 (36%)	10 (40%)	6 (24%)
5	Тақырыпқа сәйкестік	5 (20%)	10 (40%)	10 (40%)	9 (36%)	11 (44%)	5 (20%)
6	Коммуникативтік дербестік	4 (16%)	9 (36%)	12 (48%)	8 (32%)	11 (44%)	6 (24%)

4 кестедегі нәтижелер қалыптастырушы кезеңнен кейін екі топта да белгілі бір оң өзгерістер болғанын көрсетті. Алайда эксперименттік топтағы даму қарқыны бақылау тобынан жоғары болды. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 32–36%-ға жетіп, төмен деңгейдегі балалардың үлесі 20–24%-ға дейін азайды. Бақылау тобында жоғары деңгей 16–20% аралығында, төмен деңгей 40–48% аралығында сақталды. Эксперименттік топтағы ең жоғары нәтижелер сөздік қордың жеткіліктілігі, диалогке қатысу белсенділігі және тақырыпқа сәйкестік критерийлері бойынша анықталды. Аталған критерийлердің әрқайсысында балалардың 36%-ы жоғары деңгей көрсетті. Алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау қазақ халық ертегілерін PEER–CROWD тәсілдерімен ұштастыра қолданған эксперименттік топта диалогтік сөйлеу көрсеткіштерінің бақылау тобына қарағанда анағұрлым жоғары қарқынмен дамығанын көрсетті.

Қалыптастырушы кезеңнің тиімділігін нақты бағалау мақсатында бақылау және эксперименттік топтардың анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі нәтижелері салыстырмалы түрде талданды. Әрбір бағалау критерийі бойынша жоғары және төмен деңгейдегі көрсеткіштердің өзгеру динамикасы есептеліп, екі топтағы өзгерістердің қарқыны анықталды. Салыстырмалы талдау нәтижелері 5-кестеде берілген.

5 кесте – Бақылау және эксперименттік топтардағы диалогтік сөйлеу көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы

Критерий	Бақылау тобы: жоғары деңгей	Бақылау тобы: төмен деңгей	Эксперименттік топ: жоғары деңгей	Эксперименттік топ: төмен деңгей
Сөздік қордың жеткіліктілігі	16% → 20% (+4)	52% → 44% (−8)	16% → 36% (+20)	48% → 20% (−28)
Жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы	12% → 16% (+4)	52% → 44% (−8)	12% → 32% (+20)	48% → 20% (−28)
Сөйлем құрау қабілеті	8% → 16% (+8)	56% → 48% (−8)	12% → 32% (+20)	56% → 24% (−32)
Диалогке қатысу белсенділігі	8% → 16% (+8)	60% → 48% (−12)	12% → 36% (+24)	60% → 24% (−36)
Тақырыпқа сәйкестік	12% → 20% (+8)	52% → 40% (−12)	16% → 36% (+20)	48% → 20% (−28)
Коммуникативтік дербестік	8% → 16% (+8)	60% → 48% (−12)	12% → 32% (+20)	60% → 24% (−36)

5 кестеде бақылау және эксперименттік топтардағы диалогтік сөйлеу көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы ұсынылған. Нәтижелер бақылау тобында барлық критерийлер бойынша оң өзгерістер байқалғанымен, олардың өсім қарқыны салыстырмалы түрде төмен болғанын көрсетті. Ал эксперименттік топта жоғары деңгейдегі көрсеткіштер барлық критерийлер бойынша 20–24 пайыздық тармаққа өсіп, төмен деңгейдегі көрсеткіштер 28–36 пайыздық тармаққа азайды. Әсіресе диалогке қатысу белсенділігі мен коммуникативтік дербестік көрсеткіштері бойынша айқын оң динамика байқалды. Бұл көрсеткіштерде төмен деңгейдегі балалардың үлесі 60%-дан 24%-ға дейін төмендеді. Алынған нәтижелер қазақ халық ертегілеріне негізделген PEER–CROWD технологиясын қолданудың балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуда дәстүрлі оқытуға қарағанда тиімдірек болғанын көрсетті.

Бақылау және эксперименттік топтардағы диалогтік сөйлеу көрсеткіштерінің өзгеруін көрнекі түрде көрсету мақсатында анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі жоғары деңгей нәтижелері салыстырылып, 2-суретте ұсынылды.

2 сурет – Бақылау және эксперименттік топтардағы жоғары деңгей көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы (%)

2-суретте бақылау және эксперименттік топтардың анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі жоғары деңгей көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы берілген. Анықтаушы кезеңде екі топтың нәтижелері өзара жақын болғаны байқалады. Бақылау тобындағы жоғары деңгей көрсеткіштері критерийлер бойынша 8–16%, ал эксперименттік топта 12–16% аралығында болды.

Қалыптастырушы кезеңнен кейін бақылау тобында жоғары деңгей көрсеткіштерінің біршама өскені байқалды. Аталған топта нәтижелер 16–20% аралығына жетіп, бастапқы көрсеткіштермен салыстырғанда 4–8 пайыздық тармаққа артты. Эксперименттік топта оң өзгерістер анағұрлым айқын болды. Бұл топтағы жоғары деңгей көрсеткіштері 32–36%-ға дейін өсіп, бастапқы кезеңмен салыстырғанда 20–24 пайыздық тармаққа артты.

Эксперименттік топтағы ең жоғары нәтижелер сөздік қордың жеткіліктілігі, диалогке қатысу белсенділігі және тақырыпқа сәйкестік критерийлері бойынша анықталды. Осы критерийлердің әрқайсысында жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 36%-ға жетті. Жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы, сөйлем құрау қабілеті және коммуникативтік дербестік көрсеткіштері бойынша жоғары деңгей 32%-ды құрады. Салыстырмалы нәтижелер эксперименттік топтағы даму динамикасының бақылау тобына қарағанда жоғары болғанын және қазақ халық ертегілеріне негізделген PEER–CROWD тәсілдерін қолданудың балалардың диалогтік сөйлеу көрсеткіштеріне оң ықпал еткенін көрсетті.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеуін қазақ халық ертегілері негізінде дамыту мүмкіндіктерін кешенді түрде айқындауға бағытталды. Анықтаушы кезеңде бақылау және эксперименттік топтардағы балалардың диалогтік сөйлеуінің бастапқы көрсеткіштері зерттеу мақсатына бейімделген алты критерий және үш балдық бағалау шкаласы негізінде анықталды. Нәтижелер көрсеткендей, зерттеуге қатысқан балалардың басым бөлігінде диалогтік сөйлеу дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Атап айтқанда, сөздік қордың шектеулілігі, сөйлем құрау қабілетінің әлсіздігі, сұрақтарға толық жауап бере алмау, диалогке қатысу белсенділігінің төмендігі және коммуникативтік дербестіктің жеткіліксіздігі анықталды. Бұл көрсеткіштер арнайы ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмысының қажеттілігін негіздеді. Жұмыс барысында балалардың сөздік қорын кеңейту, сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру, сұрақ-жауап

арқылы диалогтік қарым-қатынасты дамыту, рөлдік ойындар мен драматизация, көрнекілік құралдарды пайдалану сияқты әдістер кешенді түрде қолданылды. Анықтаушы кезең нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың бастапқы көрсеткіштерінің өзара жақын болғанын және екі топта да төмен деңгейдегі балалар үлесінің басым екенін көрсетті. Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топта қазақ халық ертегілеріне негізделген PEER–CROWD бағдарламасы жүзеге асырылып, бақылау тобында дәстүрлі оқу-тәрбие жұмысы жалғастырылды. Қорытынды бағалау эксперименттік топта сөздік қордың жеткіліктілігі, жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы, сөйлем құрау қабілеті, диалогке қатысу белсенділігі, тақырыпқа сәйкестік және коммуникативтік дербестік көрсеткіштерінің бақылау тобына қарағанда жоғары қарқынмен дамығанын көрсетті. Анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерде алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау эксперименттік топтағы балалардың диалогтік сөйлеу көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда жоғары қарқынмен дамығанын көрсетті. Эксперименттік топта сөздік қордың жеткіліктілігі, жауаптың мазмұндылығы мен толықтығы, сөйлем құрау қабілеті, диалогке қатысу белсенділігі, тақырыпқа сәйкестік және коммуникативтік дербестік көрсеткіштері бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі айтарлықтай артты. Зерттеу барысында алынған деректер IBM SPSS Statistics 27.0 бағдарламасының көмегімен өңделді. Абсолюттік жиіліктер мен пайыздық көрсеткіштер есептеліп, бақылау және эксперименттік топтардың анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдердегі нәтижелеріне сипаттамалық және салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері жоғары, орта және төмен деңгейдегі балалар үлесінің өзгеру динамикасы негізінде бағаланды. Алынған нәтижелер қазақ халық ертегілеріне негізделген PEER–CROWD технологиясын қолданудың сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеуін дамытудағы тиімділігін көрсетті.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ халық ертегілерін диалогтік оқу әдістемесі негізінде қолданудың сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуда тиімді құрал екенін көрсетті. Ұсынылған бағдарлама балалардың тілдік, танымдық және коммуникативтік дамуына кешенді түрде ықпал етеді. Осылайша, зерттеу барысында әзірленген және тәжірибеде тексерілген әдістеме мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, логопедиялық және арнайы педагогикалық жұмыста қолдануға ұсынылады.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Whitehurst G.J., et al. Accelerating language development through picture book reading** [Text] / G.J. Whitehurst, et al. // Developmental Psychology. – 1988. – Vol. 24, No. 4. – P. 552-559. https://doi.org/10.1037/0012-1649.24.4.552.

2 **Towson J.A., Fettig A., Fleury V.P., Abarca D.L. Dialogical reading in early childhood settings: A summary of the evidence base** [Text] / J.A. Towson, A. Fettig, V.P. Fleury, D.L. Abarca // Topics in Early Childhood Special Education. – 2017. – Vol. 37, No. 3. – P. 132-146. https://doi.org/10.1177/0271121417724875.

3 **Flynn K.S. Developing children's oral language skills through dialogical reading: Guidelines for implementation** [Text] / K.S. Flynn // Teaching Exceptional Children. – 2011. – Vol. 44, No. 2. – P. 8-16. https://doi.org/10.1177/004005991104400201.

4 **Pillinger C., Vardy E.J. The story so far: A systematic review of the dialogical reading literature** [Text] / C. Pillinger, E.J. Vardy // Journal of Research in Reading. – 2022. – Vol. 45, No. 4. – P. 533-548. https://doi.org/10.1111/1467-9817.12407.

5 **Wasik B.A., Hindman A.H., Snell E.K. Book reading and vocabulary development: A systematic review** [Text] / B.A. Wasik, A.H. Hindman, E.K. Snell // Early Childhood Research Quarterly. – 2016. – Vol. 37. – P. 39-57. https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2016.04.003.

6 **Mol S.E., Bus A.G., de Jong M.T. Interactive book reading in early education: A tool to stimulate print knowledge as well as oral language** [Text] / S.E. Mol, A.G. Bus, M.T. de Jong // Review of Educational Research. – 2009. – Vol. 79, No. 2. – P. 979-1007. https://doi.org/10.3102/0034654309332561.

7 **Grolig L., Cohrdes C., Tiffin-Richards S.P., Schroeder S. Narrative dialogical reading with wordless picture books: A cluster-randomized intervention study** [Text] / L. Grolig, C. Cohrdes, S.P. Tiffin-Richards, S. Schroeder // Early Childhood Research Quarterly. – 2020. – Vol. 51. – P. 191-203. https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2019.11.002.

8 **Lever R., Sénéchal M. Discussing stories: On how a dialogical reading intervention improves kindergartners' oral narrative construction** [Text] / R. Lever, M. Sénéchal // Journal of Experimental Child Psychology. – 2011. – Vol. 108, No. 1. – P. 1-24. https://doi.org/10.1016/j.jecp.2010.07.002.

9 **Lervåg A., Aukrust G.V. Vocabulary knowledge is a critical determinant of the difference in reading comprehension growth between first and second language learners** [Text] / A. Lervåg, G.V. Aukrust // Journal of Child Psychology and Psychiatry. – 2010. – Vol. 51, No. 5. – P. 612-620. https://doi.org/10.1111/j.1469-7610.2009.02185.x.

10 **Ouellette G.P. What's meaning got to do with it: The role of vocabulary in word reading and reading comprehension** [Text] / G.P. Ouellette // Journal of Educational Psychology. – 2006. – Vol. 98, No. 3. – P. 554-566. https://doi.org/10.1037/0022-0663.98.3.554.

11 **Hadley E.B., Dickinson D.K. Measuring young children's word knowledge: A conceptual review** [Text] / E.B. Hadley, D.K. Dickinson // Journal of Early Childhood Literacy. – 2020. – Vol. 20, No. 2. – P. 223-251. https://doi.org/10.1177/1468798417753713.

12 **Clasen L.E., Jensen de López K. BookFun – 'There's more to it than reading a book': Implementing a Danish early literacy programme** [Text] / L.E. Clasen, K. Jensen de López // Journal of Early Childhood Literacy. – 2017. – Vol. 17, No. 2. – P. 254-279. https://doi.org/10.1177/1468798416638405.

13 **Fettig A., et al. Using dialogical reading strategies to promote social-emotional skills for young students** [Text] / A. Fettig, et al. // Journal of Early Childhood Research. – 2018. – Vol. 16, No. 4. – P. 436-448. https://doi.org/10.1177/1476718X18804848.

14 **Grover V., Rydland V., Gustafsson J.-E., Snow C.E. Shared book reading in preschool supports bilingual children's second-language learning** [Text] / V. Grover, V. Rydland, J.-E. Gustafsson, C.E. Snow // Child Development. – 2020. – Vol. 91, No. 6. – P. 2192-2210. https://doi.org/10.1111/cdev.13348.

15 **Martucci K. Shared storybook reading in the preschool setting and theory of mind development** [Text] / K. Martucci // Journal of Early Childhood Research. – 2016. – Vol. 14, No. 1. – P. 55–68. https://doi.org/10.1177/1476718X14523750.

16 **Girard L.-C., et al. Expressive language and prosocial behaviour in early childhood** [Text] / L.-C. Girard, et al. // European Journal of Developmental Psychology. – 2017. – Vol. 14, No. 4. – P. 381-398. https://doi.org/10.1080/17405629.2016.1215300.

17 **Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Практикум по сказкотерапии** [Текст] / Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева. – СПб.: ООО «Речь», 2000. – 310 с.

18 **Соколов Ю.М. Русский фольклор** [Текст] / Ю.М. Соколов. – М.: Уч.-пед. изд. Наркомпроса РСФСР, 1941. – 326 с.

REFERENCES:

1 **Whitehurst G.J., et al. Accelerating language development through picture book reading.** *Developmental Psychology*, 1988, vol. 24, no. 4, pp. 552-559. https://doi.org/10.1037/0012-1649.24.4.552

2 **Towson J.A., Fettig A., Fleury V.P., Abarca D.L. Dialogical reading in early childhood settings: A summary of the evidence base.** *Topics in Early Childhood Special Education*, 2017, vol. 37, no. 3, pp. 132-146. https://doi.org/10.1177/0271121417724875

3 **Flynn K.S. Developing children's oral language skills through dialogical reading: Guidelines for implementation.** *Teaching Exceptional Children*, 2011, vol. 44, no. 2, pp. 8-16. https://doi.org/10.1177/004005991104400201

4 **Pillinger C., Vardy E.J. The story so far: A systematic review of the dialogical reading literature.** *Journal of Research in Reading*, 2022, vol. 45, no. 4, pp. 533-548. https://doi.org/10.1111/1467-9817.12407

5 **Wasik B.A., Hindman A.H., Snell E.K. Book reading and vocabulary development: A systematic review.** *Early Childhood Research Quarterly*, 2016, vol. 37, pp. 39-57. https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2016.04.003

6 **Mol S.E., Bus A.G., de Jong M.T. Interactive book reading in early education: A tool to stimulate print knowledge as well as oral language.** *Review of Educational Research*, 2009, vol. 79, no. 2, pp. 979-1007. https://doi.org/10.3102/0034654309332561

7 **Grolig L., Cohrdes C., Tiffin-Richards S.P., Schroeder S. Narrative dialogical reading with wordless picture books: A cluster-randomized intervention study.** *Early Childhood Research Quarterly*, 2020, vol. 51, pp. 191-203. https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2019.11.002

8 **Lever R., Sénéchal M. Discussing stories: On how a dialogical reading intervention improves kindergartners' oral narrative construction.** *Journal of Experimental Child Psychology*, 2011, vol. 108, no. 1, pp. 1-24. https://doi.org/10.1016/j.jecp.2010.07.002

9 **Lervåg A., Aukrust G.V. Vocabulary knowledge is a critical determinant of the difference in reading comprehension growth between first and second language learners.** *Journal of Child Psychology and Psychiatry*, 2010, vol. 51, no. 5, pp. 612-620. https://doi.org/10.1111/j.1469-7610.2009.02185.x

10 **Ouellette G.P. What's meaning got to do with it: The role of vocabulary in word reading and reading comprehension.** *Journal of Educational Psychology*, 2006, vol. 98, no. 3, pp. 554-566. https://doi.org/10.1037/0022-0663.98.3.554

11 **Hadley E.B., Dickinson D.K. Measuring young children's word knowledge: A conceptual review.** *Journal of Early Childhood Literacy*, 2020, vol. 20, no. 2, pp. 223-251. https://doi.org/10.1177/1468798417753713

12 **Clasen L.E., Jensen de López K. BookFun – "There's more to it than reading a book" – Implementing a Danish early literacy programme that supports professionalism, language development and social inclusion.** *Journal of Early Childhood Literacy*, 2017, vol. 17, no. 2, pp. 254-279. https://doi.org/10.1177/1468798416638405

13 **Fettig A., et al. Using dialogical reading strategies to promote social-emotional skills for young students: An exploratory case study in an after-school program.** *Journal of Early Childhood Research*, 2018, vol. 16, no. 4, pp. 436-448. https://doi.org/10.1177/1476718X18804848

14 **Grover V., Rydland V., Gustafsson J.-E., Snow C.E. Shared book reading in preschool supports bilingual children's second-language learning: A cluster-randomized trial.** *Child Development*, 2020, vol. 91, no. 6, pp. 2192-2210. https://doi.org/10.1111/cdev.13348

15 **Martucci K. Shared storybook reading in the preschool setting and considerations for young children's theory of mind development.** *Journal of Early Childhood Research*, 2016, vol. 14, no. 1, pp. 55-68. https://doi.org/10.1177/1476718X14523750

16 **Girard L.-C., et al. Expressive language and prosocial behaviour in early childhood: Longitudinal associations in the UK Millennium Cohort Study.** *European Journal of Developmental Psychology*, 2017, vol. 14, no. 4, pp. 381-398. https://doi.org/10.1080/17405629.2016.1215300

17 **Zinkevich-Evstigneeva T.D. Praktikum po skazkoterapii** [Workshop on fairy tale therapy]. Saint Petersburg, Rech, 2000, 310 p. (In Russian)

18 **Sokolov Yu.M. Russkij fol'klor** [Russian folklore]. Moscow, Uch.-ped. izd. Narkomprosa RSFSR, 1941, 326 p. (In Russian)

Жіберілген күні: 5 мамыр 2026 ж. **Қабылданған күні:** 27 шілде 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәліметтер:

Сақулова Ақбөпе Байбатырқызы – PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: +77078326869, e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com.*

Калыкбаева Алмагул Жакановна – PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Достық даңғ. 13, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru.

Боранбаева Ақтолқын Райысбекқызы – PhD, доцент міндетін атқарушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012 Шымкент қ., Әл-Фараби ауд., Байтұрсынов көш. 13, e-mail: boranbayeva.aktolkyn@okmpu.kz.

Танабаева Гульмира Тулебаевна – филология ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012 Шымкент қ., Әл-Фараби ауд., Байтұрсынов көш. 13, e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru.

Сакулова Акбопе Байбатыровна – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, пр. Достык 13, тел.: +77078326869, e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com*.

Калыкбаева Алмагул Жакановна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, пр. Достык 13, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru.

Боранбаева Актолкын Раисбековна – PhD, и.о. доцента, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, Аль-Фарабийский р-он, 160012 г. Шымкент, ул. Байтурсынова 13, e-mail: boranbayeva.aktolkyn@okmpu.kz.

Танабаева Гульмира Тулебаевна – кандидат филологических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160012 г. Шымкент, Аль-Фарабийский р-он, ул. Байтурсынова 13, e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru.

Sakulova Akbope Baibatyrkyzy – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: +77078326869, e-mail: sakulovaakbope3@gmail.com*.

Kalykbayeva Almagul Zhakanovna – PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru.

Boranbayeva Aktolkyn Raisbekovna– PhD, acting Associate Professor, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012, Shymkent, Al-Farabi District, 13 Baitursynov Str., e-mail: boranbayeva.aktolkyn@okmpu.kz.

Tanabayeva Gulmira Tulebayevna – Candidate of Philological Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012, Shymkent, Al-Farabi District, 13 Baitursynov Str., e-mail: gulmira.tanabayeva.84@mail.ru.

ХҒТАР 14.35.09:16.41.25
ӘОЖ 811.512.1'04:378.147
https://doi.org/10.52269/SEPT2632208

КӨНЕ ТҮРІК (ТҮРКІ) ТІЛІНДЕГІ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖУАН-ЖІҢІШКЕ ГРАФЕМАЛАРЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

Сәдібеков А.К. – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.*

Дүйсембекова З.М. – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Садыкова А.Д. – Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Абиден А.Н. – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада көне түрік (түркі) тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке графемаларын жоғары оқу орындарында оқытудың әдістемелік жүйесі қарастырылады. Көне түрік жазба ескерткіштерінің графикалық жүйесі түрік тілдерінің тарихи фонетикасын, жазу дәстүрін және сингармонизм заңдылықтарын түсінуде маңызды дереккөз болып табылады. Алайда жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту барысында студенттердің графемалық жүйені, әсіресе дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке нұсқаларының берілу ерекшеліктерін меңгеруде қиындықтарға тап болатыны байқалады. Осыған байланысты көне түрік графикасын тиімді меңгертудің ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдерін айқындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеудің мақсаты – көне түрік (түркі) тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке графемаларын жоғары оқу орындарында оқытудың интербелсенді және заманауи тәсілдерге негізделген тиімді әдістемелік жүйесін ұсыну. Зерттеу барысында көне түрік жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз графемалардың фонетикалық және графикалық ерекшеліктері талданып, олардың жуан және жіңішке қатарларының қолданылу заңдылықтары сараланады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту тәжірибесі қарастырылып, білім алушылардың графемалық жүйені меңгеру деңгейі талданады.Мақалада интербелсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы көне түрік графикасын меңгертудің тиімді жолдары ұсынылады. Атап айтқанда, салыстырмалы талдау, визуалды модельдер, графикалық сызбалар және тәжірибелік тапсырмалар жүйесі негізінде оқыту тәсілдері жүйеленеді. Ұсынылған әдістемелік жүйе студенттердің көне түрік жазуындағы орфографиялық ережені түсінуін жеңілдетіп, тарихи фонетика мен графемалық құрылымды терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: *көне түрік тілі; графема; дауыссыз дыбыстар; Орхон жазулары; интербелсенді әдістер; жуан және жіңішке фонемалар.*

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ГРАФЕМ ТВЕРДЫХ И МЯГКИХ СОГЛАСНЫХ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО ЯЗЫКА В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Садибеков А.К. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.*

Дуйсембекова З.М. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Садыкова А.Д. – руководитель отдела научных изданий, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Абиден А.Н. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

В статье рассматривается методическая система обучения графемам твердых и мягких согласных звуков древнетюркского языка в высших учебных заведениях. Графическая система древнетюркских письменных памятников является важным источником для понимания исторической фонетики, письменных традиций и закономерностей сингармонизма тюркских языков. Однако в процессе преподавания древнетюркского языка в вузах наблюдается, что студенты сталкиваются с трудностями при освоении графемной системы, особенно особенностей передачи твердых и мягких вариантов согласных звуков. В связи с этим определение научно-обоснованных методических подходов к эффективному освоению древнетюркской графики является одной из актуальных проблем. Цель исследования – предложить эффективную методическую систему обучения графемам твердых и мягких согласных в древнетюркском языке в вузах на основе интерактивных и современных подходов. В ходе исследования анализируются фонетические и графические особенности согласных графем в древнетюркских письменных памятниках,

а также систематизируются закономерности использования их твердых и мягких рядов. Кроме того, рассматривается опыт преподавания древнетюркского языка в высшей школе и анализируется уровень освоения графемной системы обучающимися. В статье предлагаются эффективные пути освоения древнетюркской графики посредством применения интерактивных методов обучения. В частности, систематизируются подходы к обучению на основе сравнительного анализа, визуальных моделей, графических схем и системы практических заданий. Предложенная методическая система облегчает понимание студентами орфографических правил древнетюркского письма и способствует глубокому освоению исторической фонетики и графемной структуры.

Ключевые слова: *древнетюркский язык; графема; согласные звуки; Орхонские надписи; интерактивные методы; твердые и мягкие фонемы.*

INTERACTIVE METHODS OF TEACHING HARD AND SOFT CONSONANT GRAPHEMES OF THE OLD TURKIC LANGUAGE IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Sadibekov A.K. – PhD, acting Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.*

Duissembekova Z.M. – PhD, acting Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Sadykova A.D. – Head of the Scientific Publications Department, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Abiden A.N. – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

The article examines a methodological framework for teaching the graphemes representing back and front consonants in Old Turkic at higher education institutions. The graphic system of Old Turkic written monuments constitutes an important source for understanding the historical phonetics, writing traditions, and patterns of vowel harmony in the Turkic languages. However, in university-level Old Turkic courses, students often experience difficulties in mastering the graphemic system, particularly the conventions used to represent back and front variants of consonants. Therefore, identifying theoretically grounded and pedagogically effective approaches to the acquisition of Old Turkic script remains a relevant scholarly and methodological issue. The research aim is to propose an effective methodological framework for teaching the graphemes of back and front consonants in Old Turkic at the university level through interactive and contemporary approaches. The study analyses the phonetic and graphic features of consonant graphemes attested in Old Turkic written monuments and systematises the principles governing the use of their back and front series. It also reviews current practices in teaching Old Turkic in higher education and evaluates students' level of mastery of the graphemic system. The article proposes effective strategies for acquiring Old Turkic script through the use of interactive teaching methods. In particular, it systematises instructional approaches based on comparative analysis, visual models, graphic schemes, and a structured set of practical tasks. The proposed methodological framework facilitates students' understanding of the orthographic conventions of Old Turkic writing and promotes a deeper mastery of its historical phonetics and graphemic structure.

Keywords: *Old Turkic language, grapheme, consonant sounds, Orkhon inscriptions, interactive methods, hard and soft phonemes.*

Кіріспе. Көне түрік жазба ескерткіштері түркі халықтарының тілдік, тарихи және мәдени дамуын танытатын маңызды ғылыми дереккөздердің бірі болып табылады. Орхон, Енисей және Талас жазбалары түркі тілдерінің ерте кезеңдегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құрылымын, сондай-ақ олардың жазу мәдениеті мен дүниетанымдық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Көне түрік руникалық әліпбиі түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім деңгейін көрсететін қалыптасқан жазу жүйесі ретінде бағаланады [1, 49 б.]. Сондықтан көне түрік мәтіндерін зерттеу тіл тарихын сипаттаумен ғана шектелмей, тұтас түркі өркениетінің тарихи-мәдени эволюциясын түсіндіруге де негіз болады.

Көне түрік (түркі) жазуының басты ерекшеліктерінің бірі – тілдің сингармонизм заңдылығының графикалық жүйеде көрініс табуы. Жазба ескерткіштерде дауысты дыбыстардың барлығы бірдей таңбалана бермейді, ал сөздің жуан немесе жіңішке айтылуы көбіне дауыссыз графемалардың арнайы нұсқалары арқылы анықталады. Бірқатар дауыссыз фонемалардың жуан буынды сөздерде бір таңбамен, жіңішке буынды сөздерде басқа таңбамен берілуі көне түрік (түркі) жазуының тілдің фонетикалық табиғатына бейімделген жүйе болғанын көрсетеді. Мұндай графикалық құрылым көне түрік тілінің дыбыстық құрамын, үндестік заңдылығын және орфографиялық дәстүрін анықтауда ерекше маңызға ие [2, 163 б.].

Орхон және Енисей ескерткіштерінің графикалық жүйесін ғылыми тұрғыдан танып-білу В. Томсеннің көне түрік жазуын дешифрлау еңбегінен бастау алды. Ғалымның зерттеуі таңбалардың дыбыстық мәнін анықтап, көне түрік мәтіндерін жүйелі түрде оқуға жол ашты [3, 337 б.]. Кейінгі түркологиялық зерттеулерде көне түрік әліпбиінің құрылымы, графемалардың фонетикалық қызметі,

олардың жуан және жіңішке қатарлары мен мәтін ішіндегі қолданылу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Көне түрік бітіктастары мен жазба ескерткіштерін жүйелеуде Н. Базылханның еңбектері маңызды орын алады [4, 12 б.]. М. Жолдасбеков пен Қ. Сартқожаұлы Орхон ескерткіштерінің мәтіндік, графикалық және тарихи ерекшеліктерін кешенді түрде ұсынды [5, 23 б.]. Қазақ тіл білімінде көне түрік графемаларын түсіндіру қазіргі қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарымен сабақтастықта қарастырылып келеді. Ә. Жүнісбек қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың айтылым табиғатын, соның ішінде дыбыстарды жуан және жіңішке үндесімге сәйкес атаудың фонетикалық негіздерін көрсетеді [6, 95 б.]. О. Бекжан көне түрік жазба ескерткіштерінің таңбалық жүйесін семиотикалық және семантикалық тұрғыдан талдап, графема мен тілдік мазмұнның өзара байланысын негіздейді [7, 15 б.]. Бұл зерттеулер көне түрік жазуының теориялық негізін тереңдеткенімен, графемаларды жоғары оқу орындарында меңгертудің тұтас әдістемелік жүйесі әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспаған.

Жоғары оқу орындарында көне түрік тілін оқыту барысында студенттер әліпби таңбаларын тану, дауыссыз графемалардың жуан және жіңішке нұсқаларын ажырату, түсіріліп жазылған дауыстыларды қалпына келтіру және мәтінді дұрыс транскрипциялау кезінде қиындықтарға кездеседі. Бұл мәселе көне түрік әліпбиінің қазіргі жазу жүйелерінен едәуір ерекшеленуімен және бір графеманың қызметін сөздің фонетикалық құрылымымен байланыстыра түсіну қажеттілігімен түсіндіріледі. Көп жағдайда оқыту әліпбиді жаттау мен дайын мәтінді транскрипциялау деңгейінде қалып, студенттің таңбаны дыбыстау, жазу, салыстыру және мәтін ішінде қолдану әрекеттері өзара жүйелі байланыстырылмайды.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде цифрлық құралдар мен интербелсенді әдістерді пайдалану тілдік пәндерді оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгертуде. Цифрландыру білім алушылардың оқу материалымен өздігінен жұмыс істеуіне, таңбаларды бірнеше рет қайталауына және оқу әрекетін аудиториядан тыс жалғастыруына мүмкіндік береді [8, 211 б.]. Оқылым мен жазылымды өзара байланысты қалыптастыру тілдік материалды тек тануға емес, оны тәжірибеде саналы қолдануға бағыттайды [9, 300 б.]. Сондықтан көне түрік графемаларын оқытуда дәстүрлі түсіндіруді визуалды модельдермен, жұптық және топтық тапсырмалармен, ойын әдістерімен, мобильді қосымшалармен және цифрлық жазу құралдарымен ұштастыру қажеттілігі туындайды. Көне түрік әліпбиін меңгертуде дауыссыз графемаларды қазақ тілінің табиғи айтылымына жақындатып дыбыстау да маңызды. Бұған дейін жуан және жіңішке таңбаларды ажыратуда халықаралық түркологияда қалыптасқан «–1» және «–2» белгілері пайдаланылып келді. Алайда бұл шартты белгілер графеманың фонетикалық мазмұнын алғаш меңгеріп жатқан қазақтілді студентке бірден түсінікті бола бермейді. Осы мәселені шешу мақсатында жуан дауыссыз графемаларды «–ы», ал жіңішке дауыссыз графемаларды «–і» арқылы дыбыстау тәсілі ұсынылды [10, 94-95 бб.]. Аталған тәсіл халықаралық транскрипциялық жүйені алмастырмайды, оны қазақтілді білім алушыларға түсіндіру мен есте сақтауды жеңілдететін әдістемелік құрал ретінде толықтырады.

Осылайша, бір жағынан, көне түрік жазуының графикалық және фонетикалық жүйесі түркологиялық зерттеулерде кеңінен сипатталған; екінші жағынан, сол ғылыми білімді жоғары оқу орны студенттеріне интербелсенді, тәжірибелік және цифрлық тәсілдер арқылы меңгертудің жүйеленген әдістемесі жеткіліксіз. Аталған қарама-қайшылық зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мына бағыттардан көрінеді:

1. Қазақ тілді білім алушыларға көне түрік жазуындағы жуан және жіңішке дауыссыз графемаларды «–ы» және «–і» арқылы дыбыстатудың әдістемелік тәсілі негізделеді;

2. графемаларды тану, дыбыстау, жазу және мәтін ішінде қолдану әрекеттерін біріктіретін кезеңдік оқыту жүйесі ұсынылады;

3. «Бітікші», «Күлтегіннен өсиет хат», «Шығармашыл шәкірт» сияқты интербелсенді тапсырмалар дәстүрлі түсіндіру әдістерімен және цифрлық құралдармен кешенді түрде ұштастырылады;

4. ұсынылған әдістеменің тиімділігі бақылау және эксперименттік топтардың оқу нәтижелерін салыстыру арқылы бағаланады.

Зерттеудің мақсаты – көне түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке графемаларын жоғары оқу орындарында оқытудың интербелсенді, тәжірибелік және цифрлық тәсілдерге негізделген тиімді әдістемелік жүйесін әзірлеу және оның нәтижелілігін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін көне түрік жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз графемалардың фонетикалық және графикалық ерекшеліктерін сипаттау; олардың жуан және жіңішке қатарларының қолданылу заңдылықтарын жүйелеу; графемаларды меңгертудің визуалды, салыстырмалы, ойын және цифрлық тәсілдерін айқындау; ұсынылған әдістемені жоғары оқу орнының оқу үдерісінде сынақтан өткізу; оның студенттердің графемаларды тану, дыбыстау, оқу, транскрипциялау және жазу дағдыларына ықпалын бағалау **міндеттері** белгіленді.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында төмендегідей бірнеше зерттеу әдістері қолданылды. Әдістер нақты нәтижеге жетуі үшін міндеттері айқын қарастырылды. Теориялық талдау әдісі арқылы көне түрік жазуы, фонетикасы және графемалық жүйесіне қатысты ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасалады. Бұл арқылы дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке графемаларының ғылыми негізі анықталады. Педагогикалық бақылау және тәжірибелік әдіс негізінде жоғары оқу орнында көне түрік тілін оқыту барысында студенттердің графемаларды меңгеру деңгейіне бақылау жүргізілді. Тапсырмалар, түрлі әдіс-тәсілдер мен ойын дәрістер, жаттығулар арқылы оқу нәтижелері

сараланады. Жүйелеу және модельдеу әдісімен зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер негізінде графемаларды оқытудың әдістемелік моделі ұсынылды.

Педагогикалық эксперимент 2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде, 2025 жылғы қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында, 15 оқу аптасы көлемінде жүргізілді. Экспериментке барлығы 60 студент қатысты. Қатысушылар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді: бақылау тобында 30 студент, эксперименттік топта 30 студент болды. Эксперименттің бастапқы кезеңінде екі топтағы білім алушылардың көне түрік тіліндегі жуан және жіңішке дауыссыз графемаларды тану, дұрыс дыбыстау, оқу және транскрипциялау дағдылары анықталды. Бақылау тобында оқу үдерісі дәстүрлі оқыту тәсілдері негізінде жүргізілді. Эксперименттік топта «–ы/–і» дыбыстау тәсілі, «Бітікші», «Күлтегіннен өсиет хат», «Шығармашыл шәкірт» интербелсенді әдістері және цифрлық құралдар кешенді түрде қолданылды. Семестр соңында екі топқа бірдей мазмұндағы қорытынды бақылау тапсырмалары ұсынылып, бастапқы және қорытынды нәтижелер өзара салыстырылды. Салыстыру барысында графемаларды дұрыс тану, олардың жуан және жіңішке нұсқаларын ажырату, дұрыс дыбыстау, оқу және транскрипциялау көрсеткіштері негізге алынды.

Ғылыми мақаланы жазу барысында түріктану ғылымына еңбек сіңірген ғалымдардың ғылыми мақалалары мен еңбектері зерттеу материалы ретінде алынды. Көне түрік ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен фонетикалық, лингвистикалық, лексикалық құрылымы туралы еңбектерге, сонымен қатар өлі тілдерді оқытуға бағытталған педагогикалық материалдар мен әдістемелік құралдарға шолу жасалды. Зерттеу барысында түріктану ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ғалымдардың ғылыми еңбектері мен мақалалары негізгі дереккөз ретінде алынды. Көне түрік жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихы, олардың фонетикалық, лингвистикалық және лексикалық жүйесі жан-жақты талданған материалдарға сілтеме жасалды. Сонымен қатар өлі тілдерді оқытуға қатысты педагогикалық материалдар мен еңбектерге шолу жасалды.

Нәтижелер. Көне түрік жазуы әліпбиіндегі дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке таңбаларын оқыту әдістерін филология білім беру бағдарламаларында оқитын 2, 3-курс студенттерінің қатысуымен өткен дәрістерде сынақтан өткізілді. Инновациялық және дәстүрлі білім беру технологиялары тәжірибе жүзінде қолданылды. Тақырыптардың әр алуандығына орай оқыту әдістері өзгертіліп отырды. Әрбір тақырып пен дәрістің түріне қарай түрлі әдістер ұсынылды. Өз кезегінде әдістердің тиімділігі анықталды. Заманауи білім беру технологиясының негізі интербелсенді оқыту әдістері. Бұл әдістәсілдерде компьютерлік технологиялар, планшеттер, смартфондардың оқу үдерісінде көп көмегі тиеді. Қазіргі таңда оқу ісінде IT-технологиялар көбірек көмекші ретінде қолданылатыны белгілі. Сондықтан бұрынғы кезеңдерде қолданылған кейбір әдіс-тәсілдер қолданыстан шығып қалды. Өткен ғасырда Орхон әліпбиін, көне түрік жазуын оқытқан әйгілі түрколог-ұстаздар, ғалымдар Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, С.Хасанова және т.б. тақта мен борды пайдаланған болатын. Бұл теориялық оқыту әдісінің ең сенімдісі еді. «Көне түрік тілі» аталатын курстың «Көне түрік тілінің фонетикалық жүйесі. Дауыссыз дыбыстар. Дыбыстар тіркесімі. Орфография, пунктуация мәселелері» аталатын тақырыбын оқыту барысында заманауи оқыту технологиялары қолданысқа енгізілді. Алдымен көне түрік әліпбиінің құрылымы білім алушыларға жан-жақты таныстырылды. Дауысты графемаларды оңай игерген студенттерге, әліпбидің дауыссыз дыбыс таңбаларын терең бекіту мақсатында әртүрлі әдістер қолданылды. Әліпбиді жүйелеу барысында белгілі ғалым Ә.Жүнісбеков негіздемесіне сүйендік. Сонымен қатар В.Томсен мен В.Радловтың енгізген дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелік айырым белгілерін («–^{1}», «–^{2}») енгізуді міндетті деп таптық. Бұл белгілер әлемдік түркология ғылымында маңызды рөл атқаратыны белгілі. Халықаралық деңгейде қабылданған бұл әдістерге қосымша, қазақ тілді студенттерге арналған өз әдісіміз ұсынылды.

Біз өз кезегімізде жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстар таңбаларын дыбыстау барысында «–ы» және « –і» әдістемесін ұсынып отырмыз. Кестедегі (1-кесте) дауыссыз дыбыстар болып табылатын 18 таңба жуан-жіңішкелігіне қарай дыбысталады. Жуан дауыссыз дыбыстардың дыбысталу үлгісі («b» – бы, «d» – ды, «g» – ғы, «y» – ый, «l» – лы, «n» – ны, «r» – ыр, «s» – сы, «t» – ты). Ал, жіңішке дауыссыз дыбыстарды («B» – бі, «D» – ді, «G» – гі, «Y» – іи, «L» – лі, «N» – ні, «R» – ір, «S» – сі, «T» – ті) айту ыңғайлы. Ә.Жүнісбеков атап өткендей, (Y/y – и/й) дауыссыз дыбыстарының оқылуы өзгеше. Себебін ғалымның тұжырымымен түсіндіргіміз келеді: «Дауыссыз й [y] дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі – осы й [y]. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардағыдай «бы, ды» болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, ый/ій (йы/йі емес) түрінде айтылады» [10, 95 б.].

Бұл жүйенің маңызын қазақ тілінің табиғи болмысына негізделген деп түсіндіргіміз келеді. Қазақ әліпбиін дыбыстау барысында осы қалыппен түсіндіреміз. Сондықтан бұл әдіс арқылы студенттер көне түрік таңбаларының жуан-жіңішкелік айырым графемаларын жеңіл қабылдай білді. Студенттер өзара топ ішінде бөлініп, таңбаларды түсіріп қолды және миды шынықтырды. Осылайша жадыларында терең бекітуге талпыныс жасалды. Жоғарыдағы әдісті толықтырып, дағды қалыптастыру мақсатында тағы да басқа қосымша түрлі әдістер енгізілді. Соның бірі дәрісте қолданылған көне түрік таңбалары бар қаріп гарнитурасы. Аталған авторлық шрифт «Old Turkic» (А.Сәдібеков авторлық құқыққа ие) деп аталады. Бұл шрифт арқылы компьютерге Орхон таңбаларының кез келген жазуларын таңбалап, топ ішінде түрлі мәтіндер ұйымдастыруға болады.

1 кесте – Көне түрік әліпбиінің дауыссыз дыбыстар таңбасы

Жуан дауыссыздар		**Жіңішке дауыссыздар**	
𐰉	б(ы)	𐰚	б(і)
𐰋	ғ(ы)	𐰍	г(і)
𐰓	д(ы)	𐰔	д(і)
𐰃	(ы)й	𐰇	(і)и
𐰴	қ(ы)	𐰞	к(і)
𐰼	л(ы)	𐰟	л(і)
𐰣	н(ы)	𐰢	н(і)
𐰺	(ы)р	𐰻	(і)р
𐰽	с(ы)	𐰾	с(і)
𐱃	т(ы)	𐰽	т(і)

Көне түрік жазуының таңбалау жүйесінде дауысты графемалардың жуан және жіңішке түрлері жеке таңбаланбайды. Мәселен, жуан дауысты «а» дыбысы мен жіңішке «е, ә» фонемалары үшін бір ғана «𐰀» графемасы қолданылады. Дауысты дыбыс таңбалары көп жағдайда сөз құрамында толық берілмей, сөзді оқу кезінде дауыссыз таңбалардың жуан және жіңішке ерекшеліктеріне қарай қалпына келтіріледі. Бұл жүйе көне түрік тілінің сингармонизм заңдылығымен тығыз байланысты. Көне түрік ескерткіштерінің едәуір бөлігі тасқа қашалып жазылғанын ескере отырып, жазу материалы мен таңбаларды қашау үдерісі графемаларды ықшам қолдануға белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін деп болжауға болады. Алайда дауысты графемалардың сирек таңбалануын тек тасқа қашау техникасымен тікелей байланыстыру жеткілікті дәрежеде дәлелденбеген. Сондықтан бұл пікірді тарихи факт ретінде емес, қосымша зерттеуді қажет ететін авторлық болжам ретінде қарастырамыз.

Таңбаларды есте сақтау өте қиынға соғады. Себебі дауыссыз дыбыстарды белгілейтін графемалар әліпбидегі кейбір таңбаларға графикалық жағынан ұқсас келеді. Графемалардың нақты қандай фонеманы бейнелейтінін білмей шатасу көп болады. Мұндай жағдайда студенттерге таңбалармен өте көп жұмыс жасау керек. Қайда жүрсе де үнемі қайталап отырса, жылдам үйренеді. Бұған дейін студенттер қалам мен дәптерге жазып жаттап келді. Ол, кезінде жақсы әдіс болды, әлі де жақсы. Ал қазіргі таңда бұл әдіске көмекші ретінде смартфондарға арналған қосымшаларды пайдалануға болады. Сондықтан біз смартфондардың Android және iOS жүйесінде көне түрік таңбаларын жазуға, үйренуге арналған қосымшаларды ұсынамыз. Мұндай қосымшалар әртүрлі тілдерде өте көп. Дәріс барысында «Android» жүйесі қолдайтын «Бітікчи.app» «Бітіг.app» [12; 13] мобильді қосымшалары таныстырылды. Заманауи технологияны жетік меңгерген жастарға бұл қосымшаларды үйрену қиындық туғызбағаны байқалды. Жоғарыда ұсынылған әдістер графемаларды танытуға арналған бірінші кезең ретінде ұсынылады. Таңбаларды жуан және жіңішкелігіне қарай көзбен оқып жаттауға негізделіп отыр. Әліпбидегі 9 жуан дауыссыз дыбыстар мен 9 жіңішке дауыссыз фонемалардың графемаларын жаттауда біз ұсынған әдістер өте қолайлы болып отыр.

Келесі кезең мәтіндерді жазу және оқуға бағытталған әдіс-тәсілдерге арналады. Білім алушылар таңбалардың түрленуімен қатар фонемалық мәнін айырып қолдануы үшін бұл әдістер өз тиімділігін өте жақсы көрсетті. Сонымен «Бітікші» әдісі өте ұтымды ойластырылған практикалық ойын дәрісі болды. Бұл әдіс неге «Бітікші» деп аталды? Әдетте әрбір әдісті атауда оның мәні мен міндетіне орайластырылады. Қазақ түркологиясында ғылыми еңбектер жазып жүрген ғалым Н.Базылханның пікірінше «Бітіг, Бітік» сөзі, байырғы түріктердің «жазу, сызу, жазба, мәтін, хат» деген мағына білдіреді екен [4, 12 б.]. Ал «Бітікші» таңбаларды ойып жазушы, жазатын кісі. Осы сөзді негізге ала отырып аталмыш әдісті «Бітікші» деп атау ұйғарылды.

«Бітікші» әдісінің мақсаты көне түрік таңбаларын жазуға бағыттап, студенттердің Орхон таңбаларында жазылым дағдысын қалыптастыруға негізделді. Бұл кезеңді ұйымдастыру барысында «Ойлан-жұптас» әдісін қолдану арқылы білімгерлер екі кісіден бөлінді. Ойынға қатысушылардың бірі «Бітікші», ал екіншісі «Тонықөк» рөлінде жұмыс істейді. «Тонықөк» есімі көсем, қаған кеңесшісі, мықты қайраткер ретінде жақсы таныс. Бұл әрекет алма-кезек ауыса отырып жасалады. Жұптар, жазылған сөздердің дұрыстығын бірге отырып тексереді. Осылайша өз қателерін түзеп, таңбалау шеберліктері мен жазылым дағдыларын бекітеді. Бұл әдіс арқылы көне түрік таңбаларын оңай әрі ұғынықты түрде алуға болады. Соңғы білім беру технологиялары компьютерге көшкені оқыту әдістеріне үлкен толқын алып келді. Дәстүрлі оқыту технологиясының әдістері жедел жаңаланып, түрленіп, көбейіп отыр. Адамдар ақпарат тасқынымен алысып жатқан цифрлық дәуірде робототехника қарыштап дами бастады. Келешекте ұстаздардың қатарын роботтар толықтыруы әбден мүмкін. Бұл ғылыми-техникалық төңкеріске оқытушы бүгіннен дайын болуы тиіс. Қазіргі таңда тілдерді оқып үйрену тек дәстүрлі оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын ғана емес, сонымен қатар онлайн сөздіктер, автоматты

аударма бағдарламаларында да жүргізіледі. Тіл үйрену платформалары және тілді практика жасау үшін әлеуметтік желілер сияқты цифрлық біліктілікті дамытуға, мәліметтер жиынтығын терең зерттеуге және кәсіби тәжірибеде технологиялық инновацияларды қолдануға бағытталған жаңа пәндермен толықтырылады [7, 211 б.].

«Көне түрік тілі» элективті курсын оқыту барысында академик Ф.Оразбаеваның қазақ тілін оқытуда ұсынған «оқылым», «жазылым» ғылыми ұғымдары «оқу», «жазу» дағдылары түсінігімен тең қолданылады. Тілші-ғалым ұсынған ғылыми ұғымның мазмұны «оқу», «жазу» мәнінен тереңірек екендігін айта өткіміз келеді [9, 300-б.]. Келесі үшінші кезең студенттердің оқылым дағдысын қалыптастыруға негізделген әдіспен жүргізілді. Бұл әдіс атауын шартты түрде «Күлтегіннен өсиет хат» (1-сурет) деп атауды жөн көрдік. Күлтегін көне түрік тарихындағы есімі әйгілі қолбасшы. Ғұмырын өз халқының тыныштығы мен жақсы өмірі үшін ат үстінде өткізген қаһарман. Дәріске күні бұрын көне түрік жазуымен таңбаланған хат әзірленді. Мақсат – көне түрік мәтінін оқуға баулу. Бірнеше қатардан тұратын мәтін топ студенттеріне бір-бір қатардан үлестірілді. Тапсырма бойынша хат жолдарын кириллица жазуына транскрипциялау. Алғашында мәтін қарапайым, студенттерге сөйлем контекстіне қарап оқуға мүмкіндік беретіндей жеңіл болғаны дұрыс. Сонымен қатар таңбалану бағыты да солдан оңға жазылған [2, 163 б.]. Студенттер оқылым дағдыларын арттыратын хат мәтіні оңнан солға қарай таңбаланып, мәтіннің мазмұны рухты сарында, ежелгі түріктердің заманынан жеткен көне мұра іспеттес болды.

Студенттер әр хатты қызығушылықпен оқуға ұмтылып, құпиясын ашуға тырысты. Тіпті әр дәрісте өсиет хат оқуды сұрайтын студенттер болды. Бұл әдіс өзіне артылған үмітті толық ақтай алды деп ойлаймыз. Хаттардың авторын алмастырып отыруға да болады. Тек мәтіннің көне түрік графемалармен жазылғаны маңызды. Бұл өсиет хаттар таңбаларды білімгерлердің есте сақтау қабілетін жеделдетуге және жылдам оқу қабілетін шыңдауға мүмкіндік береді.

1 сурет – «Күлтегіннен өсиет хат» әдісін өткізу [14, 104 б.]

Мысал үшін мынадай хат болды: (солдан оңға қарай оқылады)



Өсиет хаттың кириллица нұсқасы: «Егер сен қазір осы хатты оқып отырған болсаң, онда сен менің ұрпағымсың. Біз, сендердің қамсыз, ұланғайыр жерде бейбіт өмір сүрулерің үшін түн ұйықтамай, күн отырмай ат үстінде өміріміз өтті. Біздің рухымыз сынбады. Сендер, есімі тұтас Еуропаны дүр сілкіндірген Көктүріктердің ұрпағы екендіктеріңді естен шығармаңдар».

«Күлтегін бабаң»

Филология студенттері шығармашылыққа жақын келеді. Олар түрлі авторлардың көркем-әдеби туындыларын, түрлі жанрлардағы еңбектерді оқиды. Филологтың кітапты көп оқып, сөз саптауға бейім болғаны орынды. Байырғы түрік қаһармандарының еңбектері күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Сол себепті филолог-студенттерді жазуға баулу қажет. Мұндай құзыретті қалыптастыруға септесетін «Шығармашыл шәкірт» әдісі студенттердің жазылым дағдысын дамытуға бағытталды. Практи-

калық дәрістердің арасында қысқа мазмұнды түрлі жанрда шығармашылық жұмыстар жазу тапсырылды. Мұнда көлеміне нақты шарт қойылмады. Бастысы жазба жұмысы тек көне түрік жазуымен өткізілді. Студенттер көне түрік жазуының грамматикалық ерекшеліктері мен талаптарын сақтауға тиіс. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың графемаларын жаттау және дұрыс қолдану жүйесін меңгеруде өзіндік үлес қосқан әдістің берері мол болды. Әдетте, мұндай тапсырмалар дәріс үстінде орындалды. Жазылған жұмыстарды студенттер бір-бірімен алмасып, сынып алдында оқиды. Бірі жазуға дағдыланса, келесі студент оқу шеберлігін арттырады. Өз кезегінде бұл әдіс екі бірдей міндетті орындайды. Сонымен қатар, БӨЖ тапсырмасы ретінде үй тапсырмасына аталған әдісті қолдануға болады. Мұндай жағдайда жұмыстар компьютерде теріліп, ұстаздың электронды поштасына жіберіледі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, көне түрік тілінің әліпбиін үйрену барысында таңбаларды қазақ тілінің фонетикалық үндесімінде дыбыстаудың маңыздылығын өз тәжірибемізден білдік. Нәтижесінде белгілі ғалымдар Ә.Жүнісбеков [6, 158 б.], М. Жоласбеков [5, 23 б.], О. Бекжанның [7, 15 б.] ғылыми-әдістемелік негіздемесіне сүйене отырып таңбаларды дыбыстаудың жаңа әдістемесі әзірленді. Тиімділігін нақтылау мақсатында студенттерге эксперименталды тәжірибеде бақыланды.

Нәтижесінде студенттер бұған дейінгі ғалым В.Томсеннің «–[1]» және «–[2]» [3, 337 б.] нұсқасынан анағұрлым тез, әрі оңай игерді. В.Томсен әдістемесі, ежелгі ескерткіштердегі түпнұсқа жазуды зерттеуші ғалымдардың оқуы үшін жасалған халықаралық нұсқаулық ретінде биік бағалаймыз. Ал, әліпбиді оқыту барысында бүгінге дейін ғалым-ұстаздар әртүрлі әдістеме ұстанып келеді. Білімгерлерге көне түрік әліпбиін меңгертуге арналған жаңа әдіс «Орхон жазуының немесе Көне түрік тілінің әліпбиін дыбыстаудың оңтайлы нұсқасы» (2-сурет) аталып ұсынылды [9, 94-95 бб.].

2 сурет – Орхон жазуының немесе Көне түрік тілінің әліпбиі [10, 95 б.]



Әліпбиді үйретудің жаңа әдісі білімгерлердің таңбаларды жылдам меңгеру үдерісін едәуір алға жылжытты. Көне түрік жазуының жуан-жіңішке жүйесіндегі графемаларды оңай айыруға өз септігін тигізді. Көне түрік әліпбиін жаттауға өте ықпалды болды деп айтуға толық негіз бар. Көне түрік әліпбиіндегі дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке графемаларын дұрыс айыру, көне түрік таңбаларында сауатты таңбалау, жазудың емлелік ережесін бұзбай жазу әдістемесін ұсыну барысында эксперименттік жұмыстар қолданылды. Әр кезең эксперименттік талаптарға сай орындалды.

Анықтаушы кезеңде тәжірибелік зерттеу нысаны ретінде таңдалған «бақылау» және «эксперименттік» топ анықталды. Зерттелуші нысан ретінде филология білім беру бағдарламасында оқитын 2 және 3-курс білімгерлері таңдалды. Барлық студенттердің алған білімі мен таңбаларды жазу, оқу дағдыларының деңгейін анықтау мақсаты қойылды. Студенттердің көне түрік жазуының зерттелуінен және әліпбиден қандай ақпараты бар екені тексерілген болатын. Курстық эксперимент болғандықтан, эксперимент нәтижелерін қысқартып алып отырмыз.

Екі топтың (бақылау, эксперименттік) студенттеріне бірдей сұрақтар мен уақыт беріліп, тең дәрежедегі жағдай қарастырылды. Бұл 2 кезеңнен тұратын «портфолио» әдісі арқылы сарапталды. 1-кезең курс басталған сәтінен, 2-кезең соңғы дәрісте өткізілді. 1-кезеңде алынған сауалнама нәтижесі (3-сурет) диаграммалардағы көрсеткіштерді анықтады.

3 сурет – Анықтаушы эксперимент сауалнамасының нәтижесі [14, 133 б.]
(Теориялық сұрақтар бойынша көрсеткіш)



Жоғарыдағы көрсеткіштерге сәйкес, зерттелуші нысанның бақылау тобы, теориялық сауалдар бойынша білім деңгейі келесідей көрсеткішке ие болды. Сыналушылардың 1,20% хабары бар, 13,71% хабары аз, 85,09% мүлдем хабары жоқ болып шықты. Ал, эксперименттік топтың 1,28% хабары болса, 13,78% хабары аз, 84,94% еш хабары жоқ екендігі анықталды. Айырма («В» – бақылау тобы, «Е» – эксперименттік топ) В>Е 0.8%, В>Е 0.7%, В>Е 0.15% процентті көрсетіп тұр. Екі нысанның білім деңгейлері шамалас екендігін математикалық өлшеу айқындады.

Жоғарыдағы көрсеткіштер анықтағандай, білім алушылардың көне түрік тілі курсы бойынша білімі өте төмен. Студенттердің көне түрік тілі бойынша білімдерін жоғарылатудың арнайы ұсынылып отырған әдістемесін енгізу арқылы алдын ала болжанған нәтижеге қол жеткізуге ден қойылды. Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде эксперименттік топ білімгерлеріне педагогикалық зерттеу жұмысымыздың негізі болған модель ұсынылды.

Қалыптастырушы кезеңде теориялық білімді шыңдауға арналған «Блиц сұхбат», «Ойна-құрастыр-топтас» және т.б. ойын-сабақтары, оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған «Күлтегіннен өсиет хат», «Тонықөк аманаты» және т.б. әдістер тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар жазылым дағдысын дамытуға бағытталған Сонымен қатар жазылым дағдысын дамытуға бағытталған «Шығармашыл шәкірт», «Бітікші» және т.б. әдістер табысты болды деп айта аламыз. Математикалық сандық көрсеткіштер, өз үлес салмағын ұсынылып отырған әдістердің тиімділігіне қосты. Көне түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке графемаларын оқытудың тиімді әдістерінің нәтижелері (2, 3-кесте) тестілеу арқылы, жазба жұмыстары негізінде анықталды. Ұсынылған әдістер өз тиімділігін көрсетті. Әрбір ұсынылған интербелсенді әдістер студенттердің оқылым, жазылым дағдыларын жақсы дамытты.

2 кесте – Таңбалау қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру деңгейіне бақылау жүргізу

№	Мәтін жазуда жіберілген қателіктердің сипаты	«Қанағаттанарлық»	«Жақсы»	«Өте жақсы»
1.	Дауыссыз дыбыстардың жуан/жіңішке формасын меңгеру деңгейі	31,2%	63,61%	5,19%
2.	Дыбыстардың сөз жасаудағы ережелерін білуі	28,23%	63,58%	8,19%
3.	Графемалардың графикалық кескінін таңбалау дағдысы	10,35%	51,55%	38,10%
4.	Дыбыстар тіркесін қолдана білу білігі	34,88%	55,95%	9,17%
	Орта көрсеткіші:	26,16	58,69	15,15

3 кесте – «Google Forms» тест
(Ескерту: барлық көне түрік жазулары солдан оңға оқылады. Кесте қысқартылып алынды.)

№	Студенттің білімін анықтау	Білім деңгейінің көрсеткіштері		
		Қате нұсқа	Қате нұсқа	Дұрыс нұсқа
1	2	3	4	5
1.	Көне түрік әліпбиінде жазылған сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсетіңіз. 𐰋𐰃: 𐰉𐰍𐰗: 𐰋𐰇: 𐰴𐱃𐰉𐰖𐰃𐰢: 𐰇𐰍𐰚 : 𐰚𐰚: 𐰚𐰉𐰚𐰉: 𐰚𐰗1 : 𐰚𐰽: 𐰚): 𐰚𐰗	Менің оқуым өте қызық болады. Киім, қалам, дәптерім, сөмкем өте әдемі.	Мен отбасымызбен алысқа барғанды өте ұнатамын. Әкем, анам, әпкем, ағам, мен қыдырамыз.	Менің отбасымда алты кісі бар. Әкем, анам, ағам, әпкем, інім, мен.
		8,51%	8,91%	82,58%
2.	Көне түрік тіліндегі антоним сөздерді белгілеңіз.	: 𐰗𐰉𐰗: 𐰋𐰆 : 𐰇𐰉𐰚: 𐰚𐰇	: 𐰴𐰽𐰉𐰆: 𐰆𐰉𐰚𐰴 𐰗𐰉𐰉𐰖: 𐰗𐰇𐰆	𐰚𐰇𐰉𐰆: 𐰚𐰇𐰆 : 𐰴𐰋𐰚: 𐰚
		10,73%	10,32%	78,95%
3.	«𐰸𐰖: 𐰚𐰗𐰇𐰆𐰇» сөздерінің дұрыс транскрипциясын көрсетіңіз.	Ösken jer	Üsiken jır	Ötüken jer
		6,21%	9,81%	83,98%
4.	«Ertis ügüzüg» (Ертіс өзені) сөздерінің дұрыс таңбаланған нұсқасын көрсетіңіз.	𐰇𐰆𐰚𐰇𐰉𐰸𐰇𐰢	𐰆𐰸𐰢𐰆𐰗𐰇𐰚𐰇𐰢	𐰢𐰇𐰚𐰇𐰢𐰆𐰗𐰸
		8,55%	1,01%	90,44%
5.	«𐰚𐰉𐰽» : «𐰇𐰆𐰚𐰚« » :𐰗𐰖𐰇» : «𐰴𐰚𐰽» сөздерінің дұрыс аудармасын көрсетіңіз.	Маған, мында, лайым, оқыл	Мегек, мана, лайым, оқыл	Еңбек, менің, елім, озат
		7,11%	7,12%	85,77%
6.	«Менің арманым көп. Алдыма қойған мақсаттарыма жетемін деп ойлаймын. Ол үшін көп еңбек етемін» сөйлемдерінің көне түрік таңбаларындағы дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.	𐰋𐰽 𐰆𐰇𐰚𐰴𐰋𐰴 𐰇𐰍𐰚 𐰚𐰇𐰚𐰇 𐰗𐰖𐰇 𐰚𐰇𐰉𐰇 𐰋𐰇𐰇𐰴𐰴𐰋𐰚 𐰚𐰇𐰆𐰚 : 1𐰇𐰇 1X 𐰚𐰇𐰚𐰋𐰸 𐰆𐰇𐰴𐰽𐰋 𐰋𐰇𐰚𐰇𐰇	𐰚𐰇𐰉𐰇 𐰋𐰽 𐰆𐰇𐰚𐰴𐰋𐰴 1𐰇𐰇 : 𐰆𐰇𐰴𐰽𐰋 𐰋𐰇𐰚𐰇𐰇: 𐰗𐰖𐰇 1𐰇𐰇 𐰇𐰍𐰚 𐰋𐰇𐰚𐰇𐰇𐰴𐰴𐰋𐰚 𐰚𐰇𐰚𐰋𐰸 1X 𐰚𐰇𐰚𐰋𐰸 𐰚𐰆𐰇𐰆	𐰋𐰚𐰇𐰇 1𐰇𐰇 𐰚𐰆𐰇𐰆𐰇 𐰇𐰍𐰚 𐰋𐰚𐰇𐰋𐰴𐰴𐰖𐰚 𐰆𐰇𐰴𐰽𐰋 𐰋𐰽 𐰆𐰇𐰚𐰴𐰋𐰴 1X 𐰚𐰇𐰚𐰋𐰸 𐰚𐰇𐰚𐰋 𐰗𐰖𐰇 1𐰇𐰇 𐰚𐰇𐰇𐰇
		15,36%	3,23%	81,41%
	Орта көрсеткіші:	8,25%	5,97%	85,78%

Білімгерлердің өз арасында көне түрік жазуымен хат алмасуына бағытталған түрлі әдістер енгізілді. Соның бірі топтың ортақ WhatsApp чатында Орхон жазуымен хабарлама жазу дәстүрі енгізілді. Бұл әдіс өз кезегінде қызықты болып, студенттердің оқылым дағдысын еселей түсті. Таңбаларды смартфонда жазу үшін Битикчи.app қосымшасы қолданылды.

Қорытынды эксперимент кезеңі. Бақылау тобы мен эксперименттік топтың «Көне түрік тілі» элективті курсын меңгеруі бойынша сауалнама. Динамикалық өсу көрсеткіштерін математикалық талдауға зер салып қарайық.

Пән мазмұнының құрылымы мен моделінің қорытындысы ретінде «Портфолио» әдісінің 2-кезеңі өткізілді (4-сурет). Тәжірибелік-эксперименттің қорытындысы ретінде сараланған сауалнама барысында анықтаушы экспериментте анықталған теориялық білім мен білімгерлердің «Көне түрік тілі» элективті курсына қанағаттану деңгейін салыстыру басты назарда болды.

4 сурет – Теориялық сұрақтар бойынша білім нәтижесі. [14, 133 б.]
(Қорытынды эксперимент)



Теориялық білім деңгейін сараптауға арналған 4-суретте «Бақылау тобы» студенттерінің 70,57% «Өте жақсы» білім көрсеткішіне ие болған. 29,43% «Орташа» білім деңгейін көрсетсе, «Төмен» жауап берген студент болмады. Бұл көрсеткіштер өте жақсы жетістік деп айтуға лайықты. Ал, «Эксперименттік топ» көрсеткіштер 96,34% «Өте жақсы», 3,66% «Орташа», 0,0% «Төмен».

Қорытынды эксперимент мәліметтерінің сипаттамалық статистикалық нәтижелері бойынша «Бақылау тобы» студенттерінің 70,57%-ы «өте жақсы», 29,43%-ы «орташа» нәтиже көрсетті, ал «төмен» білім деңгейіндегі студенттер үлесі 0,0%-ды құрады. Студенттердің пәнді меңгеру деңгейі 1,20%< 70,57% өсіп, 69,37% өте жақсы жауап берген, орташа білімділер 13,71%< 29,43% көбейіп, 15,72% көтерілген. Ал, төмен нәтиже жинағандар 85,09%> 0,0% дейін кеміген. Енді дәл осы жағдайды «Эксперименттік топта» талдап көрсек. Мұндағы сандық көрсеткіштерге сүйенсек, біршама өзгеше, жоғары екені байқалады. Сонымен, «Эксперименттік топтың» 96,34%-ы өте жақсы жауап берсе, 3,66% орташа білім деңгейін көрсете алған. Ал, төмен көрсеткішке ие студент мүлде болмаған. Пәнді оқытудың жаңа әдістемесі негізінде болжанған нәтиженің орындалғанын анық көреміз. Өте жақсы білетін студенттердің үлесі 1,28%< 96,34% артқан, нәтижесі 95,06% білім көтерілген. Ал, орташа білімгерлер 13,78%> 3,66% азайып, 10,12% кеміген. Анықтаушы экспериментте 84,94% төмен көрсеткіш көрсеткен студенттер тақырыпты жақсы игеріп, курсты жақсы меңгерген.

«Көне түрік тілі» элективті курсын оқытудың жаңа әдістемесінің тиімділігін «Бақылау тобы» мен «Эксперименттік топ» үлгерімі негізінде салыстырып өтсек. Қорытынды эксперимент көрсеткендей, теориялық білім мен практикалық дағдыларының қалыптасу көрсеткіштері екі топта әртүрлі болды. Эксперимент ережесіне сай «Бақылау тобы» дәстүрлі әдіс-тәсілдермен курсты меңгерді. Ал, «Эксперименттік топ» жаңа, заманауи оқыту технологияларымен білім алған болатын. Нәтижесінде («В» – бақылау тобы, «Е» – эксперименттік топ) өте жақсы білім көрсеткен студенттердің үлесі В<Е 25,77% көрсетіп, «Эксперименттік топ» жоғары нәтижеге ие болды. Ал, орта білім деңгейіндегі студенттер үлесі В>Е 25,77% көрсетіп, «Бақылау тобының» орта білімділер үлесін арттырды. Эксперименттік тәжірибе нәтижесі негізінде, жаңадан ұсынылған әдістеменің тиімділігі жоғары екені анықталды. Бақылау және эксперименттік топтардың қорытынды нәтижелерін салыстыру сипаттамалық статистика негізінде жүргізілді. Бақылау тобында «өте жақсы» нәтиже көрсеткен білім алушылардың үлесі 70,57%-ды, ал эксперименттік топта 96,34%-ды құрады. Екі топ арасындағы айырмашылық 25,77 пайыздық тармақ болды. Сонымен қатар бақылау тобындағы «орташа» нәтиже 29,43%-ды құраса, эксперименттік топта бұл көрсеткіш 3,66%-ға дейін төмендеді. Осы көрсеткіштер эксперименттік топ нәтижелерінің бақылау тобына қарағанда жоғары болғанын көрсетеді.

Ұсынылған «–ы/–і» тәсілі В. Томсен енгізген дәстүрлі «–1/–2» айырым белгілерін алмастыруға бағытталмайды. «–1/–2» жүйесі түркологиялық транскрипцияда жуан және жіңішке дауыссыз графемаларды ғылыми тұрғыдан ажыратудың қалыптасқан тәсілі ретінде сақталады. Ал «–ы/–і» тәсілі қазақтілді білім алушылардың графемалардың фонетикалық ерекшелігін қабылдауын жеңілдететін дидактикалық құрал ретінде қолданылды. Эксперименттік топтың қорытынды нәтижесінің 96,34%-ға жетуі және бақылау тобындағы 70,57% көрсеткішпен салыстырғанда 25,77 пайыздық тармаққа жоғары болуы ұсынылған интербелсенді оқыту кешені қолданылған топтың жалпы нәтижесінің жоғары болғанын көрсетеді. Дегенмен бұл айырмашылықты тек «–ы/–і» тәсілінің жеке әсері ретінде түсіндіруге болмайды, өйткені эксперименттік топта аталған тәсілмен қатар басқа интербелсенді және цифрлық әдістер де кешенді түрде қолданылды.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері көне түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке графемаларын оқытуда дәстүрлі түсіндіру тәсілдерін интербелсенді, тәжірибелік және цифрлық әдістермен ұштастырудың тиімді екенін көрсетті. Анықтаушы эксперимент барысында бақылау және эксперименттік топтардағы білім алушылардың бастапқы білім деңгейлері шамалас болған. Бақылау тобында білім алушылардың 85,09%-ы, ал эксперименттік топта 84,94%-ы көне түрік тілі мен әліпбиі туралы төмен білім деңгейін көрсеткен. Бұл көрсеткіштер екі топтың бастапқы жағдайының бір-біріне жақын болғанын және кейінгі нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік бергенін аңғартады.

Қорытынды эксперимент нәтижесінде екі топтың да білім деңгейі жоғарылағанымен, эксперименттік топтың көрсеткіштері едәуір жоғары болды. Бақылау тобында «өте жақсы» нәтиже көрсеткен білім алушылардың үлесі 70,57%-ды құраса, эксперименттік топта бұл көрсеткіш 96,34%-ға жеткен. Екі топ арасындағы айырма 25,77%-ды құрады. Бұл нәтиже эксперименттік топта қолданылған интербелсенді әдістердің көне түрік графемаларын тану, оларды жуан және жіңішке түрлеріне қарай ажырату, мәтінді оқу және таңбалау дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал еткенін көрсетеді.

Ұсынылған «–ы» және «–і» әдістемесінің тиімділігі оның қазақ тілінің табиғи үндесім заңдылығына негізделуімен байланысты. Жуан дауыссыз графемаларды «ы» дауыстысымен, ал жіңішке дауыссыз графемаларды «і» дауыстысымен дыбыстау білім алушыларға таңбалардың фонетикалық ерекшелігін жеңіл ажыратуға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл В. Томсен ұсынған «–1» және «–2» халықаралық айырым белгілерін жоққа шығармайды. Керісінше, қазақтілді студенттер үшін сол жүйені түсіндірудің және есте сақтаудың қолайлы қосымша жолы ретінде қызмет етеді. Зерттеу барысында қолданылған «Бітікші», «Күлтегіннен өсиет хат», «Тоныкөк аманаты», «Шығармашыл шәкірт», «Блиц сұхбат», «Ойна-құрастыр-топтас» әдістері білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуына жағдай жасады. «Бітікші» әдісінде студенттердің жұппен жұмыс істеуі, бір-бірінің жазғанын тексеруі

және қателерін өзара түзетуі графемаларды таңбалау дағдысын бекітуге ықпал етті. «Күлтегіннен өсиет хат» әдісі көне түрік мәтіндерін оқуға қызығушылықты арттырып, мәтінді транскрипциялау және оның мазмұнын түсіну қабілетін дамытуға бағытталды. Ал «Шығармашыл шәкірт» әдісі көне түрік жазуымен өз бетінше мәтін құрастыру арқылы жазылым дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Цифрлық құралдарды пайдалану да оқыту нәтижесіне әсер еткен маңызды факторлардың бірі болды. «Бітікчи.app», «Бітіг.app» мобильді қосымшаларын, авторлық «Old Turkic» қарпін және WhatsApp желісіндегі жазба тапсырмаларын қолдану студенттердің көне түрік таңбаларымен аудиториядан тыс уақытта да жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Мұндай жұмыстар графемаларды үнемі қайталауға, смартфонда таңбалауға және басқа студенттердің жазбаларын оқуға жағдай жасады. Осылайша цифрлық технологиялар дәстүрлі қаламмен жазу тәсілін алмастырған жоқ, оны толықтыратын қосымша оқу құралы ретінде қолданылды. Жазба жұмыстарының нәтижелері білім алушылардың графемаларды меңгеру деңгейінің біркелкі болмағанын да көрсетті. 2-кестеде графемалардың графикалық кескінін таңбалау бойынша «өте жақсы» көрсеткіш 38,10%-ды құрағанымен, дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке формасын меңгеру бойынша «өте жақсы» нәтиже 5,19%, ал дыбыстар тіркесін қолдану бойынша 9,17% болған. Бұл көрсеткіштер студенттердің таңбаның сыртқы кескінін тануы мен оны орфографиялық және фонетикалық заңдылықтарға сай қолдануы бірдей деңгейде қалыптаспайтынын көрсетеді. Сондықтан графемаларды жаттатумен ғана шектелмей, оларды сөз және сөйлем құрамында қолдануға арналған тапсырмаларды жүйелі түрде көбейту қажет [15].

Google Forms арқылы алынған тест нәтижелерінде дұрыс жауаптардың орташа көрсеткіші 85,78%-ды құрады. Жекелеген тапсырмаларда дұрыс жауаптар 78,95%-дан 90,44%-ға дейінгі аралықта болды. Бұл білім алушылардың көне түрік мәтінін оқу, сөздердің транскрипциясын анықтау, аударманы таңдау және қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемдерді көне түрік графикасымен таңбалау дағдыларының қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен бірге кейбір тапсырмаларда қате жауаптардың үлесі сақталған. Демек, көне түрік жазуының бағыт тәртібі, жуан-жіңішке графемаларды таңдау және дауысты дыбыстардың түсіріліп жазылуы сияқты мәселелерді қосымша жаттығулар арқылы бекіту қажет.

Алынған нәтижелер интербелсенді әдістердің тиімділігі тек ойын элементтерімен байланысты емес екенін көрсетеді. Олардың негізгі артықшылығы студенттің таңбаны көру, дыбыстау, жазу, оқу, салыстыру және қатесін түзету әрекеттерін бір оқу үдерісінде біріктіруінде. Осындай кешенді жұмыс графемаларды механикалық жаттаудан саналы түрде қолдануға көшуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін бағалауда белгілі бір шектеулер ескерілуі тиіс. Эксперимент филология білім беру бағдарламасының 2 және 3-курс студенттері арасында жүргізілген. Сондықтан алынған нәтижелерді барлық жоғары оқу орындарына бірден жалпылауға болмайды. Болашақ зерттеулерде білім алушылар санын, оқу мерзімін және бағалау өлшемдерін нақты көрсетіп, ұсынылған әдістерді бірнеше жоғары оқу орнында салыстыра сынақтан өткізу қажет [16].

Қорытынды. Зерттеу барысында көне түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке графемаларын жоғары оқу орнында оқытудың әдістемелік ерекшеліктері анықталды. Жуан-жіңішке графемалардың түркі тілдеріне тән сингармонизм заңымен байланысы қарастырылып, оларды білім алушыларға меңгертудің интербелсенді және практикалық тәсілдері жүйеленді. Педагогикалық эксперимент нәтижелері эксперименттік топта қолданылған интербелсенді, визуалды, цифрлық және тәжірибелік тәсілдер кешенінің оқу нәтижелеріне оң ықпал еткенін көрсетті. Бұл нәтиже ұсынылған әдістемелік модельді көне түрік графемаларын оқыту тәжірибесінде қолданудың перспективалы екенін көрсетеді.

Ұсынылған әдістемелік жүйе бірнеше кезеңнен тұрып, графемаларды таныстыру, оларды жуан-жіңішкелік тұрғыдан ажырату, мәтіндерді оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруды кешенді түрде қамтиды. Әсіресе «-ы/і» дыбыстау әдісі, «Бітікші», «Күлтегіннен өсиет хат», «Шығармашыл шәкірт» сияқты авторлық интербелсенді тәсілдер студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар цифрлық ресурстар мен мобильді қосымшаларды пайдалану білім алушылардың қызығушылығын күшейтіп, көне жазуды меңгеру үдерісін жеделдетті [17,18,19].

Қалыптастырушы және қорытынды эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін нақты дәлелдеді. Атап айтқанда, бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топта «өте жақсы» деңгейдегі білім көрсеткіші айтарлықтай жоғары болды, ал «төмен» деңгейдегі көрсеткіш толық жойылды. Бұл көрсеткіштер студенттердің теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларының да айтарлықтай дамығанын айғақтайды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері көне түрік тілін оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар заманауи интербелсенді технологияларды үйлестіре қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Ұсынылған әдістемелік жүйе студенттердің графемалық сауаттылығын қалыптастырып қана қоймай, олардың тарихи-лингвистикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Көне түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке графемаларын оқытудың бұл әдістемесі жоғары оқу орындарының филология бағытындағы білім беру бағдарламаларында тиімді қолдануға ұсынылды. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейтіп, цифрлық оқыту платформаларымен интеграциялау арқылы әдістемелік жүйені одан әрі жетілдіру мүмкіндігі бар.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы** [Мәтін] / А. Аманжолов. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. – 151 б.

2 **Аманжолов А.С. Түркі филологиясының негіздері** [Мәтін] / А.С. Аманжолов. – Алматы: Мектеп, 2012. – 344 б.

Материалдар мен тәсілдер. Зерттеу сандық әдіснамаға негізделген көлденең қималы сипаттамалық-талдамалық дизайнда жүргізілді. Зерттеудің мақсаты студенттердің ақпараттық құзыреттілігінің негізгі компоненттері бойынша қалыптасу ерекшеліктерін анықтау және алынған нәтижелердің курс пен жыныс сияқты әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға байланысын бағалау болды. Зерттеудің эмпирикалық базасын Астана халықаралық университетінің Педагогика және психология кафедрасында педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 80 студент құрады. Зерттеуге 1-2 курс студенттері қатысты. Іріктеменің жыныстық құрамы: 57 әйел (71%) және 23 ер (29%). Курстардың іріктемеде қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында стратификацияланған іріктеу тәсілі қолданылды: алдымен студенттер оқу курстары бойынша топтастырылып, одан кейін әр топтан қатысушылар ерікті түрде тартылды. Зерттеуге енгізу критерийлері ретінде Астана халықаралық университетінің Педагогика және психология кафедрасында білім алуы, сауалнамаға ерікті түрде қатысуға келісім беруі және сұрақтарға толық жауап беруі белгіленді. Сауалнаманы толық аяқтамаған немесе зерттеуге қатысуға келісім бермеген студенттердің жауаптары талдауға енгізілмеді.

Деректерді жинау үшін авторлар әзірлеген 10 жабық сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды. Сауалнаманың теориялық негізін ақпараттық құзыреттілік туралы ғылыми тұжырымдар, сондай-ақ Еуропалық цифрлық құзыреттілік негіздемесі – DigComp және Жоғары білім берудегі ақпараттық сауаттылықтың ACRL негіздемесі құрады. Сауалнама ақпараттық құзыреттіліктің бес компонентіне сәйкес құрылды:

- іздеу-ақпараттық компонент – қажетті ақпаратты іздеу және тиісті дереккөздерді таңдау;
- сын-талдамалық компонент – ақпараттың дұрыстығы, өзектілігі мен сенімділігін бағалау;

- технологиялық-операциялық компонент – цифрлық құралдарды, дерекқорларды және бұлттық сервистерді пайдалану;

- өнімді-шығармашылық компонент – алынған ақпарат негізінде жаңа мазмұн жасау;

- этика-нормативтік компонент – дәйексөз келтіру, авторлық құқық пен ақпараттық этика талаптарын сақтау.

Сауалнама сұрақтарының мазмұндық валидтілігі ақпараттық технологиялар және педагогика саласындағы 3 сарапшының бағалауы арқылы тексерілді. Сарапшылар сұрақтардың зерттеу мақсатына сәйкестігін, түсініктілігін және ақпараттық құзыреттіліктің тиісті компонентін өлшеу мүмкіндігін бағалады. Сараптамалық бағалау қорытындысы бойынша түсініксіз немесе мазмұны қайталанатын сұрақтардың тұжырымдары нақтыланды. Сауалнаманың алдын ала нұсқасы негізгі іріктемеге енгізілмеген 30 студенттің қатысуымен пилоттық тексеруден өткізілді. Пилоттық тексеру сұрақтардың түсініктілігін, сауалнаманы толтыру ұзақтығын және жауап нұсқаларының сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама әртүрлі мазмұндық компоненттерді бағалайтын профильдік құрал болғандықтан, оның нәтижелері бірыңғай интегралдық баллға біріктірілмеді.Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта, сабақтан тыс уақытта өткізілді. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты, сауалнаманы толтыру тәртібі, қатысудың ерiктілігі және кез келген кезеңде жауап беруден бас тарту құқығы түсіндірілді. Барлық респонденттен ақпараттандырылған келісім алынды. Сауалнама анонимді жүргізіліп, студенттердің жеке басын анықтайтын мәліметтер жиналмады.

Статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics бағдарламасында жүргізілді. Категориялық айнымалылар абсолюттік жиілікпен (n) және пайыздық үлеспен (%) берілді. Негізгі үлестік көрсеткіштерге Уилсон әдісі бойынша 95%-дық сенімділік интервалдары есептелді. Студенттердің жауаптарының курс пен жынысқа байланысты айырмашылықтарын тексеру үшін Пирсонның χ^2 критерийі қолданылды. Күтілетін жиіліктердің 20%-дан астамы 5-тен төмен болған жағдайда Фишердің дәл критерийі пайдаланылды. Байланыстың күшін бағалау үшін Крамердің V коэффициенті есептелді. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p<0,05$ деп қабылданды. Сауалнама сұрақтары негізінен категориялық деректерді қамтығандықтан, оларға орташа мән, стандартты ауытқу, t-тест, корреляциялық және факторлық талдау қолданылған жоқ. Бұл әдістердің формалды түрде енгізілмеуі зерттеу құралындағы айнымалылардың өлшеу деңгейі мен зерттеу мақсатына сәйкес негізделді. Алынған нәтижелер Астана халықаралық университетінің Педагогика және психология кафедрасында білім алатын зерттеу қатысушыларының ерекшеліктерін сипаттайды; оларды Қазақстанның бүкіл жоғары білім беру жүйесіне тікелей жалпылау көзделмеді.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеуге Астана халықаралық университетінің Педагогика және психология кафедрасында педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 80 студент қатысты. Талдауға сауалнаманы толық аяқтаған респонденттердің жауаптары енгізілді. Сауалнама нәтижелері абсолюттік жиілік (n), пайыздық үлес (%) және Уилсон әдісімен есептелген 95%-дық сенімділік аралығы (95% CA) түрінде берілді. Сауалнама студенттердің ақпараттық құзыреттілігінің бес компонентін қамтыды: іздеу-ақпараттық, сын-талдамалық, технологиялық-операциялық, өнімді-шығармашылық және этика-нормативтік. Нәтижелер әр компонент бойынша жеке қарастырылды.

Іздеу-ақпараттық компонент

«Әдетте оқу тапсырмаларына қатысты ақпаратты қалай табасыз?» деген сұраққа 64 студент жалпыға қолжетімді Google немесе Yandex сияқты іздеу жүйелерін пайдаланатынын көрсетті – 80,0% (95% CA: 70,0–87,3%). Оқытушылардан немесе курстастарынан кеңес сұрайтындар саны 8 студентті – 10,0% (95% CA: 5,2–18,5%), электрондық кітапханалар мен ғылыми дерекқорларды пайдаланатындар 4 студентті – 5,0% (95% CA: 2,0–12,2%), онлайн энциклопедиялар мен білім беру ресурстарына жүгінетіндер 4 студентті – 5,0% құрады.

1 сурет – «Әдетте оқу тапсырмаларына қатысты ақпаратты қалай табасыз?» сұрағына берілген жауаптардың бөлінуі (n=80)

Нәтижелер жалпы іздеу жүйелерінің студенттер үшін негізгі ақпарат арнасы болып отырғанын көрсетті. Іздеу жүйелерін пайдалану өздігінен ақпараттық құзыреттіліктің төмендігін білдірмейді, алайда академиялық дерекқорларды тек 5,0% студенттің қолдануы ғылыми ақпаратты мақсатты іздеу дағдыларының жеткілікті қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл нәтиже ACRL негіздемесінде ақпаратты іздеу бір реттік әрекет емес, іздеу стратегиясын нақтылауды, дереккөздерді салыстыруды және олардың ғылыми құндылығын бағалауды қажет ететін үдеріс ретінде қарастырылатынымен үйлеседі [12, 20 б.].

Сын-талдамалық компонент

Ақпараттың дұрыстығын тексеру тәсілдеріне қатысты жауаптар студенттердің ақпаратты сыни бағалау тәжірибесінің біркелкі қалыптаспағанын көрсетті. Атап айтқанда, 36 студент интернеттен алынған ақпаратты тексермейтінін мәлімдеді – 45,0% (95% CA: 34,6–55,9%). Бірнеше сайттағы ақпаратты салыстыратындар саны 24 студентті – 30,0% (95% CA: 21,1–40,8%), ғылыми дереккөздерден растау іздейтіндер 12 студентті – 15,0% (95% CA: 8,8–24,4%), автордың немесе дереккөздің беделіне назар аударатындар 8 студентті — 10,0% (95% CA: 5,2–18,5%) құрады.

2 сурет – «Интернеттен алынған ақпараттың дұрыстығын қалай тексересіз?» сұрағына берілген жауаптардың бөлінуі (n=80)

Ақпараттың сенімділігін анықтау критерийлері жөніндегі сұраққа 36 студент деректердің өзектілігі мен жаңартылуына сүйенетінін көрсетті – 45,0% (95% CA: 34,6–55,9%). Автордың немесе дереккөздің беделін басшылыққа алатындар 16 студентті – 20,0% (95% CA: 12,7–30,0%), бастапқы дереккөздерге жасалған сілтемелердің болуын бағалайтындар 12 студентті – 15,0% (95% CA: 8,8–24,4%) құрады. Қалған 16 студент ақпараттың сенімділігін анықтаудың нақты тәсілдеріне сенімді емес екенін көрсетті – 20,0% (95% CA: 12,7–30,0%). Сонымен қатар, «Ақпаратты сыни тұрғыдан талдау дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 64 студент «жақсы» – 80,0% (95% CA: 70,0–87,3%), ал 16 студент «қанағаттанарлық» – 20,0% деп жауап берді. Бұл жерде студенттердің өзіндік бағалауы мен олардың нақты ақпараттық әрекеттері арасында сәйкессіздік байқалады: респонденттердің 80,0%-ы өз дағдыларын жақсы бағалағанымен, 45,0%-ы интернеттен алынған ақпараттың дұрыстығын тексермейді және тек 15,0%-ы ғылыми дереккөздерден растау іздейді. Аталған алшақтық өзіндік бағалау ақпараттық құзыреттіліктің объективті деңгейін толық көрсете алмайтынын дәлелдейді. Студенттер өздерінің жалпы сенімділігін нақты тексеру дағдыларымен теңестіруі мүмкін. Сондықтан кейінгі зерттеулерде өзіндік бағалау сауалнамасын дереккөздердің сенімділігін анықтау, жалған ақпаратты ажырату және ғылыми жарияланымды бағалау сияқты практикалық тапсырмалармен толықтыру қажет. Бұл тұжырым Т.М.Шамсутдинованың ақпараттық құзыреттілікті жеке көрсеткіштер арқылы кешенді бағалау қажеттілігі туралы ұстанымымен сәйкес келеді [3, 94 б.].

Технологиялық-операциялық компонент

«Құжаттармен жұмыс істеу үшін бұлттық қызметтерді қаншалықты жиі пайдаланасыз?» деген сұраққа 52 студент «кейде» деп жауап берді – 65,0% (95% CA: 54,1–74,5%). Бұлттық қызметтерді тұрақты пайдаланатындар саны 12 студентті – 15,0% (95% CA: 8,8–24,4%), сирек пайдаланатындар 12 студентті – 15,0%, ал мүлдем пайдаланбайтындар 4 студентті – 5,0% құрады. Бұл нәтижелер студенттердің бұлттық технологиялар туралы түсінігі болғанымен, оларды оқу әрекетінде жүйелі пайдалану тәжірибесінің жеткілікті орнықпағанын көрсетеді. Сондықтан студенттердің цифрлық құралдарды «білуі» мен оларды оқу міндеттерін шешуде тұрақты қолдануы бірдей көрсеткіш ретінде қарастырылмауы керек. Ақпаратты ұйымдастыру және сақтау тәсілдері бойынша 44 студент баспа жазбаларын пайдаланатынын көрсетті – 55,0% (95% CA: 44,1–65,4%). Ақпаратты сақтаудың жүйелі тәсілін қолданбайтындар саны 24 студентті – 30,0% (95% CA: 21,1–40,8%), браузердегі бетбелгілерді пайдаланатындар 8 студентті – 10,0% (95% CA: 5,2–18,5%), Evernote сияқты мамандандырылған қосымшаларды қолданатындар 4 студентті – 5,0% (95% CA: 2,0–12,2%) құрады. Баспа жазбаларын қолдану өздігінен кемшілік болып саналмайды. Дегенмен респонденттердің 30,0%-ында ақпаратты ұйымдастырудың

жүйелі тәсілінің болмауы және мамандандырылған цифрлық құралдарды тек 5,0%-ының қолдануы ақпаратты сақтау, жіктеу және кейін қайта пайдалану дағдыларын дамыту қажеттілігін көрсетеді. DigComp негіздемесінде ақпарат пен деректерді іздеу ғана емес, оларды басқару, сақтау және ұйымдастыру да цифрлық құзыреттіліктің маңызды құрамдасы ретінде айқындалады [11, 21 б.].

«Ақпараттық дерекқорлармен жұмыс істеу дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 36 студент «жоғары» – 45,0% (95% CA: 34,6–55,9%), ал 44 студент «орташа» – 55,0% (95% CA: 44,1–65,4%) деп жауап берді. Алайда академиялық дерекқорларды ақпарат іздеудің негізгі құралы ретінде тек 5,0% студенттің таңдауы студенттердің өз дағдыларын бағалауы мен оларды нақты қолдану жиілігі арасында айырмашылық бар екенін көрсетеді. И.В. Забродина электрондық ақпараттық-білім беру ортасының болуы ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды шарты екенін атап көрсетеді [5, 294 б.]. Алынған нәтижелер мұндай ортаның болуы жеткіліксіз екенін, студенттерге оның мүмкіндіктерін оқу және зерттеу міндеттерінде қолдану жолдарын арнайы үйрету қажет екенін көрсетеді.

Өнімді-шығармашылық компонент

Сауалнамаға қатысқан 40 студент жиналған ақпарат негізінде жаңа мазмұн жасайтынын көрсетті – 50,0% (95% CA: 39,3–60,7%). Қалған 40 студенттің жауаптары бұл әрекетті тұрақты тәжірибе ретінде қолданбайтынын көрсетті. Бұл көрсеткіш студенттердің бір бөлігінің ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны өңдеу және жаңа өнім жасау үшін пайдаланатынын білдіреді. Сонымен бірге сауалнамада жасалған өнімнің сапасы, дербестігі және шығармашылық деңгейі объективті тапсырмалар арқылы бағаланбағандықтан, нәтижені студенттердің шығармашылық қабілетінің жоғары деңгейінің тікелей дәлелі ретінде түсіндіруге болмайды. Baskara цифрлық сауаттылықты қазіргі цифрлық және жасанды интеллект құралдарын саналы әрі нәтижелі қолдану қабілетімен байланыстырады [9, 531 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің жаңа мазмұн жасау белсенділігін бағалау кезінде өнімнің түпнұсқалығын, пайдаланылған дереккөздердің сапасын және жасанды интеллект құралдарын қолдану ашықтығын қамтитын объективті критерийлер қажет.

Этика-нормативтік компонент

Ақпарат көздерін таңдауда 32 студент дереккөздің сенімділігі мен беделін негізгі критерий ретінде көрсетті – 40,0% (95% CA: 30,0–51,0%). Ақпараттың толықтығы мен әртүрлілігін басшылыққа алатындар 24 студентті – 30,0% (95% CA: 21,1–40,8%), қолжетімділік пен пайдалану ыңғайлылығын таңдайтындар 12 студентті – 15,0%, достарының немесе оқытушыларының ұсыныстарына сүйенетіндер 12 студентті – 15,0% құрады. «Ақпаратты этикалық пайдалану дағдыларыңызды қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 48 студент дәйексөз келтіру ережелері мен авторлық құқық талаптарын үнемі сақтайтынын көрсетті – 60,0% (95% CA: 49,0–70,0%). Ережелерді сақтауға тырысқанымен, кейде қателік жіберетіндер 20 студентті – 25,0% (95% CA: 16,8–35,5%), ал бұл мәселелерге сирек назар аударатындар 12 студентті –15,0% (95% CA: 8,8–24,4%) құрады. Осылайша, респонденттердің 40,0%-ы ақпаратты этикалық пайдалану талаптарын тұрақты орындамайтынын мойындады. Сондықтан 60,0%-дық көрсеткішті студенттердің ақпараттық этикасы толық қалыптасқан деп түсіндіруге болмайды. Бұл нәтиже дәйексөз келтіру, плагиаттың алдын алу, авторлық құқық және жасанды интеллект көмегімен жасалған материалдарды академиялық жұмыста пайдалану талаптарын практикалық тапсырмалар арқылы бекітудің қажеттілігін көрсетеді.

Бес компонент бойынша жүргізілген талдау студенттердің ақпараттық құзыреттілігі біркелкі қалыптаспағанын көрсетті. Респонденттер өздерінің сын-талдамалық және дерекқорлармен жұмыс істеу дағдыларын салыстырмалы түрде жоғары бағалайды. Дегенмен олардың нақты ақпараттық әрекеттерінде бірнеше әлсіз бағыт анықталды:

- академиялық дерекқорларды ақпарат іздеуде тұрақты пайдаланудың төмендігі;
- интернеттен алынған ақпаратты тексермеу тәжірибесінің кең таралуы;
- ақпаратты ұйымдастыру мен сақтаудың жүйелі цифрлық тәсілдерінің жеткіліксіз қолданылуы;
- бұлттық сервистерді оқу қызметінде тұрақты пайдаланудың төмендігі;
- ақпараттық этика талаптарын барлық студенттің бірдей сақтамауы.

Нәтижелердің ғылыми мәні студенттердің өз дағдыларына берген бағасы мен олардың хабарлаған нақты әрекеттері арасындағы алшақтықты анықтаумен байланысты. Мысалы, студенттердің 80,0%-ы сыни талдау дағдыларын жақсы бағалағанымен, 45,0%-ы ақпараттың дұрыстығын тексермейді. Сол сияқты 45,0%-ы дерекқорлармен жұмыс істеу дағдыларын жоғары бағалағанымен, академиялық дерекқорларды негізгі іздеу құралы ретінде тек 5,0%-ы пайдаланады. Бұл ақпараттық құзыреттілікті тек өзіндік бағалау арқылы емес, мінез-құлықтық көрсеткіштер мен практикалық тапсырмалар негізінде бағалау керектігін көрсетеді. Rial Costa және Rial Costa цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі білім беру мүмкіндіктеріндегі әлеуметтік айырмашылықтарды тереңдетуі мүмкін екенін атап көрсетеді [10, 10461 б.]. Дегенмен осы зерттеудің деректері бір кафедра студенттерінің жауаптарына негізделгендіктен, олар әлеуметтік немесе институционалдық теңсіздіктің ауқымын бағалауға мүмкіндік бермейді. Алынған нәтижелер тек кейінгі ауқымды зерттеулерде тексерілуі тиіс бастапқы үрдістерді сипаттайды.

Корнелл университетінің тәжірибесі ақпараттық сауаттылықты оқу бағдарламаларына кіріктіру, оқытушылар мен кітапханашылардың бірлескен жұмысы және студенттерге ашық цифрлық оқу ре-

сурстарын ұсыну белгілері бойынша контекстік мысал ретінде таңдалды. Бұл тәсіл зерттеуде анықталған академиялық дерекқорларды аз пайдалану, ақпараттың дұрыстығын тексермеу және ақпаратты жүйелі ұйымдастыру дағдыларының жеткіліксіздігі сияқты мәселелермен мазмұндық тұрғыдан байланысты. Сонымен бірге Корнелл университетінің тәжірибесін Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне тікелей көшіруге болмайды. Университеттердің материалдық ресурстары, кітапхана инфрақұрылымы, оқу бағдарламалары және студенттердің дайындық деңгейі әртүрлі. Сондықтан бұл тәжірибенің жекелеген элементтерін алдымен пилоттық форматта бейімдеп, олардың нәтижелілігін жергілікті жағдайда бағалау орынды.

Зерттеу нәтижелері негізінде Астана халықаралық университетінің Педагогика және психология кафедрасында мынадай пилоттық шараларды сынақтан өткізуге болады:

- академиялық дерекқорларда ақпарат іздеу стратегияларына арналған қысқа оқу модулін әзірлеу;
- интернет-дереккөздердің сенімділігін салыстыруға бағытталған практикалық тапсырмалар енгізу;
- бұлттық сервистерде ақпаратты сақтау, жіктеу және бірлесіп өңдеу бойынша тренинг өткізу;
- дәйексөз келтіру, авторлық құқық, плагиат және жасанды интеллектіні этикалық қолдану мәселелерін қамтитын практикалық сабақ ұйымдастыру;
- оқытушылар мен кітапхана мамандарының қатысуымен ақпараттық сауаттылық бойынша кеңес беру жұмыстарын жүргізу.

Бұл ұсыныстарды барлық жоғары оқу орындары үшін дайын әмбебап модель ретінде емес, зерттеу барысында анықталған мәселелерді тексеруге бағытталған бастапқы педагогикалық шаралар ретінде қарастырған жөн. Олардың тиімділігі диагностикалық бастапқы және қорытынды өлшеулер арқылы жеке бағалануы қажет.

Зерттеу шектеулері

Нәтижелерді түсіндіру кезінде бірқатар шектеулер ескерілуі тиіс. Зерттеу бір университеттің бір кафедрасында жүргізілгендіктен, оның нәтижелерін Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындары студенттеріне жалпылауға болмайды. Сауалнама авторлық құрал болып табылады және жауаптардың басым бөлігі студенттердің өзіндік бағалауына негізделген. Бұл әлеуметтік тұрғыдан қалаулы жауаптардың ықпалын және респонденттердің өз дағдыларын жоғары бағалау ықтималдығын арттырады. Ақпараттық құзыреттілік объективті практикалық тапсырмалар арқылы тексерілмеді. Сонымен қатар зерттеудің көлденең қималы дизайны анықталған көрсеткіштердің уақыт бойынша өзгеруін және олардың себеп-салдарлық байланыстарын бағалауға мүмкіндік бермейді. Осы шектеулерге қарамастан, зерттеу Астана халықаралық университетінің Педагогика және психология кафедрасы студенттерінің ақпараттық құзыреттілігіндегі ықтимал күшті және әлсіз бағыттарды айқындауға мүмкіндік беретін пилоттық деректер ұсынады. Алдағы зерттеулерде бірнеше университетті қамтитын іріктеме қалыптастыру, стандартталған немесе толық валидтелген диагностикалық құрал қолдану, сауалнаманы практикалық тапсырмалармен толықтыру және ақпараттық құзыреттіліктің курс пен жынысқа байланысты айырмашылықтарын статистикалық тұрғыдан тексеру қажет.

Қорытынды. Зерттеу студенттердің цифрлық ортада ақпаратты іздеу мен пайдалануға бейім болғанымен, академиялық дереккөздерді таңдау, мәліметтердің сенімділігін бағалау және оларды жүйелі ұйымдастыру тәжірибесінің жеткілікті қалыптаспағанын анықтады. Сонымен қатар студенттердің өз дағдыларына берген бағасы олардың нақты әрекеттерімен әрдайым сәйкес келмейтіні байқалды. Бұл құзыреттілікті бағалауда өзіндік бағалаумен қатар практикалық тапсырмаларды қолдану қажеттігін негіздейді. Алынған нәтижелер оқу үдерісіне ғылыми дерекқорлармен жұмыс істеу, дереккөздерді тексеру, цифрлық мәліметтерді басқару және академиялық этиканы сақтау дағдыларын қалыптастыратын тәжірибелік элементтерді енгізудің орынды екенін көрсетеді. Мұндай шаралар алдымен пилоттық форматта апробацияланып, олардың нәтижелілігі объективті диагностикалық құралдар арқылы бағалануы тиіс.

Зерттеудің бір университеттің студенттерімен шектелуі және авторлық сауалнамаға негізделуі қорытындыларды кең көлемде жалпылауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан кейінгі зерттеулерде іріктемені кеңейту, диагностикалық құралдың валидтілігі мен сенімділігін тексеру және әртүрлі студенттік топтар арасындағы ерекшеліктерді статистикалық тұрғыдан салыстыру қажет.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Приходько, О. В. Особенности формирования цифровой компетентности студентов вуза** [Текст] / О. В. Приходько // Азимут научных исследований: педагогика и психология. – 2020. – № 1 (30). – С. 235-238.

2. **Краснова, Л. А., Шурыгин В. Ю. Содержание и пути формирования информационной компетентности педагогов** [Текст] / Л. А. Краснова, В. Ю. Шурыгин // Балтийский гуманитарный журнал. – 2017. – № 3 (20). – С. 200-203.

3. **Шамсутдинова Т.М. Оценка информационной компетентности студентов: квалиметрический подход** [Текст] / Т.М. Шамсутдинова // Преподаватель XXI век. – 2018. – № 2. – С. 93-104.

4. **Сайфутдинов Р. А., Магдеева Д.Р., Карсакова Е. Д. Формирование информационной компетентности студентов** [Текст] / Р. А. Сайфутдинов, Д.Р. Магдеева, Е. Д. Карсакова // Наука online. – 2019. – № 1. – С. 126-132.

5. **Забродина И. В., Козлова Н. А., Фортыгина С. Н. Формирование ИКТ-компетентности студентов педвуза в условиях электронной информационно-образовательной среды** [Текст] / И. В. Забродина, Н. А. Козлова, С. Н. Фортыгина // Азимут научных исследований: педагогика и психология. – 2019. – № 3 (28). – С. 293-295. DOI: 10.26140/anip-2019-0803-0074

6. **Санников, М. А. Педагогические условия формирования информационной компетентности студентов технического вуза** [Текст] / М. А. Санников // Технические университеты: интеграция с европейскими и мировыми системами образования: материалы VIII Междунар. конф. (Россия, Ижевск, 23–24 апреля 2019 г.). Ижевск: Изд-во ИжГТУ им. М. Т. Калашникова, 2019. С. 109–111.

7. **Лозицкий, А. В. Формирование информационной компетентности педагога в системе дополнительного образования** [Текст] / А. В. Лозицкий // Современные подходы к организации дополнительного образования молодёжи и взрослых: проблемы и перспективы развития: сборник научных статей первой международной научно-методической заочной конференции. – Пинск: ПолесГУ, 2017. – С. 74–75.

8. **Зимняя, И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования** [Текст] / И. А. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34-42.

9. **Baskara, F. X. Conceptualizing Digital Literacy for the AI Era: A Framework for Preparing Students in an AI-Driven World** [Text] / F. X. Baskara // Data and Metadata. – 2025. – Vol. 4. – Article 530. – P. 1-13. DOI: 10.56294/dm2025530.

10. **Rial Costa, M., Rial Costa, S., Dafonte Pérez, S., Rial Domínguez, T., Dafonte Rodríguez, L. The new social gap of the 21st century Digital illiteracy** [Text] / M. Rial Costa, S. Rial Costa, S. Dafonte Pérez, T. Rial Domínguez, L. Dafonte Rodríguez // International Journal of Recent Advances in Multidisciplinary Research. – 2024. – Vol. 11. – № 11. – P. 10460–10466.

11. **Vuorikari, R., Kluzer, S., Punie, Y. DigComp 2.2: The Digital Competence Framework for Citizens – With new examples of knowledge, skills and attitudes** [Text] / R. Vuorikari, S. Kluzer, Y. Punie. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2022. – 183 p. – JRC128415. DOI: 10.2760/115376.

12. **Odede, I. Models for teaching information literacy: A comparative review of the top six models** [Text] / I. Odede // Mousaion: South African Journal of Information Studies. – 2020. – Vol. 38. – № 2. – P. 1–19. – DOI: 10.25159/2663-659X/7254.

REFERENCES:

1. **Prikhodko O.V. Osobennosti formirovaniya cifrovoj kompetentnosti studentov vuza** [Features of the formation of digital competence of university students]. *Azimut nauchny'h issledovanij: pedagogika i psihologiya*, 2020, no. 1 (30), pp. 235-238. (In Russian)

2. **Krasnova L.A., Shurygin V. Yu. Soderzhanie i puti formirovaniya informacionnoj kompetentnosti pedagogov** [The content and ways of forming the information competence of teachers]. *Baltijskij gumanitarny'j zhurnal*, 2017, no. 3 (20), pp. 200-203. (In Russian)

3. **Shamsutdinova T.M. Ocenka informacionnoj kompetentnosti studentov: kvalimetricheskij podhod** [Assessment of students' information competence: a qualimetric approach]. *Prepodavatel' 21 vek*, 2018, no. 2, pp. 93-104. (In Russian)

4. **Sayfutdinov R.A. Formirovanie informacionnoj kompetentnosti studentov** [Formation of students' information competence]. *Nauka online*, 2019, no. 1, pp. 126-132. (In Russian)

5. **Zabrodina I.V., Kozlova N.A., Fortygina S.N. Formirovanie IKT-kompetentnosti studentov pedvuza v usloviyah e'lektronnoj informacionno-obrazovatel'noj sredy'** [Pedagogical conditions for the formation of information competence of technical university students]. *Azimut nauchny'h issledovanij: pedagogika i psihologiya*, 2019, no. 3 (28), pp. 293-295. DOI: 10.26140/anip-2019-0803-0074. (In Russian)

6. **Sannikov M.A. Pedagogicheskie usloviya formirovaniya informacionnoj kompetentnosti studentov tehnicheskogo vuza** [Formation of information competence of a teacher in the system of additional education]. *Tehnicheskie universitety': integraciya s evropejskimi i mirovy'mi sistemami obrazovaniya: materialy' VIII Mezhdunar. konf..,* Izhevsk, Izd-vo IzhGTU im. M.T. Kalashnikova*,* 2019, pp. 109-111. (In Russian)

7. **Lozitskiy A.V. Formirovanie informacionnoj kompetentnosti pedagoga v sisteme dopolnitel'nogo obrazovaniya** [Formation of information competence of a teacher in the system of additional education]. *Sovremenny'e podhody' k organizacii dopolnitel'nogo obrazovaniya molodezhi i vzrosly'h: problemy' i perspektivy' razvitiya: sbornik nauchny'h statej pervoj mezhdunarodnoj nauchno-metodicheskoj zaochnoj konferencii*, PolesGU, Pinsk, 2017, pp. 15-17. (In Russian)

8. **Zimnyaya, I. A. Klyuchevy'e kompetencii – novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya** [Key competencies – a new paradigm of educational outcome]. *Vy'sshee obrazovanie segodnya*, 2003, no. 5, pp. 34-42. (In Russian)

9. **Baskara, F. X. Conceptualizing Digital Literacy for the AI Era: A Framework for Preparing Students in an AI-Driven World.** *Data and Metadata*, 2025, no. 4, art. 530, pp. 1-13. DOI: 10.56294/dm2025530.

10. **Rial Costa M., Rial Costa S., Dafonte Pérez S., Rial Domínguez T., Dafonte Rodríguez L. The new social gap of the 21st century Digital illiteracy.** *International Journal of Recent Advances in Multidisciplinary Research*, 2024, vol. 11, no. 11, pp. 10460–10466. DOI: 10.56294/dm2025530.

11. **Vuorikari R., Kluzer S., Punie Y. DigComp 2.2: The Digital Competence Framework for Citizens – With new examples of knowledge, skills and attitudes.** Luxembourg, Publications Office of the European Union, 2022, 183 p. DOI: 10.2760/115376.

12. **Odede I. Models for teaching information literacy: A comparative review of the top six models.** *South African Journal of Information Studies*, 2020, vol. 38, no. 2, pp. 1–19. DOI: 10.25159/2663-659X/7254.

Жіберілген күні: 25 маусым 2026 ж. **Қабылданған күні:** 10 шілде 2026 ж.
Жарияланған күні: 30 қыркүйек 2026 ж.

Авторлар туралы мәліметтер:

Ырымбаева Нургуль Алдажаровна – Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, PhD, Астана халықаралық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Қабанбай батыр даңғ, 8; e-mail: nurgul.a@internet.ru.

Серикбаева Нургуль Бейсембековна – педагогика және психология кафедрасы қауымдастырылған профессорының м.а., PhD, Шәкәрім университет, Қазақстан Республикасы, 071410 Семей қ., Глинка көш., 20 А; e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru.

Сулейменова Жансая Токтаровна – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, PhD, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 090000 Орал қ., Н.Назарбаев даңғ, 162; e-mail: Zhansaya_toktarovna@mail.ru.*

Ахтанова Салтанат Кубейбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 10000 Астана қ., Сәтбаев көш, 2; e-mail: akhtanova_sk@enu.kz.

Ырымбаева Нургуль Алдажаровна – преподаватель кафедры педагогики и психологии, PhD, Международный университет Астана, Республика Казахстан, 010000 г. Астана, проспект Кабанбай батыра 8, e-mail: nurgul.a@internet.ru.

Серикбаева Нургуль Бейсембековна – PhD, и.о. ассоциированного профессора кафедры педагогики и психологии, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, 071410 г. Семей, ул. Глинки 20 А, e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru.

Сулейменова Жансая Токтаровна – старший преподаватель образовательной программы «Педагогика и психология», PhD, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Республика Казахстан, 090000 г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 162, e-mail: Zhansaya_toktarovna@mail.ru.*

Ахтанова Салтанат Кубейбековна – кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры педагогики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 10000 г. Астана, ул. Сатпаева, 2, e-mail: akhtanova_sk@enu.kz.

Yrymbayeva Nurgul Aldazharovna – Lecturer, Department of pedagogy and psychology, PhD, Astana International University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 8 Kabanbai Batyr Ave., e-mail: nurgul.a@internet.ru.

Serikbayeva Nurgul Beissembekovna – PhD, acting Associate Professor, Department of pedagogy and psychology, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, 071410, Semey, 20A Glinka Str., e-mail: nurgul.sgpi@mail.ru.

Suleimenova Zhansaya Toktarovna – Senior Lecturer, "Pedagogy and Psychology" educational program, PhD, M. Utemisov West Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 090000, Uralsk, 162 N. Nazarbayev Ave., e-mail: Zhansaya_toktarovna@mail.ru.*

Akhtanova Saltanat Kubeibekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, acting Associate Professor, Department of pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 10000, Astana, 2 Satpayev Str., e-mail: akhtanova_sk@enu.kz.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

АБДИРКЕНОВА А.К.*	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ МЕДИАҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	5
АБЕТАНОВ Д.Н.* ЖУМАТАЕВА Е.	КОРОТКИЕ ВИДЕО КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ	14
ABYKENOVA D.B. ABILDINOVA G.M. ZHANAIDAROV B.B. KULTENOVA M.T.*	FUTURE TEACHERS' ENTREPRENEURIAL INTENTIONS IN EDUCATION: BARRIERS AND OPPORTUNITIES OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE	22
ARYNBAYEVA D.Zh.* YUJEL GELISHLI KHALIKOVA N.S.	GAMIFICATION IN PHRASEOLOGY PEDAGOGY: AN ETHNOLINGUISTIC APPROACH TO UNIVERSITY TEACHING	29
БЕГЕЖАНОВА Р.К.* ЖИЕНБАЕВА Н.Б.	ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ	39
ГАЛЫМЖАНОВА З.Т.* БАЙТАНАСОВА Қ.М.	ЖОО-ДА МЕМУАРЛЫҚ РОМАНДАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ: ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТ	47
ZHAKSYLYK N.N. RAMANKULOV Sh.Zh.* KATBAYEVA M. ANAS B.	STEM-BASED TEACHING IN PHYSICS AND ITS IMPACT ON STUDENTS' RESEARCH ABILITIES	58
ZHANATBEKOVA N.Zh. ABDULAYEVA A.B.*	DIDACTIC INTEGRATION OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN PHYSICS TEACHER EDUCATION	68
ZHUBAKOVA S.S.* ABDULLOZADA Z.	EXPLORING ENVIRONMENTAL EDUCATION AMONG UNIVERSITY STUDENTS IN KAZAKHSTAN AND TAJIKISTAN: FINDINGS FROM A PILOT STUDY	76
ZHUMATAYEVA Z.N. MAMETKARIM Zh.M.* DOSANOVA A.M. ALTYBAYEVA A.B.	DIALOGIC PRACTICE WITH CHATGPT: ENHANCING SPEAKING SKILLS OF PRE-SERVICE TEACHERS THROUGH AI-MEDIATED INTERACTION	86
ЖҮЗЕЕВ С.Ә.* ӘБІКЕНОВ Ж.О. ЖАЙЛАУОВА М.К.	БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК РӨЛДЕР РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАУ: ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫН ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ	95
ZULPYKHAR Zh.E. SERIKBAYEVA A.R.* SIROJIDDINOVA I.M.	FEATURES OF THE PEDAGOGICAL IMPLEMENTATION OF THE COURSE "NETWORK TECHNOLOGIES" AND ITS IMPACT ON STUDENTS OF NAZARBAYEV INTELLECTUAL SCHOOL OF ASTANA	106
КАЙЫРБАЕВА Ж.К.* РАХМЕТОВА Р.С.	ОҚУШЫНЫҢ СӨЗСАПТАМЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ	117
КАЛИМОВА А.Д.* ЖЕКИБАЕВА Б.А. ЖАПАРОВА Б.М. БАЛАБЕКОВ К.А.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ГОТОВНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ УНИВЕРСИТЕТОВ КАЗАХСТАНА И ФИНЛЯНДИИ К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ	129

КОЙШЫБЕКОВА А.К. КАСТЕЕВА Г.Д.* ШАГАТАЕВА З.Е. КОШКИНБАЕВА Н.Р.	ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ, КОММУНИКАТИВТІК ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ	140
KOSHZHANOVA G.A. SHIRINBAYEVA G. K.* AKHMADIYAROVA G.S. ATEMKULOVA N.O.	AN EMPIRICAL STUDY OF PECULIARITIES OF THE PEDAGOGICAL IMAGE FORMATION OF FUTURE SPECIAL EDUCATION TEACHERS	151
КУЛТАНОВ Д.Т.* ТӨЛЕГЕНҰЛЫ Н. ЖУМЕКЕНОВА Д.Е.	ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА БОЧЧА НЕГІЗІНДЕГІ БЕЙІМДІК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ	161
НУГМАНОВА А.А.* ЖУСУПБЕКОВА Н.С.. ОГОРОДНИК В.Э. ДӘУЛЕТБАЙ Ж.А.	ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БОЛАШАҚ ХИМИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН КВЕСТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МОДЕЛЬДЕУ	172
РАМАЗАНОВА А.С.* ЖУМАБЕКОВА Б.К. МАРЗО Р.Р. КАБДОЛОВА Г.К.	МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОДАРЁННЫХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ НА ОСНОВЕ КОНЦЕПЦИИ ONE HEALTH	184
САҚУЛОВА А.Б.* КАЛЫКБАЕВА А.Ж. БОРАНБАЕВА А.Р. ТАНАБАЕВА Г.Т.	ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДИАЛОГТІК СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУ	194
СӘДІБЕКОВ А.К.* ДҮЙСЕМБЕКОВА З.М. САДЫКОВА А.Д. АБИДЕН А.Н.	КӨНЕ ТҮРІК (ТҮРКІ) ТІЛІНДЕГІ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖУАН-ЖІҢІШКЕ ГРАФЕМАЛАРЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ	208
SPATAY A.O. MENDIKULOVA J.A.* MAULENBERDIEVA G.B. KUZEMBAYEVA A.O.	THE PEDAGOGICAL POTENTIAL OF THE HERITAGE OF TURKIC THINKERS IN THE FORMATION OF THE PROFESSIONAL PERSONALITY OF PRE-SERVICE TEACHERS	221
TAZHITOVA G.Z. KURMANAYEVA D.K.* TUSSUPOVA G.K. IBRAGIMOVA K.Ye.	THE IMPORTANCE OF ENRICHING UNIVERSITY TEACHING CONTENT WITH REGIONAL MATERIALS	233
TEMIRGALINOVA A.K.* AUBAKIROVA R.Zh.	COMMUNICATIVE AND ETHNOPEDAGOGICAL TRAINING OF STUDENTS AS A MEANS OF ENHANCING THEIR PROFESSIONAL COMPETENCE	243
TULEUBAYEV Zh.Z. DUKOMBAIEV A.T.* MASLOV KH.B.	NAURYZ AS A MEANS OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION AND THE FORMATION OF NATIONAL IDENTITY	253
УРУНБАСАРОВА Э.А. НУРАХАНОВА Э.М.*. УТЕГЕНОВА А.А. КУДАЙБЕРГЕНОВА Б.И.	СОЦИОКУЛЬТУРНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ СТУДЕНТОВ КАК ВАЖНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ ПОЛИЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ	260
FANG Y. KALIMOLDAYEVA A.K.* ABILMAZHINOVA O.S. LI E.D.	COGNITIVE DEVELOPMENT OF FUTURE EDUCATORS IN AN INTERNATIONAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT: A COMPARATIVE ANALYSIS OF KAZAKHSTAN AND CHINA	270

ШАКЕНОВА М.Ж.* АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ӘБСАДЫҚ А.А.	МОНОТІЛДІ БАЛАНЫҢ ПАЙДА БОЛМАУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	279
ШОКУБАЕВА З.Ж. ПОПАНДОПУЛО А.С. КСЕМБАЕВА С.К. АНТИКЕЕВА С.К.	ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КАРЬЕРНОЙ РЕЗИЛЬЕНТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ УНИВЕРСИТЕТА	289
ЫРЫМБАЕВА Н.А. СЕРИКБАЕВА Н.Б. СУЛЕЙМЕНОВА Ж.Т.* АХТАНОВА С.К.	АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ НЕГІЗГІ ДАҒДЫ РЕТІНДЕ	301

Утверждены гл. редактором

Правила для авторов многопрофильного научного журнала
«*3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация*»

Редакция журнала просит авторов ознакомиться с правилами (редакционной политикой журнала, содержащей общую информацию о журнале, процедуру рассмотрения статей, рецензирования, руководство для авторов, публикационную этику) и придерживаться их при подготовке работ, направляемых в журнал. Отклонение от установленных правил задерживает публикацию статьи.

Отправление статьи в редакцию означает согласие автора (авторов) на право Издателя, Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, издания статьи в журнале и переиздания ее на любом иностранном языке.

Статьи и другие материалы, направляемые для публикации в журнале «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация», через личный кабинет на сайте, должны соответствовать условиям и быть оформлены в соответствии с требованиями, отраженными в данном руководстве.

Word-файлы (1997-2003) работы подаются в редакцию (через систему подачи статей в режиме онлайн). Авторы должны представить 3 документа: сопроводительное письмо и две версии рукописи. Одна из них не должна содержать информацию об авторах (ФИО, место работы, сведения об авторах), названием файла служит тема статьи, так как анонимизированный текст необходим для двойного слепого рецензирования (**Например: 1. Иванов_3i_ветеринарные; 2. Результаты клинических, гематологических и иммунологических коров в разные периоды лактации**). Автор (ы) также должен предоставить **3. Сопроводительное письмо** (шаблон сопроводительного письма также прилагается в системе).

Редакционная коллегия **осуществляет** проверку статей на % оригинальности по лицензированной системе проверки на антиплагиат **Strikeplagiarism.com** и отклонения статей, не соответствующих требованиям, в том числе оформлению, **без объяснения причин**.

Условия для размещения статьи в журнале:

- **аннотация и название статьи *<u>на трех языках</u>*** (казахский, русский и английский), **первая – на языке статьи,** в аннотации должны быть отражены следующие моменты: актуальность, цель, задачи, суть научного исследования, описание научной и практической значимости работы, краткое описание методов и методологии исследования, основные результаты и выводы исследовательской работы, ценность проведенного исследования (внесенный вклад данной работы в соответствующую область знаний), а так же практическое значение итогов работы. Следует избегать предложений, идентичных предложениям из текста статьи, символов, ссылок на литературу, рисунков и таблиц, веб-ссылок и электронных писем**;**

- в содержании статьи должны быть **обзоры научных трудов отечественных и зарубежных исследователей** по аналогичной проблеме. Качество и количество источников, на которые ссылаются, указывают на актуальность статьи. Поэтому авторам рекомендуется придерживаться следующих инструкций:

- все ссылки должны содержать библиографические данные на английском языке; **не менее 20% ссылок** должны быть проиндексированы в Scopus и (или) Web of Science за последние 10 лет;

- допустимое количество публикаций авторов и соавторов статьи в списке литературы не должно превышать **10% от общего** числа;

- в списке литературы должно быть **не менее 30% источников** не старше **5 лет**);

- **основной текст статьи должен содержать:** введение (в котором отражены актуальность, постановка цели, определены задачи, показана степень изученности), материалы и методы исследования, результаты, обсуждение и заключение/выводы;

- объем статьи **от 6 до 12 стр.;**

- **оплата производится ТОЛЬКО ПОСЛЕ ПРИНЯТИЯ статьи для публикации;**

- электронная версия сканированных копий квитанций принимаются **только** по электронному адресу: 3i_kru@mail.ru.

Соавторство предполагает **не более 4 авторов**.

Все поступившие **статьи отправляются в очередь на рассмотрение (в среднем 6-9 месяцев)**.

***Порядок расположения структурных элементов статьи*:**

- статья должна содержать **УДК**, **МРНТИ https://grnti.ru/- первая строка, слева;**

- **каждая статья, принятая к публикации, автоматически получает DOI;**

- заголовок статьи **(прописными буквами, полужирным шрифтом),** ФИО автора (фамилия полностью и инициалы) (**не более 4-х авторов),** его ученая степень, звание, место работы (должность, название предприятия, организации, учреждения, город, страна) и набранная **курсивом аннотация и ключевые слова (5-7 слов) располагаются перед текстом статьи на 3-х языках.**

Если в названии организации **явно не указан город**, то через запятую после названия организации указывается город и страна.

Если статья подготовлена несколькими авторами, их данные указываются **в порядке значимости вклада** каждого автора в статью.

Звездочкой обозначается автор-корреспондент (*), который **регистрируется на сайте** и прикрепляет все 3 документа.

Объем аннотации – 150-250 слов (не должен быть меньше или превышать на любом языке), (курсивом, обычным шрифтом);

- таблицы, рисунки необходимо располагать **после упоминания**. С каждой иллюстрацией должна следовать **надпись.** Рисунки должны быть четкими, чистыми, не сканированными. Рисунки, графики должны быть представлены в одном из стандартных форматов: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Точечные рисунки необходимо выполнять с разрешением 600 dpi. На рисунках должны быть ясно переданы все детали;

- в статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки;

- все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

- текст в формате **Microsoft Word 97-2003**. Формат листа А4 (297х 210 мм). Все поля – 2 см. Страницы в электронной версии не нумеруются. Шрифт: **Arial**. Размер символа – **10 pt**. Текст должен быть отформатирован по ширине без переносов, отступ в начале абзаца – **1 см**. Межстрочный интервал – **одинарный**. Заголовок статьи форматируется по центру. **В тексте статьи не должна использоваться автоматическая нумерация**;

- список использованных при подготовке статьи информационных источников располагается в конце статьи. Перечисление источников дается строго в порядке ссылок на них в статье. Номер ссылки в тексте статьи оформляется в квадратных скобках, **например** – **[1, с.13]**. Список литературы оформляется в соответствии с **ГОСТ 7.1 – 2003** «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления»;

- литература на языке статьи (кроме англ.) и **в латинской транслитерации;**

- **если статья на англ. языке,** то только источники на русском и казахском языке даются в латинской транслитерации (REFERENCES)**;**

- **если статья на каз.яз.,** то список дается на каз.яз и в латинской транслитерации;

Обратите внимание, что при составлении списка литературы на английском языке (Reference) недопустимо применение стандартов ГОСТ. Применяемые в этих ГОСТах знаки (// – двойной слеш, тире) не воспринимаются зарубежными системами.

Для составления **Reference** рекомендуется пользоваться программой для автоматического составления списка литературы на английском языке – Mendeley (ссылка для скачивания: https://www.mendeley.com/download-reference-manager/windows). Стиль оформления ссылок в списке: *Vancouver Style*.

Транслитерация приводится с использованием онлайн переводчика по ссылке https://translit.ru/ru. Стандарт транслитерации ГОСТ 7.79-2000.



Данный онлайн переводчик не проводит транслитерацию специфических букв казахского алфавита. Здесь авторы после транслитерации казахского текста должны провести корректировку, руководствуясь следующими правилами:

ә	ғ	ң	ө	ұ	ү	қ	і
a	g	n	o	u	u	k	i

Примеры оформления вариантов списка ссылок References см. в Приложении на сайте.

- сведения об авторе (ах) **на русском, казахском и английском языках**: фамилия, имя, отчество (**полностью**), ученая степень, ученое звание, должность, место работы (место учебы или соискательство), **контактные телефоны (мобильные), e-mail**, полный почтовый адрес (край или область, **индекс**, район или город, улица, дом, квартира).

ПРИ НЕСОБЛЮДЕНИИ ХОТЯ БЫ ОДНОГО ИЗ ЭТИХ ТРЕБОВАНИЙ СТАТЬЯ НЕ ПРИНИМАЕТСЯ К РАССМОТРЕНИЮ.

Только после положительного решения о принятии статьи к публикации осуществляется оплата авторского вознаграждения. Авторы оплачивают авторский взнос самостоятельно или за счет грантов, аффилированных организаций и т.п.

Стоимость одной публикации составляет:

1. Иностранные авторы (без соавторов из РК) – бесплатно
2. Авторы с индексом Хирша более 10 – бесплатно
3. Для сотрудников КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы – **20000** (двадцать тысяч) тенге и **10000** (десять тысяч) тенге, если раздел не включен в перечень изданий КОКСНВО
4. Для сторонних авторов – **40000** (сорок тысяч) тенге для физических лиц и **20000** (двадцать тысяч) тенге, если раздел не включен в перечень изданий КОКСНВО;
   – **50000** (пятьдесят тысяч) без НДС для юридических лиц

Наши реквизиты:

- Получатель: Некоммерческое акционерное общество «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы»
- Почтовый адрес: 110000, Республика Казахстан, Костанайская обл.,
  г. Костанай, ул. Ахмета Байтурсынова, 47, корпус 1
  тел/факс 8 (7142) 51-11-45
  Банковские реквизиты:
  БИН: 200740006481
  АО "Банк Центр Кредит"
  БИК: KCJBKZKX
  ИИК: KZ398562203108711441
  КБЕ: 16

Контакты:

- 110000, г. Костанай, ул. Ахмета Байтурсынова, 47, корпус 1, каб. 213
  КРУ имени Ахмета Байтұрсынұлы, редакционно-издательский отдел
  E-mail: 3i_kru@mail.ru

Оплата статей также осуществляется через приложение Kaspi.kz.
Вы должны выбрать платежи, затем выбрать категорию образования и ввести название университета. Далее в строке ФАКУЛЬТЕТ необходимо заполнить «оплата за статью в журнале «3i»; в строке КУРС указать номер журнала, в котором будет опубликована статья (например, «1 2026»); в строке ИМЯ СТУДЕНТА указать имя автора (авторов); в строке ID СТУДЕНТА должен быть указан ID плательщика (имя держателя карты, через которую производится оплата); в строке ИМЯ ПЛАТЕЛЬЩИКА должно быть указано имя держателя карты, через которую производится платеж.

Журнал Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің редакциялық-баспа бөлімінде басқармасында теріліп, беттелді
Корректорлар: Б. Сыздыкова, Т. Цай, А. Симонова
Компьютерлік беттеу: С. Красикова, И. Милокумова

Мекен-жайымыз: 110000, Қостанай қ., Байтұрсынов 47, 213 каб.
Тел/факс: 8 (7142) 55-85-96
E-mail: 3i_kru@mail.ru
Қыркүйек 2026 ж. басуға берілді.
Пішімі 60х84/8. Таралымы 300
Қыркүйек 2026 ж. Тапсырыс № 0201

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетіндегі редакциялық-баспа бөлімінде басылған
Қостанай қ., Байтұрсынов 47

Журнал набран и сверстан в редакционно-издательском отделе Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы
Корректоры: Б. Сыздыкова, Т. Цай, А. Симонова
Компьютерная верстка: С. Красикова, И. Милокумова

Наш адрес: 110000, г. Костанай, Байтурсынова 47, каб.213
Тел/факс: 8 (7142) 55-85-96
E-mail: 3i_kru@mail.ru
Подписано в печать сентябрь 2026 г.
Формат 60х84/8. Тираж 300 экз.
Сентябрь 2026. Заказ № 0201

Отпечатано в редакционно-издательском отделе Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы
г. Костанай, ул. Байтурсынова 47